

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2004

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Діни дастандар



FOLIANT

ББК 82.3 (2 Каз)
Б12

«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Елеукенов Ш., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Рақышева Ж. (жауапты шығарушы)

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
Әзібаева Б., Рақышева Ж.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004.
Т. 10: Діни дастандар. — 2004. — 360 бет, суретті.

ISBN 9965-619-15-8

«Бабалар сөзі» сериясының оныншы томына «Киік», «Қақпанға түскен киіктің хикаясы», «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда»,«Құбас», «Қисса жұмжұма», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд», «Хикаят Тәжілмәлік», «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия», «Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны», «Мұхаммед-Қанапия» атты діни дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$ ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-619-15-8 (т. 10)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2004
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2004

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» сериясының алғашқы тоғыз томы хикаялық дастандарға арналған. Оқырманға ұсынылып отырған оныншы томға діни дастандар енгізіліп отыр. Олар не бары жеті том құрайды деп жоспарлануда.

Бұрынғы Ресей империясында кітап бастыру өндірісі XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кең дамыды. Сонда Ресей империясының құрамына бодан ретінде енген мұсылман дінін ұстанған түркі халықтары, солардың ішінде қазақтар үшін басылған бірінші кітап — Құран Кәрім болғаны белгілі. Ол 1771 жылы 3800 данамен жарық көрді.

Ал қазақ тіліндегі кітаптар жүйелі түрде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресейдің әр түрлі қалаларында ашылған баспаханаларда араб әрпінде теріліп, басылып отырды. Сол басылымдардың көпшілігі — рухани құндылықтарымыздың маңызды һәм айрықша бөлігі болып табылатын діни дастандар болатын. Ол заңды құбылыс. Көптеген халықтардың жарық көрген бірінші кітаптары діни мазмұнда болғаны тарихқа тан белгілі.

Мыңдаған данамен жарияланған діни дастандар ел арасына тарап, ықпалын онан сайын күшейтті. Кітап болып шыққан шығармалармен бірге, жарияланбаған, әр түрлі архивтерде, фондыларда сақталып, бізге қолжазба күйінде жеткен дастандар да аз емес. Өкінішке орай, Қазан төңкерісінен кейін бұл сипатты әдебиетке бірден тыйым салынып, олар оқырман үшін жабық күйінде қалып отырды.

Оныншы томға кірген шығармалар мыналар: «Киік», «Қақпанға түскен киіктің хикаясы», «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда», «Құбас», «Қисса жұмжұма», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд», «Хикаят Тәжілмәлік», «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия», «Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны», «Мұхаммед-Қанапия». Жарияланып отырған мәтіндердің тақырыптары сан алуан болғанымен, олардың негізгі идеясы бір, ол — жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды насихаттау.

Томға енгізіліп отырған кейбір дастандардың үзінділері газет-журналдарда жарияланғанымен, 1994 жылы «Ел қазынасы — ескі сөз» атты кітапта жарияланған «Киік», «Құбас» дастандарынан басқасы арнайы фольклорлық жинақтарда жарық көрген емес, яғни кирилл әрпінде тұңғыш рет басылып отыр.

Томды құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған Б. Әзібаева, мәтіндерді дайындап, баспаға әзірлеген Б. Әзібаева, Ж. Рақышева.

Томның көлемі — 22,5 б.т.

ҚАЗАҚТЫҢ ДІНИ ДАСТАНДАРЫ

Адамзат өмірінде елеулі орын алатын жалпыға ортақ, мәңгілік рухани құндылықтардың бірі — дін. Дүние жүзінде христиан, будда, иудей және ислам діндері ең басты сенім ұстындары болып табылады. Бұлардың ішінде жер шары халықтарының бестен бірі тұтынатын ислам дінінің орны ерекше.

Исламның қазақ арасына таралуы туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, көптеген зерттеушілер өткен ғасырларда қазақтардың дінді тұтынуы көбінесе шартты түрде ғана, яғни сыртқы формалық тұрғыдан қабылдау мағынасында іске асқандығын жазады.

Мұның себептері де олардың айтуынша әр түрлі. Мысалы, тәңірлік дін ғасырлар бойына тамыр жайып, қазақтардың ықыласына бөленіп, ислам діні тарала бастағанына қарамастан, өзінің негізгі белгілерін сақтап қалды. Сонымен қатар көшпелі тұрмыстың ерекшеліктері мұсылмандықтың барлық шарттарын (мәселен, әр ауылда мешіт, медресе салу, бес уақыт намаз, т.б.) түгел орындауға белгілі бір дәрежеде мүмкіндік бермегені анық.

Сондай-ақ Құран аяттары мен хадистер исламды қабылдаған халықтар үшін тіршілікті реттеп отыратын жалпыға бірдей шариғат заңы ретінде бірден-бір ереже болып табылды. Ал қазақтар өздерінің ертеден қалыптасып, әлеуметтің күллі тыныс-тіршілігін реттеп отыратын заңдары мен қағидаларының жүйесін (ғұрып, тыйым мен ырым, өсиет, т.б.) шариғат заңына ауыстыру қажеттігін сезінген жоқ. Бұл туралы А.Байтұрсынов кезінде: «Ұзын арқау, кең тұсауға үйренген қазақ шариғаттың тар құрсауына үйрене алмаған, шыдатпай үзіп, өз жөнімен жүре берген» — деген[1]. Дегенмен, діннің кейбір

[1] Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы, 1989. — 262-б.

қағидалары мен шарттары әр түрлі азаматтық істерді шешуде қолданылғаны белгілі.

Ал сөз өнеріне келсек, әдебиетті, әсіресе фольклорымызды зерттеп сипаттағанда, ондағы дін тақырыбы, діни мәселелерге арналған шығармалар соңғы уақыттарға дейін зерттелмей, «жоқ» болып саналып, «ақтаңдақ» болып келді.

Алайда фольклорда бұл тақырыптың көрініс таппауы мүмкін емес еді. Оның айқын айғағы — фольклордың өте бай, маңызды саласы болып табылатын дастандық эпостың едәуір бөлігін діни дастандар құрайтындығы.

Өткен ғасырларда қоғамның рухани сұранысынан туған бұл шығармалардың басым көпшілігі XIX ғасырда кітап болып жарық көрсе, біразы қолжазба күйінде сақталып келді. «Бабалар сөзі» сериясының жеті томы діни дастандарға арналады деп жоспарлануда.

Қазақ даласында ислам дінінің кеңінен қанат жаюына діни дастандардың үлкен әсері болды. Себебі, ислам дінін нығайту үшін жүргізілген күрес соңғы ғасырларда екі түрлі жолмен іске асып отырды: бірінші әдіс ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе салу т.б.) үгіт-насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі — ақынжанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне жыр сөздерімен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді.

Діни дастандар өзінің сюжеттері, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу жолдары жағынан әр түрлі. Бірақ олардың барлығы идея жағынан бірігеді, ол — исламдық руханият құндылықтарын үгіттеу.

Осы бастапқы идеяны жүзеге асыру үшін діни дастандарда дүниенің исламға тән жаратылыс түсініктері, Құран мифологиясы, Шығыс пен Батыс халықтарына ортақ көне ертегілік, эпикалық мотивтер мен шығыс халықтары фольклорының типтік кейіпкерлерінің бейнелері кеңінен қолданылады. Бұл шығармалар ойдан шығарылған көркем қиял арқылы байиды. Кейіпкерлердің образдары мақсатты түрде халық танымына сәйкес тұлғаланады.

Діни дастандардың 1917 жылға дейін жарық көрген және қолжазба күйіндегі үлгілерін тақырып пен мазмұнына сәйкес былайша топтастыруға болады:

1. Ислам дінінің негіздері мен ұстанымдарын (діни ақиқаттар мен өсиеттер, тыйымдар, Құран оқу шарттары, Құдайға құлшылық ету ережелері, т.б.) дәріптеу және оларды бұзушыларды жазалау туралы дастандар.

2. Мұхаммед пайғамбар, «мұсылманды құтқарушы» (мессия) және «әділетті төрт халифа» жайлы дастандар.

3. Әр түрлі мұсылман батырлары мен әулие, әнбиелердің өмірі, жасаған ерліктері туралы шығармалар.

4. Исламды тарату мен орнықтыру жолында дінсіздермен күресті суреттейтін туындылар.

Бірінші топқа жататын дастандардың үлкен тобын исламның жекелеген өсиеттері мен тыйым-тоқтамдарын, халал мен харамды әңгімелейтін және оларды бұзушыларды жазалау туралы дастандар құрайды. Сондай шығармалардың жарқын бір үлгісі — «Әбушаһма» дастаны. Шығарманың басты кейіпкері Әбушаһма — хазірет Омар халифаның баласы. Ол Құранды шебер оқуымен және дауысының Пайғамбар дауысына ұқсастығымен ерекшеленеді. Бір күні сахабалар (Мұхаммед пайғамбардың серіктері) Пайғамбардың дауысын сағынғандықтарын айтып, Әбушаһманың дауысы оның дауысына ұқсас болғандықтан Құран Кәрімнен сүрелер оқып беруін өтінеді. Әкесі оған күні бойы мешітте Құран оқуға рұқсат береді. Одан әрі қайтар жолында Әбушаһманың бір әзәзілге еріп шарап ішкені, бұрын шарап ішпегендіктен мас болғандығы, соның кесірінен бір үйге кіріп, ол үйдегі сұлу қызбен зина жасағаны баяндалады. Қыздың аяғы ауырлап, біраз уақыт өткен соң сәбиін алып, Омар халифаға келеді. Омар халифа қыздың сөзін антпен бекіттіріп сенеді де, баласына өте қатал, бірақ шариғат заңына сай келетін «жүз дүре соғу» үкімін шығарады.

Бұл шығарма, тұтастай алғанда, Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделгені талдау барысында анықталды. Мысалы, зинақорлықпен айналысқандардың жазасы — жүз дүре екендігі Құранның «Нұр» сүресінің екінші аятында көрсетілген: «Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғыңдар. Егер Аллаға, ақырет күніне сенсеңдер, оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндердің бір тобы көріп тұрсын»[2]. Осы жерде атап айтатын нәрсе: исламда жа-

[2] Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі. — Мәдине, 1991.

залау — мақсат емес, жазаның басты мақсаты — мұсылмандарды күнәдан арылту.

Ал шарапқа қатысты тыйымдар Құран Кәрімнің бірнеше сүрелерінде көрініс тапқан: мысалы, «Ниса» сүресінің қырық үшінші аятында және «Мәида» сүресінің тоқсаныншы, тоқсан бірінші аяттарында шарапқа тікелей тыйым салынған.

Дастанның басты тақырыбы мен идеясы — ислам қағидаларын бұзушылармен күрес және күнә істемеуге, зорлық жасамауға үгіттеу, егер жасалған күнде оларды жаза күтетіндігін ескерту. Тіпті, ол халифаның өз баласы болса да кешірім жоқ. Сонымен, шығарма тұтастай алғанда Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделгенімен, оның сюжеттік желісін халифа Омардың әулетінде болған тосын оқиға, яғни бір ғана нақты факт құрайды.

Ал енді осы хикаялық оқиға, яғни ортағасырлық мұсылман дүниесіндегі тіршіліктің болмашы, бір үзік эпизоды дастанда қалай бейнеленетінін көрелік.

Ең алдымен атап өтетін нәрсе — оқиға желісі өте шымыр, әрі тартымды. Негізгі кейіпкер Әбушаһма да күнәсіз жас. Оны адал жолдан тайдырған шараптың зардабы болып сипатталады. Табиғатының әлсіздігінен ол шараптың еліктірушілік залалына қарсы тұра алмай қалады. Ал оның әкесі — халифа, бүкіл мұсылман қауымының басшысы ғана емес, мемлекеттің басшысы. Былайша айтқанда, оның қолында баласын жазадан құтқара аларлық құдірет бар. Оны қасындағы адамдар жақсы біледі. Сондықтан халифаның өз баласын шариғат заңы бойынша жауапқа тартатынына сенімсіздік білдіреді. Бірақ Омар да өз шешімінің көптеген мұсылмандар сенімінің бекуі немесе әлсіреуіне әсер ететінін жақсы түсінеді.

Сонымен бірге, ол ұлын жанындай жақсы көретін мейірімді әке. Оның жүрегінде шын берілген мұсылмандық парызы мен баласына деген махаббаты және күнә жасаған жас адамға деген адамдық аяушылығы тоқайласып, тоғысып жатыр. Алайда, баласының жасаған ісі бұзақылық қана емес, зорлық болып табылатындықтан Омардың мұсылмандық парызы жеңіп, ең қатал жазаны қабылдайды. Және сол жазаны орындау кезінде де табандылық танытады. Халифаның үкімін іске асыру — ең жауапты сәт. Халифа осындай аяусыз жазаларды орындайтын алып адам Абылды шақырады. Ол

халифаға егер Әбушаһманы өзіне Құдай Тағала берген бар күш-қуатымен ұратын болса, шыдамайтындығын, таяқты көтере алмай өліп кетуі мүмкіндігін ескертеді. Халифа Омар оған «аяма!» деп бұйрық береді. Үкімнің орындалу сәтіндегі адам сезімінің түрліше ауыр сәтін сипаттайтын тұс үлкен көркемдік жүк көтеріп тұр. Бұл сәтте Абылдың орасан зор дене күшінің дәл суреті де, Әбушаһманың адамдық қиналысы, азапты ауыр қасіреті де әсерлі кестеленіп, көз алдыңа келтіріледі. Міне, оған алғашқы он дүре соғылды да, ақ денесі таяқтан тілім-тілім болды. Әбушаһма әкесінен жалынып-жалбарынып кешірім сұрайды. Айналасындағылар да халифадан жас жігіттің қалған дүресін бөлісіп көтерісуге рұқсат сұрайды. Бірақ Омар Әбушаһманың Алла Тағала алдында жауап беретіндігін айтып, жазасын да өзі тартуы керек деп жауап береді. Әбушаһма тағы он дүрені алды, тұщы етіне тиген ащы таяқты ауырсынып, ол әкесіне:

Деді: — Ата, сүйегімнен өтті таяқ,
Ұрсайшы ең болмаса ұлыңды аяп.
Құлының емес пе едім қолыңдағы,
Қатты ұрмай, қайтеді, ата, ұрсаң жай-ақ, —

деп жайырақ ұруын өтінеді.

Ал әкесі: «Мен сені аяй алмаймын. Сен тиісті жазаңды алсаң ғана күнәдан тазарасың», — деп, илікпей қояды. Әкесінің илікпейтінін біліп, баласы әкесінен үзіліс сұрайды. Бірақ халифа Омар оған да келіспейді. Елу дүрені алған соң, жағдайы аса ауыр Әбушаһма анасын шақыруды өтінеді:

Атажан, арызым бар, — деді сонда,
Анамды шақырыңыз, келсін мұнда.
Армансыз боп өтейін төсін иіскеп,
Қалмасын, ғаріп анам, ол да арманда.

Алайда әкесі бұдан да бас тартады. Келесі он дүреден кейін, баласы әкесіне өзін құшақтап, өбуін өтінеді, бұл өтініші де аяқсыз қалады. Тағы да он дүрені алып, Әбушаһма айналасымен қоштасады. Бұл уақытта біреу Әбушаһманың анасына болған жағдайды жеткізеді. Көз жасын көлдете, жан ұшырып келген ана баласының ес-түссіз жатқанының үстінен түседі.

Үкімді орындау үшін өбден әлсіреген Әбушаһманың арқасына соңғы он дүре соғылады.

Дастанды оқу барысында жазалау сәтіндегі адам сезімінің алмасып жатқан алуан түрлі сипатын басыңнан кешіресің. Бұл арпалыс пен азапқа, қиналыс пен қасіретке, төзім мен сабырға, т.б. алуан түрлі сезімге толы көңіл-күй ауанын суреттеу арқылы беріледі.

Дастанда әділ төреші де, жазаны орындатушы да — халифаның өзі. Халифа бейнесі аса көркем және әр қырынан көрінеді. Ол Мұхаммед пайғамбардың төрт шариярының ішінде «ең әділеттісі» атанған адам. Араб тарихнамасында және араб халифатының құрылуы туралы еңбектерде оның аса көрнекті мемлекет қайраткері ретіндегі қасиеттері мен дарынды қолбасшылық қабілеті, қайтпайтын қайсарлығы, табандылығы туралы айтылады[3].

Ал фольклорлық шығармаларда Омар болмысының кейінгі мұсылмандар үшін басты мәнге ие болған ұстамдылығы, бірбеткейлігі, бақ-дәулет, дүние-байлыққа қызықпайтындығы, ислам жолындағы өз парызын жоғары қойған қасиеттері мадақталады. Омардың ислам жолына адалдығы өз парызын терең сезінуімен, ерік-жігерінің қайсарлығымен, тіпті, ерекше фанатизмімен әсерлі суреттеледі.

Талқыланып отырған дастанда Омар халифаның өз ұлын жанындай жақсы көретін мейірімді әке ретіндегі қыры да танылады. Оның баласына деген әкелік сезімінің нәзік иірімдері дастанда өте шебер тәсілмен, бір ғана көрініс арқылы көрсетілген. Мәселен, ол нәресте Әбушаһма ауырған кезде он мәрте үзіліссіз ораза ұстауға ант етіп, оны соңына дейін орындайды.

Әсіресе, дастанда баласының өлімінен кейін жүрегі қайғы-қасіреттен қан жылап жатып қалатын Омар халифаның халін суреттейтін тұсы аса әсерлі де көркем картинаны құрайды: «Күні-түні күңіреніп жатып қалды, кеудесін көтеруге жоқ мәжелі».

Бірақ шешімінің дұрыстығына күмәнданбайды, себебі өз сенімінде — әке парызын адал атқарды. Өйткені ол исламның шын берілген ұлы, оның тазалығының қорғаны. Халиф ше-

[3] Г.Э.фон Грюнебаум. Классический ислам. — М.,1988. — 52-б.

шімінің дұрыстығына Әбушаһманың өзі де, шешесі де шексіз сенетіндігін атап өту керек.

Ал дастанның нақтылы тарихына келсек, Омар халифте Әбушаһма емес, Абдолла есімді ұл болған. Ол да шарап ішкен, бірақ зорлық жасамаған. Және оған әкесінің дүре соқтырғанымен оның өлмегені, онан кейін де біраз өмір сүргені тарихтан анық белгілі. Сөйтсе де, Омардың баласының таяқтың астында өлгендігі жайында Қожа Ахмет Иасауи өзінің «Диуани хикметінде» көрсетеді:

Шариғатты бек тұтқан, тарихатты рас тұтқан,
Хақиқатты құп білген, әділетті Ғұмар-дүр.
Ұлын жырлап келтірген, дүре соғып өлтірген,
Әділдікпен жол салған, әділетті Ғұмар-дүр[4].

Демек, Иасауи заманының өзінде-ақ халифа баласы Абдолланың бір рет шарап ішіп, сол үшін жазаланғаны тарихи айғақ ретінде ел арасында кең тарап, түрлі аңыздарға арқау болған. Әйтсе де, діни аңыздардың басқа, өзі іспеттес тарихи аңыздардан үлкен бір айырмашылығы — бұлардың негізгі мақсаты танымдық, мағлұматтық қызметімен қатар тәрбиелік маңызы да бар, яғни олар ислам құндылықтарын насихаттайды.

Ал, қазақ шайырлары (нәзирашыл ақындар) осындай аңыз, әңгімелерді өзінше жырлап, соны сипатты, тың суреттерге толы, сырлы дастандар тудырған.

Дастанның басты тақырыбы — ислам идеяларын үгіттеу, халықты хақ дінге шақыру;

Дастанға арқау болған Омар халифа баласының өмірінде тосыннан болған оқиға-сюжеттің мазмұны мен табиғаты жағынан хикаялық сюжет екені жоғарыда айтылып кетті. Яғни, ислам идеяларын дәріптеу, насихаттау үшін хикаялық сюжет мұсылмандық мораль тұрғысынан берілген. Дастан кейіпкерлерінің бейнелері реалистік мәнерде сомдалған. Олардың мінез-құлық ерекшеліктері, ішкі сезімдері жан-жақты, тәптіштеліп баяндалған, яғни жалпы дастан жанрына тән психологиялық белгілер мол көрініс тапқан. Әрине, XXI ғасырға қадам басқан өркениетті елдердің көзқарасы тұрғысынан

[4] Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. — Алматы, 1993. — 53-хикмет.

алғанда, жас баланы дүре соғып өлтіру — сөзсіз қатал жаза, алайда, біз бұл жерде мынаны ұмытпауымыз керек: біріншіден, бұл дастан ерте заманда, VII ғасырдағы араб қоғамында орын тепкен оқиғаны баяндайды; екіншіден, әкесі баласын өлтіруді көздеген жоқ, яғни жоғарыда айтылғандай, исламда жазалау — мақсат емес, жазалаудың мақсаты — мұсылмандарды күнәдан арылту; үшіншіден, бұл — көркем шығарма.

Діни дастандардың келесі, екінші тобын Мұхаммед пайғамбар, «мұсылманды құтқарушы» (мессия) және «әділетті төрт халифа» туралы дастандар құрайды. Солардың ішінде Мұхаммед пайғамбарға арналған шығармалар тақырыптары бойынша, негізінен, екі түрлі болып келеді: Пайғамбарды қорғансыздардың қамқоры ретінде суреттейтін және оның өмірі мен қызметінің жекелеген кезеңдерін баяндайтын шығармалар.

Мұхаммед ибн Абдулла бин Абдулмуталиб (570-633) — Алланың елшісі (Расул Алла), ислам дінінің негізін қалаушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, Алла Тағала Құран Кәрім аяттарын Мұхаммед пайғамбарға Жәбірейіл пен ріште арқылы аян қылғаны белгілі. Ал Мұхаммед (ә.с.)* Алла Тағала сөзін адамдарға жеткізуді, оларды ислам дініне үгіттеуді өзінің негізгі мақсаты еткен. Ол өзінің пайғамбарлық жолын былайша түсіндірген: «Менің мақсатым — бүкіл адам баласына тура жол көрсету». Мұхаммед (ә.с.) жан-тәнімен беріліп, бүкіл саналы ғұмырын арнаған пайғамбарлық қызметінің нәтижесінде және оның өте жоғары моральдық, адамгершілік қасиеттері мен күш-жігерінің арқасында көптеген араб тайпалары өздерінің бұрынғы тайпалық, рулық құдайларынан қол үзіп, жалғыз ғана Алла Тағаланы мойындап, исламды дін мен өмір салты ретінде қабылдап, мұсылман қауымын құрды. Соның арқасында VII ғасырда мұсылман халифаты пайда болды. Яғни, Мұхаммед пайғамбар адамзат тарихына исламның және бірінші араб халифатының негізін қалаушы ретінде енді.

Ал қарапайым бұқара халық болса бірінші кезекте Мұхаммед пайғамбардың адамгершілік қасиеттерін бағалады, оны имандылық пен тақуалықтың нағыз өнегесі деп білді. Сондықтан, халық оның тамаша адамгершілік қасиеттерін, соның ішінде — кеңпейілдігін, кешірімшілдігін, адамдарға

* Ә.С. — Әлейһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз.

деген қайырымдылығын, қамқорлығын, мейірімділігін, қарапайымдылығын дәріптейтін шығармалар тудырды.

Сондай шығармалардың бірі — Пайғамбардың өз бостандығын кепілдікке беріп, лақтары жетім қалып, өзі қақпанға түскен Киік-Ананы құтқаруын баяндайтын «Киік» дастаны. Диалог формасында құрылған бұл дастанның көлемі шағын, бірақ көркемдігі жоғары, оқиғасы өте қызық. Оны В.В. Радлов XIX ғасырдың бірінші жартысында ел аузынан жазып алып, 1870 жылы жариялаған[5]. Шығарманың мазмұны былайша өрбиді: бір дінсіз қақпан құрады да, оған бір ұрғашы киік түсіп қалады. Аңшы оны өлтіруге келгенде Мұхаммед пайғамбар алдынан шығып, киіктің енесін іздеп маңыраған екі лағын аяп, жануарды босатуын сұрайды, киіктің орнына өз басын кепілдікке ұсынады. Сондай-ақ мұнда екі лағын ерткен Киік-Ананың кері оралғаны, балаларының да енелерінің ауыр тағдырын бөлісуге бас тіккені суреттеледі. Аңшы киіктің жас лақтарын көріп қатты қуанып, ұстап алмаққа ұмтылады. Бірақ Мұхаммед (ә.с) мұндай қаталдыққа жол бермек емес. Оны мына жолдардан көруге болады:

Тас алтын тауға шықсам теремін бе,
Сенің айтқан сөзіңе еремін бе?
Үш киік келеді деп қуанасың,
Мен саған ол үшеуін беремін бе?!

Соңында киіктердің өміріне айырбас ретінде Пайғамбар дінсізге исламды қабылдауға рұқсат етеді де, оған о дүниенің мәңгілік рахатын сыйлауға уәде береді.

Осы топқа жататын діни дастандардың Мұхаммед пайғамбардың ісін жалғастырушы «әділетті төрт халифа» жайындағы нұсқалары да сан алуан тақырыпты қозғайды.

Солардың ішінде В.В.Радловтың жоғарыда аталған кітабында жарияланған «Бозторғай» дастанының орны ерекше[6]. Өйткені мұнда «әділетті халифалардың бірі» — Әли ибн Әбу Тәлиб тұлғасы жан-жақты көрінеді. Жалпы, мұсылман қайраткерлерінің ішінде айрықша танымал болғаны да, көптеген дәріптеу шығармалардың қаһарманына айналғаны да — хазірет

[5] Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. — Санкт-Петербург, 1870. — 665-670-б.
[6] Радлов В.В. Аталған еңбек. — 693-713-б.

Әли болды. Мұсылман-сүнниттер оны Аллаға берілгендік пен қайырымдылықтың жарқын үлгісі ретінде санады, қазір де сондай бағалайды. Шииттер арасында оның тұлғасы бұдан да биік дәрежеде. Ол — «Құдайдың құдіретін әкелуші», «таратушы», тіпті «Құдай» дәрежесінде сипатталады.

Ал халық түсінігінде, Әли — өн бойына исламның танымал қайраткерлерінің, эпикалық батырлардың және исламға дейінгі құдайлардың қасиеттерін жинақтаған кейіпкерлердің бірі.

Дастанда бір теңге алса да, мың теңге жазып қоятын өсімқорлардың шырмауына түскен белгісіз бір кедей тағдыры баяндалады. Өмірден түңіліп, үмітін үзген кедей көмек сұрап Мұхаммед пайғамбарға жалбарынады, бірақ ол да — кедей. Сонда Әли бейнесі жарыққа шығады. Ол Пайғамбардың көмек сұрағандарға қол ұшын бере алмағанына, ал маңайындағылардың қолынан келсе де, бұған көмектеспегендігіне қатты қиналып ренжиді де, кедейге көмектесуге рұқсат сұрайды. Үйіне келіп барлық киімін ақтарып, ештеңе таппайды. Содан соң Әли өсімқорларға кедейді босату үшін кепілдікке өзінің ұлдары Асан мен Үсенді қалдырады.

Сонан соң Әлидің жорыққа шығуы, дінсіздер еліне барып, оларды ақыл-парасаты арқылы жеңіп, өз балаларын да, кедейлді де құтқаратын оқиғаны суреттейтін бұл дастанның мазмұны өте қызғылықты. Мұнда Әлидің адамдық қасиеттері баса көрсетіледі және өз балаларын кепілдікке беріп, қарапайым кедей үшін сапар шегуі батырлық ерлікке барабар сипатталады. Алыс сапарға шығып, дінсіздердің еліне келген соң, оларды исламға қаратады. Бірақ ол мұны ерлігімен емес, «жұмбақ айтыс» арқылы іске асырады. Шарттың мәні өте қатал: дінсіздер оған жұмбақ сұрақ береді, оны кешіктірмей шешу керек — әйтпесе өзі өледі. Әли барлық сұрақтың жауабын дәл шеше отырып, өз кезегінде дінсіздерге үш түрлі жұмбақ айтады. Үш сұрақтың төркінінде дәстүрлі формула «Биссмиллаһи рахман ир-рахим» және «Лә иләһа илла Алла» дейтін бүкіл мұсылмандар қауымының басты шарты — қағиданы (иман-калим) мойындатып, жауын жеңеді.

Мұнан кейін олар соғысудың орнына Әлиге қымбат бағалы заттар беріп, тарту жасайды. Әли оны алып, өсімқорларға береді де, өзінің балаларын босатады. Көріп отырғанымыздай, мұнда Әли — бақытсыздыққа ұшыраған бейшаралардың қорғаны.

Құранды жетік білетін, шариғаттың негізін, мұсылман аңыздары мен хикаяларын меңгерген қабілетімен танылады. Ол — дархан пейілді, қайырымды, жаны жайсаң жан. Көңілі шалқар көлдей кең. Әрине, кез-келген адам өзінің туған ұлдарын белгісіз бір кедей үшін кепілдікке қалдыра алмайды. Әлидің бұл ерлігі өзінің сипаты жөнінен батырлық ерлікке барабар.

Бұл тақырыптағы бұдан басқа дастандардың айтар ойы, көркемдігі сан алуан.

Мұсылмандар, әсіресе, шииттер арасында құтқарушы (месса сия) — Маһди туралы ілім, түсінік VII ғасырда пайда болған. Маһди — Алла Тағаланың нұсқауымен тура жүруші һәм тура жол көрсетуші, құтқарушы (мессия), ақырзаманды хабарлаушы. Яғни, Маһди — адам аты емес, ол титул. Ал дастанда Маһди немесе Мәди деп өзгеріп, адам атына айналып кеткен.

Жалпы, Маһди туралы ілім Құранда [«Қамар» сүресінің 6-аяты, «Мүрсәлат» сүресінің 7-аяты] тұспалмен тұжырымдалған ақырзаманның таяуы, сол уақытта Алладан жіберілген елші ретінде жер бетінде әділеттік орнату үшін «құтқарушының» келетіндігі туралы мәліметтер негізінде пайда болған. Ал хадистердің бірінде Мұхаммед пайғамбар мынадай сөздерді айтты делінген: «Бұл әлем, үмбетімді менің есімімді иеленген нәсілім билемейінше, тұрақтап тұрмақ[7]». «Құтқарушы» Пайғамбар әулетінен шығу керектігі мұсылман діниндегі әр түрлі ағымды ұстанушылардың арасында әр түрлі мәнге ие болған. Мысалы, шииттер Пайғамбардың Әли мен Фатимадан туылған екі немересі Хасан мен Хұсайыннан басқа еркек кіндікті мирасқоры болмағандықтан, заңды билеуші Әли мен оның тікелей ұрпағы (барлығы — 12) болу керек деген идеяны ұстанды. Сондай-ақ олар Әли ұрпақтарының бірінің «жоғалған имам» ретінде, Алланың еркімен жасырынғандығына, уақыты жеткенде жер бетіне «құтқарушы» бейнесінде оралатындығына сенеді.

Осы идея мұсылмандар арасында көптеген аңыз, әңгіме, қисса, дастандар туғызды. Қазақ арасында да осы тақырыпқа арналған шығармалар аз емес, солардың бірі — «Дариға қыз» дастаны[8]. Атап айтатын нәрсе, мұнда құтқарушы Маһдидің тікелей әкесі ретінде хазірет Әли көрсетілген. Бұл дастан екі бөлімнен тұрады.

---

[7] Массэ А. Ислам. Очерк истории. Перевод с французского. — М., 1963. — 144-б.

[8] Дастан нұсқалары туралы мәлімет кітаптың «Ғылыми қосымшаларында» берілді.

Бірінші бөлімде — болашақ «құтқарушының» «әдеттегіден тыс» жағдайда ғажайып туысы суреттеледі. Ол үшін дастан оқиғасында ерлікпен үйлену мотивінің классикалық үлгісі мақсатты түрде пайдаланылады: хазірет Әлидің еш уақытта, ешкімнен жеңілмейтін батыр, алып қыз Дариға туралы хабар алуы, оның еліне келуі мен екеуінің жекпе-жегі, батырдың қызды жеңуі, үйленуі, мерзімді уақыт өткен соң ұл тууы қызықты әңгімеленеді. Яғни, мұнда ерлікпен үйленудің ең көне түрі — кейіпкердің қалыңдығымен жекпе-жегі пайдаланылған.

Әлидің «құтқарушы» Mahдидің әкесі ретінде дастан кейіпкері болуына бірнеше себеп болған: а) Mahди пайғамбар әулетінен болу керек, ал Әли — Пайғамбардың күйеу баласы, немере інісі; ә) Дариға секілді алып қызды тек Әли сияқты батырлардың батыры ғана жеңе алады; б) Әли — мұсылмандардың ең сүйікті кейіпкері.

Дастанның екінші бөліміндегі оқиғалар тікелей Mahди-Мәдиге байланысты өрбиді. Ол — шығарманың негізгі және басты кейіпкері. Дастан оқиғасы «жоғалған имам» туралы мұсылмандық аңызға құрылған, мұнда имамның жоғалуының себебін — «өз әкесімен білмей соғысып, соған қатты ұялғандықтан жер астына кіріп кеткен» деп түсіндіреді. Баланың әкемен соғысы көптеген халықтардың фольклорында кездесетін көне мотивтердің бірі[9].

Демек, дастанның оқиға өзегінде діни аңызды түсіндіру үшін көне фольклорлық сарындар (ерлікпен үйлену, күйеудің қалыңдығымен немесе баласының әкесімен жекпе-жегі) мақсатты түрде және орынды пайдаланылған.

Әли — күшті, даңқты ер. Ал Дариға сұлу одан да күшті. Бірақ оған қарамастан Әли оны жеңеді. Дариға өз күшінің басым екендігін біле тұра өзін Әлидің жеңетінін алдына ала сезеді және оған ескертеді. Ол болашақ ұлының әкесіне: «Әли, менен артық емес тіпті күшің, Аллаға жаққан екен қылған ісің», — дейді. Яғни, мұнда да Әлидің басым түсуі оның мұсылман болғандығымен түсіндіріледі.

Сондай-ақ Mahди бейнесі де барынша көтермеленіп, әсірелей сипатталады:

---

[9] Веселовский А.Н. Бұл мотивті ана еркі дәуіріне жатқызады: Историческая поэтика. — Л., 1940. — 546-570-б.

Айы толып Дариға толғатқанда,
Ай мен күндей боп бір ұл туды.
Мәди деп балаға қойды атты,
Бұл бала барша жаннан салтанатты!

Ол медреседе оқитын өз құрдастарымен ойнаса да басым түсетін, болашақ батыр белгілері жастайынан білінетін, әкесін іздеп ауыр жолға шығатын қайсар ұл. Жолда орасан зор бөгеттерден өтіп, айдаһарды жеңіп, батырлық эпос кейіпкері тәрізді сынақтардан өтеді. Яғни, батырға тән дәстүрлі ерліктер жасайды.

Дәстүрлі эпос заңы бойынша, ол алдын-ала сынақтан кейін негізгі ерлігін жасау керек немесе ерлікпен «үйленуі» қажет. Бірақ дастанның бұл бөлігі діни мифке құрылады да, классикалық эпостың образды жасау логикасы бұзылып, қорытындысында кейіпкер өзін дастандық кейіпкер ретінде көрсетеді. Оның келесі ерлігі батырлық емес, адамгершілік сипатымен ерекшеленеді: ол, жоғарыда айтылғандай, өз әкесімен білмей соғысып, соған қатты ұялғандықтан жер астына кіріп кетеді. Мұндағы бір ескеретін нәрсе, діни мифтің кейіпкері әдеттегі фольклорлық кейіпкерге айналады да, ешқандай діни фанатизм елесі аңғарылмайды.

Дастандағы Әлидің күшті қарсыласы — Дариға бейнесі де жан-жақты сипатталған. Оған тән белгілер — орасан зор күш, архаикалық күрескер қыздардың табиғатына тән қасиеттер, т.б. дастанда жекелеген суреттер арқылы берілген. Ол бірде аққу құсқа теңелсе (нәзіктігі жөнінен), бірде «бір қойдың етін бір өзі жеген» деп алыптығы суреттеледі. Сонымен бірге, Дариға — асқан ақыл мен сезімнің иесі.

Қорыта айтқанда, бұл дастанда көне фольклорлық мотивтер мен мұсылмандық-құрандық аңыздар өзара кірігіп, бір-бірін толықтырады, ал діни кейіпкерлер, ислам батырларының образдары фольклорлық үлгіде жырланып, эпикалық қалыптарға сай сомдалады.

Ислам батырларына арналған үшінші топтағы көрнекті шығармалардың бірі — «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия» дастаны[10]. Дастанның бас кейіпкерлерінің бірі — хазірет Әли. Дастанда оның Рұмды басып алуы, Рұм патшасын өлтіріп, оның

[10] Дастанның нұсқалары туралы томның «Ғылыми қосымшалар» тарауында жазылды.

керемет сұлу қызы Ханафияны тұтқындап, өзімен бірге алып келгені баяндалады. Мұхаммед (ә.с.) қыздан исламды қабылдауды сұрайды. Сонда қыз үш тілегін айтады. Олар: 1. Өзі ерлігіне тәнті болған Әли батырмен қосылу; 2. Пайғамбардың қызы, Әлидің әйелі Фатимамен өзінің тең дәрежеде саналуын қамтамасыз ету; 3. Өзінің атын Пайғамбардың есімімен біріктіа ретін ұлды дүниеге келтіру.

Мұхаммед ұзақ ойланады. Осы уақытта Жаратушыдан Жәбірейіл періште арқылы қыздың тілегі орындалатыны туралы хабар келеді. Осындай жолмен алдын ала келісілген жағдайда, Құдайдың құдіретімен, екі түрлі ат иемденген (Мұхаммед пайғамбар мен Рұм императоры қызының аты) — Мұхаммед-Ханафия туылады. Демек, Мұхаммед-Ханафия әдеттегіден тыс жағдайда, яғни эпикалық қаһармандар секілді ғажайып жағдайда туылады. Бұл шығарманың прологы. Мұнан кейін Мұхаммед-Ханафияның тәрбиесі, оның өсу жолдары, он жае сында-ақ айналасындағылардан басым түскені, он екі жасына да басқа дін өкілдерімен кездесуі, оларды өз дініне кіргізуге үгіттеуі, оған көнбегендермен соғыс жорықтары сипатталады.

Бұдан әрі ерлікпен үйленуі, ондағы түрлі әрекеттер, той күні қалыңдықтың дәу арқылы ұрлануы, дұшпанның арқанды қиып жіберуінің кесірінен Мұхаммед-Ханафияның жердің астына түсіп кетуі, қамығуы, түсінде Мұхаммед пайғамбардың аян беруі, жер бетіне шығып, әйелін іздеуге аттануы, ағалары Хай сен мен Хұсайынды, әкесі хазірет Әлиді кездестіруі, дұшпанды жеңіп, мұратына жетуі баяндалады.

Сонымен, дастан мазмұнын құрайтын сюжет пен мотивтерді, эпизодтарды былайша жіктеуге болады: кейіпкердің ғажайып жаратылысы; батырға тән балалық шағы; алғашқы ерлігі — сансыз көп жау әскерін жою; қалыңдық үшін күрес және оныс мен қосылу; қалыңдықты дәудің алып кетуі; дәумен күресте бас кейіпкердің жеңісі; қалыңдықтың екінші рет жоғалуы; бас кейіпкердің әкесінің араласуымен дұшпандардың талқандалуы; бақытты қосылу.

Көріп отырғанымыздай, дастан фабуласының жалпы көрінісі, оны құрайтын мотивтер мен оқиғалардың орналаы су тәртібі және қаңқасы дәстүрлі эпикалық сюжет құрайды. Шынтуайтқа келгенде, біз бұл жерде эпикалық қаһарманның типтік ғұмырнамасын танимыз. Оның басты мазмұнын

батырлық ерліктер құрайды. Олар ислам дінін таратуға, орнықтыруға арналған.

Мұхаммед-Ханафияның жаулары өздерінің ерлігі жағынан одан кем түспейді. Дұшпанның жер қайысқан қолы, әскердің қаһарлы көрінісі бір тұста: «Отыз мың ләшкер жиып алып жүрді, Келеді майыстырып қара жерді», — деп суреттелсе, екінші бір жерде «Кәпірлер қамал қылды-ау миллион сан, Қараңғы бұл дүниені қаптады жан», — делінеді.

Бірақ Мұхаммед-Ханафия жау батырларынан басым түседі, оларды аттан жұлып алып, ойыншық секілді аспанға лақтырады:

Көтеріп ат үстінен алды тұтып,
Лақтырып аспан-көкке көкпар етіп.

Өйткені, ол — мұсылман, яғни жай батыр емес, әлемге белм гілі ислам дінінің батыры.

Дастанның прологы да өте күшті діни әсерге толы. Әдетте, эпикалық, соның ішінде дастандық кейіпкер «Құдайдан тіп леп алған жалғыз бала» болады. Ал бұл дастандағы жағдай, жоғарыда көрсетілгендей, басқаша көрінеді. Дастанды жасаі ушылар Әлидің басқа балаларының да мұсылман қауымына белгілі болғандығын ескере отырып, таза діни мотивті пайі даланады: Мұхаммед-Ханафияның дүниеге келуінде Алла Тағала, Мұхаммед пайғамбар және Жәбірейіл періште басты рөл атқарады.

Шығарманың басты оқиғалары дастан поэтикасына сай «ғажайып сарай бақтарында» өтеді. Мысалы, Мұхаммед-Ханафияның алғашқы қарсыластары онымен «керемет сарай» бағында кездеседі. Кейіпкердің «Құдай қосқан қосағы» да «айналасы аққан бұлақ, бау-шарбақтың ортасында жанған шырақ» деп сипатталатын жерді мекендеген.

Ал дастанның тарихи негізіне келсек, хазірет Әлидің Мұхаммед-Ханафия есімді ұлы болғаны рас.

Әлидің бірнеше әйелдерінен көптеген балалары болған, бірақ Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған Хасен мен Хұсайын және Мұхаммед ибн әл-Ханафия ең әйгілілері болды. Мұхаммед ибн әл-Ханафия Иран мен Рұмда исламның таралуы үшін көп еңбек сіңірген батыр, ер жүрек адам болған.

Сонымен бірге дастан өзегінде бір елде, бір ғасырда болған оқиғаны екінші елге, басқа дәуірге көшіру, яғни тарихи тұтастану (анахронизм) және «ойдан қосу» әдістерінің орын алғаны да байқалады. Бұл жағдай Мұхаммедті Рұмды алуға қатыстыру, Фатиманың тірі кезінде Әлиге әйел алдыру және кейінгі әйелдерінің бірін византиялық деп көрсетуден байқалады.

Шығармада нақты өмірде болған тұлғаның өмірбаяндық деректері тарихи тұрғыда емес, дастан рухына сай пайдаланылады. Тарихи тұлғаны көтермелеп, мадақтау үшін Мұхаммед-Ханафияның өзі ғана емес, исламнан көп бұрын пайда болған көне сюжетер қолданылады. Бұл — фольклорда кездесетін құбылыс.

Яғни, дастанда Мұхаммед-Ханафия тарихта болған адам және ислам батыры болғандығы негізге алына отырып, оның тұлғасы фольклорлық канондарға сәйкес эпикалық қаһармандарға ұқсас сомдалған. Соның нәтижесінде, тарихи Мұхаммед-Ханафия дастанның кейіпкеріне айналады, ал оның ерліктері тарихилықтан гөрі ертегілік — эпикалық сипат алады.

Мұсылмандар да өзге халықтар тәрізді өз дінін ғана нағыз ақиқат дін деп санады. Мұсылман еместерді «кәпір» деп қарап, мұсылманшылыққа тарту, дінді қабылдату әділетті де, қасиетті іс делінді. Өзінің бар мүмкіндігін, күш-қайратын ислам дінінің игілігіне жұмсау, оның кең таралып, салтанат құруына сарп ету әрбір мұсылманның басты борышы болып есептелді. Құранда осы сенім жолында өзін кім құрбан етсе, оны мәңгілік пейіш қызығы күтетіндігі туралы айтылған. Исламның орнығуы мен нығаюы үшін қиян-кескі соғыстар жүргізілгені тарихтан белгілі. Сондай жорықтарды сипаттайтын шығармалар діни дастандардың төртінші бір тобын құрайды.

Атап өтерлік жағдай: мұсылмандар жиһад («қасиетті соғыс») жүргізгенде белгілі бір қағидаларды ұстанды, солардың ішінде: 1. Соғыс бастамастан бұрын исламға кіру туралы ұсыныс жасалады. Егер дінсіздер қарсыласпаса, бірден қауымға (уммаға) қабылданып, мұсылмандармен тең дәрежеде құқық иеленді. 2. Мұхаммед пайғамбар, кейін оның жолын жалғастырушылар Қасиетті Құранда айтылғандай, ислам дінінің негізгі жауы христиандар мен иудейлер емес, көп құдайшылдар екендігін әрқашан назарда ұстады. 3. Мұсылмандар басқа дін өкілдеріне төзімділік пен шыдамдылық көрсетті.

Бұл туралы ислам тарихын зерттеуші А.Мец өзінің «Мусульманский Ренессанс» атты еңбегінде орынды пікір айтқан[11].

«Жиһад» деген ұғым ислам дінінің салтанат құруы үшін мұсылманның бар күш-жігерін, мүмкіндіктерін, уақытын, тіпті қажет болған жағдайда өмірін де қию қажеттілігін білдіреді. Орта ғасырлардан бері бұл «дінсіздерге» қарсы қарулы күрес жүргізу дегенді меңзеді, соған байланысты терминнің мағынасы «қасиетті соғыс» деген түсінік беріп келді және бұл сол күйінде күні бүгінге дейін еуропалықтар санасында сақталып қалды.

Іс жүзінде «жиһад» ұғымының ауқымы кең. «Жиһад» сөзінің басты мағынасы — адамның өз бойындағы шариғат заңдарына жат қасиеттерін, жаман мінездерін жоюы, өзінің нәпсісімен күресуі, ішкі дүниесін тазартуы және исламның рухани құндылықтарын жоғары ұстауы.

Арабтардың ұзаққа созылған жорықтары, ислам дінін тарату мен орнықтырудағы күресі көптеген батырлардың тұлғасын тудырды. Кейін олар ондаған қисса — дастандардың кейіпкерлеріне айналды. Сондай шығармалардың тобына «Зарқұм», «Сейітбаттал», «Қаһарман», тағы басқа дастандар жатады. Бұлар тарихи оқиғаларды бейнелей отырып, арабтардың мұсылман емес елдерді жаулап алуы мен өзіне қарату әрекеттерінің жинақталған көрінісін береді.

Сонымен қатар, бұл топтағы шығармаларда мұсылмандардың қарсыласы ретінде кәпірлермен бірге әр түрлі сиқырлы күш иелері де ұшырасады. Мысалы, «Қаһарман» дастанында бас кейіпкер өз дінін нығайту үшін дию және жетпіс басты жалмауызбен соғысады.

Сонымен, жоғарыда сөз болған төрт топтағы дастандарды талдау арқылы мынадай қорытындыға келуге болады:

Қазақтың діни дастандарының негізін мұсылман аңыздары мен мифтері, Құран қағидалары, Пайғамбар суннасы мен хадистер, мұсылман қайраткерлері мен ислам батырлары туралы аңыздар құрайды.

Діни дастандардың тақырыптық ауқымы өте кең: бұл — мұсылман батырлары туралы баяндаулар, қасиетті соғыс, Пайғамбардың қызметі, т.б. Олардың барлығы да белгілі бір мақсат — ислам дінін дәріптеуге және насихаттауға арналған.

---

[11] Мец А. Мусульманский Ренессанс. — М., 1973. — 39-б.

Ол үшін дастандарға негіз болып отырған бастапқы материал халықтың дүниетанымдық көзқарастары, түсініктері және эстетикалық идеалдары тұрғысынан ой елегінен қайта өткізіліп, көркем қиялмен байытылады, рухтандырылады, көне сюжеттер мен мотивтер пайдаланылады және ислам кейіпкерлерінің тұлғалары фольклорлық тәсілмен жасалады.

Қазақтың діни дастандарында ислам қайраткерлерін «қарапайымдандыру», олардың қайырымдылық, жомарттық, кеңпейілділік, қамқорлық қасиеттерін сипаттай отырып «адамиландыру» — мейлінше тұрақты үрдіс ретінде байқалатындығын атап өткіміз келеді. Мұндай қайырымды діни қайраткерлер туралы шығармалар халықтың әділетті билеуші жайлы, мейірімді патша туралы, әлсіздердің қорғаны бола алатын қабілетті тұлғалар жайындағы арман-тілегінен шығатын утопиялық аңыздарға ұқсас. Олар ақыр соңында ақиқаттың жеңетіндігі мен жарқын болашақ туралы, бақытты өмір жайлы адам сеніміне сүйенеді.

Дастанды тудырудың басты әдісі — жалпы фольклорлық дәстүрді пайдалану, атап айтқанда, суреттелетін оқиғаның кеңдігі, батырлық дәріптеу, нақтылы тарихи деректер мен өмір көріністерін ертегілік қиялмен және көркем оймен үйлестіру. Сондай-ақ дастан өлшемінің өзіндік ерекшеліктері: образ сомдаудағы және кейіптеудегі даралау мен айқындау, психологиялық тартыс, нақтылық пен бедерлілік белгілері арқылы көрінеді.

Қазақтың діни дастандары — халқымыздың рухани әлемінде ерекше орын алған, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде ерекше қызмет атқарған фольклорлық жанр; олар ислам құндылықтарының жалпы адамзаттық моральдық қағидалармен сәйкес келетін тұстарын суреттеуімен құнды.

Діни дастандар — тек фольклорлық мұра ғана емес, ұлтымыздың діліне, дініне қатысты рухани құндылықтарымыздың күрделі бөлігі. Олар ислам дінінің шапағаты мол қасиеттерін дәріптейді, адамзаттың бүгіні мен болашағына зәру құндылықтарды жыр етеді, оқырман жүрегіне имандылық ұялатады.

Әзібаева Бақытжан, филология ғылымдарының докторы



МӘТІНДЕР



Киік

О заманда бар екен жалғыз киік,
Тамам қәуір аттанды тұзақ жиып.
Тұзағына кәуірдің киік түсіп,
Кете алмады бұл киік тартып үзіп.

Құдайым, жеткізбейсің бізді дүзге,
Естімеген сөз кетер құла дүзге.
Киік деген азғантай өлеңім бар,
Тыңласаңыз, айтайын оны сізге.

Киікті алды ол кәуір торын құрып,
Аққа жығылды ол киік мойын қойып.
Киік деген азғантай өлеңім бар,
Тыңлағанға айтамын құлақ қойып.

Торын құрып ол кәуір киікті алды,
Киікті алып тұзағын жерге салды.
Бауыздауға киікті жатқызғанда,
Мұстапа Мұхамбетім жетіп барды.

Кәуірге Мұхамбетім сәлем берді:
— Мұның жанын маған бер, кәуір, — деді.
Әжетіңе жарамас арық киік,
Екі лақты бейшара мұңлық еді.

Мұхамбет:

— Көңілі бұл киіктің лағында,
Қалды лағы бір таудың бұлағында.
Анасына азынап жылағаны,
Аян болды Алланың құлағына.

Кәуір:

— Тас алтын шыққан таудан теремісің,
Менің айтқан сөзіме еремісің?
Сол киік барғаннан келмей кетсе,
Жаныңнан киігіңді беремісің?

Мұхамбет:

— Тас алтын шыққан тауға тереді-ақпын,
Сенің айтқан сөзіңе ереді-ақпын.
Сол киік барғаннан келмей кетсе,
Жанымнан, жазған құл, төлер-ақпын.

Айтады айт дегенін хан тағына,
Ақының шек келтірмей тіл-жағына.
Кепіл боп Мұхамбет жіберген соң,
Зырылдап кетті киік лағына.

Киік баласы айтты:

— Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді,
Пендесіне жол салып кетті дейді.
Алақай, анам салды да жетіп келді,
Не болды саған, ана, — депті дейді.

Киік:

— Бар еді кішкентайдан көп күнайым,
Көп даусым шығармай бір жылайын.
Жабаның отына жүргенімде
Түсірді тұзағына бір Құдайым.

Киік баласы:

— Біз ақылы жоқпыз, кәріп анам,
Бір сен емес, бәріміз өлдік тамам.
Кәуірдің тұяғына ілініпсің,
Сол кәуір жібererде не айтты саған?

Киік:

— Сол кәуір жібererде үндемеді,
Мұхамбет кепіл болған Мұстапа еді.

Жерінде мезгіл айтқан бармай кетсек,
Сол көуір Мұстапаны ұстайды енді.

Көуір Мұхамбетке айтады:

— Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,
Шытырманды аралай ұшады құр.
Алдың ба азып іздеп, Мұхамбет,
Кәне, киік келгені, кешігіп тұр.

Мұхамбет:

— Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,
Шытырманды аралай ұшады құр.
Ақшам мен намаздігер арасында
Киік енді келеді, аялдай тұр.

Киік баласы шешесіне:

— Е, шеше, сен барғанға мен барармын,
Артынан бір күн қалмай тез барармын.
Көуірдің ол қайраулы қара пышақ,
Сенен бұрын мен барып ілінермін.

Шеше:

— Е, балам, барма деймін, сен өлерсің,
Шөп жесең тісің шыққан күн көрерсің.
Анаң жоқ, сүйенерге атаң да жоқ,
Үшбу уақта зар қылып күңіренерсің.

Көуір айтты:

— Жығылды Аққа киік мойын қойып,
Сені жесем кетер ем бір-ақ тойып.
Кепілдігіңнен құтылдың-ау, Мұхамбет,
Бір киігім келеді үшеу болып.

Мұхамбет:

— Тас алтын тауға шықсам теремін бе,
Сенің айтқан сөзіңе еремін бе?!
Үш киік келеді деп қуанасың,
Мен саған ол үшеуін беремін бе?!

Киік:

— Айтамын айт дегенің, Мұхамбетім,
Екі лағым, мен өлсем, қалар жетім.
Жетімшілік басыңнан кешкен жоқ па,
Хабар бола жүре көр, Мұхамбетім.

Мұхамбет:

— Біз хабаршы болайық, сіз барыңыз,
Тоқтау салмай кәуірге тез барыңыз.
Жылай-сықтай бара көр, байғұс киік,
Жетер ме екен Аллаға тілегіңіз.

Киікті кәуір қуанғаннан қамап алды,
Қамап алып мойнына белбеу салды.
Киікті бауыздағалы жатқанда
Мұстапа Мұхамбетім тағы барды.

— Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,
Аралай шытырманды ұшады құр.
Жіберші бұл киікті, кәуір, деймін,
Сен өзің намаз оқып, мұсылман бол.

— Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,
Құдай жеткіз деуші едім осы жолға.
Киігімді жіберсем, ау, Мұхамбет,
Мен де өзіңдей болармын мұсылман[ға].

Бұлбұл деген құс ұшып қонады,
Саясынан сарқырап от жанады.
Осындай мұсылман болған адам
Біздерден әжептәуір сол болады.

— Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,
Құдай жеткіз деуші едім осы жолға.
Киігіңді жібердім, ау, Мұхамбет,
Мен мұсылман болдым, әлхамдулилла.

Пайғамбар бізден бұрын өтті, — дейді,
Пендесіне жол салып кетті, — дейді.
Киігіңді жібердім, ау, Мұхамбет,
Барша мұрат басына жетті, — дейді.

قاقپانعا توسكه ن كيكتتك حكاياسى

Қақпанға түскен киіктің хикаясы

Таланға тағдыр Алла жазса басып,
Болмайды әмір әйласына не мінәсіп.
Ілгерлі Пайғамбардың заманында
Бір жүһүд етеді екен қақпан кәсіп.

Қақпанын құрып көздеп салады екен,
Бұйырған несібесін алады екен.
Бір күні қақпанына түсті киік,
Қуанды, ететұғын талап екен.

Киіктің егіз ылақ бар баласы,
Туғалы үш күн болған екен анасы.
Баласын есіне алып егіліп,
Алланың үкіміне бар не шарасы.
Із ертіп ізіменен қуып келіп,
Мұны айтты ұстап алып ұсталасы.

«Көрініп қолға түстің біздің көзге,
Өлместен шараң болмас», — деді, — өзге».
Жатқанда бауыздауға ыңғайланып,
Керіліп ол жануар келген сөзге.

— Әй, надан, мауыздамай, әйла сабыр,
Көрейін біраздан соң сізден сабыр.
Бар еді емізетін екі балам,
Баратын уақытымыз ол қалып жатыр.

Қылмады бармағына ұлықсатты,
Болған соң өзі кәпір, діні қатты.

Көңілі жібермекке құптамайды,
Көрініп сауабынан еті тәтті.
— Балаңды емізуге жіберейін,
Біреуді бер кепілдікке инабатты.

Ойлайды «нетемін» деп сонда киік,
Бұл көпір кімге сенед көңілі биік.
— Ғаріптің жала-пәледен қамқоры еді,
Ат берген «Хабибім» деп Тәңірі сүйіп.
Барайын Пайғамбарға мұңымды айтып,
Көзімнің кепіл болғай жасын иіп.
Жүһүдпен Пайғамбарға киік келді,
Жылайды киік зарын айтып енді.
— Жапанның жануары едім, тақсыр,
Бұл жүһүд мені байлады [енді].

Бар еді жаңа туған екі балам,
Жылап жүр «қайдасың, — деп, — ғаріп анам».
Емізіп, кепіл болсаң келер едім,
Не болар жетімдерге тисе панаң.

Жас артты Ақ Пайғамбар екі көзін,
Қамығып қатты, тыңлады айтқан сөзін.
— Емізсін көдектерін, — деді, — жібер,
Болайын келмегіне кепіл өзім.

Деді: — Халқыменен, тақсыр, тізе бүктің,
Палуаны махшардағы ауыр жүктің.
Құдайдан қорқып, сізден ұялуға,
Бола ма сеніміне сырты түктінің.
Кәпірге хайуан үшін болып кепіл,
Құнына кетесіз бе бір киіктің.

Сол заман Әбубәкір келді жетіп,
Сөйлейді Пайғамбарға тағзым етіп:
— Кіріптар бұл көпірге біз болайық,
Алдаса бұл жануар келмей кетіп.

Сыдыққа сонда жүһүд айтады сөз,
Етеді қатты назар тіктеніп көз.
— Басқаңа Пайғамбардан сенбеймін,
Өтірік сіздерде бар өнер, мінез.

Екінші, Омар келді иіп басын,
Көзінің қатра-қатра төгіп жасын.
— Ей, жүһүд, кепілдікке ұста бізді,
Етеді көңіліңнің мұтақасын.

Алмады Омарды да, не пәтуа,
Хазіреті Пайғамбарды сынамаққа.
Болғасын өзі көпір, амал нешік,
Ақыры берген сондай асылзатқа.

Үшінші, хазіреті Оспан келді,
Жүһүдке кепілдікке байлап берді.
Алмады оны дағы нәубеттікке,
Мұндай кім көріпті тас-еменді.

Төртінші, Әли келді мініп Дүлдүл,
Жүһүдке анық ашу, айласы біл.
Айбаты жер мен көктің арасында,
Болжады сыймағанын өсиеттің.
— Ей, Шерім, қаһарыңды қабыңа сал,
Деп сонда жауап қатқан хазірет Расул.

Ұстамай кепілдікке жүзіқара,
Көңіліне қарамастан салды жара.
Әлиге Пайғамбардан ұлықсат жоқ,
Жүһүдті етер еді пара-пара.

Өзіне қалды нәубет Пайғамбардың,
Біреуін сенімге алмай ол төрт жардың.
Ұстады Расулдың басын сертке,
Жол болып мұддағасы пейілі тардың.

Киікке «қара» дейді бетін ашып,
Мүбәрак жүзінен гауһар шашып.

— Кіріптар бұл көпірге етіп бізді,
Тапсырдым бір Аллаға, кетсең қашып.

Ол киік деді жылап: — Әйла, Мұхтар,
Сәруар екі дүние, панаңды нықтар.
Сізді алдап бұл дүниеде таңға қазы,
Көреміз шапағатыңды қалай дидар.

Расулым айтты сонда: — Ей, жаны бар,
Бұл көпір қатты көңілі, тезірек бар.
Емізіп келуіңді хидаят қыл,
Келмесең осы күнің бізге туар.

Жөнелді киік қайта биабанға,
Толтырып екі көзін қызыл қанға.
Баласын киік іздеп бара тұрсын,
Мұны айтып кейінгі ел қалған таңға.
Кіріптар болды Сәруар сауап үшін,
Сеніп ол бейзабан хайуанатқа.

Бұл жерде кетті киік көзі көріп,
Көпірге Пайғамбарды кепіл беріп.
Емізіп тауып алып балаларын,
Жылайды Мәдинеге көзін беріп.

Жүһүдтің қаттылығын көрген көзі,
Белгілі Сәруарға айтқан сөзі.
«Қандай күн Пайғамбарға туды екен», — деп,
Өкініп зарлық еткен өзін-өзі.

Зарлаған балалары көріп аяп,
— Не болды, — деді, — сізге, ей, анажан.
. . .* қасіретіңізден ауырасыз,
Айтсаңыз, естір едік, бізге баян.

Ол киік баласына айтты жайын,
Көзінің ағып жасы айтқан сайын.

* Бір сөз оқылмады.

— Ей, жас, жастарыңнан болдың жапа,
Амал жоқ, Ақтың үкімі не қылайын.
Жәрдемші бір жаныңа болсын, балам,
Анаңа ақырзаман болғандайын.

Нәпсі үшін сахарада сайран еттім,
Дауасын табайын деп аштық дерттің.
Аяқтай ажал айдап жерге апарып,
Іліндім қақпанына бір жүһүдтің.
Ол жүһүд ұстағасын, сіздер үшін
Көзімнің қаны аралас жасын төктім.
Сыр қатып әл-жайымды білмегіме,
Әуелі жіберер деп үміт еттім.
Осынша қатты өтініп жалынсам да,
Болмады рақымы ол қарабеттің.

Қайтадан қаһар етті қайта маған,
Көрініп бұрынғыдан зейілі жаман.
«Біреуді сенімді кепілдікке бер,
Сөзіңе сенбеймін құр алдаған.
Қалыпсыз басқа . . .* хайуан түгіл,
Адам да бір сөзінде тұра алмаған».
Амалын босанудың еткенінде,
«Мен қалай сенемін, — деді, — саған?»
Пышағын бауыздауға ыңғайлады,
«Сен, сірә, қалмассың, — деп, — менен аман».

— Қалғасын өзім өліп сіздер кейін,
Ойымды, — деп жыладым, — кімге шағам.
Болмаса Пайғамбардан бір шапағат,
Менің жоқ адамзатта інім, ағам.
Рақым осы кісі әйламаса,
Жасынан жапан тартып жетім қалған.

Рақым арызымды тыңла, — дедім,
Тыңламай сабырсыздық қылма, — дедім.
Жегенде менің етім не болады,

* Осы сөз анықталмады.

Апарып Мәдинеге пұлда, — дедім.
Неше бәнт, намазхандар көп пұл берер,
Шапшаң жүр, шаһарыңда тұрма, — дедім.

Сөзімді менің жүһүд қабыл етті,
Жүрді тез Мәдинеге түзеп бетті.
Сахаба отыз үш мың, төрт жарменен
Мешітке бір келгесін сап түзетті.
Намазын оқып ада қылғаннан соң,
Мен айттым басымдағы өткен кепті.
Есітіп хал-жайымды білген адам
Көзінің қан аралас жасын төкті.
Сахаба отыз үш мың, төрт жарменен менің үшін
Жүһүдке бәрі тілек беріп өтті.
Барлығын сол задалардың есепке алмай,
Көрсетті азар беріп ақыретті.
«Құнына бір киіктің өтпедік», — деп,
Егіліп ол сахабалар жерге жетті.

Кепілге Пайғамбарды ұстап қалды,
Жылаймын тағат қылмай сол себепті.
Қыл талап, қияметте жолығамыз,
Келемін деген уақыт өтіп кетті.

Кәпірге қалды хазірет билік беріп,
Біз өтініп жасымасын азар көріп.
Жүруге қайтып қайым болып еді,
Жылайды балалары ізіне еріп.

— Кет, — деді, — ей, анажан, бізді де алып,
Артыңда не боламыз сізден қалып.
Болмадық, тым болмаса, . . .* жолдас,
Несібе теріп жеуге тісті жарып.

Қалдық, — деп, — анадан жас, ақыл сұрап,
Шағамыз халімізді кімге барып.
Жеті қат жерден ауыр ақыңыздың,

* Бір сөз танылмады.

Дүниеге келді ме екен біздей ғаріп.
Ешкімге біздің бастан артылдырып,
Салмасын бұл жапаны Жаппар Халық.

Қатырмай қабырғамды қамықтырып,
Кететін егер тастап болсаң анық,
Өзіңмен бірге өлуге байладық бел,
Тартқанша қалып жапа арып-талып.
Бізге де рақым етер ме екен,
Пайғамбар шапағатын шашсын анық.

— Қалыңдар, кірің, балам, кеңесіме,
Алғанмен еш нәрсе емес мен есіңе.
Біз үшін мініп Сәруар қалып еді
Бел байлап төуекелдің кемесіне.
Барайын уағданың мезгілі өтпей,
Дақ түсер абыройдың егесіне.
Жаратқан Жаппар Ие, күніңде өтем,
Амал не, Ақтың өлімін теңдесуге.

Қалмады балалары алдын орап,
Жүруге Мәдиненің жолын сұрап.
Жүреді үшеуі де шұбырынып,
Өлмекке байлап басын зар-зар жылап.
Үшеуі шұбырынып келгеннен соң,
Таңырқап қалды көріп отырған сап.

Лақтар еріп келді енесіне,
Ұрынды уағданың шекесіне.
Үшеу боп бір киік келгеннен соң,
Сыймады Хазірет нұры денесіне.

Бұларды жүһүдтің да көрді көзі,
Көргесін рақым еткен шат мінезі.
Үшеу боп бір киік келгеннен соң,
Жүһүдтің сонда мынау айтқан сөзі.

— Етсек те сенбестік хайуан көріп,
Адамнан артық екен мұның өзі.

Үшеуін Құдай үшін азат етсем,
Көңілім болмай ма алтын, кетіп жезі.

Тәубе етсем, пайда, тақсыр, өзіме, — деді,
Турасын көрсет маған жолдың, — деді.
Жануар жапандағы ұсынғансын,
Дініңнің ақтығына көндім, — деді.
Тәңірге таңға қазы куәлік бер,
Үш талақ өз ділімнен бездім, — деді.

Мен екен ойлап тұрсам дінің қазы,
Әуелден болғаннан-ақ жанның нәсі.
Кіріптар хайуан үшін етіп сізді,
Дүниеге келді ме екен біздей ғасы.
Қатамды өзің кешіп құтқармасаң,
Азаптың, тақсыр, болдым мүбдәласы.
Бектерім, оның үшін бір дұға қыл,
Жүһүдтің мұсылман болған нәтаһасы.

داریغه قز

Дариға қыз

Әуелі сөз сөйлейін бисмилладан,
Өлмей қалмас анадан туған адам.
Өлмей тұрып сөйлейін мен бір қисса,
Туған жан бәрі де өлер ата-анадан.

Құлдық, тағат қылсаңыз бұ дүниеде,
Өлсең иман табарсың о дүниеде.
Төңірі досты Пайғамбар төрт жарменен
Бір күні кеңес қылды Мәдинеде.

Қатыран шаһарында бір қыз болған,
Жақын жерде шаһардың бәрін жиған.
Балуан қыз Қатыранда бар деген соң
Ер Әли Арысланға есітілген.

Бір күні қыз Дариға сөз сөйлейді,
Отырып сарайында көп сөйлейді.
«Көп қуат маған берді Жаппар Құдай,
Жалғанда кім жығады мені?» — дейді.

Бұ сөзден Әли Арыслан хабар білді,
Орнынан намыс етіп түрегелді.
Бұ қызбенен күресуге тілек қылып,
Пайғамбарға рұқсат ала келді дейді.

— Ассалаумағалейкүм, Пайғамбарым,
Қатыранда бір қыз жықты жанның бәрін.
Сол қызбенен күресуге барар едім,
Біздерге берер болсаң дағуаларың.

Жаратқан баршамызды бір Құдайым,
Қиямет күні көрерміз жердің тарын.
Бұл сөзді Дариғадан есіткен соң,
Тағат қылып Мәдинеде тұра алмадым.

— Басайын аяғымды қадам-қадам,
Естідім анау қызды жүһүд надан.
Өлгенше сүйегіңде тамға болар,
Жығылсаң іздеп барып бір әйелден.

— Алладан Дүлдүл деген ат алғанмын,
Өзіңнен жеті жаста бата алғанмын.
Құдайдың маған берген уағдасы бар,
Алланың Арысланы деп аталғанмын.

Алланың қыл тамаша әр ісіне,
Һәркім жаза тартады қылмысына.
Бата бер, тақсыр баба, мен ғаріпке,
Мен түстім төуекелдің дариясына.

Пайғамбар қолын жайып бата берді,
Арыслан «иә, Алла» деп түрегелді.
Ғабдулахаб Қанбарды қасына алып,
Аяңдап құбыла жаққа жөнеледі.

Қасында жолдасы бар Қанбар баба,
Жандарын тапсырады бір Құдайға.
Дүлдүлге сауыт-сайман артып алып,
Жөнелді бетін түзеп құбылаға.

Тоқсан күн құбыла жаққа сапар қылды,
Қатыран шаһарына жақын келді.
Ел шетіне жақындап келіп еді,
Қарап тұрған қарауылшы оны көрді.

Көрген соң қарауылшы жетіп келді,
Әлиге қол қусырып сәлем берді.
Сәлем беріп қасына келгеннен соң,
Сәлемін Әли батыр әлік алды.

— Дүниеде жиһан кезген мен бір адам,
Кез болдық бұл арада, жаным саған.
Біз шыққалы үш айдың жүзі болды,
Қай шаһар бұ шаһарың, айтшы маған?

— Һәр түрлі жан жаратқан бір Құдайым,
Жарлық қылып жаратты күн мен айын.
Дүниеде жұрттан асқан дәулеті бар
Бұ Қатыран шаһары-дүр, білсең жайын.

— Кез болдым Құдай айдап сендей ерге,
Шаһарым үш айшылық қалды жерде.
Мен іздеп шаһарымнан шығып едім,
Қыз бар ма Дариға атты шаһарыңда?

— Әй, жігіт, мен сұраймын жөніңізді,
Мен көрдім Дариғаны қызыл жүзді.
Қыз болса да һеш адам пар келмеген,
Дариға атты патшаның жалғыз қызы.

Қыз қылып Дариғаны Құдай қылған,
Қыз болса да еркектен артық болған.
Бұл жерде шаһарлардың адамдары
Тұрады Дариғаның әмірі бірлән.

Сөз айтты сол жігітке Әли батыр,
Қасында бірге еді Қанбар пақыр.
— Әдейі күресуге іздеп келдім,
Бар болса Дариғаны мұнда шақыр.

— Сіз бізге кез болдыңыз жапан түзде,
Жапанда һеш адам жоқ сізден өзге.
Хабарын Дариғаға біз берелік,
Кім дейміз атыңызды, айтшы бізге.

— Айта бар, менің атым — хазірет Әли,
Бабам аты — Мұхаммед Хақ Расулы.
Сәлем айт Дариғаға, келсін мұнда,
Менімен күресуге болса жайы.

Елшілер Әли екенін білді дейді,
Хабарын Дариғаға берді дейді.
— Жасыл киім, қара көк мінген аты,
Әли атты бір балуан келді, — дейді.

Дариға отыр екен шашын тарап,
Қойыпты бақыт беріп Құдай қалап.
Қаранып жан-жағына шыға келді,
Шаншулы шекесінде алтын тарақ.

Далада Әли тұрды хабар беріп,
Үш айлық Мәдинеден іздеп келіп.
«Төуекел, — деп, — Алланың құдіретіне»,
Тұрыпты майдан жерде сабыр қылып.

Жаратқан барша жанды Жаппар Құдай,
Дүниеде сұлу болмас, сірә, мұндай.
Көрген соң Дариғаны, қаһарланып
Қасына Әли келді шыдай алмай.

— Мен келдім, келбетімді көрсең, — дейді,
Жүрегі Дариғаның дүрсілдейді.
— Рұқсатсыз көшені аралапсың,
Әй, жігіт, атыңды айтшы, кімсің? — дейді.

— Сұрасаң, менің атым Әли Арыслан,
Қорқады қаһар қылсам талай дұшпан.
Қыз Дариға сен болсаң, тіл тигізбе,
Қор болып сен де өлерсің, ашулансам.

Тіліңді көп тигізбе мендей ерге,
Өлген соң кіреміз ғой қара жерге.
Әдейі күресуге талап қылсаң,
Белгілі далаға шық, майдан жерге.

Үш айлық жерде қалды менің жерім,
Бұ шаһар, қыз Дариға, сенің жерің.
Армансыз түзеліп кел, бек тебіреніп,
Көрейін қуатыңды енді сенің.

Сарайдан Дариғаның жүзін көрді,
Майысып сарайына Дариға енді.
Алладан, Пайғамбардан медет сұрап,
Арыслан майдан жерге қайтып келді.

Бұларға да естілген Әли аты,
Әлидің Құдай берген көп қуаты.
Әли деген хабарын білгеннен соң,
Жиылды Дариғаның тамам жұрты.

Сол жерде шаһар халқы бәрі келді,
Әлиді майдандағы көзі көрді.
Үстіне алтын кілем отырғызып
Қырық жігіт Дариғаны алып келді.

Кигені Дариғаның алтын кебіс,
Жиып келді майдан жерге түрлі жеміс.
Үстіне кигенінің бәрі жібек,
Қылады Әлименен үлкен күрес.

Әлиді тамам халық бәрі көрді,
Шаһимардан Арыслан Әли ерді.
Дүлдүлді Қанбар құлға бере тастап,
Қасқайып майдан жерге жетіп келді.

Көргелі қыз атасы өзі келген,
Жаяды майдан жерге жібек кілем.
Берсін деп осы жолды Дариғаға,
Шашады алтын-күміс келген жерден.

Күреске майдан жерге Әли барды,
Бір миллиондап жүһүдтер жиылады.
Алтын тақ үстіне қызды отыртып
Майданға қырық балуан алып келді.

Далада бәйгеге қылды алтын діңгек,
Күрескенде жұрт тұрды дөп-дөңгелек.
Бұлардың тамашасын көреміз деп,
Жүһүдтер жиылып тұр бөлек-бөлек.

Босатып Дариғаны қоя берді,
Әлиге маң-маң басып қыз да келді.
Көңілі Дариғаның тоқтасын деп,
Ер Әли зәрін шашып көз жіберді.

Қыз қарсы келе жатыр қадам басып,
Белінен құшақтайды қатты қысып.
«Иә, Алла» деп ұстады Әли Арыслан,
Келеді Дариғаға зәрін шашып.

Көтеріп бұрынғыдай ала алмады,
Бір-бірін кезек-кезек үйіреді.
Куатын Дариғаның көргеннен соң,
Арыслан бір Аллаға сиынады.

Арыслан бір Құдайға сиынады,
Шаңдары екеуінің бұрқырайды.
Осы қызды күресіп жығып кетсем,
Бұ жерге келгенімменен немқұрайды.

Жаратқан жүмлә жанды Жаппар Құдай,
Дүниеде күрес болмас, сірә, мұндай.
Дүние жүзін топырақ пен шаңдақ басып,
Екеуі күресіпті он төрт күндей.

Жаратқан жүмлә жанды Құдірет-ті,
Әли көрді бұ қыздан көп бейнетті.
Он төрт күн таң сарғайып ата берді,
Сол уақытта Әлиден қуат кетті.

Сол уақытта Әли Арыслан болды наза,
Қабірде жамандар тартар жаза.
Алаңдай жан-жағына ойлап тұрса,
Намазы он төрт күнгі бәрі қаза.

Әлиден қиналғаннан ағады тер,
«Мұнан да мені жұтсын сол қара жер».
— Намазым он төрт күндей бәрі қаза,
Өтейін намазымды, рұқсат бер.

Жаппар Құдай, жәрдем бер тіл-жағыма,
Кім таласар, жігіттер, ер бағына.
— Қазанды он төрт күнгі оқығанша,
Келейін мен де барып тамағыма.

Босатып Әли Арыслан қоя берді,
Майысып аққу құстай қыз жөнелді.
Босанып Дариғадан шыққаннан соң,
Хазірет Әли бір биік тауға келді.

Арыслан Дариғаны қоя берді,
Аққу құстай шаһарына қыз жөнелді.
Қызметкерлер даярлап қойған екен,
Бір жегенде жүз қойды, нанды жеді.

Хазірет Әли бір биік тауға келді,
Келді де бір бұлақтан дәрет алды.
Он төрт күнгі намазын тамам оқып,
Құдайға мінәжат қылып жылайды енді.

— Сиындым, Пәруардигар, жалғыз сенге,
Отырмын өзім жалғыз жапан түзде.
Дүниеде «Арыслан» деп атап едің,
Қор қылма, Жаппар Ие, осы қызға.

Әкелдің үшбу жерге, Зұлжалалым,
Қылыпсың менен артық қыздың халін.
Қайтқанда Мәдинеге не деп барам,
«Барма» деп айтып еді Пайғамбарым.

«Барма» деп айтып еді ол Мұхаммед,
Күресу Дариғамен болды міндет.
Жалғанда Арыслан деп ат беріпсің,
Бере көр өзің медет, иә, Құдірет.

Арыслан сиынады бір Аллаға:
— Омар, Оспан не деймін шаһариарға,
Мен енді Мәдинеге бара қалсам,
Не деймін отыз мыңдай сахабаға.

Құдайға Әли Арыслан дұға қылды,
Дұғасы Хақ қасында қабыл болды.
«Ренжімей күресе бер бұ қызбенен»,
Деп аспаннан құдіретпенен хабар берді.

Аспаннан Жәбірейіл жерге келді,
Келді де қырық қадам жерде тұрды.
Хабарын Жәбірейілден естіген соң,
Арыслан «иә, Алла» деп түрегелді.

«Иә, Алла» деп орнынан түрегелді,
Аяңдап майдан жерге және келді.
Үстіне майдан тастың барғанында,
Өне бойы қуаттанып күреседі.

Жалғыз келіп майданда Әли тұрды,
Шаһарынан аққудай боп қыз да келді.
Ұйқы ұйықтап, тынығып, ажарланып,
Әлимен алысқалы қыз да келді.

Басады Әли аяғын кердең-кердең,
Жалғанда кім құтылар біздей ерден.
Арыслан «иә, Алла» деп алып кетті,
Көтеріп Дариғаны көрген жерден.

Жарандар, тыңдасаңыз мінекей кеп,
Қарап тұрған тамаша жиылған көп.
Әрі-бері басынан айналдырып,
Бір уақытта алып ұрды «иә, Алла» деп.

Әлиге қуат берген бір Құдай-ды,
Тамам жұрт мұны көріп қайран қалды.
Арыслан кеудесінде отырғанда,
Астында қыз Дариға сөз сөйлейді.

— Әли, менен артық емес, тіпті, күшің,
Аллаға жаққан екен қылған ісің.
Біздерді бұ майданда жығып салдың,
Жоқ екен бұ ғаламда сенің [теңің].

Хазірет Әли Дариғаны жығып алды,
Тамам жұрт тамаша қылып көзін салды.
Саны жоқ көп жүһүдтер дінге кірді,
Мешіт пенен медресе және салды.

Қырық күн бұ шаһарда дін үйретті,
Иманын көп жүһүдтер таза күтті.
Неке қылып Дариғаға қосылған соң,
Әлидің қайтар уақты жуық жетті.

— Айтайын, қыз Дариға, саған бір сөз,
Ішіңде жүкті болсаң бір ұғлан, қыз.
Қыз болса өзің біліп ат қоярсың,
Ер болса «имам Маһди» деп қойыңыз.

Ер Әли Мәдинеге қайтып кетті,
Баланың енді туар уақты жетті.
Айы толып Дариға толғатқанда,
Ай менен күндей болып бір ұл туды.

Маһди деп балаға қойды атты,
Бұ бала барша жаннан салтанатты.
— Енді мен бұл баланы оқытайын,
Бұ бала оқу оқыр жасқа жетті.

Қыл көпір қиямет күн тар ма деді,
«Қыдырмай бес намазды оқы», — деді.
Қолынан баласының ұстап алып,
Жетелеп медресеге алып келді.

Беріпті алып барып молдасына,
Сиынды оқимын деп Алласына.
Біраз жыл оқу оқып, молда болды,
Үйіне келді бала анасына.

Маһди сонда үйіне қайтып келді,
Дүниенің қызығына батып келді.
Жақ атып, ойын қылып келе жатса,
Кемпірге нан илеген жетіп келді.

Маһди келеді енді ойын қылып,
Кемпір тұр бір тандырда нан пісіріп.
Қасына ол кемпірдің жетіп келіп,
Маһди шықты кемпірді мазақ қылып.

Қалтаңдап сонда кемпір түрегелді,
Қасынан бала кетпей және тұрды.
— Әкесі тірі кеткен, сұмырай жетім,
Не жаздым мұнша мазақ қылдың? — деді.

Бұ сөзді Маһди бала тыңдап тұрды,
— Кім еді менің атам, айтшы, — деді,
Әй, кемпір, бұ сөзіңді жақсы көрдім,
Тауып бер, менің атам кім-ді? — деді.

— Бәрімізді жаратқан Жаппар Құдай,
Мен айтайын, әй, бала, жақсы тыңда-ай.
Ішінде Дариғаның сен қалған соң,
Атаң кеткен сапар қылып Мәдинеге-ай.

Бұл сөзді естіген соң жүре берді,
Жай тартып көшеменен келеді енді.
Аяңдап өз үйіне келе жатса,
Ойнап жатқан көп балаға кез болады.

Келді де көп баламен ойын салды,
Көп бала ойынына қайран қалды.
Балалардың біріне-бірін соғып,
Келді де көп балаға ойран салды.

Бір бала естіген соң сөз айтады,
Жаман сөз сол арада көп айтады.
— Атасы да осындай тентек еді,
Келген соң тек жүрмейді, — деп айтады.

Енді Маһди сиынады бір Құдайға,
Пенденің көңілі тоймас бұл дүниеге.
— Анам бар, атам өлген, мен бір жетім,
Тауып бер, білсең менің атам қайда?

Бала айтты: — Мені қыспа бұл арадан,
Үздірме үмітімді ғаріп жаннан.
Атаңды тірі кетті деп естідім,
Бар, білмесең барып сұра Дариғадан.

Маһди енді естіп жүре берді,
Үйіне бек қайғырып жылап келді.
Анасы жылағанын көргеннен соң:
— Неге мұнша жыладың, балам? — деді.

Бала айтады: — Рақым әйла, анам, бізге,
Бір сапар қылғым келді жапан түзге.
Атамды тірі кетті деп естідім,
Жөнін айт сол атамның, қайсы жерде?

Біздердей бала бар ма ғаріп болған,
Дариға мұны естіп қайғыланған.
«Япырым-ай, қандай дұшпан айтты екен?» — деп,
Дариға үйде отырып зар еңіреді.

— Енді ойнап балалармен күле алмаймын,
Мен енді бұл шаһарда жүре алмаймын.
Қоя бер жөнімді айтып енді менің,
Не қылсам да бұл жерде тұра алмаймын.

Бастады бұ сапарға Жаппар Құдай,
Маһди сөз сөйлейді көңілі тынбай.
Тұрмасын бұл баланың білгеннен соң,
Дариға жолын айтты жылай-жылай.

Дариға бұ арада болды бейхал,
— Әй, балам, бұл сөзіме құлағың сал.
Бастасын оң жолына Жаппар Құдай,
Әуелгі ұлық атаң — Хақ Пайғамбар.

Әуелгі ұлық бабаң Мұхаммед-ді,
Арыслан ол Мұртаза — атаң, — дейді.
Сәлем ет Мәдинеге бара қалсаң,
Біз ғаріптен атаңа сәлем, — дейді.

Бабаң сенің Құдай досты Хақ Пайғамбар,
Құдай сүйген отыз мыңдап сахабалар.
Әбубәкір Сыдық пенен Омар, Оспан —
Атаңның жан жолдасы шаһариар.

Ұлық анаң әуелгі ол Фатима,
Хасен, Хұсайын екеуі сізге аға,
Пайғамбардың зағифы Бибі Хадиша,
Баршасы Мәдиненің шаһарында.

— Белгісіз не болармын бұ сапарда,
Қылмадым қызмет енді қасыңызда.
Егерде бұл сапардан келе алмасам,
Кешіңіз хақыңызды бейшараға.

Естіді баласының сөзін-кебін,
Дариға жидырады тамам жұртын.
«Құдайға, балам, сені тапсырдым», — деп,
Ұлына емізеді екі емшегін.

Дариға зар-зар жылап қоя берді,
Құданың бергеніне шүкір қылды.
Қызыр берген таяғын қолына алып,
Аяңдап сахараға жүре берді.

Біраз күн сахарада жол жүреді,
Болған соң өзі жалғыз, көп жүреді.
Жапанда өзі жалғыз келе жатса,
Керуен он түйелі кез болады.

Керуен он түйелі жақын келді,
Бала да ол керуенге қарсы жүрді.
Қолында таяғы бар, өзі жаяу,
Келді де керуенге сәлем берді:

— Ассалаумағалейкүм, әй, ағалар!
Сәлемін әлік алды керуендер.
— Қасыңда жолдасың жоқ, өзің жаяу,
Неғып жүрген баласың? — дейді бұлар.

— Бермесін Құдай қайғы басыңызға,
Жар болсын қожа Қызыр қасыңызға.
Атам жоқ, анам қалды, өзім — жетім,
Барамын Мәдиненің шаһарына.

Керуен он түйелі кез болады,
Балаға сол арада шапағат қылды.
Адасқан бір даланың баласы деп,
Мінгізіп бір түйеге алып жүрді.

Бала айтады: — Сіз барасыз қай сапарға?
Мінгіздіңіз, әй, ағалар, түйеңізге.
Керуен айтты: — Әй, балам, жолымыз бір,
Біз барамыз, әй, бала, Шам шәріне.

Бұ керуендер алпыс күн сапар қылды,
Бір үлкен тау секілді жылан келді.
Қасына бұ керуеннің жетіп келіп,
Баршасын құйрығыменен орап алды.

Имам Маһди қайран болып қарап тұрды,
Шуласып керуендер жылап тұрды.
Мал айтып көп керуен Құдай үшін,
Бек қатты бір Аллаға сиынады.

Маһди айтты: — Жылама, ағаларым,
Құдайдың құдіретімен болған керім.
Сабыр қылың, ол жыланға мен барайын,
Біздерге қабыл болсын дұғаларың.

Имам Маһди сол жыланға жетіп барды,
Таяғын Қызыр берген қолына алды.
«Иә, Алла» деп таяғын салып еді,
Ол жылан жетпіс бөлек болып қалды.

Жыланнан аман болып керуен өтті,
Бір уақта Шам шаһарына жақын жетті.
Бектердің шаһардағы балалары
Ойнатып Маһдиді енді алып кетті.

Имам Маһди сол шаһарда біраз жүрді,
Шаһарда балалармен ойнап-күлді.
Қасында жолдасы жоқ, өзі жаяу
Тағы да Шам шаһарынан жөнеледі.

Тағы да жөнеледі жалғыз өзі,
Жалғызға көп көрінбес дүние жүзі.
Алпыс күн жаяу жүріп келе жатса,
Бір шаһарды бұлдыраған көзі көрді.

Имам Маһди сол шаһарға жақын келді,
Әбден-ақ қарны ашып қалжырады.
«Жейтұғын аузыма тамағым жоқ,
Қуат бер мен ғаріпке, Алла», — деді.

Бұлдырап ол көрінген Мысыр шаһар,
Имам Маһди оған табан және жүрген.
Қалжырап екі көзі қарайған соң,
Имам Маһди бұ шаһарға жетіп келер.

Имам Маһди бұ шаһарға және келді,
Көп бала ойнап тұрған оны көрді.
Келе жатқан Маһдиді бұлар көріп,
Шуласып тамам бала бәрі келді.

Сақтады есен-аман Алла Тағала,
Келіпті Құдай сақтап бұ шаһарға.
Қасына тамам бала келгеннен соң,
Имам Маһди сәлем берді балаларға.

Көп балалар Маһдиге жетіп келді,
Бұ шаһарға бала әзер келіп жетті.
Бектер менен төренің балалары
Маһдиді үйге табан алып келді.

Көп қылды мейірбандық ол Маһдиге,
Ойнайды балалармен күнде-күнде.
Бір күні балалармен амандасып,
Мәдиненің жүрмек болды шаһарына.

Мысырдан тағы шығып және жүрді,
Көп бала амандасып қоя берді.
Балалар амандасып жіберді енді,
«Бір Құдайға тапсырдық сені», — деді.

Имам Маһди екі ай жүрді ен далада,
Қызыр берген таяғы оң қолында.
Тапсырып бір Аллаға аманатын,
Келіпті алпыс күнде Мәдинеге.

Білмейді һеш адамды Маһди бала,
Білінбей аз күн жүрді Мәдинеде.
Түн болса бір шеткі үйге мекен қылып,
Шығады таң атқан соң дарбазаға.

Көшеге шықты бір күн Маһди батыр,
Жасында жиһан кезген бұл бір пақыр.
«Атамды енді іздеп табамын», — деп,
Аралап Мәдинені келе жатыр.

Пайғамбар таһарат алып отыр екен,
Имам Маһди қол қусырып сәлем берді.
Имам Маһди сәлем беріп өте берді,
Пайғамбар көзін салып оны көрді.
«Бек нұрлы, асыл туған бала екен», — деп,
Артынан Пайғамбарым қарап қалды.

Көшенің ортасынан келіп кірді,
Бір жерде көп жиылған адам көрді.
Не екенін білмейді ол жиынның,
Ішіне көп халықтың бұ да келді.

Шығарды көкіректен сәналарын,
Құдайым кез келтірді ағаларын.
Сол жерде күрестіріп отыр екен
Әли Арыслан он жеті балаларын.

Он сегізінші болды да бұ да тұрды,
Балалар күрескенін қарап тұрды.

Бір-бірін жыққанында қайраттанып,
Имам Маһди оңтайланып қымсынады.

Баланың қымсынғанын Әли білді,
Бұл неге қымсынад деп байқап қалды.
— Әй, балам, қарап тұрып қымсынасың,
Ойыңыз күресуге бар ма? — деді.

Имам Маһди күресуге түрегелді,
— Күресейін, тақсыр, бер рұқсат, — деді.
Білмейді Әли екенін бала сонда,
Сыбанып екі қолын жүгіреді.

Сол жерде Хасен батыр түрегелді,
Маһди бұған қарсы жүгірді енді.
Сыбанып Маһди бала жетіп келіп,
Хасенді «иә, Алла» деп алып ұрды.

Балаға бұлар тұрды қайран қалып,
Хұсайын тұрды тағы да қайраттанып.
Жүгіріп келіп белінен ұстай алып,
Имам Маһди тағы жықты бұрап-бұрап.

Сол жерде бала Мұса назаланды,
Жықты деп екі ағамды ыза болды.
Қуатты бәрінен де туған екен,
Көтеріп ол Мұсаны алып ұрды.

Жығыпты он алты балаларын,
Сап болды балалары Мұртазаның.
Сонда тұрды Мұхаммед-Ханафия,
«Қылайын ол баланың өзім жайын».

Күресті Ханафия менен Маһди бала,
Бәрін де ыза қылды Хақ Тағала.
Жығарға Ханафияны таянғанда,
Арыслан ұстай алды келе сала.

Ханафияны айырып қоя берді,
Көп бала қайран болып қарап тұрды.
Айырып Ханафияны қойғаннан соң,
Ер Әли Mahдименен күреседі.

Үш тартып Mahдиді ала алмайды,
Не қылса да жас бала қозғалмайды.
Арыслан үш тартқанда болмаған соң,
Сол жерде Mahдиге енді кезек берді.

Арыслан нәубет берді сол арада,
Жас бала қозғалмады ер Әлиге.
Кезек нәубет берген соң ол балаға,
Тілейді жәрдем бер деп бір Аллаға.

— Әуелі ұлық бабам Мұхаммед-ді,
Ол Фатима, медет бер, анам, — дейді.
Тілегенде медетті беруші едің,
Жәрдем бер, хазірет Әли, атам, — дейді.

Бұ сөзді Әли Арыслан естіді енді,
Бұ сөзді естіген соң қайран болды.
Белінен қатты ұстап хазірет Әли:
— Жад еткен Пайғамбарды кімсің? — дейді.

— Туғанмын, атым — Mahди, Дариғадан,
Арыслан атам — Әли жиһан кезген.
Бұлардың бәрін айтқан Дариға анам,
Шығып едім атамды іздеп шаһарымнан.

Құдайдың құдіретіменен жаралғанмын,
Бұ сөздің бәрін айтқан Дариға анам.
— Бұ сөзді шын Дариға айтқан болса,
Іздеген Шер Әли атаң менмін.

Баладан қысылғаннан ағады тер,
— Мұнан да мені жұтсын бұл қара жер,
Іздеген өз атама қолым тиді,
Тілейін жерге жұтсын, Пәруардигар.

Жүгіріп қара тасқа бала жетті,
Әли Арыслан артынан ере кепті.
Әлиден бала бұрын тасқа жетіп,
Көтеріп қара тасқа еніп кетті.

Бәрі де осы жалған сұм жаралған,
Жалғанда не бар дейсің мұнан жаман.
Хазірет Әли көтеріп қара тасты,
Сол тасты жерге ұрып талқан қылған.

Көтеріп қара тасты Әли ұрған,
Орнында шақпақтай тас һеш қалмаған.
«Имам Маһди тірі кетті, әй, баба», — деп,
Арыслан Пайғамбарға жылап барған.

«Баламды қара тастан шығар», — деді,
Әлидің жылағанын Құдай білді.
Хабар берді Жәбірейілге: — Барып айт, — деп,
Махшар күні баласын көрер, — деді.
— Әлиге айт, наза болып жыламасын.
Жәбірейіл Пайғамбарға хабар берді.

— Иә, Әли, Құдайымнан хабар білдім,
Үшбу сөзді есітіп бек қуандым.
Имам Маһди Әлидің баласы деп,
Қуаныш қылып сол жерде хабар бердім.

Арыслан тақсыр Әли бұл бір шері,
Жүреді ерлікпенен күні-түні.
Тажалға дұшпан болып шығар дейді,
Сол екен Маһдидің тұрған жері.

Ол Әли — бұ дүниеде ердің ері,
Дариғаға күресуге барған жері.
Дариғадан Маһдидің туған жері,
Әлидің баласынан айырылып қалған жері.

Бір рауаятта: Маһди мен хазірет Әлидің күрескен жері. Бір кемпірдің бағында хазірет Әлидің балалары кеңес қыл-

дылар: «Біздер не хайла табармыз бұ Маһдиді атасы бірлән күрестірүрге?» Мәдинеде бір кемпір бар екен, аңар бармақшы болдылар. Хазірет Әлидің балалары шулап кемпірге барды: «Атасы бірлән баласын күрестірүрге хайла табармысың?» — дейділер. Кемпір айтты: «Бәлки, табылұр, сөйлеңіз», — деді. Бұлар сөздің әсілін уа һәм Маһдиді баласы екенін, хазірет Әлиді атасы екенін тамам сөйлеп білдірділер, бәд кемпір бұларға айтты: «Ерте намаздан ол сабах әуелінде біздің үйге келесіз, сонда тамашалар көресіз», — деді. Хасен, Хұсайын, Мұхаммед-Хана; фия ғайрылары: «Рази Алла Тағала анһу, құп болұр, хақын берерміз», — деп қайттылар. Бұ істен сахабалардың бағзысына хае бар берділер. Мин бағд кемпір хайла қапшығын қолына алып, имам Маһдидің пәтеріне келді. Өтірік жерден жылаған болды: «Әй, ұғылым Маһди, сізді бір паһлуан жігіт деп естідім. Менім бағымда бір алма ағашым бар еді. Һәр сабах әуелінде бір ұғыры алмасын ұғырлап кете-дүр. Сол ұғырыны тұтұп берсең, ұлық мархабатыңыздан олұр еді». Имам Маһди «құп болұр» деді, «халден келсе көрелік» деді. Мин бағд кемпір хазірет Әлиге тағы да жығлап келді, кейіді: «Ей, Алланың Арысланы, менім бағымда бір алма ағашым бар еді. Һәр таң әуелінде бір ұғыры алмасын ұғырлап кете-дүр. Сол ұғырыны тұтұп берсең, ұлық мархабатыңыздан болұр еді», — деді. Хазірет Әли айтты: «Жылама, мама кісі, иншалла, халден келсе тұтұп берейін», — деді. Мин бағд сабах әуелінде хазірет Әли кемпірдің бағына ұғыры тұтарға ақырын ғана келе жатыр. Екінші тараптан имам Маһди ұғыры тұтам деп ақырын-ақырын келе жатса, һәр екісі бір-бірін көріп, ұғыры санап бір-біріне жабыстылар. Соңыра күресіп кеттілер. Хазірет Әлидің балалары һәм сахабалар хабардар боып тұрғанлар. Һәммасы тамашаны көрділер. Таң атып сабах болды. Ерсе һәм халық бір-бірін танып білгендей болды. Ерсе сол жерде имам Маһди: «Иә, Алла, иә, Расул Алла, иә, хазірет Әли, медет», — деп көтеріп алып ұрмақшы болып еді. Хазірет Әли: «Атаң Әлимін мен», — деді. «Разымын, ұялма» десе де болмады, ұялып қашты. Хазірет Әли артындан қуды. Маһди бір тасқа жетті, жер жұтарға Алла Тағаладан тіледі. Тілеуі қабыл болды, ол тасты көтеріп, тастың астына ғайып олды. Хазірет Әли ол тасты парша-парша қылды — Маһдиді таппады. Хазірет Әли хазірет Расулға жығлап келді: «Маһдиден айырылып қалдық», — деді. Ерсе дәрхал Жәбірейіл әләйһиссалам хабар

келтірді Алла Тағала тарапындан: «Жыламасын, сабыр етсін. Қиямет күн көрер бір уақыт ақырзаман олұр. Сол уақытта йәжүж-мәжүж шығар, һәм Дәджал шығар, һәм сол уақытта көктен Иса әләйһиссалам жерге жетер мақұлықтарға хүкім етерге. Сол уақытта имам Маһди шығып Айса әләйһиссаламға қызмет етіп, йәжүж-мәжүжді һәлак етер, һәм Дәджалды хараб етер». Бұ хабарды естіп хазірет Әли сабыр етіп, шат олды, көп шүкіранлар қылды.

Сұрақ-жапа көрсетпей һешбір жанға,
Ғұмыр тілең император ағзамға.
Әділ екен, жарандар, көресің ғой,
Қол көтеріп қылыңыз қайыр дұға.

Бихамдулла, кітабым болды тамам,
Бар ма екен бұ дүниеде менен жаман.
Оқығандар, бір дұға қылып қойың,
Нәсіп етсін бізге де бақи иман.

Мың да сегіз жүз де тоқсан жеті,
Жылым — мешін, енді келді алпыс екі.
Бұ кітапты сәрсенбі күн тамам қылдым,
Бейсенбі, бірінші майға енді.

Сұрасаң, городымыз — Жалутраски,
Туған жерім, сұрасаң — Синғуласки.
Мәулекей Жұмашов мархум қолым қойдым,
Тұрған жерім — Манжилде Туменаски.

قصهءِ شاه زنده

Қисса Шаһизинда

Бисмиллаһи рахман ир-рахим

Бисмилла деп қаламды ұстайын да,
Жаман сөз күнә болар тастайын да.
Әуелінде Құдайға хамду айтып,
Андан соң бір қиссаны бастайын да.

Өтіпті Қатыран деген бір падиша,
Айтайын бір қиссаны жұрт ұнатса.
Бұ қиссаға құлағың құрышы қанар,
Естіген ғашық болар дәмін татса.

Бұл өзі — өлең қылған кітап сөзі,
Шаһарын Самарқанның биледі өзі.
Бек палуан, сұлулығы туған айдай,
Бар еді Дариға атты жалғыз қызы.

Қаратты палуандықпен тірі жанды,
Сол қыздың қайратына жұрт таң қалды.
«Бар ма екен ерге тиер көңілің», — деп,
Қызына Қатыран патша кісі салды.

— Бір іске жазған шығар Ием, — деді,
Ойланып Дариға қыз именбеді.
«Теңін тапқан кісі азбас» деген сөз бар,
Өзімдей палуан болса тием, — деді.

Осындай жауап берді ол адамға,
Бұл хабар есітілді Қатыранға.

Дариға жар шақыртты шартарапқа,
«Өзімді тиемін, — деп, — жыққан жанға».

Бір күні қаза жетіп атасы өлді,
Дариға тақта отырып патша болды.
Алысып дәу, перінің халі келмей,
Биледі қайратымен оңды-солды.

Тием деп жыққан жанға хабар берді,
Әр жерден мұны естіп палуан келді.
Күресіп Дариғаға халі жетпей,
Келгеннің менменсініп бәрі де өлді.

Таудай боп зәңгі келді пілге мініп,
Аяғы піл үстінен сүйретіліп.
Дариға қаһарланып лақтырса,
Сүйегі күл болады күйретіліп.

Мұнан соң күресуге жан келмеді,
Күресемін деп келгеннің бәрі де өлді.
Іздеп келген жан болса күресем деп,
Дариға түзеттірді майдан жерді.

Алысып кім пар келер мұндай ерге,
Айбатты жұрт билеген кемеңгерге.
Іздеп келген палуанның орыны деп,
Алтын діңгек орнатты майдан жерге.

— Палуандарға бұл белгі болсын, — деді,
Көрген адам тамаша қылсын, — деді.
Кімде-кім күресем деп келген болса,
Алтын діңгек түбінде тұрсын, — деді.

Сейіл қып мен һәр жерде жүрем, — деді,
Мұнарадан көз салып көрем, — деді.
Алтын діңгек түбіне барып тұрса,
Күрескелі келгенін білем, — деді.

Түбіне алтын діңгек палуан барды,
Дариға мұнарадан көзін салды.
Жұртын жиып Дариға тамашаға,
Күресіп набуд қылды талайларды.

Жайылды осы хабар шартарапқа,
Дариға отырады алтын таққа.
Дариғаның осындай шаһараты
Естілді Мәдине, Мекке жаққа.

Дариға бәле болды палуандарға,
Күресем деп құмар боп барғандарға.
Бұл хабарды есітіп хазірет Әли,
Рұқсат тілеп барады пайғамбарға.

— Рұқсат тілеп сізден келдім, — деді,
Естіп Дариғаны білдім, — деді.
Мен барып сол қызбенен күресемін,
Иә, баба, маған бата бергіл, — деді.

Пайғамбар айтады: — Барма, тілімді алсаң,
Ар болар өзі келмей іздеп барсаң.
Ойлаған тәкаппарлық жарамайды,
Һәр жерде менменсіген болар сарсаң.

Көңіліне Пайғамбардың қайғы түсті,
— Қой, балам, мақтаншылық мұндай істі.
Арнайы іздеп барған соң, жықсаң жақсы,
Ойлаңыз, жыға алмасаң бұл намыс-ты.

«Барма» деп жауап берді хақ Пайғамбар,
Арыслан «барайын» деп қылады зар.
— Иә, тақсыр, көңілім кетті, бата бер, — деп,
Сұрады мұнтазар боп Әли Хайдар.

— Иә, тақсыр, жүруші едім қалқаңызда,
Жүһүдті қойдай қырдым арқаңызда.
Күресіп көрмей қыздың күшін,
Құры даңқын естіп қорқамыз ба?

Күресіп мен көрейін қыздың күшін,
Өртенді естіген соң есі-түсім.
Иә, баба, сабыр-тағат қыла алмадым,
Барайын, бата бергіл Құдай үшін.

Ер Әли «бата бергіл» деп жылады,
«Барма» деп балалары көп жылады.
Әлидің тоқтамасын білгеннен соң,
Пайғамбар мойнын салып қайғы ойлады.

Отырды хақ Пайғамбар мойнын салып,
Әлидің бұл сапарын көңіліне алып.
«Қыз жықса, балаларым не болар» деп,
Тұрады сол себепті қайғыланып.

Сескенді естіген жан жалғыз қыздан,
Не іс болса махфузда Құдай жазған.
Әлидің тоқтамасын білгеннен соң,
Пайғамбар бата берді амалсыздан.

Оқыды нәфіл намаз Пайғамбары,
Дұғаға қол көтерді шаһариары.
Бір Құдаға тапсырып, зары қылып,
«Иә, Алла, өзің бол, — деп, — медеткері».

— Иә, Алла, жәрдем бергіл, Рахманы сен,
Хауаһласаң пенденді жарылқарсың.
Үшбу сапар жәрдем бер ғарібіңе,
Пендеңе ата-анадан мейірбансың.

Мойнына фута салды хақ Пайғамбар,
Қол жайды қойдай шулап сахабалар.
Хасен менен Хұсайын «әумин» деп,
Фатима бір Құдайға қылады зар.

Он жеті — ер Әлидің балалары,
Бәрі де жылап тұрды, халал жары.
Баршасы «әумин» деп қолын жайып,
Мүбәрак дұға қылды Пайғамбары.

Қол жайды отыз үш мың сахабасы,
Әбубәкір, Омар мен Ғұсман — басы.
«Әлидің халі нешік болады», — деп,
Мүбәрак көздерінен ақты жасы.

Пайғамбар қол көтеріп қылды дұға:
— Тапсырдым бір өзіңе, Қадір Құда.
Рахима, Рахман атты бар Құдайым,
Үстем қыл ер Әлиді Дариғаға.

Дүлдүлге Әли сонда мініп алды,
Ел-жұрты амандасып бәрі қалды.
Көргенше Дариғаны құмар болып,
Самарқан шаһарына шыға салды.

Ер Әли Самарқанға кетіп қалды,
Жад етіп сиынады Пайғамбарды.
Алты айшылық жол екен екі арасы,
Дүлдүлмен алты күнде жетіп барды.

Ер Әли Самарқанға ізденеді,
Дүниеде есіткенді көз көреді.
Самарқан шаһарына барып тұрса,
Бір кемпір сиыр сауған кез келеді.

Кемпірге сөйлесуге Әли келді,
Осылайша келді де жауап берді:
— Атағы жерді жарған Дариға қыз
Үйде ме, осы күнде білдің бе енді?

Тиді ме Дариға қыз байға, — дейді,
Көрді ме палуандықтан пайда? — дейді.
Мен дағы күрескелі келіп едім,
Дариға осы күнде қайда? — дейді.

— Сен сұрап Дариғаны не қыласың,
Жүзін көрсең есіңнен жаңыласың.
Күресем деп келгендер жығамын деп,
Артына тастап кетті мал мен басын.

— Сөзіңе таң қаламын, кемпір,сенің,
Күшімді көріп пе едің бұрын менің?!
Күреспестен мақтадың Дариғаны,
Құдай білер кім артық, кімнің кемін.

— Сен түгіл, мұнарадай зәңгі келген,
Күресем деп келгеннің бәрі де өлген.
Адамзаттың күресіп күші жетпес,
Қайратын Дариғаның көзім көрген.

— Адамға бермек-алмақ бір Құдайдан,
Ер емес бір айтқан соң сөзден тайған.
Өлгенше сен мақтайсың Дариғаны,
Менің қандай екенімді білдің қайдан?

— Қазір әуре болмағын, тілімді алсаң,
Күресем деп көп адам болған сарсаң.
Сен сондай боларсың, жарықтығым,
Қайтеді тек үйіңе қайтып барсаң.

— Енді келер ашуым, кемпір, саған,
Ашулансам боларсың иттен жаман.
Әуелі Дариғаның жайы қалай,
Ертерек өлмей тұрып, айтшы маған.

— Ендеше, бері таман мойныңды бұр,
Өз обалың өзіңе, айтайын сыр.
Шаһардың ортасында үлкен майдан,
Алтын діңгек түбіне бар дағы тұр.

Дариға тамаша қып күнде келер,
Мұнараның басында ойнап-күлер.
Алтын діңгек түбіне барып тұрсаң,
Күресуге келгенін айтпай білер.

Кемпірден Әли сұрап білді сырды,
Дүниеде көріп пе едің мұндай ерді.
Дүлдүлін бір ағашқа байлай салып,
Алтын діңгек түбіне барып тұрды.

Дариға мұнараға шығып барды,
Алтын діңгек түбіне көзін салды.
Күресуге жан келмей қойып еді,
«Бұл кім?» деп ер Әлиге қайран қалды.

Дариға айтушы еді көрі-жасқа,
Бір жүрген өзіменен ақылдасқа:
— Меніменен күреспеген Әли қалды,
Палуанның бәрін жықтым онан басқа.

Бар дейді Мәдинеде Әли палуан,
Менімен күреспеген сол-ақ қалған.
Күресіп сол Әлидің жығып өзін,
Шаһарын ойран қылсам, жоқ менде арман.

Солай деп отырғанда Әли келді,
Түбінде діңгегінің көзі көрді.
«Анау тұрған кім екен, біліп кел», — деп,
Дариға жарлық қылды біреуге енді.

Әлиге сөйлескелі біреу келді,
Патшасы бұйырған соң дереу келді.
Әлидің айбат түсін көргеннен соң,
Қалтырап тұла бойы дірілдеді.

Жөнелді сөйлеспестен қайта қашып,
Білмеді не істерін қатты сасып.
Дариғаның алдына кіріп барып,
Кете жазды патшаның өзін басып.

— Сен қорқып бүйтіп келдің, кімнен қашып,
Көзіңе не көрінді мұнша сасып?!
Қалтырап өне бойы жын ұрғандай,
Отыр ма бұл шіркінді қара басып.

— Түбінде отыр бір кісі діңгегіңнің,
Соған халі жете алмас кімде-кімнің.
Түсі суық жан екен, бек айбатты,
Сұрауға мен қорықтым кім екенін.

— Сені де еркек деп тапты-ау анаң, — дейді,
Ұялмай не деп айттың маған, — дейді.
Ол өзі адам ба екен, пері ме екен,
Көрінген әлдеқандай саған, — дейді.

Ендеше, ол кісіге мен барайын,
Палуанның жоғалтып ем бірталайын.
Пері болса, дәу болса — сөз сенікі,
Адам болса, табылар сенің жайың.

Дариға ашуланып өзі келді,
Әлидің айбат түсін көзі көрді.
«Айтқанындай кісі екен түсі суық»
Деп ойлап, ер Әлиге «кімсің?» деді.

— Кім едің, қайдан жүрсің, айтшы маған,
Атың кім, қай нәсілді ата-бабаң?
Бұл елден түрің бөлек — Әлимісің,
Көрмедім түсі суық сендей адам.

— Бабам менің — Мұхаммед хақ Пайғамбар,
Жолдасым, дұғагөйім — шаһариарлар.
Тұрған жерім — Мәдине Мұнауара,
Сұрасаң, менім атым — Әли Хайдар.

— Сен рас Әлимісің енді, — дейді,
Әли болсаң, тілегімді берді, — дейді.
Өзім іздеп барғалы жүруші едім,
Құдай айдап өзіңді келді, — дейді.

Құдай айдап өзіңді маған берді,
Пасықсың деп қырыпсың тамам елді.
Нағып жүрсің, жайыңды айтшы жылдам,
Өз қылғаның алдыңа келер енді.

— Күрескелі мен іздеп келем саған,
Сен мені аямағыл, келсе шамаң.
Жықпай тұрып, лепіріп мақтанасың,
Қайдан білдің жетерін күшің маған?

— Жайымды менің, сірә, білемісің,
Ерегіспей жөніңе жүремісің.
Мені жықсаң, тиемін енді саған,
Мен жықсам, сен дініме кіремісің?

Жаратқан Құдай артық Әли Шерді,
Бұл сөзін Дариғаның қабыл көрді.
Оларда қашатұғын мінез бар ма,
«Құп, болады» деді де жауап берді.

Сонда қыз тамам жұртын жиып алды,
Сауыт-сайман құралын киіп алды.
«Бұ сапар Дариғаға қор қылма» деп,
Ер Әли бір Аллаға сиынады.

Келеді жабдықтанып Дариға қыз,
Ер Әли тәуекел қып отыр жалғыз.
Күресін тамаша қып көреміз деп,
Жиылды шаһар халқы неше мың жүз.

Әли айтты: — Бола көр, Тәңірім, панаһ,
Жаралған құдіретіңмен арду-самаһ.
Қашыртып Дариғаның хал-шамасын,
Ақырды айбаттанып үш мәртебе.

Ақырды қайраттанып Әли батыр,
Болғандай жер қозғалды заманақыр.
Зілзала жердің жүзі, зұлмат болып,
Жүректері жарылып өліп жатыр.
Бір түгі Дариғаның қимылдамай,
Қауіпсіз һеш нәрседен келе жатыр.

Жүһүдтің тамы құлап, қирады елі,
Сонда да босанбайды қыздың белі.
Әли мінді Дүлдүлге, қыз — керікке,
Тартысты ат үстінен екі шері.

Тартысып бірін-бірі ала алмады,
Ат жүріп адым жерге бара алмады.

Екеуінің қуаты бірдей болып,
Ер Әли жад етеді бір Алланы.

Кетпейді бұрынғы айтқан сөз есінен,
Қысылып жаңылмайды қыз есінен.
Екеуі шіренісіп тартысқанда,
Аттары жерге кірді тізесінен.

Ақырып бірін-бірі тартады енді,
Көңілі күштерінен қайтады енді.
«Кел, күрес аттан түсіп салайық», — деп,
Екі шері бір-біріне айтады енді.

Осылай бір-біріне ақыл салды,
Бұ сөзді екеуі де қабыл алды.
«Ал, күрес аттан түсіп саламыз», — деп,
Сол жерде екі палуан түсе қалды.

Болған жоқ біреуінен біреуі артық,
Тұрар емес бірінен-бірі қорқып.
Дүлдүл менен керіктен түсті дағы,
Ұстасты екі палуан қолма-қолтық.

Тастайды бірін-бірі кезек-кезек,
Тұрған жоқ аянысып бойын тежеп.
Алысқан екеуінің зардабымен
Қыр сай болып, қыр болып терең өзек.

Жиылды тамаша қып тамам халық,
Қайсысы жығылад деп қайран қалып.
Тірі жан қызығынан тамақ ішпей,
Шам жағып қарап тұрды бәрі барып.

Алысты тыным алмай күні-түні,
Тілеулес Дариғаға ағайыны.
Сиынып бір Құдайға хазірет Әли,
Алысты бір дамылсыз он бес күні.

Бұрын Әли көрмеген бұндай істі,
Адамзатта кім шығар қыздан күшті.
Он бес күнгі намазы қаза болып,
Ойына ер Әлидің сонда түсті.

Намаз қаза болғанын Әли білді,
«Намазым қаза болған он бес күнгі
Оқып, өтеп келейін, рұқсат бер», — деп,
Ер Әли Дариғадан жауап сұрды.

— Күрескен Дариға қыз, қолыңды жаз,
Оқиын тауға барып қаза намаз.
Намазым қаза болған себебінен,
Жығуға енді сені болмас мазаж.

Қыз айтты: — Әли, саған құмар едім,
Ас ішпей тағы біраз шыдар едім.
Арманда болады деп жіберемін,
Болмаса қоя бермей жығар едім.

Мен де барып келейін тамақтанып,
Он бес күн ұйықтамадым мейірім қанып.
Оқы да намазыңды, жылдам келгіл,
Қорқып, қашып кетпеңіз сөзден танып.

Солай деп ер Әлиді қоя берді,
Әли жалғыз бір үлкен тауға келді.
Намазын ада қылып болғаннан соң,
Аллаға мінәжат қып зар еңіреді.

— Құдай-а, Ахад, Самад, Кәрім едің,
Пақырды өзің сүйіп «шерім» дедің,
Үстем қыл Дариғаға мерейімді,
Һәр жерде-ақ мұратымды беріп едің.

Медет бер ғарібіңе, Зұлжалалым,
Өзің жәрдем бермесең бар ма амалым?!
«Арысланым» деп едің Әуел, Ақыр,
Бір қызға не себептен келмеді халім?!

Құдай-а, Қади хажат, тілегім бер,
Жар болып, құдіретіңмен қолтықтай көр.
Бермесең өзің медет, иә, Иләһым,
Жолдассыз, өзі жалғыз қысылды Шер.

Әуелі, жад етемін, Тәңірім, сені,
Пендеңнің сен ерүрсің қадірданы.
Иә, Рахман, рахматыңнан үмітім көп,
Хақы үшін ұлық затың, қолда мені.

Жәрдем қыл, барша әнбия, мұрсал нәби,
Бұл сапар рәсуа қылма мен пендені.
Жылаймын құдіретіңе мұқтажданып,
Медет бер, Нұрмұхаммед хақ Сәруары.

Сәруары, екі дүниеде бабам едің,
Жар болған қысылғанда панам едің.
Иә, тақсыр, Әбубәкір, Омар, Оспан,
Жәрдем бер, жаннан ғазиз ағам едің.

Фатима, шын сүйікті халал жарым,
Хұсайын, Хасен менен балаларым,
Енді маған жәрдемші болмасаңдар,
Келмеді палуанға шамаларым.

Сахаба отыз үш мың жолдастарым,
Біреуі мың кісілік жолбарыстарым,
Менен болдың бейхабар не себептен,
Біреуің осындайда жолғаспадың.

Тілеулес болды жылап көк пенен жер,
Қол жайып «әумин» деді періштелер.
Айтады мінәжат қып баршалары:
«Құдай-а, ер Әлидің тілегін бер».

Әлидің қысылғанын Расул білді,
Қол жайып тақсыр сонда дұға қылды.
«Дұғасын қабыл қылдым, достыма айт», — деп,
Жіберді Пайғамбарға Жәбірейілді.

— Хабибім, қысылғанға жарсың, — деді,
Әли қайтып майданға барсын, — деді.
Енді барса жығады Дариғаны,
Өлтірмей, неке қиып алсын, — деді.

Ер Әли бір зар берсін ол майданда,
Тамаша құдіретімді көрсін анда.
Ол Дариға алғаннан соң ұғыл табар,
Баланың атын қойсын — Шаһизинда.

Жәбірейіл Пайғамбарға хабар берді,
Қуанып Расул Алла түрегелді.
Құданың бұл пәрменін естіген соң,
Шат болып Пайғамбарым қуанды енді.

Ер Әли жатыр еді зарлық қылып,
Аз ғана нәпіс алды көзін жұмып.
Жарлығын бір Алланың бастан-аяқ
Пайғамбар мағлұм қылды түсіне еніп.

Қуанып хазірет Әли түрегелді,
Майдан жерге қарата жүре берді.
Ішіп-жеп, күліп-ойнап, қайраттанып,
Майданға қыз да келіп отыр еді.

— Күшімді әбден кіргіздім мен тойғызып,
Сен іштің қайдан тамақ, шай қойғызып?
Бойыңда арман кетпес, керегіңді айт,
Берейін қарның ашса, мал сойғызып.

— Айтасың мұны неден, ақылы кем,
Дүниеге қуаттанған ақымақсың сен.
Дінімнің шын хақтығын мұнан білгіл,
Тамақты жемегенім — жегенмен тең.

Дегенге «сен ақымақсың» ашуланды,
Қып-қызыл екі көзі оттай жанды.
«Ғапыл болмай, ендеше, берік бол», — деп,
Дариға ер Әлиге жетіп барды.

Беліне бір-бірінің қолын салды,
Мықтасып екеуі де ұстап алды.
Екі аждаһа кәдімгі жұлысқандай,
Жер қозғалып, ел қорқып қайран қалды.

Екі ер бір зар беріп қаһарланды,
«Иә, Ханнан, иә, Маннан» деп айғай салды.
Қуанып періштелер тәкбир айтып,
Доптай қып Дариғаны жұлып алды.

Көтеріп лақтырды үш мәртебе,
Көзінен халайықтың болды жүдә.
Сүйегі жерге түссе күл болар деп,
Қолымен қағып алды Шері Құда.

Дариға сонда айтады: — Иә, Арыслан,
Түсімде сізді маған Құдай қосқан.
Мен сіздік болдым енді, жай қоя бер,
Жығылды деп айтпасын көрген дұшпан.

Кәлима шаһадатты жары қылды,
Исламның шын хақтығын енді білді.
«Құдай бір, Құран шын, Пайғамбар хақ»,
Деді де, Дариға қыз дінге кірді.

Үйретті иман ислам хазірет Әли,
Жиылды Самарқанның күллі шәрі.
Дариға жар шақыртты «иман айт» деп,
Сонан соң иман айтты жанның бәрі.

Тамам кәпір мұсылман болып қалды.
Ер Әли Дариғаны некаһланды.
Құрметтеп Арысланды жанның бәрі
Үйіне патшасының алып барды.

Жүһүдтің пұтханасын сындырады,
Медресе, мешіт бина қылдырады.
Шариғат жолын айтып тағылым беріп,
Көңілін батыр Әли тындырады.

Тірі жан иман айтып таупықтанды,
Үйреніп кәлима Алла, сабақ алды.
Дариға бір уәзірін патша қылып,
Көндірді хүкіміне тамам елді.

Ер Әли алты ай тұрды Самарқанда,
Үйретіп иман ислам барша жанға.
Алты айда Дариға қыз жүкті болды,
Бір күні мағлұм болды Арысланға.

Жүктісін Дариғаның Әли білді,
«Құдай-а, бергеніңе шүкір», — деді.
Бір күні Әли ұйықтап жатыр еді,
Түсінде Расул Алла хабар берді.

— Иә, балам, Мәдинені ұмыттың ба,
Көңіліңді Фатимадан суыттың ба?
Келмесін Дариға қыз, сонда тұрсын,
Иә, Әли, көп кешікпе, қайтқын мұнда.

Құданың әмірі осы, мұны тыңда,
Дариға келмей, тұрсын, — дейді, — сонда.
Алты айлық құрсағында ұғыл бала бар,
Туған соң атын қойсын — Шаһизинда.

Әли ұйқыдан оянып түрегелді,
Көргенін Дариғаға айтады енді.
Түсінде Пайғамбарды көргеннен соң,
Сағынып балаларын зар еңіреді.

Айтады Дариғаға Әли Хайдар:
— Қайтқыл деп бабам маған берді хабар.
«Кетемін, сен қаласың» дегеннен соң,
Дариға күйіп-жанып қылады зар.

Көргенін Әли айтады бастан-аяқ,
Бір ауыз сөзін бүгіп тастамай-ақ.
Бұйрықсыз амалы жоқ ап кетерге,
Тұрады Дариғаны қатты-ақ аяп.

Құданың әмірі деп Әли батыр,
Тоқтау қып Дариғаға айтады ақыл.
— Жылағанмен пайда жоқ, қой, Дариға,
Алланың тағдыры сол әуел-ақыр.

— Бай едім, бұрын патша, болдым жарлы,
Деп жылап, Дариға қыз қылды зарды.
— Тұрмасам да сізбенен бірге барып,
Зиярат қып келейін Пайғамбарды.

Хасен мен Хұсайынның нұрлы жүзін,
Халалыңыз Фатима Расул қызын,
Шапағат махшар күні қыла көр деп,
Тауап қылып келейін басқан ізін.

Көрейін Мәдинені Мұнауара,
Жүрегім сіз кеткен соң болар жара.
Мүбәрак Пайғамбардың жүзін көріп,
Келейін армансыз боп мен бейшара.

Әли айтты: — Әй, Дариға, болма сарсаң,
Сабыр қыл, шүкірлік ет, тілімді алсаң.
Әмірін Пайғамбардың тәрік қылып,
Күнәға ғарық боласың, онда барсаң.

Алладан Пайғамбарға хабар келген,
Сол үшін бабам бізге хабар берген.
Қасында ғазиздердің тұрғандайсың,
Сиынсаң ықыласпенен алыс жерден.

Халал жүрсең, бізбен бір тұрғандайсың,
Онда барсаң, қарсылық қылғандайсың.
Құданың бұйырғанын махкам тұтсаң,
Пайғамбар шапағатынан құр қалмайсың.

Халалдықпен болып ең маған қатын,
Пайғамбар сенен үзбес шапағатын.
Алты айлық құрсағыңда аманат бар,
Туған соң Шаһизинда қойғын атын.

Дариға, рұқсат бер, разы бол,
Халал жүрсең, дүниеде болмайсың қор.
Шариғат бұйрығын тұт, дініңді күт,
Насихат бізден сізге — айтқаным сол.

Дариға сабыр қылып тұрды сонда,
Разылық бір-біріне берді сонда.
«Махшар күні болғанда қосылайық», —
Деді де Әли Хайдар түсті жолға.

Разылық Дариғаға Әли берді,
Насихат жиып айтты тамам елді.
Қоштасып, баршасымен амандасып,
Ер Әли Мәдинеге жөнелді енді.

Көп халық амандасты зарлық айтып,
Жөнелді амандасып Әли кетіп.
Шариғат жолын махкам тапсырды да,
Ер Әли Мәдинеге келді жетіп.

Мүбәрак амандасты Пайғамбары,
Фатима қарсы шықты халал жары.
Сахаба отыз үш мың, төрт жарменен,
Көрісті қойдай шулап балалары.

Жаратқан Құдай артық Әли Шерді,
Ел-жұртын сау-саламат, аман көрді.
Самарқан қазынасынан хараж ап кеп,
Мәдине ғарібіне үлестірді.

Халайық жиылысып үйге толды,
Әли айтты хикаят қып сапар жолды.
Есітіп Дариғаның күш-қуатын
Тірі жан таңырқанып, аң-таң болды.

Дариға Самарқанда жалғыз жатты,
Көз жасы Әлиді ойлап көл боп ақты.
Кейде жылап қалады, кейде шүкір,
Күні толып Дариға бір ұғыл тапты.

Той қылып хабар берді барша жанға,
Бір жан қалмай жиылды Самарқанда.
Қуанып көп халайық жиылысып,
Баланың атын қойды Шаһизинда.

Тірі жан жас баланы құрметтеді,
Әлиден бізге қалған «белгі» деді.
Жеті жасқа келгенде Шаһизинда,
Оқысын деп молдаға әкеп берді.

Молдаға Шаһизинда оқыды енді,
Көңіліне ақыл, өнер тоқыды енді.
Жеті жаста баланың бой-денесі
Он бес жасар жігіттен артық еді.

Қай жерде ойын болса іздеп барды,
Асық ойнап балаға ұпай салды.
Ашуланып бір қойса Шаһизинда,
Балалар көшедегі өліп қалды.

Көздері балалардың жәудіреді,
Кез келсе Шаһизинда зар еңіреді.
Қойып барып бір шертсе маңдайына,
Сүйегі балалардың саудырады.

Баласын бағып алды тамам халық,
Көшеге шығармайды ойбай салып.
Арыслан ер Әлидің құрметі үшін
Ешбіреу сөйлемейді ашуланып.

Тірі жан кеп жылайды анасына,
Дариға ақыл айтады баласына.
Баласын жанның бәрі бағып алды,
Шығармай Самарқанның даласына.

Шаһизинда жалғыз жүрді сабақ оқып,
Қасына жоламайды бала қорқып.
Көшеде Шаһизинда келе жатса,
Бір кемпір отырады өрмек тоқып.

Кемпірдің тағы болды тамашасы,
Қасында отыр еді бір баласы.
Келгенін Шаһизинданың көргеннен соң,
Баланың қорқып ақты көзден жасы.

— Сен неге жылайсың? — деп ашуланды,
Жүгіріп Шаһизинда жетіп барды.
Маңдайына бір шертіп қалып еді,
Баласы өліп, сол кемпір ойбай салды.

Кемпір жылап шығарды қайғы-дертін:
— Елге қарар болмады, — деді, — бетім.
Жас баланы шаһарда түк қоймадың,
Әкеңді іздеп тапсаңшы, тірі жетім.

Солай деп кемпір зарлап жылайды енді,
Шаһизинда құлақ салып тыңдайды енді.
— Тірі жетім дегенің не дегенің,
Менің әкем қайда? — деп сұрайды енді.

— Баланы қыра беріп сенің нең бар,
Сен болдың жас басыңнан пейілі тар.
Тұрған жері — Мәдине Мұнауара,
Сенің әкең, сұрасаң — Әли Хайдар.

Шаһизинда мұны естіп қайран қалды,
Тез үйіне жүгіріп жетіп барды.
— Иә, ана, әкем қайда, кім еді? — деп,
Барды да Дариғаға азап салды.

Дариға қайғыланды сонда тұрып:
«Қандай кісі айтты, — деп, — Құдай ұрып».
«Балама ата жөнін білдірме» деп,
Көп елге айтқан екен жар шақырып.

Айтпады балам іздеп кетеді деп,
Тағы қайғы көңіліме бітеді деп.
«Әкең жоқ» деп жасырды баласынан,
Іздеп кетіп түбіме жетеді деп.

Жылады екі көзі баласының,
Біледі бұрылғанын санасының.
— Айтпасаң да, қаңғырып кетемін, — деп,
Зарланып тынышын алды анасының.

Анасы амалсыздан жауап берді:
— Арыслан сенің әкең — Әли, — деді.
Тірі жүрсең көресің ержеткен соң,
Сен кетсең, не болам?! — деп еңіреді.

— Құданың Арысланы атаң — Әли,
Мәдине Мұнауара тұрған шәрі.
Қасында төрт жары бар — асхабина,
Мұхаммед бабаң еді хақ Сәруары.

Есітіп анасынан бала білді:
— Иә, ана, рұқсат бергін маған, — деді.
Сабыр-тағат қылмаймын іздемесем,
Атама зияратқа барам, — деді.

— Қарағым, не боламын сен кеткен соң,
Тұра тұрып іздегін, ержеткен соң.
Жалғызым, қабағыма кім қарайды,
Өзің мені аямай еңіреткен соң.

— Тоқтамай рұқсат бер, анатайым,
Атамды іздемесем кетер жайым.
Кешікпей тірі болсам мен келермін,
Ажалға сабыр берсе бір Құдайым.

— Атыңнан айналайын, Шаһизинда,
Қайғылы-қасіретті мені қылма.
Нәсіп болса бір барып көрісерсің,
Зарлатпай мені біраз тұрғын мұнда.

— Іздемей мен атамды тұра алмаймын,
Мойнымды бөтен жаққа бұра алмаймын.
Есіркесең, рұқсат, бата бергіл,
Тоқтарға сабыр-қарар қыла алмаймын.

— Сен едің ұғыл мен қыздан көрген бізден,
Қайтейін, һәрне болса Тәңірім жазған.
Баланың тоқтамасын білгеннен соң,
Анасы рұқсат берді амалсыздан.

— Тапсырдым бір Құдайға, барғыл, балам,
Не болар келгеніңше ғаріп анаң.
Мен үшін басқан ізін зиярат қып,
Атаңа сәлемімді айт, барсаң аман.

Ынтызар анам дегін өзіңізге,
Мүбәрак басып кеткен ізіңізге.
Болғанда махшар күні ұмытпасын,
Шапағат мақрұм қоймай қылсын бізге.

Атаңа айт: біз ғаріпті ұмытпасын,
Не боларсың келгенше мұңлы басым.
Ғарасат майданында медет қылсын, —
Деп айтып, зар-гөриан төкті жасын.

— Қош енді, аман-есен бол, құлыным,
Жалғызымнан айырып қор қылуын.
Аман болсаң, кешікпей қайтқын, балам,
Тұрайын тілекте боп мен мұңлығың.

Не болар келгеніңше ғаріп басым,
Сенсіз маған қан болар ішкен асым.
Ақырет майданында жолығарсың,
Тірілікте жүзіңді көре алмасам.

Әуелі атаң кетті жалғыз тастап,
Заман жоқ мені тірі оған қоспақ.
Сен туған соң шүкірлік қылып едім,
Айырылып тағы сенен, қалдым қаңырап.

Сен едің айым, күнім, көрер көзім,
Сарғаясың кеткен соң нұрлы жүзім.
Тірілікте көремін бе, көрмеймін бе,
Парасы бауырымның, жалғыз қозым.

Қарағым, кешікпей қайт, болсаң аман,
Басыма туды менің ақырзаман.
Құдай нәсіп қылмаса көрісуге,
Тағы да таудай қайғы түсті маған.
Қор-зар боп дүниеден өтемін де,
Ісіне Құдіреттің бар ма шарам.

— Қош, ана, мен келгенше болғын аман,
Бәддұға қыла көрме, десең балам.
Анажан, ақ сүтіңе разы болғыл,
Жүзіңді көре алмасам келіп һәман.

Өлермін ажал жетсе, мұнда келмей,
Менде арман көп болар, өлсем көрмей.
Иә, ана, мен келгенше сабырлық қыл,
Сарғайып зағыпырандай жылай бермей.

Амандасып жас бала түсті жолға,
Анасы амалы жоқ қалды зорға.
Қаңғырып жапан түзге шығып кетті,
Жылады «Иә, бабам, — деп, — өзің қолда».

Жас бала кейде шаршап қысылады,
Тәуекел, мойнын Хаққа ұсынады.
Жолменен бет алдына келе жатса,
Бір адам ақ сақалды ұшырады.

Ол адам ақ сақалды Қызыр еді,
Келді де Шаһизинда сәлем берді.
— Барамын Мәдинеге мен мүсәпір,
Иә, баба, жол көрсеткіл маған, — деді.

Көрсетті жол төтесін Қызыр бабам:
«Бір Алла қуат берсін, ғаріп балам».
Тартты да қара жердің танабына,
Жеткізді Мәдинеге есен-аман.

Баланы Қызыр баба жолға салды,
Жас бала кім екенін білмей қалды.

Көзінен сол арада ғайып болды,
Шаһизинда Мәдинеге жетіп барды.

Жериді Шаһизинда ойнап-күлмей,
Адамның жауаптасқан тілін білмей.
Қаңғырды Мәдинеңің көшесінде,
Сөйлемей бір кісімен неше күндей.

Көшеде Пайғамбарым душар келді,
Баланы қарап тұрған көзі көрді.
Пайғамбар мойнын бұрып қарады да,
«Мынау кім, біздің затқа ұқсар», — деді.

Пайғамбар осылай деп кетті жүріп,
Қарады мойнын бұрып, аз кідіріп.
Артынан Пайғамбардың Шаһизинда
Жөнелді көшеменен зыр жүгіріп.

Көшеде Шаһизинда қылады зар,
«Атама жолықтыр, — деп, — мені, Жаппар».
Он жеті балаларын күрестіріп,
Төрт шаһариар мен жиылған Әли Хайдар.

Күрестіріп жатқанын бала көрді,
Қасына көңілі ауып тұрады енді.
Әкесі мен танымай ағаларын,
«Күрессем қалай болар мен де», — деді.

— Күресіп болар ма екен мен де көрсем,
Балалар қашар еді елде көрсем.
Біреуімен баланың күресейін,
Иә, ата, маған дағы рұқсат берсең.

— Күресе ғой, ендеше, балам, — деді,
Күреспе деп айтпайын саған, — деді.
Өзің келіп тіледің, қой демейін,
Сен ренжіп кетерсің маған, — деді.

— Күрессең, кел бері, — деп Хасен барды,
Мықтасып белбеуінен ұстап алды.
Қолына тиісімен Шаһизинда
Көтеріп ер Хасенді жерге салды.

Хұсайын тағы ұстасты жетіп барып:
— Менің ағам жығылды сенен нағып?
Көтеріп Шаһизинда тағы жықты,
Әли тұр ыза болып қайран қалып.

Ыза боп ер Ханифа қарап тұрды,
«Екі ағам жығылды», — деп намыс қылды.
Ұстасып ары-бері жүрді дағы,
Көтеріп Ханифаны айналдырды.

Сол жерде Әли Хайдар жетіп барды,
Бек қатты ашуы кеп қаһарланды.
«Бәрін де балалардың жықты ғой», — деп,
Қолынан Ханифаны жұлып алды.

— Жықтым деп балаларды сен есірме,
Бұлардың кім екенін білесің бе?
Күресіп бәрін жықтың осы жерде,
Менімен көңілің бар ма күресуге?

— Жығылды балаңыздың бәрі бізден,
Қан кетер ашуланса қызыл жүзден.
Күрестен сіз қашпасаң, мен қашпаймын,
Жығылсам ұяты жоқ, ата, сізден.

Ер Әли ызаланып кетеді енді,
«Қайтсем де саған күшім жетер», — деді.
Ер Әли қаһарланып сілтеп еді,
Табанын қара жерден көтермеді.

Ер Әли көрген емес мұндай істі,
Ойлайды неткен жан деп мұндай күшті.
Кезекпен Шаһизинда тастап еді,
Арыслан қырық қадам жерге түсті.

Бұл іске Әли Хайдар қайран қалған,
Мұндайлық көрген емес тірі жаннан.
Қаһары Арысланның қатты келіп,
Деп айтты ұстарында: — Уа, иә, Ханнан!

Бала айтты: — Медет бергін, маған, — деді,
Мұхаммед Расул Алла — бабам, — деді.
Хасен мен Хұсайын ағаларым,
Сиындым, атам Әли, саған, — деді.

Қолдай көр, Нұрмұхаммед, тақсыр бабам,
Жәрдем бер, атам Әли Шаһимардан.
Сүйікті Пайғамбардың перзенті едің,
Фатима, жәрдем бергін, мұшапақ анам.

Мұхаммед, Құдай досты бабам едің,
Жар болған қысылғанда панам едің.
Күрескен Арысланмен он жеті күн
Қолдай көр, кел, Дариға анам едің.

Ер Әли мұны естіп қайран қалды,
Баланың келбетіне көзін салды.
Шаһизинда екенін таныған соң,
«Әй, балам, атаң — мен», — деп сүйіп алды.

— Есен-сау, ер жеттің бе, ғаріп балам,
Сау-саламат отыр ма Дариға анаң?
Аллаға мың шүкіршілік қылдым енді,
Тіріде көрдім сені есен-аман.

Өз атасы екенін бала білді,
Ұстаған қолын жазып қоя берді.
«Танымай әдепсіздік іс қылдым», — деп,
Сол жерде Шаһизинда зар иледі.

Зарланып Шаһизинда қатты күйді,
Бетінен «қой, балам» деп Әли сүйді.
— Не бетіммен жүрем, — деп, — ұялмастан,
Атам менен ағама қолым тиді.

Көзінен Шаһизинда төкті жасты,
Зарлығы сол арада жаннан асты.
«Не бетіммен сіздерді көремін», — деп,
Жұлқынып ұстатпастан тұра қашты.

Тұрмады шақырса да Шаһизинда,
Ер Әли арт жағынан қуды сонда.
Қуса дағы Әлиге жеткізбестен,
Бір үлкен тауға қарай түсті жолға.

Жете алмай хазірет Әли қайтып келді,
Қуғалы Дүлдүліне келіп мінді.
Дүлдүлімен қуса да жете алмады,
Бір үлкен Шаһизинда тауға кірді.

Сол тауды хазірет Әли аралады,
Дерегін баласының таба алмады.
«Бір көріп перзентімнен айырылдым», — деп,
Әли кеп Пайғамбарға зар жылады.

Пайғамбар жиып алды елдің бәрін,
Әлидің баласы үшін көңілі жарым.
Тірі жан қарағалы жатыр еді,
Расулға хабар берді Жаппар, Кәрім.

Ер Әли баласы үшін зар жылады,
Әр істі өзі қылған бір Құдай-ды.
Жәбірейіл Пайғамбарға хабар берді:
— Баласын іздемесін, таба алмайды.

Бір ғарде мекен қылып тұрар, — деді,
Ақырзаман болғанда шығар, — деді.
Оған шейін оқ жонар ғар ішінде,
Ғазатты мәжусиге қылар, — деді.

Іздеп барса, ол ғарды Әли көрер,
Көрген соң көзіменен өзі білер.
Ықылас-көңілімен барған жанға
Ол оқтың жонған дауысы есітілер.

Осылайша Жәбірейіл хабар берді,
Тоқтатты Пайғамбарым Әли Шерді.
Шаһизинда ғайып боп кірген жерін
Әли мен көп халайық барып көрді.

Бұл жақтан қытай барар Самарқанға,
Көк тасқа харуж қылар тірі пенде.
Көктен Иса түседі, жерден — Маһди,
Шығады сол мезгілде Шаһизинда.

Біздерге жәрдем берген патша Құдай,
Қиссаны мұнан басқа біттім талай.
Оқығандар бір дұға қылар ма деп,
Аяғын тамам қылсам, дерсіз қалай.

Кітаптан тасниф қылдым мұның өзін,
Өлең қып бір нұсқадан жаздым сөзін.
Қазанға бастыруға үміт етіп,
Қата болып кете ме деп талды көзім.

Молдалар, назарың сал жазған хатқа,
Алмаңыз қата болса мәләматқа.
Қатасыз бір Алланың жалғыз өзі,
Күнәсіз пенде болмас адамзатта.

Тұтыңыз тірілікте діннің жолын,
Алдайды «дін күтпе» деп мал мен пұлың.
Шайхысламұғлы Жүсіпбек деп,
Қағазға мағлұм үшін қойдым қолым.

Атым мәшһүр әр жерде, кітаптарда,
Қағазбен таныс болдым ғылым-халға.
Дүниеде ғасы болған мен құлыңды
Жеткергіл мұратына, Раббым Алла.

Иә, Раббым, жеткергейсің мұратыма,
Мендей боп, сірә, пендең жылады ма?
Рахман Алла, жарылқа мен ғасыны,
Жасымнан салдың талай сынағыңа.

Иә, Алла, иә, Рахман, ұлық есімің,
Бәрі оңай өзіңе барша істің.
Иә, Рахим, иә, Мәлік, иә, Құдыс, иә, Сәлам,
Ізгі қып, қабыл әйла әр кәсібім.

Қылмаған құлдық, тағат мен бір ғасы,
Көп ақты қайғыменен көзім жасы.
Тоқсан тоғыз есіміңнің құрметі үшін
Жеткізіп мен құлыңды жарылқашы.

Жарылқа мен құлыңды мұнан былай,
Қарайып кетті көңілім жылай-жылай.
Жамиғы Пайғамбарлар хақы үшін
Жеткергіл мұратыма, Қадір Құдай.

Мінәжат Жүсіпбек

Бисмиллаһи Рахман ир-Рахим.
Хамду бейхад ғадат,
Жаратқан Хақтың санасы.
Би мекен, би мысал,
Хамдының үшбу сарасы.
Һешкімнен Алла тумаған,
Жоқ-дүр ата-анасы,
Тудырмады, жоқ-дүр баласы.
Зин, перзент бар деп Құдайға,
Хауариждер қылар таласы.
Аузына тас хауариждің,
Ол қылған бекер жаласы.
Әуелінің басы жоқ,
Ақырының шамасы.
Бір өзінің мүлкі-дүр
Аспан, жер, мақұлық һәммасы.
Әуелі Алла жаратты
Нұрхайрулла наманы,
Ошал нұрдан халик етті
Он сегіз мың ғаламды.

КҮБАС

Құбас

Жарандар, иманыңнан күдер үзбе,
Айтайын осы мәселе енді сізге.
Пайғамбар тақсыр Ғайса бір күндерде
Сейіл құра шығыпты мидай дүзге.

Ұстасаң, пітірін бер оразаңның,
Шығарса пәк болса жаназаңның.
Тақсыр Ғайса сейілден келе жатса,
Алдында құбас жатыр бір адамның.

Бөксесі жоқ, кеудесі жоқ құбас жатыр,
Жарымы су, жарымы құм болып жатыр.
Адамның басы екенін білгеннен соң,
Асасыменен көтерді Ғайса батыр.

Сиынар енді Ғайса, Әуел бір деп,
Құбасқа таң қалады әлдекім деп.
Құдайға мінәжат қылып дұға қылды:
«Тіл беріп, осы басқа сөйлестір», — деп.

Пайғамбар дұға қылып тіленіпті,
Аспаннан құлағына дауыс келіпті.
«Досым Ғайса құбасқа сөйлессін», — деп,
Жәбірейіл періштені жіберіпті.

— Қарының ашса Аллаға жыла, — дейді,
Тәубе жүрмес тоқтықта, сірә, — дейді.
Құдай сүйер досы, тақсыр Ғайса,
Құбастан қажетіңді сұра, — дейді.

Ықыласымен сұраса, иман берер,
Темір үйге кірсең де, Аллаң көрер.
Тақсыр Ғайса, құбаспен енді сөйлессең,
Не сұрасаң, сөзіңе жауап берер.

Қозғалды жан берген соң құбас енді,
Құдайым не көрсетсе, оған көнді.
Жатқан құбасқа тіл келтіріп,
«Е, Құдай, тәубе» деп түрегелді.

Тірілді жан берген соң құбас енді,
Құдайым не көрсетсе оған көнді.
Алланың өмірімен жан берген соң,
Түрегеліп Ғайсаға сәлем берді.

Ол бас айтты: — Ғайса, тыңла, — деді,
Халімді естіп масқара қылма, — деді.
Алланың сен де сүйер бір досысың,
Құдайдан мені тілеп жыла, — деді.

Иә, Ғайса, өткен іске күйме, — деді,
Көрсең де жаман істі білме, — деді.
Көзім көрген ісімді мен айтайын,
Сен [енді] құлақ салып тыңла, — деді.

Ренжімей күтіңіз Құдай ісін,
Кім жаман болсын дейді қылған ісін.
Құбасқа тіл біткен соң сұрап Ғайса:
— Иә, құбас, қатынбысың, еркекпісің?

— Мен, Ғайса, қатын емес, еркек едім,
Тірлікте бір кісідей жомарт едім.
Алланың өмірінен мұндай болдым,
Шам шәрін билеген падиша едім.

Шәрім маған қарап тұрушы еді,
Не деген жарлығыма көнуші еді.
Жұртымды билеп тұрған заманымда
Өзімнен сондай жаман қорқушы еді.

Төрт мың құлым бар еді қызметкер,
Әрбірінің қолында сұңқары бар.
Шәрімді билеп тұрған заманымда
Дәулетім сондай еді, е, пайғамбар.

Бар еді қызметкер құлым және төрт мың,
Ешбір қайғым жоқ еді сонда менің.
Мұнша тұрған дәулеттің арқасында,
Жан шықпас деп едім енді менің.

Төрт мың құлым бар еді, бәрі бірдей зор,
Құдайға ісі жақпаған болады қор.
Он алты мың құлым бар еді сатып алған,
Бәрінің арыстандай денесі зор.

Әуелі мен жұрт биледім падиша боп,
Дін күткен жаныңа һеш ғазабы жоқ.
Дәулетім, қайырым сондай үлкен еді,
Ойладым қайырым [көп], ақыретте қор болман деп.

Қайтейін, қайтейін, дүние боқ!
Ғазапты көп тарттым күнәһар боп.
Бар еді қызметкер құлым он алты мың,
Өзге жұрт құлымның есебі жоқ.

Еріккенде мен шығып, аң аңдаушы едім,
Көрген дұшпандарға жау едім.
Ораза, намаз күтпеген жазасынан,
Жеті тамұқ ішінде ғазап көрдім.

Құлдарым ертеменен келуші еді,
Алдымда қол қусырып тұрушы еді.
Шам шәрін билеген заманымда
Айбатымнан бәрі тітіреп тұрушы еді.

Айтты Ғайса: — Бұйрық болып келдім бүгін,
Шам шәрін билеген падишасысың.
Ақыреттің ғазабын сен көріпсің,
Сұраймын, көргеніңді айтамысың?

— Сұрасаң, көргенімді мен айтайын,
Көргенім бәрі ғазап, не айтайын?!
Алланың сен де сүйер бір досысың,
Ғазаптан құтқара көр деп айтайын.

Құдай жарлығынан тұрдым солай,
Жұмжұма атым еді, е, тақсыр-ай!
Шәрімді билеп едім ол уақытта,
Алланың әмірімен болдым мұндай.

— Алланың әмірімен тұрдың, — деді,
Менімен кеңесіңді құрдың, — деді.
Жұмжұма, салтанатпен жұрт биледің,
Неше жыл падишалық құрдың? — деді.

— Алланың әмірімен тұрдым, — деді,
Сізбенен кеңесімді құрдым, — деді.
Салтанатпен жұрт билеп тұрғанымда
Төрт жүз жыл падишалық құрдым, — деді.

Алдыма пақыр, мүсәпір көп келуші еді.
Не нәрсе керек болса алушы еді.
Айбатты, бетім нұрлы падиша едім,
Бетім көрген жамандар тоюшы еді.

Тірілікте, сондай-ақ, әділ едім,
Сол халде он мың қатын алып едім.
Ораза, намаз күтпеген себебім сол,
Қайырым бар, ғазап көрмен ойлап едім.

Сол халде ажал жетіп өліп едім,
Өлген соң жақсы түнді бір көрмедім.
Аққу етін жемеген байғұс басым,
Жеті тамұқ ішінде зар еңіредім.

Үш мың жыл қысым көріп ғазап тарттым,
Бір өліп, бір тіріліп жанып жаттым.
Басымды сүріп тастағанда,
Домаланып мында келіп құмға баттым.

Ғайса айтты: — Дұға қылып, сен тірілдің,
Құлағыма сіңгендей кеңес қылдың.
Қой, енді, тірілікте қылғаныңды,
Жұмжұма, өлім жайын қандай білдің?

— Мен сонда өлгеннен соң ғазап көрдім,
Ғазаптан қорыққанымнан бек сандалдым.
Ақыреттің ғазабын бұрын білсем,
Әлім келсе, шешемнен тумас едім.

Бір күні үйден шықтым сейіл құрып,
Сейілден үйге қайттым мойын бұрып.
Үйімнен бір қатыным қарсы шықты,
Он төрт күнде туған айдай болып.

Үйден шыққан қатынымды анда көріп,
Қатыныма көңіл қойдым мойын бұрып.
Қатынымммен қалжыңдасып отыр едім,
Бір мүсәпір үйіме келді кіріп.

Айтушы едім шариғат сөзін естіп,
Ешкім келмес еді маған батып.
Қатыныма көңіл түсіп отырғанда,
Мен айттым мүсәпірге «шығып кет» деп.

Сол мүсәпір үйімнен шығып кетті,
Нәпсім тілеп, шариғат ісін еттім.
Сонан шығып шариғат ғұсыл қылдым,
Құдайым сонда бір жаман дерт етті.

Сол монша ішінде азан айттым,
Жанымнан қорыққаннан айттым.
Қиналдым «бір пәлеге жолықтым» деп,
Сонан соң басым ауырып үйге қайттым.

Үйге қайтып келген соң, жұртым жидым,
Өлермін деп жанымды пікір қылдым.
Шыбын жанға бір хайла болар ма деп,
Бақсы менен молданың бәрін жидым.

Сол халде көздің жасын тыя алмадым,
Мен сонда ауруым жайын біле алмадым.
Сонша бақсы, молданы жисам дағы,
Ажалға ешбір хайла қыла алмадым.

Елім-жұртым жиылып жылап келді,
«Халің нешік, тақсыр» [деп] сұрап келді.
Сонан соң ауруым қатты болды,
Халім кетті, өлерімді білдім, — деді.

Елек болмас зәлім құлың, — деді,
Кісі көрмей, жылдам ал жаным, — деді.
Жанымды Әзірейіл алып кетті,
Күнәларым болмаса сонда, — деді.

Хан болмай, мүсәпір болсам еді,
Құдайға құлшылықты қылсам еді.
Періште жанымды қинап алған соң,
Неге мұнда падиша болғам еді.

Бар еді алты жүзі Әзірейілдің,
Әзірейілдің суық жүзін көре алмадым.
«Алты жүзі бар не еткен жан еді», — деп,
Қорқып, тақсыр Ғайса, қалтырадым.

Алдында Әзірейілдің бір жүзі бар,
Артында және нұрдан бір жүзі бар.
Оң жағының ішінде бір жүзі бар,
Сол жағының ішінде бір жүзі бар.

Астында және бір жүзі бар,
Үстінде нұр сипатты бір жүзі бар.
Бұ дүниеге санадын бір көрсетсе,
Тітіреп көрген жарандар өм өлер.

Алдыңғы жүзіменен алады мүмін жанын,
Сол жүзіменен алады көпір жанын.
Астындағы жүзімен өмір келсе,
Алады жер астындағы пері жанын.

Және бір сөз айтайын құлақ сал деп,
Үстіндегі жүзінің мәнісі сол —
Жаратқан бір Алладан әмір келсе,
Жан берер еді періштелер.

Жұмжұма: — Көргенімді көрдім, — деді,
Жан берген соң ғазабын білдім, — деді.
Әзірейіл періште деген айбатты екен,
Қасыма ашуланып жетіп келді.

«Екі қолын ұста» деп періште айтты,
«Екі аяғын ұста» деп біреу айтты.
«Жанына батқан соң үні шығар,
Тілін ұста», — деп тағы айтты.

Қисабы жоқ көп еді малым, — дедім,
Он алты мың бар еді құлым, — дедім.
Арыздасып алайын, сөйлесейін,
Азырақ аял маған берсең, — дедім.

Жан шығарда қиналып көп жыладым,
Бір мысқылдай дем алсам тыя алмадым.
Сонша құлменен, малменен бәрін бердім,
Ажалға ешбір хайла қыла алмадым.

Күрзіменен сонда соқты «сөйлеме» деп,
Қиналды шыбын жаным қайран болып.
Құлың менен малың түгіл, дүние боқ,
Дүниенің еш нәрсе бізге керегі жоқ.

Күрзіменен соқты «сөйлеме» деп,
«Оқыған ораза менен намазың жоқ».
Дүниеде мен өзім бекер жүрдім,
Жығылдым, жаным шошып қайтпан деп.

Әзірейіл күрзімен ұрды қырық,
Сүйектерім омырылып, талқан болып.
Жығыларға халім келмей жатып алдым,
Құдайға «құлыңмын» дедім бір-ақ.

Ішіңе мың пышақ жардырғандай,
Білегіңе мың пышақ салдырғандай.
Мың қазан суға салып қайнатқандай,
Жан шықпақ қиын екен сол айтқандай.

Өлгеннен соң ел-жұртым көмді, — деді,
Құдайым бір пәлені берді, — деді.
Ел-жұртым қырық адым кеткеннен соң,
Екі кісі қасыма келді, — деді.

Екі кісі тірілтіп алды дағы,
Сондай қатты қысып сөз сұрады.
«Жұмжұма, күнәң сенің қанша? — деді,
Тезірек жауап бер», — деп айтады.

Сол жерде жауап бермек қиын екен,
Жақсы-жаман ісімді білген екен.
Туғаннан менің қылған ісім
Хатқа жазып періштелер алған екен.

«Күнәларың қанша?» деп екеу айтты,
«Иманың бар ма екен?» деп тағы да айтты.
Екеуіне бір жауап бере алмадым,
Тітіредім, әмірлері сондай қатты.

Шешеден қарғыс алдым азып қайтып,
Ұят алдым әкеден жаман тауып.
Тағы да періште жетіп келді,
Сондай үлкен қап-қара, түсі суық.

Сол келді жоғарғы ернін көкке тіреп,
Қышқырды төменгі ернін жерге тіреп.
Ақырып, аузынан оты шығып,
Көрген соң шошып шықты ет жүрек.

Бәрін де өз көзімменен көрдім,
Ғазаптың қаттысына қайран қалдым.
Бір адам от ішінде жанып жатса,
«Кім екен?» деп көзімнің қырын салдым.

Санасам, жеті тамұқ болды, — деді,
Бәрінің де ғазабын көрдім, — деді.
Әуелде Аужа деген тамұқ көрдім,
Ораза, намазсыздың орны еді.

Екінші, Шақыт деген тамұқ көрдім,
Ұрлық пенен зинақордың орнын көрдім.
Үшінші, Нақбыр деген тамұқ көрдім,
Әке-шешесін ренжіткеннің орнын көрдім.

Төртінші, Расыт деген тамұқ еді,
Сыртынан ғайбатшылық айтқан кісінің орны еді.
Бесінші, Лазит деген тамұқ еді,
Бақсы мен жамандардың орны еді.

Алтыншы, Катим деген тамұқ көрдім,
Еріншек бейнамаздың орнын көрдім.
Жетінші Жаһаннам деген тамұқ көрдім,
Санасыз көпірлердің орнын көрдім.

Аралап сол дозақта біраз жүрдім,
Отыз түрлі ғазапты адам көрдім.
Күңіренген бәрі халықтың жылағанда,
Тұла бойым тітіреп зар еңіредім.

Сол қубас ақыреттен ғазап көрді,
Құдайым Ғайсамен сөйлестірді.
Дұға қылды Құдайының досы Ғайса,
Және тағы сексен жыл өмір сүрді.

Ақыреттің ғазабын көріп білді,
Сексен жыл ұйықтамай тағат қылды.
«Өмір берсең де, падиша болман», — деді,
Өлгеннен соң ұжмаққа тура кірді.

Күнінде өлген де бар, туған да бар,
Өзіңнен жақсы да бар, жаман да бар.
Бұл сөзім кітап пенен Құранда бар,
Үйреткен ұстат қылып молдамда бар.

قصەء جوم جومە

Қисса жұмжұма

Жігіттер, иманыңнан күдер үзбе,
Айтайын аз мәселе енді сізге.
Бұрынғы өтіп кеткен ер жұмжұма
Қылыпты қамқоршылық бұрын бізге.

Жарандар, иманыңнан күдер үзбе,
Айтайын аз мәселе енді сізге.
Тақсыр Иса пайғамбар бір күндерде
Сейір қылып шығыпты жапан түзге.

Ұстасаң рузенің пітірін бер,
Шығарда хош болғай жаның сенің.
Жапанда сейір қылып жүрсе Иса,
Алдында құбас жатыр бір адамның.

Бөксесі, кеудесі жоқ құбас жатыр,
Жарымы су, жарымы құм болып жатыр.
Тамаша етіп қараса Иса батыр,
Бетінде жақсы жазған жазу жатыр.

Бөксесі, кеудесі жоқ құбас жатыр,
Жарымы су, жарымы құм болып жатыр.
Адам басы екенін танығаң соң,
Асасыменен аударды Иса батыр.

Енді Иса сиынды Алла бір деп,
Құбасқа таң қалады «әлдекім?» деп.
Құдайға көп мінәжат дұға қыл[ды],
— Осы басқа тіл беріп, сөйлестір, — деп.

Пайғамбар дұға қылып тіленіпті,
Аспаннан құлағына үн келіпті.
Құдайым тілегенін қабыл қылып,
Жәбірейіл періштені жіберіпті.

— Қарның ашса Алладан тіле, — дейді,
Тәубе қылмас тоқтықта, сірә, — дейді.
Қалағаның бар болса, достым Иса,
Құбастан қажетіңді сұра, — дейді.

Шыныңменен тілесең иман берер,
Темір үйге кірсең де, Алла көрер.
Әй, Иса, құбаспенен енді сөйлес,
Не сұрасаң сөзіңе жауап берер.

Жан берген соң қозғалды құбас енді,
Құдайым не көрсетсе соған көнді.
Жатқан құбас иманға тілі келіп,
«Әй, Құдайым, тәубе», — деп түрегелді.

Тірілді жан берген соң құбас енді,
Құдайым не көрсетсе оған көнді.
Алланың әмірі бірлән жатқан құбас
Тіріліп Исаға сәлем берді.

Құбас айтты: — Иә, Иса, тыңда, — дейді,
Халімді естіп масқара қылма, — дейді.
Алланың сүйер құлы достысың сен,
Алладан мені сұрап, тіле, — дейді.

Иә, Иса, өткен іске күйме, — дейді,
Құдай досты Иса, — деп зар еңірейді.
Өзім көрген ісімді мен айтайын,
Сен, Иса, құлақ салып тыңла, — дейді.

Әуелден өткен іске күйме, — дейді,
Көрсең де жаман істі білме, — дейді.
Құбас айтты: — Иә, Иса, не сұрасаң,
Берейін жауабыңды, сұра, — дейді.

— Тірілдің тілегімді берген үшін,
Алланың кім бұзады қылған ісін.
Құбасқа тіл біткен соң сұрады Иса:
— Әй, Құбас, қатынбысың, еркекпісің?

— Әй, Иса, қатын емес, еркек едім,
Тірімде бір кісідей жомарт едім.
Алланың өмірі бірлән мұндай болдым,
Шам шаһарын билеген патша едім.

Шаһарым маған қарап тұрушы еді,
Не деген пәрменіме көнуші еді.
Жұртымды билеп тұрған заманымда
Өзімнен сондай жаман қорқушы еді.

Төрт жүз құлым бар еді қызметкерлер,
Һәрбірінің қолында сұңқары бар.
Шам шаһарын билеп тұрған заманымда
Дәулетім сондай еді, әй, пайғамбар.

Және төрт мың өзімнің уәзірім бар,
Құдайға іс жақпаған болады қар.
Он алты мың құл еді сатып алған,
Бәрі де арыстандай [денесі] зор.

Ол жұртты биледім мен патша болып,
Дін күткеннің жанына азабы жоқ.
Дәулетім менен қайырым сондай үлкен,
Ойлаушы едім ақыретте қор болман деп.

Еріккенде аңды да аулар едім,
Көрінген дұшпандарды жаулар едім.
Рузе, намаз күтпеген жазайымнан,
Жеті тамұқ түбінде азап көрдім.

Төрт мың құл алдымда тұрушы еді,
Һәр нешік падишалар болушы еді.
Құлдарым ертеменен кіріп келіп,
Алдымда қол қусырып тұрушы еді.

Әуел кәф пенен нунды жаратыпты,
Пенделерді ай мен күнге қаратыпты.
Шам шаһарын билеп тұрған заманымда
Қорқып менен жұрт бәрі тітірейді.

Иса айтты: — Бұйрықпенен келдім бүгін,
Шам шаһарын билеген патша екенсің.
Ақыреттің азабын сен көріпсің,
Сұрасам, көргеніңді айтармысың?

— Сұрасаң, көргенімді мен айтайын,
Бәрінен де азап көргенімді айтайын.
Алланың сүйер құлы, пайғамбары,
Азаптан құтқара көр деп айтамын.

Сонша жұрт маған қарап жүруші еді,
Қол қусырып алдымда тұрушы еді.
Жылаймын, тақсыр Иса, халімді айтып,
Құбасың тіршілікте сондай еді.

— Алланың әмірі бірлән тұрдың, — дейді,
Біздіңменен кеңесті құрдың, — дейді.
Жұмжұма, салтанатпен жұрт билесең,
Неше жыл падишалық қылдың, — дейді.

— Алланың әмірі бірлән тұрдым, — дейді,
Сіздіңменен кеңесті құрдым, — дейді.
Салтанатпен жұрт билеп тұрғанымда
Төрт жүз жыл патша болып тұрдым, — дейді.

Алдыма пақыр, міскін келуші еді,
Керек-қажет нәрсесін алушы еді.
Жүзім нұрлы, айбатты падиша едім,
Жүзімді көрген адам талушы еді.

Жұртымның бәрін бірдей көруші едім,
Хабарсыз һеш қорықпай жүруші едім.
Пақыр, міскін үлкеннен зорлық көрсе,
Шақыртып теңдік алып беруші едім.

Иланып, Алла бір деп жүруші едім,
Рузе, намаз күтпейін тұрушы едім.
Пақыр, міскін, мүсәпір жиып алып,
Һәр күнде жүз ділдәні беруші едім.

Тірлікте сондай-ақ әділ едім,
Сол халде он мың қатын алып едім.
Намаз бенен рузені тұтпасам да,
Қайырым бар, азапты көрмен дедім.

Есігіме мұңлылар келуші еді,
Не тілегі болса да алушы еді.
Жылап келген адамдар күліп кетіп,
Сондай-ақ разы болып кетуші еді.

Жалғыз қылды қақ жарған әділ едім,
Залымдығым жоқ еді, ғалым едім.
Құданың бұйрығынан ғапыл қалып,
Сәжде қылып, рузені тұтпас едім.

Сол халде ажал жетіп өлген едім,
Өлген соң тыныштық бір көрмедім.
Ақ сұңқар, қазы-қарта жеген басым,
Жеті тамұқ ішінде заһар жедім.

Үш мың жыл қысым көрдім, азап тартып,
Бір өліп, бір тіріліп, жаным қинап.
Тіпті халім қалмады сонан бері,
Неше түрлі тамұқта азап тартып.

— Дұғаны мен қылған соң түрегелдің,
Құлағым сүйінгендей жауап бердің.
Адамзат айтса білер, ашса көрер,
Өлгеніңде недейін бейнет көрдің?

— Мен сондай өлгенімде азап көрдім,
Азапқа шыдай алмай бек сандалдым.
Ақыреттің азабын бұрын білсем,
Шамам келсе анадан тумас едім.

Бір күні үйден шығып сейір құрдым,
Сейірдан үйге қайтып бір күн келдім.
Үйімнен бір қатыным қарсы шықты,
Ол қатынды көрген соң судай ердім.

Біреуі түсті көзіме сонда тұрып,
Қатынға көңіл қылдым бойын көріп.
Қатынменен қалжыңдап отырғанда
Бір мүсәпір үйіме келді кіріп.

Етуші едім шариғаттың ісін ептеп,
 Һеш адам келмес еді маған беттеп.
Қатынына көңілім түсіп отырғанда,
Мен айттым мүсәпірге «шығып кет» деп.

Сол мүсәпір үйімнен шығып кетті,
Нәпсі тілеп, шариғат істі қылдым.
Сонан соң моншада ғұсыл еттім,
Құдайым сонда жаман дертті берді.

Сол моншаның ішінде азан айттым,
Жанымнан қорыққаннан иман айттым.
Жыладым бір бәлеге жолықтым деп,
Сонан соң басым ауырып үйге қайттым.

Үйге қайтып барған соң жұртым жидым,
Өлермін деп жанымнан пікір қылдым.
Шыбын жанға бір хайла бола ма деп,
Бақсы бірлән молданың бәрін жидым.

Сол халде көзім жасын тыя алмадым,
Мәнісін үшбу дерттің біле алмадым.
Сонша бақсы, молданы жисам дағы,
Жаныма биттей дәрмен қыла алмадым.

Қолым менен жұртымды жидым енді,
Жанымнан қорқыныш қылдым енді.
Ауруым күннен-күнге қатты болды,
Сонан соң өлерімді білдім енді.

Айтайын көргенімді сізге енді,
Ойладым бұрынғыдан өткендерді.
Жан берерде қиналдым, тақсыр Иса,
Айтайын не машақат көргенімді.

Алладан пәрмен бірлән әуез келді:
«Біздер түгіл бұрынғы өткен көнді,
Шерменде залым құлдың жанын ал, — деп,
Кешіктірмей тез ал», — деп хабар келді.

Аспаннан құдіретпенен әуез келді,
Аздан соң Әзірейіл жетіп келді.
Әлсіреп қатты болып жатқанымда
Жәбірейіл періште бірге келді.

Құдайдың құдіретінен әуез келді,
Аузым тұтып, жандарым алып кетті.
Гүрзісі қолында оттан қылған,
«Жұмжұма, танырмысың бізді?» — деді.

Қышқырып гүрзіменен соқты, — дейді,
Даусы сүйегімнен өтіп кетті.
Біреуі гүрзіменен ұрғаннан соң,
Жаным тітіреп, дәрменім кетті, — дейді.

Күнәларым сызылып бірге барды,
Кәпір — антқа, мұсылман тілге иланды.
Әзірейіл жанымды аларында
Сондай-ақ қатты қинап жанымды алды.

Айтайын тағы бір сөз сіздерге енді,
Бізден бұрын көп адам өтіп кетті.
Алладан сондай қатты жарлық болды,
Шыбын жанды кеудеден сүйреп алды.

Жанымды Әзірейіл алып кетті,
Күнәларым бәрі де бірге кетті.
«Рузе менен намазды күтпедің», — деп,
Жеті тамұқ ішінде зар еңіретті.

Хан болмай бір мүсәпір болсам еді,
Құдайға құлшылықты қылсам еді.
Періштелер азапты қылғаннан соң,
Өкіндім патша неге болдым енді.

Айтайын және бір сөз сізге енді,
Күнәларым жазасын көрдім енді.
Хан болмай, қара болып иман күтсем,
Мұндай мүшкіл басыма болар ма еді.

Аздан соң Әзірейіл ашуланды,
Бетімнен қорыққаннан қан қалмады.
Солардың айбатына шыдай алмай,
Бұ дүние қап-қараңғы болып кетті.

Бастары жеті қабат көкте болып,
Аяғы жеті қабат жерде болып.
Әзірейіл қышқырып жетіп келді,
Түсі суық, айбаты үлкен болып.

Тек бергендей көріп: — Уды іш, — деп,
Дүниеден ақыретке енді көш, — деп.
Әзірейіл бір аяқ заһар берді,–
Бұ өлімнің шәрбатын жылдам іш, — деп.

Басымды бір көтеріп тұра алмадым,
Халім нешік боларын біле алмадым.
Заһардың сондай түсі жаман екен,
Жаным шошып аузыма ала алмадым.

Жаным шошып аузыма ала алмадым,
Алақтап не қыларым біле алмадым.
Бар екен Әзірейілдің алты жүзі,
Мен ондай суық жүзді һеш көрмедім.

Иса айтты: — Алты жүзін көрдің, — дейді,
Жұмжұма, аңладың ба, қандай, — дейді.
Әбден-ақ алты жүзін көргеннен соң,
Сұрадың ба мағынасын, қандай? — дейді.

Мағынасын сұраған соң айтты дейді:
— Жарлығы бір Алланың қатты, — дейді.
Құдайым һәр тарапқа өмір қылса,
Бұрыларға дәрменім келмес, — дейді.

Оң жүзімменен алармын мүмін жанын,
Сол жүзімменен алармын кәпір жанын.
Астымдағы жүзіме өмір болса,
Алармын жер астында пері жанын.

Және бір сөз айтармын құлақ сал дер,
Үстімдегі жүзімнің мағынасын көр.
Пәруардигар Ағламнан өмір болса,
Жанын берер көктегі періштелер.

Жігіттер, олай болса тудың, өлдің,
Кітаптан бұндай-ақ сөзді көрдім.
Сөзінен қорыққаннан Иса айтты:
— Тағы да өлім жайын қандай көрдің?

— Көр дегенін Құданың көрдім, — дейді,
Айтайын өлім жайын енді, — дейді.
Әзірейіл періштеге басшы болып,
Олар жетпіс періште келді, — дейді.
«Екі қолын ұста», — деп біреу айтты,
«Екі аяғын ұста», — деп біреу айтты.
«Жанын оның тартқан соң үні шығар,
Тілін де тұтың енді мұның», — дейді.

Қолымнан бір періште бек ұстады,
Қозғалмастай аяғымнан бір от тұтты.
Сондай қатты жанымды қинап алды,
Тілімді біреу келіп тағы ұстады.

Көз көрмес көңілменен не де білер,
Бұ сөзім шариғатқа тура келер.
Тілін ұстап тұрмасаң қышқырғанда,
Қорқады дүниедегі мұсылмандар.

Қисабы жоқ көп еді малым, — дедім,
Он алты мың бар еді құлым, — дедім.
Қоштасып олар да сөйлеседі,
Азырақ аял бер маған, — дедім.

Жан шығарда қиналып көп жыладым,
Бір мысқалдай демалыс таба алмадым.
Сонша малын дүниенің берсем дағы,
Ажалға һешбір хайла таба алмадым.

Гүрзі соқты біреуі «сөйлеме» деп,
«Рузе, намаз оқығаның сенің жоқ», — деп.
Ұрғанын көрген соң қаным қашты,
Айбатынан сескенді менің жаным.

Айбатынан сескенді жаным қатты,
Әзірейіл гүрзіменен ұрып жықты.
Күнәлардан тәубені қылсам дағы,
Қабырғам бір-біріне араласты.

Иманың — екі иініңде жанған шырақ,
Үстіне мінетұғын аты пырақ.
Сөйлерге халім келмей жатып қалдым,
Бір Құдайым, бір өзің жәрдем бер-ақ.

Иса сұрады: — Азабы қатты ма екен,
Көрдің бе ұжмақ исі тәтті ме екен?
Жан шығуға келгенде, әй, жұмжұма,
Шыбын жанға со жерде батты ма екен?

— Ішіңді пышақпенен жардырғаннан,
Басыңа мың қылышты салдырғаннан,
Мың қазанға су құйып қайнатқаннан,
Жан бермек тіпті қатты сол айтқаннан.

— Жұмжұма, азап көрдің өлгеннен соң,
Ел-жұртың жиылып көмгеннен соң.
Қабіріңде не жауап беріп салдың,
Мәңкүр, Нүңкір періште келгеннен соң?

— Ел-жұртым жиылып көмді, — дейді,
Құдайым қатты азап берді, — дейді.
Ел-жұртым қырық қадам кеткеннен соң,
Басыма екі кісі келді, — дейді.

Айтайын көргенімді, Иса, — дейді,
Иман кетер сертінен тайса, — дейді.
Екі кісі тұрғызып алды дағы,
«Әй, жұмжұма, күнәһың қанша?» — дейді.

Сонан соң ептеп сөз сұрайды,
Жауапты «мән Раббың?» деп сұрайды.
«Уа ма дінің?» деп діннен сөз сұрайды,
«Тезірек бер жауабың» деп сөз сұрайды.

Сол жерде жауап бермек қиын екен,
Қылған ісім һәр жерде жете ме екен.
Туғалы менің қылған күнәһымды
Періштелер хатқа жазып қойған екен.

Періштелер хатқа жазып қойған екен,
Аллаға ісім мағлұм болған екен.
Сол күнәмды алдыма алып келді,
Өз-өзінен ұялған жаман екен.

Туғалы ұрлық пенен қарлық қылсам,
Кісіге, бір адамға зорлық қылсам,
Соларды алып келді көз алдыма,
Бетімнен отым шықты маған нансаң.

Азап көрдім анадан азып туып,
Ит аталдым тұрған соң дүние қуып.
Артынан бір періште және келді,
Сондай үлкен, қап-қара, түсі суық.

Ол келді жоғарғы ерні көкті тіреп,
Шақырды төменгі ерні жерді тіреп.
Аяғы зор, аузынан оты шыққан,
Көрген соң шошып кетті пақыр жүрек.

Әбден-ақ қалжырадым халім қалмай,
Мен көзімді тайдырдым шыдай алмай.
Жеті қабат қара жер тітірейді,
Солардың айбатына қарар қылмай.

Қара жер оттай болып өртенеді,
Құдайым маған берді қиын жөнді.
Алланың әмірі бірлән періштелер
Күнәһымды алдыма алып келді.

Бір ауыз жауап тауып бере алмадым,
Сонан қиын нәрсені көре алмадым.
Ақылымнан адасып талып қалдым,
Құдайымды көңіліме алып жаттым.

Мен көрдім патша болып төрт жүз елді,
Сұраушылар тар жерде жаман қысты.
Гүрзіменен періштелер соққаннан соң,
Сүйегім бір-біріне араласты.

Әуел баста анадан тумасамшы,
Мұндай үлкен падиша болмасамшы.
Дүниеде батырлықты қылмасамшы,
Рузе менен намазды қоймасамшы.

Оттан зінжір қолында біреу келді,
«Залымды, бейнамазды тұтың», — деді.
Мойныма оттан зінжір салып алды,
Жеті тамұқ ішіне сүйреп келді.

Бар екен іші оттан жеті тамұқ,
Ішінде жылан-шаян түсі суық.
Тамұққа алып келді енді жуық,
Су сұраса береді заһар ағуқ.

Асығып айбат бірлән жылан келді,
Қасыма жақындап шаян келді.
Терімнің арасына еніп кетіп,
Етімнен жылан-шаян шыға келді.

«Қайыр, зекет, садақа бердің», — дейді,
«Бір намаздан басқаны қылдың», — дейді.
Тағы да Құдайымнан әмір келді:
«Жанын алып, тозаққа салың» — дейді.

Тозаққа алып барды мені, — дейді,
Мекенім жеті тамұқ түбі болды.
Біреуі біреуінен азабы үлкен,
Бәрісінің азабын көрдім, — дейді.

Жеті тамұқ бар екен, көрдім бәрін,
Төрт бұрышы жанып тұр, бәрі жалын.
Сол тамұқтың ішіне салғаннан соң,
Отқа күйген шаладай болдым жалын.

Сол тамұқтың ішінде күйіп-жандым,
Биттей халім қалмады жатып алдым.
Жылан-шаян етімнен тістеп еді,
Құлындай даусым шығып ойбай салдым.

Сират деген көпірдің жолын көрдім,
Дінін күткен ерлердің жөнін көрдім.
Үш мың жыл дәм татпастан жатып алдым,
Тамұқтан зақұм деген жеміс көрдім.

Жаныма батқан соң мен жыладым,
Қылмысым . . .* мен еңіредім.
Тамұқтың ішінде біреуінен
Сол зақұмның біреуін мен сұрадым.

Жалғыз зақұм әперді, жедім, — дейді,
Жеген соң ішім күйіп кетті, — дейді.
Заһарына шыдай алмай ішім күйіп,
Бір қасық су сұрадым енді, — дейді.

Бір қасық су бермейді сұрасам мен,
Бермеген соң зар қылып жыладым мен.

* Бір сөз танылмады.

Жылаған соң бір қасық суды берді,
Ішкен соң онан жаман қиналдым мен.

Бір қасық су ішкен соң, реңім кетті,
Ішім оттай өртеніп күйіп кетті.
Осы күнде заһары кеткені жоқ,
Жаңа туып, жаңадан өлдім, — дейді.

Жаңа туған баладай болдым енді,
Алпыс түрлі азапты көрдім енді.
Жеті түрлі тамұқтан шығарған соң,
Бір үлкен тауға алып барды, — дейді.

Секрат деген бір тауға алып барды,
Болар-болмас ілініп жаным қалды.
Сол таудың ең үстіне шығарған соң,
Мені бір арықтағы суға салды.

Ол таудың іші сондай заһар, — дейді,
Құдайым салғаннан соң көнер енді.
Арықтағы сол суға салып еді,
Көрмеген азаптарды көрдім, — дейді.

Иманды құл қабірі жарық-тағы,
Бұл сөзім білген құлға анық тағы.
Тақсыр Иса сұрайды жұмжұмадан:
— Сол судың аты кім-дүр арықтағы?

— Құдайға жетер ме екен пенде заты,
Бұ сөзім ғалымдардың Құран хаты.
Тақсыр Иса, сұрасаң мен айтайын,
Азабан деген су екен оның аты.

Сол арыққа салған соң қайнадым көп,
Отқа күйген шаланы шайнадым көп.
Жеті түрлі тамұқтың азабынан
Арықтағы сол судың азабы көп.

Жаныңды қинайды екен қысым қылып,
Сол азапты көргенмін мен бір ғаріп.
Арықтағы сол суды естіген соң,
Иса қорқып жылайды қайғы қылып.

Күнәға енді батпай өлсем екен,
Көретұғын азабым таудай екен.
Тақсыр Иса айтады жұмжұмаға:
— Тағы да тамұқ іші қандай екен?

— Тамұқтың асты да — от, үсті де — от,
Илансаң оң жағы — от, сол жағы — от.
Іші оның қараңғы болады екен,
Қорек қылып жегендей биттей дәм жоқ.

Заһардан басқа дағы дәмі де жоқ,
Сондағы шыбын жанға тыныштық жоқ.
Үш мың жыл азап тартып жатып едім,
Қайыр-кәдай бір жақсылық көргенім жоқ.

Әй, тақсыр, алпыс түрлі азап көрдім,
Құдайым салған соң ақыр көндім.
Азаптың бәрін тартып болғаннан соң,
Тағы да әмір қылды бір Құдайым.

Бір тәуекел бұрынғылар оған қылды,
Ол Иса тіл тебірентіп дұға қылды.
Исаның тілеуін қабыл қылып,
«Жанын оттан шығар», — деп жарлық қылды.

Құдайым періштеге пәрмен қылды,
Жанымды тамұқтан қоя берді.
Тамұқтан шыбын жаным шыққан бүгін,
Жақсылық, тыныштық бүгін болды.

Үш мың жыл азап тартып, қысым көрдім,
Сіздер дұға қылған соң рахат көрдім.
«Бұ дүниеге тіріл», — деп жіберген соң,
Мен дағы сізге бүгін жауап бердім.

Бисмилла — тамам сөздің басы, — дейді,
Жігіттің ең жақсысы — досы, — дейді.
Үш мың жыл азап көріп, сонан бері
Көріп тұрған тыныштығым осы, — дейді.

Өлім сондай деген соң, Иса қорықты,
Жалғыз қылды қақ жарып әділ болды.
Отыз күн рузесін жақсы күтіп,
Бес уақыт намазына берік болды.

Жұмжұма тірілген соң иман күтті,
Отыз күн рузе тұтып, намаз оқыды.
Бес уақыт намазын қаза қылмай,
Көңілін ақтап, көкірегін таза қылды.

Жұмжұма тірілген соң шүкір қылды,
Бұ маған дәулет деп сана қылды.
Отыз күнде аузын бір-ақ ашты,
Құдайға құлдық қылып, тәубе қылды.

Жұмжұма ақыреттің халін білді,
Үш мәртебе дүниені талақ қылды.
Алланың әмірі бірлән бұ дүниеде
Бір жоқтамай сексен жыл тәубе қылды.

Жұмжұма сексен жыл жүрді дейді,
Жаныменен ибадат қылды дейді.
Сексен жыл болғаннан тағы өліп,
Ұжмаққа тура барып кірді дейді.

Жұмжұма тірі күнде жұртқа жақты,
Өлген соң отқа жақты алтын тақты.
Сөждеге басы тимей азап тартып,
Жұмжұма өлгеннен соң иман тапты.

«Залыммын» деп дініңді күтпей қойма,
«Ғалыммын» деп асылық тағы қылма.
Сират деген көпірді өткеніңше,
Тәуекел жақсы-жаман баршаңызға.

Надандық деген бұ бәле не қылмайды?
Жетік ғалым жатқа айтса да жаңылмайды.
Ерік өзіңде тұрғанда дініңді күт,
Өлген соң мынау кеңдік табылмайды.

Өле салып, тіріліп келгенім жоқ,
Естігенім болмаса, көргенім жоқ.
Болмасаңыз өздерің ашық көңіл,
Надандардың бұ сөзге нанғаны жоқ.

Шайтанның жетегіне өзің барма,
Рузе менен намазың, сірә, қойма.
Әй, жігіттер, бұ сөзім кітапта бар,
Ағалар, қалжың сөз деп ғапыл қалма.

Күнінде туған да бар, өлген де бар,
Өзіңнен жақсы да бар, жаман да бар.
Құран менен кітаптан естіп алдым,
Өзімді үйреткен молдам да бар.

«Жұмжұма» кітабым тамам болды,
Сызуға қамыс қалам жаман болды.
Түн ортада кітапты сызып болдым,
Қалам таппай көңілім алаң болды.

Таммат тамам.

اوشبو قصهء زنكير جهود

Үшбу қисса Зеңгір жүһүд

Жаратқан Пәруардигар пана болған,
Сол нұрдан жаратылған дін мұсылман.
Хазіреті Мұртаза, Шаһимардан
Не қылса һәр ісіне тәубе қылған.

Кәпірде бір патша бар Зеңгір атты,
Келбеті пендеде жоқ салтанатты.
Ғали атты палуанды көрмедім деп,
Дүниенің төрт бұрышымен соғыс қыпты.

Рүстем Дастан олардан арман қалған,
Зеңгірге азап қылып һеш болмаған.
Хазіреті Жәбірейіл жетіп келіп
Құданың құдіретімен берді хабар:
«Сонан кейін хазіреті Ғали шығып,
Бұ кәпірді сол алар енді», — дейді.

Тоғыз жүз мың шақырым бар қалалары,
Үш жүз кез бойлары бар денесінде.
Елу ұғлының қаласы өз алдында,
Зеңгір ханның алмаған жан қалды ма?!
Күнбатыс, күншығыстың бәрін кезіп,
Һеш жолықпай жүр екен Пайғамбарға.

Он екі жыл соғысып дию қырған,
Неше мың шаһарларды ойран қылған.
«Енді менің алмаған жаным жоқ», — деп,
Сол кәпір үлкендікті ойына алған.

Құдай сақтап Мәдине аман жүрген,
Бұ кәпір мықты екен барша жаннан.
Қисабын бұл кәпірдің Тәңірім білер,
Жын, шайтан сонан қорқып жерге кірген.

Терсе жүһүд қорыққанынан жерге кірген,
Шамасы келмеген соң олар да өлген.
Барша жан бұл кәпірді жеңе алмаған,
Бір палуаны бар екен Маңғаз деген.
Үш күрзіні беліне байлап алып,
Күнбатыс, күншығысты ол да көрген.
Отыз лек пері жиып Рүстем батыр,
Келген бұған, әй, жарандар.
Елу үш күн шаһарын қамап алып,
Шамасы келмеген соң олар да өлген.

Зеңгірдің бір қызы бар Зейнеп атты,
Келбеті дүниеде жоқ салтанатты.
Алтын сарай ішінде жатқан түні
Пәруардигар Құдайым құдіретімен
Сол қызға ұйықтап жатқан аян берді.

Бұ қыздың атын сұрасаң, Зейнеп қыз
Бір баланы түсінде енді көрді.
Қыз Зейнеп бір жігітке ғашық болып,
Ұйықтап жатып жігіттен сөз сұрайды.
Хазіреті Жәбірейіл жетіп келді,
Зейнеп қыздың қолына Құран берді.

Мен түсімде көрдім ғой хақиқатты,
Құдай маған көрсетті Мұхаммедті.
Сол жерде ұйықтап жатқан қызға келіп,
Он екі жерден үйретті шариғатты.

— Сұраймын шын көңіліңді қисаң, жігіт,
Бұ жерде не жұмыспен жүрсің, жігіт?
Мәдиненің жолын сен білермісің,
Құдайға құл, мұсылман болсаң, жігіт.

— Бабам аты — Мұхаммед, [әкем] — Ғали,
Атым — Хасен, айтайын білсең мені.
Түсімде көріп маған сен болсаң ғашық,
Мен дағы қабыл алдым сізді, — дейді.

— Сізден бір сөз келеді сұрағымыз,
Маған сал, әй, Хасенжан, құлағыңыз.
Неше күнде барады еліңізге,
Қандай жер-дүр, перизат, тұрағыңыз?

— Мекке менен Мәдине — қалам, — дейді,
Нұр Мұхаммед — жәрдемші бабам, — дейді.
Екі жүз елу күнде барар адам,
Көріскенше аман бол, Зейнеп, — дейді.
Зар жылап тұрысыменен таң да атты,
Хасен кетіп қасынан, зар тұтады.
Зейнеп қыз тақыттан түсіп жылап жатса,
Барша көпір дауысын есітеді.

Тоқсан күн, тоқсан түндей жылап жатты,
Ғалиұғлы Хасенге ғашық бопты.
Дәм татпай, ас ішпей он бір күндей,
Арасында төрт жұма, екі ай өтіпті.

Ғашық болып зарланды Зейнеп қыз да,
Ислам дінін көрсетті Хақ Тағала.
Ғашықтықтың отына шыдай алмай,
Күні-түні жылап налаш қыпты.

Зейнеп қыздың жырлағаны

Жаратқан Жаппар атың,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар,
. . .* болған жарым,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар.
Он сегіз мың ғаламды Жаратқан Патша Құдайым,
Бір өзіңе жылаймын,

* Бір сөз танылмады.

Мені қойма бұ кәпірде ынтызар.
Мекке ихсан адамы, сізден де бір медеткер,

Тамам әулиелер және
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар.
Иә, Ыбраһим — Халел Алла,
Иә, Ысмайыл — Забихул Алла,
Иә, Дәуіт — Халифа Алла,
Иә, Сүлеймен — Ғалат Алла,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар.
Иә, Тауратты оқыған Мұса,
Төртінші қат көкте тұрған хазіреті Ғайса,
Ғашықтардың мұраты,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар,
Он сегіз мың ғаламға . . . * болған
Төртінші қат көк үстінде
Лаух Қалам, Ғаршы Күрсі,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар,
Иә, хазіреті Жәбірейіл, Мекайыл, Ысрапыл, Әзірейіл,
Құданың сүйіп жаратқан төрт мұқарраб періште,
Сіздерден жәрдем тілеймін,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар.
Иә, Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Ғали Хайдар,
Құданың сүйген жары,
Тоғыз жүз тоқсан мың машайықтар,
Сиындым бүгін өзіңе,
Мені қойма бұ кәпірде ынтызар.

Көз жасын көл қылып бұлағанда,
Зар жылап бір Алладан сұрағанда,
Күзетші, жаушы кемпір келді дағы,
Зейнепке құлақ салып тұра қалды.

Ғашықтықтан Зейнеп қыз жылап жатты,
Жаушы кемпір Зейнепке көп тіл айтты.
Жаушы кемпір сол қыздан сөз сұраса,
Көрген түсін сол кемпірге бәрін айтты.

* Бір сөз танылмады.

— Ұйықтап жатып түс көрдім алтын тақта,
Бұ айтқан сен сөзімді атама айтпа.
Бек жақсы, сұлу жігіт түсте көрдім,
Жамағат көп жұртыма тағы да айтпа.

Бар екен дүниеде бір шаһар Мәдине атты,
Нұр Мұхаммед ішінде нұр сипатты.
Бек жақсы, сұлу жігіт түсімде келіп,
Сол маған түн ішінде көңіл айтты.

Мен өзім «кімсің?» дедім оған қарап,
Сөзіне бек қызықтым жауап сұрап.
Дүниеде ол сипатты жігіт болмас,
Күйгенімнен айтамын бұлай зарлап.

— Әуелі бір Құдайға сиын, Хақ білсең,
«Мұхаммед — пайғамбар» деп дінге кірсең.
Атым — Хасен, Ғалидың перзентімін,
Кәпір қызы — шаһзада, маған нансаң.

Хасен айтты бұл сырды маған, шеше,
Бұ сырды тамам қылдым саған, шеше.
Бұ сырды сіз естіңіз, сіз сақтаңыз,
Бұ жігіт түске кірді әлденеше.

Ол Хасен қайтып келмес енді маған,
Түсімде ғашық болдым оған жаман.
Бір хабар сол жігіттен тауып берсең,
Мал-мүлкім берермін бәрін саған.

Осыны айтып болды да жылап жатты,
Кемпірге бастан-аяқ сырын айтты.
Бұ сөзге ит кемпірдің жыны келіп,
Тез жүгіріп айтуға ханға кетті.

Жүгіріп сол ит кемпір ханға барды,
Қызметшілер есікте бәрі көрді:
— Не жұмысқа жүгірдің, кемпір-ау, — деп,
Не болса да жұмысыңды айтшы, — деді.

Үш мың жүздік даналары бар алдында,
Құп үлкен жауап берген төре, ханға.
Зеңгірдің атакеші ішінде отыр,
Жаушы кемпір жүгіріп барған шақта.

Алдында нөкері бар сөз тыңдаған,
Сөзін тыңдап кемпірдің патша тұрған.
Алтын тақыт үстінде отырысып,
Құлақ салып кемпірден сөз сұраған.

— Әй, тақсыр, алтын үйде қызың жатқан,
Шақырып алып маған сырын айтқан.
Отыз бес күн болыпты дәм татпайды,
Бір жанға ғашық болып зарлап жатқан.

Мен сұрадым қызыңнан, маған нансаң,
Ол баланы қызым деп нағыласың.
Айтқан сөзін қызыңның айта берсем,
Ажалыңнан бұрын сен тірі өлерсің.

Дүниеде бір шаһар бар дейді Мәдине атты,
Мұхаммед ішінде нұр сипатты.
Ғали деген бар екен бір палуаны,
Осы сөзді маған сол қызың айтты.

Сол Ғалидың баласы Хасен атты,
Падиша, өз басыңнан дәулет кетті.
Отыз бес күн болыпты сол қызыңа,
Мен барған соң қасымнан әзер кетті.

Мұны естіп падиша айғайлады,
Қыздың жатқан сарайын бұзып алды.
Жасауылдар патша қызын алып келді,
Аузы темір қараңғы үйге салды.

Бұ қызға мұнша азап істер салды,
Өз алдына шақыртып жауап алды.
Бір күнде һәр түрлі қып сабаса да,
Хасенге ғашықтығын һеш қоймады.

Бұ қызды алып келді, дарға асты,
Һәр түрлі жамандықты қылды қатты.
Шынжырменен байлап қойып соқса дағы,
Сонда да ғашықтығын һеш қоймады.

Бұ қызға мұнша жаман азап қылды,
Қанша азап қылса да һеш болмады.
Атасының дауысын естіген соң,
Үш ұғылы жиылып бәрі келді.

Үш ұғылы жиылып келіп тұрды,
«Бұ немене іс болды?» — деп жауап сұрды.
Бұ жауапты есітіп ағалары,
Отыз үш түрлі Зейнепке азап қылды.

Отыз үш түрлі азапты оған қылған,
Иті, құсы жиылып бәрі де оған.
Алладан Жәбірейіл пайда болып,
Қанатын жауып бұ қызды қорғалаған.

Палуандары кезекпенен жерге ұрған,
Бәрінің зардабынан аман қалған.
Бір ұрса да мың пара болар еді,
Бір Алла құдіретімен сақтап тұрған.

Бұ қызды өлтіре алмай ыза болған,
Адам көрмес бек қатты күйге салған.
Бұ қызға бек қатты азап салып,
Өлтіре алмай бұ қызды қайғыланған.

От ішінде сақтады Жаппар Халық,
Мың түрлі азап істер қызға салып.
Бұ қызға һешбір хайла қыла алмаған соң,
Елінде қызды ұрмаған жан қалмаған.

Енді ұрмаған бұ қызды жан қалмады,
Елінде бір батыры бар еді Манап атты.
Жарлықпенен елінен Манап келді,
Тоқсан жүз батпан күрзіменен келді де ұрды.

Алла Тағала бұ қызға қорған болып,
Бұ қызды өлтіре алмай ыза болды.

Тағы да бір қараңғы үйге салды,
Зейнеп қызды көпірлер күйге салды.
«Мәдинені тірі жан біле ме?» — деп,
Зеңгір сонда жер жүзіне елші салды.

Елу мың кісі жиылып дүние кезген,
Елшілер дүние кезіп бір жыл жүрген.
Жасауылдар дүние кезіп жүрген шақта,
Бір көпір көп жасаған душар болды.

Бұ жүһүд Мәдинені іздеп жүрген,
Көпірлер қайда екенін һеш білмеген.
Мың аты, жүз түйемен отын артып,
Көрік басын қыздырып үйге салды.

Жасауылдар осы шалды алып қайтты,
Атыбар қойшы шал атын айтты.
Зеңгір патша алдына алып келген соң,
Мәдине мен Ғалидан хабар айтты.

Зеңгір патша жауап сұрап тұра тұрсын,
— Зейнеп қыздың мәнісін білемісің.
Қызым Зейнеп Хасенге ғашық болды,
Мәдине мен Ғалиды білемісің?

— Мен жасымда Шын-машын шаһар бардым,
Көңіліме алған бұйымның бәрін де алдым.
Бағдат пенен Мысырды жасым кешті,
Падиша, бұ тіліме енді нанғын.
Бізден бұрын өтіпті Рүстем Дастан,
Біздің жұрт әуелі батырдан жаман сасқан.
Сол шаһарға, әй, падиша, он бес бардым,
Падиша, бұ тіліме енді нансаң.

Көрмеген шаһарым жоқ мұсылманда,
Қартайып ғаріп болдым бұл жаһанда.

Мекке мен Мәдинеге сапар қылдым,
Мәдине атты бір шаһар бар дегенге.

Саудамен барайын деп ойыма алдым,
Екі жүз ат, түйеменен оған бардым.
Һәрбір түрлі адамның бәрін көрдім,
Жыл он екі ай саудаменен сонда тұрдым.

Ғалиды бір күн көріп қайран қалдым,
Шаһарын аралап жүріп көзім салдым.
Ғажайып үлкен екен кереметті,
Палуандығын көрдім де есім тандым.

Ғалидың палуандығы сондай күшті,
Падиша душар қылды һәрбір істі.
Қызықпенен ішінен шыққым келмей,
Сол жерде анық үш жыл тұрдым, — дейді.

Мұны естіп Зеңгір сонда қуанды,
Жар шақыртып жұртына ойын қылды.
«Мұхаммедтің шаһарына барамын», — деп,
Қырық күндей жар салдырып ләшкер жиды.

Мың сан ләшкер ертіп патша жүрді,
Һеш тірі жан шаһарын білмейді енді.
Зеңгір хан барабанын соқтырған соң,
Үш ұғылы жиылып бәрі келді.

Зеңгір хан шаһарына ойын қылды,
Жұртын жиып шаһарына жиын қылды.
Палуандары беліне қылыш байлап,
Бәрі де текеумет пілді мінді.

Палуанын санап жатыр өз алдында,
Кеңесін құрып жатыр көз алдында.
Хан соқтырды барабан, жар шақыртты,
«Палуаным аттансын, — деп, — бәрі мұнда».

Һәр қайда он сан адам бәрі жүрген,
Атақты батырларға хабар берген.
Өзінің қолы менен ұғылы қолы,
Сол жерде тау-тас көшіп жер күңіренген.

Сонда жүз сексен мың қолменен Зеңгір жүрген,
Елу үш мың алдында ерлер жүрген.
Зеңбірекші, мылтықшы жүз мың адам,
Қақпасының алдына келіп тұрған.

Және Манап бас болды сегіз мыңға,
Оның да палуаны қырық мың адам.
Қисабы жоқ кәпірлер құмнан да көп,
Жиылып жатыр әскері бөлек-бөлек.

Сыбызғышы, сырнайшы жүз мың адам,
Үлкен ұғылы келеді маңғаз тамам.
Тау-тастай адамы бәрі келді,
Шүләнкөрі алдында қырық лек адам.

Ләшкерінің қисабы құмменен тең,
Палуандары алдында отыр ерің.
Алмаған жауы жоқ-дүр бұ Зәңгінің,
Қарсыласқан жауын қылған жермен-жексен.

Онан соң тағы жүрді он сан адам,
Зарығып батыр жүреді оң жағынан.
Жер қайыстырып келеді бұ да қаптап,
Бұған да пар келмейді ешбір адам.

Онан соң мойнына жүз мылтық салған,
Төрт қылышты беліне байлап алған.
Он бес қадақ мойнында, жүз садақты беліне байлап,
Онымменен Фердан батыр келіп қонған.

Тоғыз мыңы тоғыз батырына келді дейді,
Елу мың сексен мыңнан таяу жүрді.
Адам біліп болмайды бұл кәпірді,
Қисабын бір Алланың өзі білсін.

Бұ қу шал басшы болды мұнша ерге,
Жалғанда не қымбат бар, бәрі сонда.
Дүние жүзін қап-қара шаңдақ қылып
Сансыз адам келеді Мәдинеге.

Құдіреті Құдайымның өзі қылды,
Көшкен елді сол жүһүд ойын қылды.
Ішінде нәубет қызық көреміз деп,
Қатыны, қыздарымен бірге жүрді.

Қылыштарын жаниды найзағайдай,
Дүниеде хан жоқ-дүр Зеңгір хандай.
Төрт күн жүрді далада сауықпенен,
Таянып келе жатыр Мәдинеге-ай.

Қошғөр деген бір палуан бұрын жүрді,
Бұ кәпірдің бойлары көк тірейді.
Бұ батырдың қайратын сынайын деп,
Сол жерде Зәңгір патша жарлық қылды.

Сонша топтан Қошғөрінің қайраты асқан,
«Тауды ұр» деп падиша жарлық қылған.
Бір тауды малғұн кәпір ұрған жерде,
Тау ұшып аспан-көкке араласқан.

Кәпірлер арақ ішіп, ойын қылған,
Өздері күш сынасып тойын қылған.
Мәдинеде Ғалиды аламын деп,
Палуанның күшін көріп үміт қылған.

Бес айдай жүріп келеді Мәдинеге,
Жарандар, бұ дүниеге көңіл берме.
Баршасы желдей есіп келіп қалды,
Елші жіберіп хабар салды Мәдинеге.

Елші кәпір Пайғамбарға келіп жетті,
Пайғамбарға кәпірлер душар болды.
Пайғамбарды білмейді ол кәпірлер,
Елші екенін Пайғамбарға келіп айтты.

Қарашы кәпірлердің жауабына,
— Бес айда келіп жеттік біз шаһарыңа.
Зеңгірдің жер қайысқан қолы келді,
Хабар бер деп жіберді хандарыңа.

Бес айда келіп жетті жиылған қол,
Зеңгірдің жер қайысқан ләшкері мол.
Әдейі іздеп келемін Мұхаммедті,
Шаһарын бұзып, өлтір — айтқаным сол.

Хабарсыз жатқан Мұхаммед жетім,
Хабар келді кәпірден, әй, үмбетім.
Зеңгір атты бір кәпір іздеп келген,
Шаһар бұзып, өлтірер — айтқаны сол.

Дін мұсылман есітіп қайғы қылған,
Сахабалар жиылып тамам болған.
Ғұмар, Ғұсман, Әбубәкір, Ғали Арыслан,
Жиылып мұнан шықты төрт мың адам.

Ғали жүрді он сегіз ұғлы менен,
Ғанбар Біләл азаншы жарыменен.
Ғалидің балалары қуанып жүр,
Көп ойын қылармыз деп мұныменен.

Бағдат таудың басына бұлар барды,
Шуылдап ар жағынан кәпір келді.
Ләшкерменен Пайғамбар келіп тұрып,
Жиылған көп кәпірді көзі көрді.
Пайғамбарды кәпірлер көрейін деп,
Пайғамбардың қасына келіп тұрды.

Тамаша қып кәпірлер келіп тұрды,
Зеңгір патша сол жерде атқа мінді.
Өзін-өзі көтеріп Зеңгір кәпір
Пайғамбарға бұлай деп айтып салды.

— Мұхаммед, келген кісің бәрі осы ма,
Не қыларсың келгенменен мұнша қолға?

Қарап тұрып бұл жерде тек өлгенше,
Бәрің кірсең болмай ма біздің қолға.

— Әй, кәпір, бізге Құдай дәрмен берер,
Пайғамбар мұндай сөзді бек жек көрер.
Кәпірлікпенен айтасың, ей, зәнталақ,
Қаза жетсе Алладан пендесі өлер.

Ғұмар шықты майданға, күрзі қолда,
Өлтірген көп кәпірді талай жолда.
Төрт батпан күрзіні қолына алып,
Айғайлап барып тұрды майдан жерге.

Шыққанын палуанның кәпір көрді,
«Біреуің бар» деп Зеңгір хан жарлық қылды.
Қызыл киім, қызыл ат мініп алып,
Бір кәпір айғай салып келіп тұрды.

Ғұмар батыр күрзімен басқа ұрды,
Ұршы деп осы кәпір қарап тұрды.
Кәпірді күрзіменен ұрысып жүріп,
Он бес піл, он бір аты ұрыста өлді.
Тоғыз күн, тоғыз түндей ұрыс қылды,
Бір-біріне екеуі кәр қылмады.

Төрт жардың бір қолының бір жағында,
Зар илеп жетті Ғұмар Пайғамбарға.
— Ғұмар батыр, тоқта енді, барма, — дейді,
Тағы бірің шық күреске бұл майданға.

Пайғамбар салауат оқып дұға қылды,
Мәлікаждар майданға жетіп барды.
Мәлікаждар майданда қарап тұрса,
Әлгі кәпір Мәлікаждарды келіп ұрды.

Мәлікаждардың басынан оттар шықты,
Астындағы аттарын ұрып жықты.
Он екі ат өлтіріп Мәлікаждар,
Сол майданға жарамай қайтып шықты.

Жетіп келіп Пайғамбарға зар илеген,
Күрзіменен ұрғанда тітіреген.
— Әй, ата, қысылдым мен майдан жерде,
Дұға қыл, қысылдым ғой, тақсыр, — деген.

Мұса Риза майданға жетіп барған,
— Кәпірге мен барайын, тақсыр, — деген.
Ықыласыңменен бата бер, тақсыр, — дейді,
Пайғамбар қолын жайып бата берді.

Мұса Риза майданға жөнеледі,
— Жылдамырақ жүре бер енді, — дейді.
Әй, адамзат, өліміңе жоқ болсаң,
Мені бірлән майданға кіргіл, — дейді.

Үлкен майдан сол жерде ұрыс қылды,
Етінен қарыс болып түгі шықты.
Айбаттанып сол жерде күрзі ұрды,
Бір-біріне қару қып қарсы тұрды.

Бек қатты айбаттанып айғай салды,
Қаһарланып сол жерде қарсы тұрды.
Құлағынан тұтып алып ұрып,
Мұса сонда кәпірдің басын алды.

Көрген кәпір Мұсадан зәресі ұшты,
Бұ Мұсаның қайраты болды күшті.
Отыз үш мың сахаба дұға қылып,
Баршалары бұл іске шаттанысты.

Зеңгір хан бұларына намыс қылды,
«Тағы біреуің шығың» деп жарлық қылды.
Үш күрзіні ұстап бір қолына
Өзінің үлкен ұлы Маңғаз шықты.

Найза ұстап, қамшыланып пілді мініп,
Майданның ортасына келіп тұрды.
— Атым — Маңғаз білінген жер жүзіне,
Көремісің қызығымды менің, — дейді.

— Әй, кәпір, танымым ғой сені, — дейді,
Сен де анық білдің ғой мені, — дейді.
Маңғаз болсаң, мен дағы Мұса Риза,
Келе ғой дәмең болса бермен, — дейді.

Екеуі үш-төрт күндей ұрыс қылды,
Қалқан, сауыт — баршасы пара болды.
Түсе қалып күресті сол арада,
Сауыттары екеуінің пара болды.

Армансыз боп күресті көңіл басып,
Сол кәпірден Мұсаның қайраты асып.
Екеуі үш-төрт күндей ұрысқанда,
Кәпір айтты: — Ұйқым келіп, қарным ашты.

Ұйқыны көрмеген соң қаным қашты,
Кәпірден ер Мұсаның қайраты асты.
— Асымды ішіп келейін, ер Мұса, — деп,
Сол кәпір өз қолына қадам басты.

— Ғапылдықпен өлдім деп қылма арман, — дейді,
Таң атқанша тағам жеп қорек қыл да, — дейді.
Ертең тұрып тағы кел өзің, кәпір,
Осы айтқан уағдаңды қылма жалған, — дейді.

Жүгіріп атасына жетіп келіп,
Көрген ісін баршасын баян қылды.
Батыр Мұса майданда қарап тұрса,
Маңғаз барып атасына зар жылайды.

— Жүз қара нан, жүз қойдың етін жедім, — дейді,
Оған тоймай қорек қылып келдім, — дейді.
— Ей, батыр, рұқсат алып келдім, — дейді,
Он бес өгіз жеп, тоғыз шелек суды іштім, — дейді.

Екі күндей сол жерде майдан қылды,
Батыр Мұса кәпірді алып ұрды.
Сол арада кәпірді алып ұрып,
Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Батыр Мұса қылышыменен басын алды,
Қанжарын сол арада қасына алды.
Және бірін шығар деп бұйырады,
Мұса шаршап қолына қайтып барды.

Сол Мұсаның інісі Ахмет барды,
Қышқырып сол арада айғай салды.
Мәсих деген бір палуан жетіп келді,
Ахметті көтеріп алып ол лақтырды.

Ахмет барып жиылған қолға түсті,
Бұ кәпірдің өзі де сондай күшті.
Ахмет барып бұлайша келгеннен соң,
Майданға рұқсат алып Ғұмар шықты.

Ғұмарды атыменен ол лақтырды,
Бұл көпірге Пайғамбар қарап тұрды.
Пайғамбардан бата алып хазірет Ғұмар,
Сол майданға тағы да барып тұрды.

Екеуі ат үстінен құшақтасты,
Сол кәпір ашуланып судай тасты.
Көтеріп Ғұмар ерді тасқа ұрды,
Сол жерде хазірет Ғұмар жаман састы.

«Тағы өлмедің, Ғұмар» деп лақтырды,
Ыза болып ол Ғұмар қарап тұрды.
Шамасы бұл көпірге келмеген соң,
Сиынып Пайғамбарға жылап тұрды.

Солардың ызасына шыдай алмай Хасен келді,
Екеуі үлкен нәубет ұрыс қылды.
Тоғыз күн, тоғыз түндей ұрыс қылды,
Күн тұтылып, аспан-көк тозаң болды.

Хасен тұрып кәпірдің басын алды,
Жаны тура жаһаннамға барып кірді.
«Жүз палуан, шығың» деп Зеңгір бұйрық қылды,
Жүз палуан аждаһадай жетіп келді.

Айдархан, Ханафия атқа мінді шаттанысып,
Келді де Пайғамбарға қол қусырды.
Екеуі көпірлерге барамыз деп,
Бата ала Пайғамбарға барды дейді.

Пайғамбар қолын жайып бата берді,
Бата алып бабасынан жөнелді енді.
Айдархан, Ханафия екі палуан
Келді де үлкен нәубет ұрыс қылды.

Кәпір менен мұсылман бірдей көрді,
Екеуі көпірлермен соғыс қылды.
Тауысып көпірлердің бәрін қырып,
Екеуіне болмай бірі қалды дейді.

Үш бойлары бар денесінде,
Бұларды тіпті алмайды естеріне.
Дүниедегі адамды теңгермейді,
Үлкендік бар сол көпірдің денесінде.

Тұлғасына мұсылман қайран қалды,
Ер Хасен сол арада тұра қалды.
Айдархан, Ханафия жеңбеген соң,
Бір Құдайдан Хасенге пәрмен болды.

Хазіреті Жәбірейіл келді жетіп,
Құданың құдіретімен хабар берді.
Пайғамбарға Жәбірейіл келді дағы,
— Кәпірге Хасен батыр барсын, — дейді.

Хасен батыр кәпірге барсын, — дейді,
Сиынып бір Аллаға тұрсын, — дейді.
Бір Құдай Хақ Тағала қылды бұйрық,
Баршасы қызығына қарап тұрсын, — дейді.

Батыр Хасен сол жерде атқа мінді,
Келді де Пайғамбарға ол қол көтерді.
— Жолыңды ашып, бақ берсін бір Тәңірім, — деп,
Мүбәрак қолын жайып бата берді.

Айдархан, Ханафия жүзді қырды,
Бұл іске қайран қалып кәпір тұрды.
Батыр Хасен сол жерде ұрыс қылып,
Екеуі бес-алты күн жүріс қылды.

Құдай-а, сақтағайсың бұл бәледен,
Көтеріп шоқпарменен кәпір ұрды.
Алладан Жәбірейілге пәрмен болып,
Хасенді қанат жауып қорғап тұрды.

Шоқпар тиіп жер жүзі күңіренді,
От пен жайын халайық қайран қалды.
Кәпірдің ұрғанымен естен танып,
Қолын сипап қарады екі жағын дейді.

Кәпір жүһүд шоқпармен сонда салды,
Жиылған жұрт бұл іске қайран қалды.
Кәпір жүһүд салғаны сонша болды,
Хасен батыр сол жерде естен танды.

Бір уақытта есін жиып атқа мінді,
Пайғамбар сол арада қол көтерді.
Ғалидан зұлпықарын сұрап алып,
Батыр Хасен майданға қайтып келді.

— Ей, кәпір, кезек бергіл бізге енді,
Көрсетем теперішті сізге енді.
Ер Хасен зұлпықармен салған шақта,
Ортасынан кәпірді екі бөлді.

Ақырып «не қылдың?» деп кәпір тұрды,
Ыза болып кәпір ит қару қылды.
Қолына шоқпар алып ұмтылғанда,
Екі жаққа сол кәпір құлап қалды.

Екі жаққа құлады таудай енді,
Дін мұсылман қуанды бұған енді.
Хасен барып кәпірді өлтіргенге,
Пайғамбар бір Құдайға шүкір қылды.

Хасен бөліп көпірді таудай қылды,
Мұны көріп мұсылман қуанды енді.
Хасеннің қайратына бек шаттанып,
Отыз үш мың сахаба дұға қылды.

Зеңгір хан ашуланып бұйрық қылды,
Бір палуанын шығарды онан мықты.
Көпірлерменен бұл ұрыс-ойын қылды,
Көпірлер рәсімі бірлән тойын қылды.

Өзі көпір болса да күші қатты,
Жамағаттар, бұл сөзге құлақ салың енді.
Көпірлер «жекпе-жек» деп ақырып тұр,
— Шаһзада, кезектесіп бірің бар, — деп,
Бұ соғысқа кезекпен түселік, — деп,
Көпірлерді кетеді басып өктеп.

Ұмтылды қамшы басып Ханафия,
«Маған рұқсат беріңіз, бабам, сірә».
Әсіресе ұмтылды Хасен батыр,
«Бір тілекті бере көр, бабам, бізге».
«Қызығын баласына береді» деп,
Біреуі өкпеледі тағы және.

Бір-бірінен кейін қалып жүре алмайды,
Өлеміз деп ойына, сірә, алмайды.
Пәруардигар Құдайға сиынады,
Қайсылары барарын біле алмайды.

Құдайға мінәжат қып тіледі енді,
Қайсылары барарын біле алмады.
Пайғамбар мінәжат қып тілеген соң,
Хазіреті Жәбірейіл жетіп келді.

Пәруанның көп ғаламнан күші қалың,
Үстіне Арысланның қалқан жабың.
Құдіретімен Құдайым қылды жарлық:
«Бұ көпірге Мұртазаның өзі барсын».

Хазіреті Мұртаза атқа мінді енді,
Пайғамбарға келді де қол көтерді.
Алладан анық хабар естіген соң,
«Ықыласыңмен бата бер маған», — дейді.

Пайғамбардан бата алып қадам басқан,
Ғалиды көрген кәпір жаман сасқан.
Алладан анық хабар естіген соң,
Шер Ғалидың қуанып көңілі тасқан.

— Құлағыңнан ұстап алып жерге ұрайын,
Сүйегіңді күл қылып ұшырайын.
Ақырды келе жатып Ғали Арыслан,
Кәпір көріп қорықты мұның жайын.

— Әй, кәпір, танимысың, мен Ғалимын,
Арысланы Алланың дұғайымын.
Әй, кәпір, бірің түгіл, бәрің шықшы,
Бәріңді бір шапқанда жай қылайын.

Ақырып Пәруан келді, күрзі қолда,
Лебізінен тау-тас тітірейді ақырғанда.
Зұлпықарын суырып қарсы тұрды,
От пен жайын шығарды ұрысқанда.

Шоқпарменен ұрысты сол арада,
Һәр түрлі қару қылды бір-біріне.
Күрзілері бөлініп аспанға ұшты,
Бұл ұрыста өтіпті сегіз жұма.

Қарулары бөлініп ұшты аспанға,
Һәр түрлі қару қылды бір-біріне.
Осы Ғали қайтеді деп қызық қылып,
Түсе қалып күреседі сол арада.

Қиямет қозғалғандай ұрыс болды,
Жер ортасы майданға дұрыс болды.
Ұшар құс, жын, диюлер бәрі шулап,
«Ғалиға қуат бер» деп налаш қылды.

Құстар сонда аспанға ұшып кеткен,
Тілек тілеп аспаннан қайтып келген.
Баршасының шулаған себебі сол,
Баршасына Зеңгірдің тізесі өткен.

Барша жандар Алладан тілек қылған,
Неше түрлі ұрысып жүр көпір хайуан.
Сонда дағы көпірді жыға алмай жүр,
Көпір жүһүд Ғалидың көңілін басқан.

Хазіреті Ғали созылып көпке барған,
Неше түрлі хайламен ұрыс салған.
Сонда дағы көпірді жыға алмайды,
Сол уақытта Ханафия жетіп келген.

Ханафия бұларға жетіп барған,
Бабасының қасына келіп тұрған.
Ғали Арыслан көпірді жыға алмаса,
Зеңгірден келіп тұрған алтын сайман.

— Жан баба, қылмадың ба хайла бұған,
Зеңгірден келіп бұған [алтын] сайман.
Сіз шаршасаңыз, қоя бер бұ көпірді,
Тамаша ғып қараңыз енді маған.

Жетіп келді Ханафия сонда терлеп,
— Қызығымды, жан баба, өзің көр, — деп.
Ьешбір хайла қылмадың бұ көпірге,
Қолыңдағы қаруың маған бер, — деп.

Бұ сөзіне ашуланды хазірет Ғали,
Қалқан, сауыт һәммасы болды пара.
Денесінен қарыс болып түгі шығып,
Барлық күшін қолына жиып алды.
Шер Арыслан сол жерде қаһарланып,
Бек қатты ашуланып лақтырды.

Пәруан батыр аспанға құстай ұшты,
Бұ көпірдің өзі де сондай күшті.

Қаһарланып атқаны сонша болды,
Ішіне мұсылманның барып түсті.

Түскенде Пәруан батыр қалды талып,
Қаһарланып ер Ғали айғай салып.
Көргеніңнен көрмегенің көп екен, — деп,
Пәруанды бес жүз жігіт алды байлап.

Пәруанның інісінің аты — Ғарап,
Дауыстады ер Ғали бұған қарап:
— Дүниеде мың бір жаның болса дағы,
Маған сен пар келмессің, батыр Ғарап.

Бұ сөзге Хасен батыр ашуланды,
Барды да күрзіменен салып қалды.
Айтқан сөзі кәпірдің қарсы болып,
Сүйегі топырақпенен бірдей болды.

Қалқан, сауыт — баршасы пара болды,
Түгі қалмай баршасы күлдей болды.
Зеңгір хан бұған енді намыс қылды,
Пілменен палуандарға жарлық қылды.

Атқа мініп, қару-қапшық сайлап алып,
Мың палуан сап тартып келіп тұрды.
Соғысуға Ғалименен даярланып,
Қасына Пайғамбардың келіп тұрды.

Мың палуан сап тартып келіп тұрған,
Пайғамбарым бұларға қайран қалған.
«Ей, Мұхаммед, шығар, — деп, — бір палуанды»,
Солай деп ақырып тұр кәпір хайуан.

Шер Арыслан сол жерде атқа мінді,
Пайғамбарға келді де қол көтерді:
«Жалғыз өзім ұрысам бұ кәпірмен,
Ықыласыңмен бата бер бізге», — дейді.

Пайғамбар қолын жайып бата берді,
Соғысқалы ер Ғали атқа мінді.
«Бабамыз жалғыз кетіп барады» деп,
Тоғыз ұғлы қасына жүгіріп келді.

Тоғыз ұғылын ертіп өзіменен,
Шер Арыслан он болып атқа мінді.
Осыншаға он мұсылман келді, — деп,
Аламыз деп кәпірлер үміт қылды.
Хасен батыр көрді кәпір соғыстарын,
Үлкен майдан сол жерде соғыс қылды.

Бір мұсылманмен ұрысқан жүз палуан,
Ер Ғали тоғыз ұғлыменен кәпір қырған.
Қаһарланып сол жерде Шер Арыслан,
Соғысқан кәпірлерді қойдай қырған.

Хазіреті Ғали кәпірге қаза салған,
Жердің жүзі қып-қызыл қанға толған.
Сансыз кәпірді ер Ғали қырғаннан соң,
Бір он кәпір Зеңгірге қашып барған.

Он кәпір Зеңгір ханға қашып барған,
Қол-аяғы қызыл қанды басып барған.
Тамаша етіп Ғалидың ұрысын сөйлеп,
Падишаның алдында зар жылаған.

— Ей, тақсыр, мұндай жанды көрмедік біз,
Мыңымыз бір адамдай болмадық біз.
Елу күндей ұрыстық Ғалименен,
Қайратын білсеңіз — ұшан-теңіз.

Бұ сөзге құлақ салсаң, хан сұлтаным,
Баршаңыз құлақ салып маған наның.
Әскер алып бармасаң, ей, тақсыр хан,
Әйтпесе кетер, — дейді, — сіздің сәнің.

Зеңгір хан бұларына намыс қылған,
Ол барған он батырды қайта қуған.

— Ей, тақсыр, өлтірсең де Ғалиға бара алмаймыз,
Енді сенің дініңде тұра алмаймыз,
Қорықсақ та, сыйласақ та дініңе кірдік,
Пайғамбардың дінінен ұялмаймыз.

Он палуан жүгірді «барамыз» деп,
Зеңгір қуды артынан «өлтірем» деп.
Мұсылман болып қашқанын Ғали біліп,
Ғали тағы ат қойды аламын деп.

Қиямет қозғалғандай соғыс қылды,
Жер ортасы майданға дұрыс болды.
Ұшар құс, жын, диюлер бәрі шулап,
«Ғалиға қуат бер» деп налаш қылды.

Адасты бір-бірінен сахабалар,
Ақылынан адасты тірі жандар.
Жалғыз-жалғыз болып кетті бет-бетімен,
Бір-бірлерін біле алмайды сахабалар.

Кәпірді хазірет Ғали аралайды,
Ішінде жүріп баршасын саралайды.
Ол күні өлген жанның қисабы жоқ,
Аққан [қан] судай болып сарқырайды.

Хазіреті Жәбірейіл жетіп келді,
Келді де Пайғамбарға хабар берді.
«Ей, Мұхаммед, туыңды тік, бөлек шық», — деп,
Хазіреті Жәбірейіл айтып кетті дейді.

Пайғамбар туын тігіп, жұртын жиды,
Бағдат тауының басына барып тұрды.
Барша жұртын жиып алып түгендесе,
Сахабадан он төрт мың шаһид бопты.

Он төрті шаһид болды сахабадан,
Кәпірден қырылыпты есепсіз жан.
«Ғалиды өзім барып өлтірем», — деп,
Сол жерде Зеңгір патша ойына алған.

Зеңгір патша сол сөзді айтып атқа мінді,
Майданның ортасына келіп тұрды.
— Дәмең болса, кел, Ғали, жылдам желдеп,
Қорыққаныңнан дініме кір, — деп айғайлады.

Даусын естіп Арыслан ақырады,
Пайғамбарға келді де қол қусырды.
— Қызығын бұл көпірдің бір көрейін,
Ей, баба, батаңды бергіл маған, — дейді.

Пайғамбардан бата алып қадам басқан,
Ғалиды көрген көпір жаман сасқан.
Ақырып келе жатыр хазіреті Ғали:
— Дәмең болса, ей, көпір, келші маған!

Пайғамбардан бата алып қадам басқан,
Көрген көпір Ғалидан жаман сасқан.
Екеуі екі-үш күндей ұрыс қылды,
Ғалидан Зәңгір лағин қуаты асқан.

Қиямет қозғалғандай ұрыс қылды,
Жер ортасы майданға дұрыс болды.
Ұшар құс, жын, диюлер бәрі шулап,
«Ғалиға қуат бер» деп налаш қылды.

Тау басына күресіп шықпақ болды,
Қаһарланып шоқпарменен соқпақ болды.
Екі-үш күндей екеуі ұрысқанда,
Көпір жүһүд Ғалиды жықпақ болды.

Күресті сол арада қатты терлеп,
Бір тарлық Ғалиға түсті үлкен міндет.
Күрсіңді сол арада Ғали Арыслан,
«Хал кетті, тақсыр бабам, қолдай көр», — деп.

Жәбірейіл сол арада жетіп келді,
Ғалидың қысылғанын көзі көрді.
Алланың Арысланы қысылған соң,
Тізелесіп Жәбірейіл екеулейді.

Жәбірейіл келгеннен соң көңілі тынды,
Кәпірің мұны көріп мойын сұнды.
Ер Ғали Жәбірейілмен қосылған соң,
Екеулеп сол арада алып ұрды.

Зұлпықарын суырып алып барды,
Суырып мойнына салып барды.
«Әй, кәпір, кәлима айтып, дінге кір», — деп,
Ғали Арыслан осылайша хабар берді.

— Бәрі дағы күшке асты, — дейді,
Жарымынан бөрінен тасты, — дейді.
Көп жұртымменен мұсылман мен болайын,
Рұқсат бер бүгін кешке маған, — дейді.

Тұрғызып Зеңгір ханды қоя берді,
Алланың бұйырғанын көреді енді.
Өз қолынан жүз мың ләшкер бөліп алып,
Түнде қашып Зеңгір хан жөнеледі.

Таң атқан соң Зеңгірге Ғали барды,
Кәпірлерді аралап көзін салды.
Түнде қашып кетіпті Зеңгір патша,
Шаһзада сол арада қайғырады.

Ғали Арыслан сол жерде ашуланды,
Ашуланып Дүлдүліне мініп алды.
«Қалған кәпір, жазаңды берейін», — деп,
Кәпірге сол арада қырғын салды.

Дүлдүлге мініп кәпірді аралайды,
Кәпірдің араларын саралайды.
Өлген жанның кәпірден қисабы жоқ,
Аққан қан судай боп сарқырайды.

Дүлдүлге ашуланып мініп алды,
Кәпірге сол арада қырғын салды.
Тіл алғанын мұсылман қылды сонда,
Дінге енбеген кәпірді қырды сонда.

Дүлдүлдің тері ағады сауырынан,
Ғалидың кім қалады дауысынан.
Қисабы жоқ көпірді қырған шақта,
Қан келеді Дүлдүлдің бауырынан.

Ашуланды Зеңгірді қуамын деп,
Мен оны не себептен жіберем деп.
Пайғамбарға келді де қол көтерді,
«Кеткен Зеңгір патшаны қуамын», — деп.

— Ей, балам, бұ қылғаның жарайды емес,
Кәпірге бұ қылғаның жаман емес.
Һәммасын да Құдай енді бізге берді,
Бұ да енді біздерге жаман емес.

Ғали сонда Пайғамбардың тілін алды,
Тілін алып сол арада тұра қалды.
Қашқан-пысқан кәпірдің көп олжасын
Үлесіп, сахабалар байып қалды.

Жүһүдке Пайғамбарым барған жері,
Кәпірге ақырзаман салған жері.
Елдей көшіп Мәдинеге жөнеледі
Кәпірдің дінге кірген баршалары.

Енді бір гәп сөйлейін Зейнеп қыздан,
Тілегі қабыл болады зарлағанның.
Ғашық болып зарланып жатқан екен,
Қашан хабар келер деп Мәдинеден.

Хасенге ғашық болып зарлап жатқан,
Көктегі періштелер құлақ салған.
Құдайдан Жәбірейілге пәрмен болды,
«Зейнепті Мәдинеге ерткіл» деген.

Жәбірейіл бұйрықпенен жетіп келді,
Зеңгір ханның үйіне құлақ салды.
Зейнеп қыздың жылаған үніменен,
Темір үйдің төбесін тесіп жетіп келді.

Тесігінен тырнақтай келді кіріп,
Түрегелді Зейнеп қыз тағзым қылып.
Жәбірейіл екенін танығаң соң,
Қол қусырып тұрады тәубе қылып.

Темір үйден тебіретпей алып ұшты,
Қанатының үстіне салып ұшты.
Көзін ашып-жұмғанша Жәбірейіл алып ұшып,
Шаһарына Мәдиненің алып келді.

Қыз көрген соң Арыслан қылды тойды,
Отыз бес күн шаһарын жиын қылды.
Тамам асхаб бұ тойға көп жиылып,
Сахабалар баршасы қызық қылды.

Зеңгір хан түнде қашып кеткен жері,
Мұратқа екі ғашық жеткен жері.
Мәдинеге Зеңгірдің барған жері,
Көп жамағат ұрысты салған жері.
Үш жүз алпыс қатынды Хасен алып,
Ең үлкені Зейнеп қыз болған жері.

Құдай қосқан қосағы Зейнеп қызды
Түсінде душар қылды Хақ Тағала.
Үш жүз алпыс қатынды Хасен алып,
Кітапта бір күн көрдім тағы өзім.

Көңілім бұ Зейнепке тола ма деп,
Басыма дәулет құсы қона ма деп,
Көп қатынды алыпты Хасен сонда,
Кітапта көрген қызым бола ма деп.

Хасенді қосқан қосағы Зейнеп қызға,
Түсінде душар қылған Хақ Тағала.
Бір Құданың достарын көп сөйледік,
Қол көтеріп қылыңыз бұған дұға.

Таммат тамам.

حكايت تاجل مالك

Хикаят Тәжілмәлік

Жаратып жіберіп ең бұл ғаламға,
Өзіңсің ризық берген жұмлә жанға.
Жазбаққа бір хикаят қалам алдым,
Жәрдем ет, Хақ, тіліме, Қадір Алла.

Тарихтан алдым жазып қарадым да,
Назым ғып шығармақ боп талабымда.
Бір падиша Мұхтар атты өткен екен
Исламға халифа боп заманында.

Ғаламға әділдікпен шыққан аты,
Ғалидан Шаһимардан арғы заты.
Әулетін ер Ғалидың таратқанда,
Мұхаммед-Ханафияның зүрриаты.

Жалғыз-ақ падишаның бар баласы,
Көзінің тілеп алған ақ-қарасы.
Ерлігі Рүстем менен Ғали Шердей,
Өзінің он алтыда жас шамасы.

Баяндап айтып өттік тегі-затын,
Жазылып кейінгіге қалсын хатым.
Дүниеде сол ұлыққа теңдесі жоқ,
Шаһизада Тәжілмәлік дей-дүр атын.

Өнерлі, теңдесі жоқ, болды дана,
Дүниеде бар ғылымды білді һәмма.
Қандай дос, қандай дұшпан бар екенін
Шамалап біліп болды шаһизада.

Мақсұдын істемекке ойына алған,
Қорқыныш етер емес тірі жаннан.
Көп жәбір мұсылмандар көретұғын
Әулеті әділердің Қараханнан.

Әулеті Қараханның Жалут, Таран,
Етін жеп әдет қылған, сойып адам.
Ұрыста неше мыңдық әрбіреуі,
Осындай жауыз халық, түрі жаман.

Бірнеше шаһарларды харап қылып,
Талайды мұсылманнан еткен талан.
Хайуанша бетіменен өсіп-өнген,
Көптігі дүние жүзін тұтқан тамам.

Тірі жан құтқармады ұсынғаннан,
Мекенін тастады жұрт қысылғаннан.
Қолында осылардың тұтқын болып,
Талайлар қаза тапты мұсылманнан.

Шаһизада бұларды естіп естен танды,
Халіне мұсылманның қайғыланды.
Бас кесіп, қан төгейін қырғын қылып,
Пида ғып бұлар үшін шыбын жанды.

Алдына атасының бала кірді,
Тағзым ғып, қол қусырып тіке тұрды.
Алмақ боп мұсылманның қанын жоқтап,
Мақсұдын айтып өтті үшбу түрлі.

— Әдінің әулеті екен Жалут Таран,
Ізденіп бармақшы боп келді балаң.
Тоқтатып жауыздықтан тәубе еттіріп,
Танытып бір Құдайды, дінге салам.

Тәубе ғып дін таппаса бірде-бірі,
Уағда айтып қасам іштім үшбу күні.
Қырғын ғып, басын кесіп, қанын төгіп,
Қоймаймын Қараханның бірін тірі.

Падиша назар етті баласына,
Көзі жетті тоқтамайтын шамасына.
Қан жұтып жалғызы үшін қайғы тұтты,
Тапсырып атасы мен бабасына.

Түсіне Мұхтар ханның еніп еді,
Пайғамбар төрт жарымен келіп еді.
Ақ туын Хақтың досты алып келіп,
Қолына шаһзаданың беріп еді.

Қол жайып бата берді баласына,
Көзінің ағы менен қарасына.
Кандуха, Жандауылды қосып берді,
Сиынып Нұр Мұхаммед бабасына.

Кандуха, Жандауылмен алған ұран,
Халқының хәкімі еді Иран, Тұран.
Ғұмардың хазіреті нәсілі еді,
Белгілі екеуі де сақыпқыран.

Батырды қырық сегіз мың алды таңдап,
Қисапсыз қару, қапшық азық қамдап.
Қалмастан шаһзадаға ерді бәрі,
Өнерпаз, қыранкерей, өңкей саңлақ.

Шаһардан қалмай келді жас пен кәрі,
Бақылдық айтты жылап жұрттың бәрі.
«Жеткіз, — деп, — шаһзаданы мақсұдына»,
Шулады қойдай маңырап баршалары.

Бата алып халайықтан жүріп кетті,
Арада үш ай жарым сапар етті.
Бас қосып, сауық салып өңкей көкжал,
Жалуттың шаһарына келіп жетті.

Жол жүріп үш ай жарым бұлар келді,
Жалутқа елші салып қағаз берді.
Бұйырған шаһзаданың пәрменімен
Қағазын алып келіп тапсырды енді.

Хат жазған әуел Алла атын салып,
Анадан туғаннан соң өлім анық.
«Құран шын, Пайғамбар хақ, Құдай бір-ді,
Тәубе қыл, ынсапқа кел, тілімді алып.

Өзіңнің пенде екеніңді жүрсің білмей,
Құдайға құл атанып дінге кірмей.
Дінге кір иман айтып, мұсылман бол,
Арада ұрыс болып қылыш жүрмей».

Бұл сөзге ашуланды Жалут надан:
— Мұныңды есің білмей айтпа маған.
Мені кім қожа болып қолданбақшы,
Дүниенің жүзін билеп тұрмын тамам.

Көзімнен бәріңді ертең кешірем деп,
Тұтқыннан енді ойлама шешілем деп.
Ізденіп машақатсыз өзі келген,
Отырмын мен сендерді несібем деп.

Жауабын алып келді елші қайтып,
Жалуттың бастан-аяқ сөзін айтып.
Бұрынғы жауыздықтан тоқтар емес,
Өзінен санамайды ешкімді артық.

Ұрысқа шаһизада белді буды,
Батырлар бәрі дайын аты шулы.
Анадан туғаннан соң өлім анық.
«Бабамның төрт жарынан мирасқор», — деп,
Қолына Кандуханың берді туды.

— Іс бітпес жекпе-жекке шыққанменен,
Жалғыздап таусыла ма жыққанменен.
Көрейік басқын қылып не де болса,
Жұмысын етсін әркім қолдан келген.

Мұсылман тәкбір айтып атқа мінді,
Алдында шаһзаданың өзі жүрді.

Ақ туын Пайғамбардың ортаға алып,
Шаһарға бет қайтармай келіп кірді.

Зәңгілер қарсы шығып ұрыс қылды,
Ғажайып істер болды неше түрлі.
Қисапсыз бас кесіліп, қырғын болып,
Екі жұрт қан ішінде шауып жүрді.

Батырлар сондай қатты қырғын етті,
Осындай соғыспенен үш күн өтті.
Өлімге зәңгі халқы қалды батып,
Қызыл қан дүние жүзін қаптап кетті.

Шаһзада кеткен жалғыз шыққан бетпен,
Басқын ғып батырларды келіп жеткен.
Кандуха, Жандауылмен — екі аждаһа
Дал-дал ғып зәңгі қолын ойран еткен.

Батырлар ұрысуға ерінбейді,
Жеңіске төбелестен жерілмейді.
Дамылсыз бес күн ұдай қырғын болды,
Еш нәрсе көздеріне көрінбейді.

Сонда да таусылмайды зәңгі қалың,
Ұрысқа келіп кірді Жалут залым,
Айырып шүберектей, нандай шайнап
Адамды қолға түскен жалғыз-жарым.

Жалут та жұрттан асқан батыр еді,
Көрмеген бұрын мұндай ғапыл ерді.
Ерлігін шаһзаданың көзі көрді,
Зәңгіні қырып келе жатыр еді.

Таң қалып тұрды біраз ақылы ауып,
Күрзімен ұрып келед, қылыш шауып.
Мас пілдей аузынан шыққан көбік
Аппақ қып тұла бойын кеткен жауып.

Қиратып қырып келед ұрып доптай,
Өзінен басқа жанда қайрат жоқтай.
Бір апат басқын қылып келе жатқан,
Желді күн қалың науға түскен оттай.

Жүре алмай екі жұрттың көліктері,
Еш адам мұндай қырғын көріп пе еді.
Майданға басқын болып қалды толып
Қырылған ат пен адам өліктері.

Жандауыл келіп жетті топты жарып,
Жалут тұр жолын тосып ыңғайланып.
Қалқанын көтергенше аял бермей,
Күрзімен Жандауылды кетті салып.

Жалут та батыр еді асқан мықты,
Күрзімен бір салғанда ұрып жықты.
Аты өліп, Жандауылдың қолы сынып,
Өзі өлмей, Құдай сақтап аман шықты.

Жандауыл өлмей қалды, көзі көрді,
Күрзісін оңтайланып тағы келді.
«Қыласың ынсапсыздық, әй, көпір», — деп,
Шаһзада жетіп келіп «тоқта!» деді.

Қарады аттың басын бұрып алып,
Өлшеусіз ер келгенін таныды анық.
Қылмақ боп не болса да бұрын қару,
Күрзімен шаһзаданы кетті салып.

Жалуттың күші қайда, немене еді,
Қайткенде артыққа кем теңеледі.
Сегіз жүз батпан күрзі тисе дағы,
Шаһзада бит шаққандай елемеді.

Айтады шаһзадаға Жалут тұрып:
— Мен сені қапылыста кеттім ұрып.
Мен дағы сен секілді қалқан тұтпай,
Берейін кезегіңді қарсы тұрып.

— Әй, Жалут, ояу тұрсың, түсің емес,
Нәмәрттік менің сендей ісім емес.
Басыңа қалқаныңды мықтап ұста,
Мен сенің ойнайтұғын кісің емес.

Күрзісін шаһизада қолына алып,
Басына Жалут тұрды қалқан салып.
Үйіріп неше қабат айналдырып,
Сыртынан қалқанының кетті салып.

Деген бар «соны орарсың, нені сепсең»,
Орнына бітпес Жалут, қайтып ексең.
Бір ұрған шаһзаданың күрзісінен
Атымен болып кетті жерге жексен.

Жалут та батыр еді болған ірі,
Ұқсамас адамзатқа ешбір түрі.
Өзінен күші асқанға шара бар ма,
Айтуға болып кетті көптің бірі.

Бір атты шаһзада алып барды,
Мінгізіп Жандауылды қасына алды.
Ұрыстан аман қалған мұсылмандар
Жиналып қосқа қайтып нағыра салды.

Батырлар дауысты естіп қайтты ұрыстан,
Кемімеді қанша өлгенмен зәңгі дұшпан.
Малшынып қызыл қанға тұла бойы,
Жиналып келіп жатыр әрбір тұстан.

Ұрысқан бес күн ұдай дамыл көрмей,
Аққан қан дария шалқар болды көлдей.
Бір жан жоқ жарақатсыз сонша көп-ті,
Бәрі де шаршап келді аты жүрмей.

Қызыл қан сауыттары пара-пара,
Батырлар қажып келді осыншама.
Кандуха кешке жақын жаңғыз келді,
Тәніне тоқсан алты түскен жара.

Қан болған киімдерін шешіністі,
Домалап қисабы жоқ оқтар түсті.
Ұрыстан өлмей аман келгендері
Жуынып демін алып отырысты.

Ішіп-жеп рақаттанды тамақтарын,
Сылқиып ашқандай боп қабақтарын.
«Ұрыстан қанша кісі қаза тапқан,
Қисапқа алыңыздар санап бәрін».

Ұрысып ұдайымен бес күн өткен,
Намазы бәрінің де қаза кеткен.
Өтеп ап қаза болған намаздарын,
Өлгеннің қисабына кірді шеттен.

Санады өлгендерді қисапқа алып,
Тоғыз мың он үш кісі өліпті анық.
Екі күн жинап алып намаз оқып,
Бәрін де дәфін етті алып барып.

Ұрыстан бұлар шаһид қазаланған,
«Ғазы» деп аталады тірі қалған.
«Жеті күн ат пен адам тынықсын», — деп,
Шаһзада әскеріне қылды пәрмен.

Айырған талайдың-ақ серіктерін,
Зәңгіден алды жинап өліктерін.
Мұсылман тәкбір айтып тағы аттанды,
Жеті күн тынықтырып көліктерін.

Шаһарға мұсылмандар келіп жетті,
Зәңгілер қарсы шығып ұрыс етті.
Шабуыл екі жақтың тозаңынан
Қап-қара дүние жүзі шаң боп кетті.

Қаптады топырақ боран, қараңғылық,
Біреуді болар емес біреу біліп.
Қайрат қып жатыр әркім шамасынша,
Бола ма өле беру жайға тұрып.

Өлтіріп бірін-бірі қанын шашып,
Найза шаншып, күрзі ұрып, қылыштасып.
Жан сақтап біреулер жүр басын қорғап,
Жау жайқап батырлар жүр төсін ашып.

Етеді кімге рақым бұл іспенен,
Аямай шапқаннан соң қылышпенен.
Ешбір жан дамыл алып тізе бүкпей,
Жеті күн өтті осындай жұмыспенен.

Ұрысты жеті күндей қырғын болып,
Талайлар топырақ қауып қалды өліп.
Қараңғы, күн менен түн бірдей болып,
Сахараға өлік пен қан кетті толып.

Қырылған зәңгілерде болмады сан,
Рүстем тірілді ме, Нариман, Сам.
Қырғынын шаһзаданың көрген халық:
«Дию ме, адамзат па, неткен қыран».

Әскерді оңды-солды аралады,
Бойына теңгеріп жан баламады.
Көшіріп дүние жүзін қылды дал-дал,
Ешкімді жан екен деп санамады.

Мұнымен қояр емес ешбір жанды,
«Қыран» деп шаһзадаға ат байланды.
Құлатты туын жығып үшбу күні,
Зәңгілер бұзылуға ыңғайланды.

Қараңғы дүние жүзін зұлмат басып,
Зәңгілер үріккен қойдай жүрді қашып.
Ғажайып жұрт көрмеген болды қырғын,
Жан, мақұлық ақылынан қалды адасып.

Қаһарман, бұл ұрыста бар ма Рүстем,
Кәр шашып тірілді ме Нариман, Сам.
Кешегі Хақтың Шері Арысланы
Ешбірі қылған емес мұндай қыран.

Көрген соң мұндай қырғын зәңгі састы,
Жалмады аждаһадай жеті басты.
Бәрі де аман тілеп қол көтеріп,
Қылышын төмен салып басын ашты.

Шаһзада әскеріне шақыртты жар,
Ұрыстан қол көтеріп тоқтаңыздар.
Биғат қып ислам дінге кіріп жатыр,
Ұрыстан аман қалған көп зәңгілер.

Жалуттың ордасына түсті барып,
Шаһарды дінге салды жиып алып.
Қалдырмай әйел-еркек, баршасына
Танытты ислам жолын мәсжід салып.

Мұсылман болды бәрі дінге кіріп,
Оқытты ислам жолын бір ай тұрып.
Шаһардың Жалут өліп алынғанын,
Таранға босқын барды хабар қылып.

— Исламның Мұхтар атты халифасы,
Әскерге бастық соның өз баласы.
Дүниеде мұндай қыран көрген жоқпыз,
Он алты-он жетіде жас шамасы.

Әуелде әскер алып шыққан елден,
Мақсұды сіздер екен іздеп келген.
Жалуттай жұрттан асқан баһадүрге,
Күрзімен бір ұрғанда ажал берген.

Әй, падишам, қамыңызды қыл ертерек,
Кешікпей үстіңізге келсе керек.
Ешкімнен беті қайтар көрінбейді,
Болмаса ажалыңа өзің себеп.

Ер Таран Жалут үшін қайғыланып,
«Көзбенен көрдіңдер ме, өлді ме анық?»
Төзе алмай бірге туған бауырласқа,
Жылаумен жатты біраз естен танып.

Төсектен көтерді басын есін жиып,
Көзінің отырады жасын тыйып.
Алты жүз алпыс алты шаһар екен,
Таранның хүкіміне тұрған сыйып.

Хат алып бас-басына елші барды,
«Жиналып тез жетсін» деп хабар салды.
Жерді алып үш айшылық қонды әскер,
Ауыр қол он бес күнде жинап алды.

Таранның мажалы жоқ сабыр қылар,
Жалуттың құнын алса сонда тынар.
Әскерге «аттансын!» деп қылды жарлық,
Бет алып «жау қайда?» — деп жүрді бұлар.

Қисапсыз әскерменен осы түрлі,
Жатпастан күні-түні бірдей жүрді.
«Жетті, — деп, — Таран келіп ауыр қолмен»
Біреу кеп шаһзадаға хабар қылды.

Шаһардың мешітпенен байлатты айын,
Әскердің жабдығының қылды жайын.
Ізденіп жау қайда деп отырғандар
Жиналып сағатында болды дайын.

Дін үшін ел-жұрттан болған жүдә,
Жәрдем ет мұсылманға, Қадір Құда.
Таранға қарсы келіп сабын бойлап,
Әскермен сегіз жүз мың тұрды бұ да.

Майданға Таран келді қаһарланып,
Исламға садақ атты бір оқ салып.
Кісіні отыз екі шаһид қылып,
Орнына отырады қайта барып.

Бұл жұмыс шаһзадаға ауыр келді,
Бір оқтан отыз екі адам өлді.
Қан толып екі көзге ашуланып,
Ақырып аждаһадай майданға енді.

Шыққандай зәңгілерге жекпе-жекке,
Жақындап жүріп келді қалың көпке.
Садаққа бір оқ салып атты бұл да,
Ерлігін екі жұртқа көрсетпекке.

Қайратын жиналған жұрт бәрі көрді,
Ешкімге мынау, сірә, бермей тұрды.
Бұл атқан шаһзаданың бір оғынан
Зәңгіден жетпіс алты адам өлді.

Зәңгілер қорықты қатты ақылы ауып,
Таран да мұны көріп қылды қауіп.
Күшпенен болмайтынын шамалады,
Хайламен өлтірмесе бір жол тауып.

Қуаты шаһзаданың болды ғалып,
Зәңгіге берді қорқыныш есін алып.
Бірден ат қойды Таранның бес баласы,
Әскерін өзіне тән ертіп алып.

Шаһзада мұны көріп қайраттанды,
Өлшеусіз Тәңірі берген күші бар-ды.
Әскермен неше жүз мың бес аждаһа
Батырды Тәжілмәлік ортаға алды.

Жаңбырдай жауғызады садақ оғын,
Шаһзада тыңдар емес азы-көбін.
Ақырып арыстандай қайрат қылып,
Зәңгінің қылды дал-дал талай тобын.

Тамаша көрсетіп жүр әр түрлі ойын,
Шамалап бір-бірінің көрді бойын.
«Қозғалма!» дейді шаһзада әскеріне,
Көрмек боп бүгінгі күн жалғыз тойын.

Тамаша қылды халық өңкей жасты,
Күн көзін қараңғылап зұлмат басты.
Таранның Қасура атты бір баласы
Ұрыста шаһзадамен душарласты.

Ер еді Қасура да болған күшті,
Іздеген сұрағанға жолығысты.
Біреуі ұрғанын бірі қағып,
Тамаша көрсетеді әрбір істі.

Қасура күрзісін ап жетіп келді,
Шаһзада қалқан тұтпай тұра берді.
Бар күшін екі қолға жиып алып,
Күрзімен үш қайтара ұрады енді.

Тәуір-ақ Қасураның күші бар-ды,
Болмайтынын болғызып ед талайларды.
Талқан боп тас та болса кетер еді,
Болды деп мынау қалай қайран қалды.

— Өзімді білуші едім ер секілді,
Басқаны көруші едім кем секілді.
Анадан мұндай болып туа бермес,
Ешбір жан көрген жоқпын сен секілді.

Қасура айтты: — Әй, батыр, құлағың сал,
Зауық етіп ерлігіңе ақылым дал.
Тұрайын өзіңдей боп қалқан тұтпай,
Үш ұрып сен де менен кезегіңді ал.

— Қасура, сөзім тыңда құлақ салып,
Данышпан ер екенсің, тұрмын танып.
Болашақ тергелетін қиын күн бар,
Туған соң адамзатқа өлім анық.

Дінге кір, мұсылман бол тілімді алып,
Өлген соң қор боларсың отқа жанып.
Имансыз күпірлікпен өткен адам
Отпенен ғазап тартар мәңгі қалып.

Бабамыз Құдай досты Пайғамбары,
Сыдық пен Ғұмар, Ғұсман шаһариары.
Ислам нұрын шашқан, дінін ашқан,
Сұрасаң, өз атамыз — хазірет Ғали.

Бұл күнде кетті олардың бәрі де өтіп,
Алладан пәрмен болып, қаза жетіп.
Әулеттің сол секілді нәсілі — мен,
Айтайын өз жайымды баян етіп.

Қасура, өз көзіңмен көрдің дұрыс,
Сөзімді жалған болса дерсің бұрыс.
Дінімнің шарапаты мұның бәрі,
Оқ өтіп кеспейтін мені қылыш.

— Әй, батыр, бұл айтқаның қыла алмаймын,
Сөзіңде өтірік бар деп біле алмаймын.
Жұрт айтар жанынан қорқып бағынды деп,
Діниңе соның үшін кіре алмаймын.

Жасырмай көңліндегі айтты шынын,
Үгіт сөз орындалмай болды шығын.
Шайтанның ағуасына көңіл қойып,
Намыс қып білді дінге кірмейтінін.

— Қасура, насихатым тыңдамадың,
Айтқанды ажал жетіп қылмағаның.
Шайтанның ағуасына көңіл беріп,
Мойныңды дін исламға бұрмағаның.
Мұсылман бола ма деп үміткер боп,
Сен шындап жүрсең де мен шындамадым.

Айтарлық енді саған сөзім қысқа,
Ажалға кезіккен оқ келдің тұсқа.
Ақыры ғұмырыңның біткен күні,
Басыңа қалқаныңды мықтап ұста.

Күрзісін ашуменен қолына алып,
Қасура қалқан тұтты даярланып.
Долданып еш нәрсені көзі көрмей,
Сыртынан қалқанының кетті салып.

Болмайды ажал жетсе ешбір хайла,
Екі жұрт тамаша ғып тұрды жайға.

Бұл ұрған шаһзаданың күрзісінен
Атымен болып кетті майда-майда.

Таранның мұны көріп төрт баласы,
Өлген соң бірге туған бауырласы,
Батырға Тәжілмәлік жалғыз тұрған
Шулап ат қойды зәңгі кәрі-жасы.

Төртеуі әскеріне бұйырады,
Жаңбырдай садақ оғы құйылады.
Аллаға мінәжат қып шаһизада,
Атасы, бабасына сиынады.

— Қолдай гөр, Нұр Мұхаммед бабам, — дейді,
Атам Ғали, Фатима анам, — дейді.
Ішінде қалың жаудың жалғыз қалып,
Қиындық көрді мұндай балаң, — дейді.

Қалың жау жалғыз жасты ортаға алып,
Біреуі қылыш, біреуі найза салып.
Түктері киімінен тесіп шықты,
Ақырып арыстандай қатуланып.

Жасқанып, жау көп қой деп санамады,
Бөгеліп жалғыздығын қарамады.
Жөңкілтіп қасқыр тиген қойдай қылды,
Болыпты есік-есік аралары.

Зәңгімен ұрысқалы төрт күн болды,
Айдап жүр алдына сап қалың қолды.
Таранның бір баласы аман қалып,
Төртеуі шаһзаданың қолында өлді.

Қиындық ұрыс көріп ашынады,
Қызыл қан судай болып шашылады.
Атасы, бабасынан жәрдем болып,
Қисапсыз жауды жалғыз қашырады.

Құдай мен Пайғамбардан жәрдем жетті,
Бір басын сонша көпке үстін етті.
Таранның төрт баласы ұрыста өліп,
Баласы Хожант деген аман кетті.

Көрген соң ауыр қырғын қашты кәпір,
Қашырып жауын жеңіп қайтты батыр.
Жалутпен тұрмай төрт ұлы қабат өліп,
Ер Таран есін білмей жылап жатыр.

Қайғылы зәңгілердің болды халі,
Кім өлмес тағдыр жетіп келсе ажалы.
Жаяулап шаһзаданың алдына кеп,
Тағзым қып сәлем берді жолдастары.

Жыласты тағат қылмай бірде-бірі:
— Жалғыздық басыңызға түскен күні.
Айтылған әміріңізден аса алмадық,
Шыдамай шықпаған жан тұрдық тірі.

Шаһзада шатырына келіп түсті,
Жуынып, демін алып тамақ ішті.
Қазасын намазының өтеп алып,
Сұхбат қып батырлармен отырысты.

Он күндей ұрыс болмай жатты қарап,
Қарауыл қатты қойып екі тарап.
Күнбе-күн келіп жатыр зәңгі қолы,
Қисабын білер емес ешкім санап.

Көрмеген ешкім мұндай ауыр қолды,
Көптігінен дүниенің жүзі толды.
Айтқанда былайша деп шама қылып,
Дүниеде бос жер қалмады деуге болды.
Тарихтың айтуына қарағанда,
Мұнан көп жиналыс жоқ бұрын-соңды.

Таранға патшалары салды ақыл:
— Жай қарап жатуымыз емес мақұл.

Өлтіріп шаһзадасын басын кесіп,
Салайық әскеріне заманақыр.

Бұларды алып болып Бағдат барсақ,
Қара күн бастарына қайғы салсақ.
Өлтіріп шаһзадасын, халқын қырып,
Болмай ма өлгендердің датын алсақ.

Осыны мақұлдады барша кәпір,
Үгіттеп Таранды да тұрғызды ақыр.
Барабан соғып зәңгі кернейлетіп,
Сап тартып майдан жерге келе жатыр.

Аттанды мұсылман да мұны көріп,
Зәңгіге сап байлады қарсы келіп.
Кандуха шаһзададан рұқсат алып,
Түрлі өнер көрсетті майданға еніп.

Бір зәңгі шықты ойнатып керік мініп,
Аяғы келді жерге сүйретіліп.
Шаһардың Сылан деген патшасы еді,
Келеді айбатынан жер айырылып.
«Білдір, — деп, — аты-жөнің» қысып жатыр,
Жансынбай Кандуханы көзіне іліп.

— Әй, зәңгі, танымасаң танытайын,
Белгілі әркімдерге менің жайым.
Сен дағы жөніңді айтып білдір маған,
Сұрасаң өз жөнімді баяндайын.

Зәңгіге ислам кілтін ашушы мен,
Арабтың ішіндегі асылы мен.
Иранның патшасы мен, Кандуха — атым,
Төрт жардың хазірет Ғұмар нәсілі мен.

Естіп Кандуханың сөзін тыңдап,
Ерлерге уақыт болды қайрат қылмақ.
— Қолымнан талайларға ажал берген
Сыланның падишасы мен, атым — Имлақ.

Патша боп қолың жеткен екен құсқа,
Ажалың айдап келді біздің тұсқа.
Тиісті орыныңа жіберейін,
Басыңа қалқаныңды мықтап ұста.

Кандуха мұны көріп қалқан жауып,
Қылышпен Имлақ батыр кетті шауып.
Дулыға, болат қалқан болды дал-дал,
Бұл сапар қала жазды қаза тауып.

Имлақ та батыр екен асқан күшті,
Көрсетті бұл секілді осы істі.
Қалқанның сынықтары аспанға ұшып,
Қызарып жан-жағына шоқ боп түсті.

Бір-бірін аяр емес, төкпек қанын,
Пендесің, бола бермес ойлағаның.
Имлақтың қылышынан аман қалып,
Нәубеті келді ұратын Кандуханың.

Қылышын жалаңаштап қолына алып,
Секілді аш арыстан қатуланып.
Дулыға, болат қалқан тоғыз қабат,
Сыртынан қылышпенен кетті салып.

Имлақ та бойсұнбаған тірі жанға,
Кез келді Кандухадай арыстанға.
Қалқаннан тоғыз қабат өтіп барып,
Басына сынық сүйем түсті таңба.

Іліне жаздады ажал қармағына,
Қылыш пен қол күшінің салмағына.
Қалқанның сынықтары от боп жанып,
Қызарып шоқ боп түсті жан-жағына.

Екеуі кезекпенен қылыштасып,
Біреуін ала алмады бірі басып.
Қылады дүниені астын-үстін,
Жұлқысып ат үстінен жағаласып.

Қылыштан тау-тастары шағылады,
Шаң-тозаң дүние жүзін қабындады.
Ұрысты қанша уақыт найзаласып,
Мұрады мұныменен табылмады.

Күш-қайрат, қалдырмады бар өнерін,
Екеуі қылды дал-дал жүрген жерін.
Қызығын мұның дағы көрмек болып,
Алыпты қолдарына күрзілерін.

Әуелі кезек алып Имлақ ұрды,
Кандуха қалқан тұтып қарап тұрды.
Дүние қап-қараңғы болып кетті,
Көрмеген бұрын қайрат мұндай түрлі.

Көрмеген ауыр таяқ бұрын бұдан,
Еш адам тең келмеген жұртында Иран.
Күрзімен Кандуханың шыққан аты,
Атанып дүниеге сақыпқыран.

Күрзісін қолына алып ыңғайланып,
Басына Имлақ түсті қалқан алып.
Көзінен от, аузынан көбік шашып,
Үйіріп зуылдатып кетті салып.

Айтулы ауыр тиді бұл таяғы,
Болмайтын ерлік қайда, күш баяғы.
Жығылды атыменен Имлақ жерге,
Созылып мұнарадай екі аяғы.

Екі жұрт қарап тұрған бәрі көрді,
Ат салып, қаптап зәңгі майдан жерді.
Аты өліп, шала-жансар қалыпты өзі,
Зәңгілер алып шықты Имлақ ерді.

Қайғы күн зәңгілерге болды толық,
Барған соң кешікпейді Имлақ өліп.
Барабан соғып, тартып кернейлерін,
Тарқады екі әскер күн кеш болып.

Түн болып дамылдады барша халық,
Таң атып, дүние тағы болды жарық.
Екі жұрт майданға кеп сабын бойлап,
Кандуха жекпе-жекке тұрды барып.

Үмітпен жекпе-жекке әркім келген,
Қайтпады біреуі аман майданға енген.
Белгілі аты шыққан батырлардан
Жетпіс үш адам өлді зәңгілерден.

Күйікпен Таран шыдап тұра алмады,
Қаруын киіп, пілін құралдады.
Таранды көріп шаһзада келді жетіп,
Майданнан Кандуханы шығарғалы.

— Дұшпанға қайрат қылып алдың сауап,
Еткендей он мәртебе Қағба тауап.
Рұқсат енді сізге, әскерге бар,
Таранға мен берейін өзім жауап.

Кандуха рұқсат алып қайтып кетті,
Қасына шаһзаданың Таран кепті.
— Тұрмысың меніменен ұрыспақ боп,
Әй, бала, жөніңді айтып сөйле, — депті.

Мен — Таран, танымасаң, дүниені алған,
Басына талайлардың қайғы салған.
Менімен ұрысуға жеткен жоқсың,
Сен өлсең, әке-шешең қылады арман.

— Әй, Таран, мақтанасың неңе сеніп,
Мен саған ұрысуға тұрмын келіп.
Жоғары құр кеудеңді көтересің,
Дүниенің тұтқасы өзің секілденіп.

Ер болсаң, істеу керек мардтың ісін,
Рақым ғып мені аяма жетсе күшің.
Лайық мақтаншылық сонда бойға,
Артылса дұшпаныңнан еткен ісің.

Аяма, алысқанда атаңды жық,
Ұстасаң қол, тістесең кетсін тісің.
Дәріптеп өзіңді-өзің көтересің,
Менің кім екенімді білемісің?!

Тосылып Таран қалды сөйлер сөзден,
— Әй, бала, жоқ па айтатын мұнан өзгең.
Бойы өсіп, бұғанасы қатпаған деп,
Айтып ем аяушылық көріп көзбен.

Қозғалып Қап тауындай Таран келді,
Қайыстырғандай болып қара жерді.
Бұрынғы топан кешкен Нұх болмаса,
Мұнан зор жан иесі тумап еді.

Таранның әр денесі бір мұнара,
Таң қалды түрін көріп шаһизада.
— Япырым-ай, бұл да анадан туды ма екен,
Жаратқан қалай зор ғып Хақ Тағала.

Ешбір жан тірі қоймас мынау жеңсе,
Алар ма еді тірі байлап шама келсе.
Болар ед дін исламға арқа көзі,
Мұбада мұсылман боп дінге енсе.

Осындай көңіліне қиял енді,
Бел байлап тәуекел ғып Хаққа сенді.
«Өлтірмей шама келсе жөнін тауып,
Алсам, — деп, — тірі байлап Таран ерді».

Таран кеп сөз сөйледі шаһзадаға:
— Бұрынғылардай мені көрме жана.
Арманда болмай барыңда қимылдап қал,
Кезекті әуел саған бердім, бала.

— Ол емес, — шаһзада айтты, — мардтың ісі,
Кем болса шара бар ма қайрат-күші.
Сенікі әуел кезек, батыр Таран,
Үлкенге жол береді жасы кіші.

Таң қалды бұл сөзіне батыр Таран,
— Жарайды,ер екенсің, — дейді, — балам.
Басыңа қалқаныңды мықтап ұста,
Бұл жолдан демей, сірә, аман қалам.

Шаһзада қалқан тұтты тілін алып,
Арыстандай келді Таран қатуланып.
Көтеріп сегіз жүз мың батпан күрзі,
Үйіріп зуылдатып кетті салып.

Аспаннан тау-тас құлап тигендей боп,
Көңілі кетті жұмсап игендей боп.
Дірілдеп жер солқ етті зардабынан,
Қараңғы болып дүние күйгендей боп.

Шаһзада өлмегенін Таран көрген,
Көктен түсіп, шықты ма яки жерден.
«Өлмек түгіл, табаны таймады ғой,
Бір ажал болмаса екен маған келген.

Қопарып дүниені көшіріп ем,
Күл қылып талайларды өшіріп ем.
Ешбірі көрген жоқ ед болып мұндай,
Қайратым жүрмей кетті бұған неден?!»

Өнермен ашпақ болып ұрыс табын,
Қайткенде келтірем деп ойлап бабын.
Шаһзада мұндай шұғыл кетті ойға,
Таранның өлмей қолға түсу жағын.

Басына қалқан ұстап Таран тұрды,
Күрзімен Тәжілмәлік қыран ұрды.
Аяғы үзеңгіден шығып кетіп,
Жығыла жаздап пілдің басын бұрды.

Қараңғы болып дүние тұманданып,
Қалжырап тұрды Таран естен танып.
Қалқанның сынықтары шоқ боп түсті,
Қызарып жан-жағына от боп жанып.

Таранның от боп жанып іші-тысы,
Қапастан ұша жазды бұлбұл құсы.
Зілзала берді жерге қозғалыс қып
Күрзінің ауырлығы, қолдың күші.

Ашуын тұрды Таран алайын деп,
Болмаса дүние салып қалайын деп.
Қалқанын көтергенше аял бермей,
Қылышпен не де болса салайын деп.

Қылышпен шаһзаданы шапты басқа,
Мақсұды осы жолдан шығармасқа.
Кеспеді қайткенменен бір тал қылын,
Жаралған рұхтан болып әуел баста.

Өтейік түсінік беріп үшбу жерден,
Бірнеше кітаптарда хабар берген.
Оқ өтіп, қылыш кеспес рұхтанның,
Екеудің біреуі осы дүниеге енген.

Тұтылған мұның бәрі тәпсірде бар:
Біреуі өтті Рүстем тұсында Зал,
Кияни шаһларының нәсілінен
Рұхтан өткен бір ер Асфандияр.

— Әй, Таран, мұның емес мардтың ісі,
Нәмәрттік етпес мұндай жақсы кісі.
Жанға апат сабырсыздық келтіреді,
Кім үстін болмайын дейд жетсе күші.

Айтып боп осылай деп ұрысқа енді,
Қосына ұрайын деп жақын келді.
Сыртынан тоғыз қабат қалқанының
Қылышпен шапты басқа Таран ерді.

Есі ауып еш нәрсені көзі көрмей,
Тілдері сөйлейтұғын сөзге келмей.
Қан кетті мұрны менен ауызынан,
Сөйтсе де батыр Таран қалды өлмей.

Қалпына түсті тағы бәз баяғың,
Көтерді нарлықпенен ер таяғын.
Қасына шаһзаданың жетіп келді,
Тепсініп, есін жинап, екі аяғын.

Ашумен келген жерден бастады ұрыс,
Тастауға қолдан келсе істеп бір іс.
Қарап тұр тамаша ғып жұрттың бәрі,
Ақырып екі аждаһа салды ұрыс.

Жұмсамай өнер, қайрат қалдырмады,
Сөйтсе де бір-біріне шалдырмады.
Қараңғы болып дүние, күн көрінбей,
Екі жақ тұс-тұстан шам жандырғаны.

Шам жағып тұс-тұсынан қылды жарық,
Қарасып тамашаға барша халық.
Екеуі күндіз-түні ұрысып жүр,
Ас ішіп, ұйқы көрмей, дамыл алып.

Қараңғы — күндізгі күн болды түндей,
Алысып екі аждаһа жеті күндей.
Қазылып ор боп қалды жүрген жері,
Тас-топырақ аспанға ұшып болды жүндей.

Мас пілдей ақырады көбік шашып,
Біреуін ала алмай жүр бірі басып.
Зілзала жер жүзіне қозғалыс боп,
Сулары дариялардың кетті тасып.

Басуға жер, кіруге көр таба алмай,
Жөңкіліп бар мақлұқат жүрді қашып.
Таң атып, күн шықпады жеті күндей,
Барша жан ақылынан тұрды адасып.

Аямай ұрғанында бірін-бірі,
Қалуға мүмкін емес өлмей тірі.
Қалжырап аяқтарын баса алмады,
Болдырып екеуінің ат пен пілі.

— Сөз тыңда, — Таран айтты, — құлақ салып,
Дүние шаң басылып, болсын жарық.
Тынықсын және мінген көлігіміз,
Келейік тамақ ішіп рахаттанып.

Тынығып бұл екеуі үш күн жатты,
Күн шығып, шаң басылып, таң да атты.
Жуынып тер-топырағын бойындағы,
Ішіп-жеп көрді Таран ер рахатты.

Сөйлейік шаһзаданың енді халін,
Өтеді қаза болған намаздарын.
Таранды жеңіп байлап алмағанға,
Тәңірге тазарылып айтты зарын:

— Қабыл ет тілегімді, Хақ Зұлжалал,
Осындай көңілімде мұддағам бар.
Болар еді мұсылманға арқа күзеу,
Таранды күпірліктен исламға сал.

Көзіне шаһзаданың ұйқы келді,
Мұхаммед-Ханафия түсіне енді.
Таранға ислам нәсіп болмайтынын,
Тағдырда жазылмаған хабар берді:

— Ғапылдық мұнан былай етпе, балам,
Жақында қолыңызға түспес Таран.
Исламның он сегіз жыл дінін ашу,
Әуелде міндет деген Тәңірім саған.

Жүріпсің он сегіз жыл бұл жолда анық,
Зәңгіні мұсылман ғып дінге салып.
Орындап мақсұдыңды ойыңа алған,
Көресің ата-анаңды аман барып.

Оянып ұйқысынан түрегелді,
Осындай шаһизада бір түс көрді.
Дін исламға кіруінен үміт кесіп,
Шақырды майданға кеп Таран ерді.

Келгенін шаһзаданың Таран көрді,
Майданға бармақ болып бұл дағы енді.
Шақырып жүрерінде қасына алып,
Бұлайша баласына жауап берді.

— Әй, балам, майданға тұр көзің салып,
Иә жеңіп, иә жеңілу бүгін анық.
Қуатым жетер болса күшім асып,
Келермін шаһзаданы байлап алып.
Жығылыс табар болсам мен ұрыстан,
Атымды әкеліп тұр дайындалып.
Ықтият, өте сақ бол осы жолы,
Өкінбе жалқаулық қып, қапы қалып.

Қасына шаһзаданың Таран келді,
Ажарын бұрынғыдан суық көрді.
Аузынан лебі шығып отты жалын,
Таранға былайша деп жауап берді.

— Әй, Таран, бұл сөзімді деме жалған,
Істеп шық мақсұдыңды ойыңа алған.
Кезек бер өзің әбден болғаныңда,
Қалдырма зәрре-қадар көңіліңде арман.

Не жұмыс істесең де рұқсат еттім,
Көрерсің орнағанын бір нәубеттің.
Бір қабат кезек тисе қимылдаймын,
Өзгесін бір Құданың жолына өттім.

Күрзісін Таран батыр қолына алды,
Үйіріп шаһзаданы басқа салды.
Тау-тастан жаңғырығып үн шығарды,
Орнынан сөйтсе дағы қозғалмайды.

Құдайым Жәбірейілге әмір етті:
— Қасына шаһзаданың тез жет, — депті.
Таранның ұрған күрзісін тигізбестен,
Қанатын шаһзадаға қалқан етті.

Таран ер жиды бойға күш-қуатын,
Алсам деп інісі мен бала датын.
Өлтіріп, яки тірі байлап алып,
Мәңгілік қалдырсам деп дүниеге атын.

Тамаша болды жұртқа ұрыстары,
Таранды ашу қысып құрыстады.
Қайтсе де денесіне бір батпайды,
Найзамен шаншып қанша қылыштады.

Біле алмай не қыларын қайран қалды,
Тауысып ақыл-айла ызаланды.
Атымен жерге жексен қылайын деп,
Күрзісін ашуланып қолына алды.

Мастанып пенде болсаң деген таспа,
Көрмеген ешбір тосу осы жаста.
Ауырлығы сегіз жүз мың батпан күрзі,
Осымен шаһзаданы ұрды басқа.

Сескеніп еш нәрседен ығыспады,
Табаны тайып қажып жылыспады.
Оғындай найзағайдың жарқ-жұрқ етіп,
Дүние жаңғырығып дыбыстады.

Ер Таран мұратынан шыға алмады,
Қылыш шауып, күрзі ұрып жыға алмады.
Түгесіп ақыл, қайрат бар өнерін,
Дағдарып на қыларын біле алмады.

Біле алмай не қыларын болады дал,
Қай түрлі еткенмен де болмады амал.
Жүзеге еткен ісін асыра алмай:
— Сен дағы, — деді, — бала, кезегіңді ал.

Таранға шаһзада айтты: — Тыңда сөзім,
Не жұмыс болса дағы көрер көзің.
Істелмей мынау ісім қалыпты деп,
Өкініш айтып жүрме сенің өзің.

Сақтама бойда қайрат қалғаныңнан,
Шыға алмай қалдым деме арманымнан.
Ажалың жетпесе, аман, қалдың тірі
Бір қабат күрзіменен салғанымнан.

Ұруды бір-ақ қабат қабыл еттім,
Өзгесін бір Құданың жолына өттім.
Түнеріп жауатұғын бұлттай болып,
Әй, Таран, — деді, — сақ бол, мен кеп жеттім.

Қызарып екі көзі от боп жанып,
Секілді аш арыстан қатуланып.
Түйілігіп түлкі алатын қыран құстай
Күрзімен зуылдатып кетті салып.

Күрзісі шаһзаданың тиді күшті,
Пілімен жұмарланып Таран ұшты.
Бұлғақтап жөнсіз оқтай сол бетімен
Әскердің арасына барып түсті.

Шаһзада түскен жерге қояды атты,
Жол бөгеп зәңгілер ұрыс қылды қатты.
Құйылып құмырсқадай сансыз әскер
Таранға жақындатып барғызбапты.

Пілі өліп Таран өзі аман қалып,
Дайын боп Хожант келді көре салып.
Қолына шаһзаданың түспей кетті,
Атына келген дайын мініп алып.

Ат қойды мұсылмандар мұны көріп,
Ұрысты түн болғанша күн кеш болып.
Тарқады түн болған соң екі тарап,
Қисапсыз қырғын болды адам өліп.

Ұрыс боп араласад таң атқан соң,
Тарқайды көз байланып күн батқан соң.
«Бұл дұрыс болмады», — дейді шаһизада,
Созылып үш айға ұрыс, көп жатқан соң.

— Батырлар, сөзім тыңда құлақ салып,
Қалмаймыз ажал жетсе өлмей анық.
Әлсіреп әлден кетіп қажығанша,
Ұрыстан қол көтеріп бас тартпалық.

Барша жұрт қабыл көрді айтқан сөзін,
Бел байлап тәуекелге жұмды көзін.
Ұрыстан бас тартпады ислам жұрты,
Өтелік шаһзаданың айтып өзін.

Айырылып қалың қолдан жалғыз кетті,
Тоғыз күн күні-түні қырғын етті.
Дегенде оныншы күн шаһизада
Туына зәңгілердің келіп жетті.

Салысып атты-жаяу ұрыспенен,
Он күндей күні-түні жұлыспенен.
Секілді аш арыстан Тәжілмәлік
Құлатты туын шауып қылышпенен.

Ерлердің еңбегі қайтып болды жолы,
Бұзылды ту жығылып зәңгі қолы.
Мұсылман үш күн қуып қылыш шапты,
Бұзылып қашып зәңгі дүния толы.

Бүлініп қашып зәңгі қойды бетті,
Мұсылман үш күн қуып ұрыс етті.
Босумен күні-түні қалың әскер
Таранның шаһарына келіп жетті.

Таранның кемшілігі көрген туып,
Ерліктен тауы қайтып, көңлі суып.
Артынан төрт күннен соң келді тағы
Исламның әскерлері қалмай қуып.

Көңлі шат батырлардың жауын жеңіп,
Тұра алмады көптігіне зәңгі сеніп.
Бекітті дарбазаның есіктерін,
Басқын ғып кете ме деп шаһарға еніп.

Зәңгілер тағы да ұрыс қылды қатты,
Биіктен мұсылманға садақ атты.
Кете алмай бұрынғыдай араласып,
Шаһарға мұсылманды жолатпапты.

Дағдарды мұсылманның батырлары,
Таусылды айла менен ақылдары.
Күрзісін қолына алып шаһизада
Шаһарға жалғыз барып жақындады.

Ұмтылды дарбазаға жақын барып,
Садақтың зәңгілер тұр астына алып.
Тыңдамай жауған қардай садақ оғын,
Қақпаны күрзіменен кетті салып.

Қақпасы дарбазаның ұшып кетті,
Аянбай зәңгілер де ұрыс етті.
Зарығып көптен қамал қылып жатқан
Исламның батырлары келіп жетті.

Ат салып мұсылмандар келді жетіп,
Сегіз ай ұрыс болған қамал етіп.
Басқын ғып Тәжілмәлік шаһарды алды,
Барады қолға түспей Таран кетіп.

Бұл сапар қолға түспей Таран кетті,
Қалғаны шаһзадаға биғат етті.
Шаһарға неше жерден мешіт салып,
Жинап ап зәңгілерге дін үйретті.

Үйретіп ислам жолын бір ай тұрды,
Әскер ап Таранды іздеп тағы жүрді.
Таранды қоймай соңынан іздеп барып,
Майданға тағы ұрыс боп сап құрылды.

Бұл жерде екі ай жарым тағы ұрысты,
Қабағат қырғын болып сондай күшті.
Жұлқысып, сілкілесіп, қан төгісіп,
Шаһарды алып, пайтахтына келіп түсті.

Таран ер қолға түсіп шалдырмады,
Жүргендей өзі бастап алдырғалы.
Шаһардың алты жүздей алпыс алты
Біреуін бермей аман қалдырмады.

Қашумен бірден-бірге Таран барды,
Соңынан қуып жүріп бәрін де алды.
Шаһарды үкіміндегі алғызып боп,
Барарын енді қайда біле алмады.

Таран ер он жеті жыл жүрді қашып,
Әзелде болмай бұған ислам нәсіп.
Қай жерге барса дағы қуып барып,
Бәрін де Тәжілмәлік алды басып.

Таранға ауыр қайғы болды толып,
Айырылып елі-жұрттан көңлі солып.
Перінің патшасы еді Мәлік Ахмар,
Жөнелді енді соған бармақ болып.

Бас қорғап Таран менен Хожант кетті,
Әскерді екі жүз мың жолдас етті.
Алты жүз алпыс алты шаһарды алып,
Шаһзада баршасына дін үйретті.

Ахмарға қырық күн қашып Таран жетті,
Данышпан патша еді көрген көпті.
Жәбірін, кемшілігін бастан кешкен
Қалдырмай бәрін тегіс баян етті.

— Басымнан бағым ұшып, төгілді арым,
Ие боп тәж-тақытымның алды бәрін.
Алты жүз алпыс алты шаһарымның
Қырғын ғып алды басып баршаларын.

Патша боп алып едім талай жерді,
Бір інім төрт баламмен қолында өлді.
Зарлатып талайларды бостырып ем,
Алдыма қылғанымның бәрі келді.

Соңымнан он жеті жыл жүрді қалмай,
Менде бір әкесінің құны бардай.
Ұрысып неше қабат қайтты тауым,
Оқ өтпей, қылыш шауып кестіре алмай.

Күрзімен неше қабат ұрдым бастан,
Күңіреніп берді дыбыс жер мен аспан.
Бөгеліп, иә сүрініп қажымайды,
Тұрады орынында қозғалмастан.

Туғызды басымызға мұндай заман,
Құтылып, қашып-пысып келдім аман.
Баламды қалған жалғыз қасыма ертіп,
Паналап келіп тұрмын, достым, саған.

Таранға Ахмар айтты: — Тыңда сөзім,
Ерлігін бұл секілді көрді көзің.
Қай дінде, қай шаһарлық, қай нәсілден
Екенін сұрап мұның білдің бе өзің?

Ахмарға Таран айтты: — Тыңда мұны,
Шаһары Бағдат дейді, ислам діні.
Патшасы мұсылманның Мұхтар атты,
Бұл соның болса керек жалғыз ұлы.

Тараннан Мәлік Ахмар сұрап қанды,
— Дүнияға келген екеу рұхтан-ды.
Рүстем, Зал тұсында өтті Асфандияр
Ағызып ат бауырынан қызыл қанды.

Белгілі болды мұның тегі, заты,
Ғалидың Шаһимардан жұрағаты.
Сел қылып жер жүзіне ағызар қан,
Қыран-дүр Тәжілмәлік мұның аты.

Тарихта осылайша берген хабар,
Қатесіз сол айтылған болды осылар.
Өзінің қазасынан өлсе керек,
Ешкімнің қолынан бұл таппайды ажал.

Тарихқа жазылмайды бекер кеңес,
Білгендер тарих сөзін бекер демес.
Бет алып барған жерін алмай қайтпас,
Ешбір жан бұған қарсы тұрмақшы емес.

Болмаған мұнан мықты ешбір жанды,
Жылатқан талай патша, талай ханды.
Келуге мұнда сендер болдың себеп,
Бұл келіп ақырында бізді де алды.

Падиша әскеріне қылды жарлық,
Жиналды дию, пері қалмай барлық.
— Шаһарды алғызбасқа тырысыңдар,
Халайық, басыңызға түсті тарлық.

Дүнияның жиған әскер жүзін басқан,
Бәрін де қырып шығар қалдырмастан.
Биіктен оқ жаудырып көріңіздер,
Жақындап шыдатпайды аралассаң.

Дұшпаннан тұрыңыздар хабар алып,
Қапысыз [болма], сақ бол жарақтанып.
Тас қақпа, болат қақпа неше қабат,
Бәрін де бекіттірді құлпын салып.

Ешбір жан ерлігіне қылмас күмән,
Шаң-топырақ, қараңғылық басты тұман.
Қыбырлап құмырсқадай жердің жүзі,
Әскермен Тәжілмәлік жетті қыран.

Асынған қару, қапшық, темір тонды,
Көк темір Қап тауымен қаптап жонды.
Қыбырлап жердің жүзі қозғалыс боп,
Он қабат шаһарды да орап қонды.

Қорғанның жүз қырық аршын биіктігі,
Қалаған білінбейді тастың жігі.
Көлденең қалыңдығы елу аршын,
Мәңгілік бұзылмасқа соққан мұны.

Қаптады мұсылмандар атты-жаяу,
Шаһардың қақпасына барды таяу.
Биіктен перілер тұр оқ жаудырып,
Бір-бірін шама келсе емес аяу.

Басқын ғып дарбазаны құлатқалы,
Еш нәрсе көп болғанмен құр атпады.
Перілер биік жерден оқ жаудырып,
Шаһарға мұсылманды жолатпады.

Қақпаға шаһзада жалғыз барды,
Бөгеліп көп мұсылман кейін қалды.
Тыңдамай жауған қардай садақ оғын,
Күрзінің дарбазаны астына алды.

Жарқылдап от шығады ұрған тастан,
Күңіреніп жаңғырығад жер мен аспан.
Бір тастың босап, яки мұрты сынбай,
Тұрады орынында қозғалмастан.

Бір тастың қанша ұрса да мұрты сынбай,
Жұмысы болған емес бұрын мұндай.
— Ғасы боп, астамдық қып қалдым ба, — деп,
Аллаға нала қылып тұрды тынбай.

Тіленді мінәжат қып, зарлық етіп,
Мүшкіл іс асан болсын, жәрдем жетіп.
Жұмысым бұрын мұндай болмаушы еді,
Болмаса қажыдым ба әлден кетіп.

Ғафу ет болса күнәм, иә, Зұлжалал,
Ғайыптан сол уақытта болды хабар:
–Бұл шаһар тылсымменен бина болған,
Сабыр ет, әр нәрсенің уақыты бар.

Қуатты жаратпадым ешкім сендей,
Жеріңді қайтқан жоқсың барған жеңбей.
Алуы бұл шаһардың нәсіп болмас,
Хақиақұп пенен Қызыр келмей.

Ұрысып адамзат пен дию, пері,
Атысып екі жақтың талапты ері.
Бірнеше қамал қылып жатты бұлар,
Қызыр мен Хақиақұп — күткендері.

Сегіз ай қамал болды бұлар келіп,
Ешбірі бара алмады ішкері еніп.
Тоқтатып бұларды осылай қоя тұрып,
Өтейік Бағдаттан хабар беріп.

Жылаумен Мұхтар ханның өтті күні,
Жалғызы жатса-тұрса болды мұңы:
— Алданыш мынауыма етем дейтін,
Екеудің тым болмаса емес бірі.
Кеткелі он сегіз жыл болған екен,
Хабарын білген жан жоқ өлі-тірі.

Зарланып сонда мұңы айтқан жылап,
Алладан жалғызы үшін жәрдем сұрап:
— Өзіңнің мың бір атың құрметіне,
Жәрдем қыл перзентіме, рақым әйлап.
Достым деп Мұхаммедке бердің бір ат,
Сақтай гөр жалғызымды, — дейді, — бірақ.

Әулие, әнбиені қоймай жаттап,
Бәрінен бір перзентін қылды сұрақ.
Жылаумен болған көрмес екі көзі,
Тақытынан есін білмей жатты құлап.

Сағынып төзе алмайды баласына,
Көзінің ағы менен қарасына.
Жұрт іздеп Хақиақұпты алып келді,
Патшаның шыдай алмай наласына.

Ғаяр ед Хақиақұп жұрттан асқан,
Ғаламға ғаярлығы болған дастан.
Мұхтардың Ахмет Жамши атасына
Шәкірт ед жолдас болған бала жастан.

Сол кезде жүз қырыққа жасы келді,
Аралап көріп еді талай жерді.
Артықша тәуір көріп Ахмет Жамши
«Жаһани Хақия» деп есім берді.

Патша айтты: — Хақиақұп, сөзім тыңда,
Шақыртып алдырғаным сені мұнда.
Тәж-тақытыма өле кетсем ие болып,
Сол еді жалғыз балам болар тұлға.
Кетіп ед зәңгілерге әскер ертіп,
Он сегіз соның ақыры келді жылға.
Тауып кел, дүниеде болса тірі,
Еш жерге енді мойнын бұрылдырма.

Хат жазды: «Дүниеде бар болсаң сау,
Балам, сен білмедің ғой атаңды аяу.
Жылаудан екі көзім болды көрмес,
Қуаттың орнын қайғы, басты қаяу.
Жатсаң-тұрсаң жүр, — деп жазды хатқа,–
Ақыры ғұмырымның болды таяу».

Жөнелді падишаның хатын алып,
Аянбай Таранға құлаш салып.
Әуелде кеткен беті осы еді деп,
Таранның шаһарына жетті барып.

Есен-сау шаһзаданың тіршілігін,
Хабарын осы жерден естіді анық.
Пері мен диюлерге кетті дейді,
Бұл жерді болды тегіс бәрін де алып.
Ахмардың шаһарына жүрді тағы,
Кеткенін Қап тауына хабарланып.

Сөйткенше Қап тауына тағы келді,
Көк темір қаптап дүние көк пен жерді.
Жер жүзі құмырсқадай қыбырлаған,
Әскерді бұл сықылды көзі көрді.

Рұқсатпен шаһзаданың шатырының
Ғизатпен сәлем беріп ішіне енді.
Айтысып аман-есен болғаннан соң,
Қағазын атасының алып берді.

Жиналды естіген соң жұрттың бәрі
Ел-жұрттың амандығын сұрағалы.
Оқытып падишаның хатын естіп,
Жыласты Бағдаттың батырлары.
Зиярат қып кезек-кезек сүртті жүзін,
Құрмет қып жазған хатты баршалары.
Ел-жұрт, ата-ананың қуанышына
Шаһзадаға құтты болсын айтты бәрі.

Үстіне осы тойдың Қызыр келді,
Түсінен таңырқатып көргендерді.
Қызырдың келгендігін естіген соң,
Шаһзада алдынан кеп сәлем берді.
Айтысып аман-есен хал сұрасып,
Құрмет қып Бабаңды ертіп шатырға енді.

Отырды мәжіліс құрып шатырға еніп,
Шаттықта ислам жұрты көңілденіп.
Жайылып неше жерден дастарқандар,
Алдына ас қойылды табақ келіп.
Ішіп-жеп, рақаттанып жұрттың бәрі,
Жиналып болды тегіс реттеліп.
Шаһзаттан Хақиақұп рұқсат алды,
Келмек боп патшалардың халін көріп.

Ғаярлық өнерімен шаһарға енді,
Аралап дию менен перілерді.
Ахмар, Таран, Хожант үшеуінің
Үйіне кіріп қасына жақын келді.

Келгенін көрді көзі үшеуінің,
Адамзат екендігін білді мұның.
—Сен кімнің рұқсатымен кірдің мұнда,
Адамсың нағып жүрген, сөйле шының.

— Адамзат — сұрасаңдар, нәсілі-затым,
Ешкімнің күткен жоқпын рұқсатын.
Сіздерді көру үшін келгенім бұл,
Жаһани Хақиақұп — менің атым.

Үшеуі мұны естіп қалды қайран,
«Бұл пәле, — дейді, — мұнда келді қайдан?!»
Ақырды перілерге Ахмар патша:
— Қанеки, жиналғанда тиген пайдаң.

Күзетші неше қабат жерде тұрып,
Кеткенін білмейсіңдер мұның кіріп.
Тез енді ұстап байлап алыңыздар,
Жиналып отырсыңдар не бітіріп!

Падиша осылай деп ашуланды,
Қамап жұрт тұс-тұсынан ортаға алды.
Сыпырып үш патшаның бастан тәжін,
Хақиа қолға түспей кете барды.
Патшалар басындағы киген тәжін
Қалай ғып әкеткенін білмей қалды.
Мұндайды бұрын-соңды көрген емес,
Біле алмай не қыларын естен танды.

Құтылды үшеуінің тәжін алып,
Тартыпты шаһзадаға алып барып.
Бұл еткен Хақианың жұмысына
Шаттық қып қуаныста жұрт таң қалып.

Шаһзатқа Қызыр бабаң дейді: — Бүгін
Қамшымды қолыңа алып, атыма мін.
Басының ықтиярын өзіне бер,
Шаһарға білер қалай түсетінін.

Сенімен Хақиақұп бірге жүрсін,
Ғаярлық өнерімен ішке кірсін.
Қақпасын дарбазаның ашсын тегіс,
Дайын боп сырттан әскер барып тұрсын.

Шаһзада Тәжілмәлік атқа мінді,
Қалмады Хақиақұп, бірге жүрді.
Бірі атты, бірі жаяу бұл екеуі
Басынан асып қорғанның ішке кірді.

Келгенін көргеннен соң ішке кіріп,
Қаптады дию, пері ұрыс қылып.
Қиратты Хақиақұп ғаярлықпен,
Қалмады дарбазада сынбай құлып.

Ақырып арыстандай Тәжілмәлік,
Беттетпей перілерді жүрді қырып.
Тұра алмад дию, пері қарсыласып,
Жөңкілтіп үріккен қойдай шықты жүріп.

Перілер шаһзаданың көрді күшін,
Бояды қызыл қанға шаһар ішін.
Көрмеген ғұмырында мұндай қырғын,
Дағдарып айыра алмайды өңі-түсін.

Ашылды дарбазаның қақпалары,
Ұрыстан перілердің жоқ мажалы.
Шаһарға басқын қылып кіріп жатыр,
Исламның қамалдағы батырлары.

Ұрыс қып сол бетімен шаһарға енген,
Бет қайтпай пері менен диюлерден.
Аралас адамзаттың батырлары,
Дінге енгендерін қосып зәңгілермен.

Рақым ғып аяушылық етер емес,
Өлтіріп бірін-бірі әлі келген.
Қызыл қан толқын болып шаһар іші,
Ат аяқ баса алмады өлгендерден.

Қызыл қан шаһар ішін қаптады сел,
Толқысып, толқынданып аққандай Ніл.
Дию мен пері, зәңгі, адамзаттың
Ұрысымен күңіреніп көк пенен жер.

Көп адам екі жақтан болды шығын,
Ұрысты неше күндей көрмей тыным.
Шаһарға үштің бірі әзер сыйды,
Бұл келген шаһзаданың әскерінің.

Көрмеген дүние мұндай ауыр қолды,
Шаһарға басқын болып әскер толды.
Қамал ғып екі есе жатты сыртта,
Көк темір Қап тауымен қаптап жонды.

Дамылсыз ұрысып жүр екі тарап,
Жарқылдап найзағайдай қару-жарақ.
Әскерді тамаша ғып биік жерден
Таран мен Ахмар патша көрді қарап.

Биіктен тамаша ғып бұлар көрді,
Таныды Тәжілмәлік қыран ерді.
Бір қолда қылыш, бір қолда күрзі, шоқпар,
Бостырып, жөңкілтіп дию, перілерді.

Аппақ қып тұла бойын көбік жапқан,
Қиратып бұзып өтті неше саптан.
Бетіне тірі жанды қаратпайды,
Секілді аш арыстан айға шапқан.

Ұрыста дұшпаның да ер болсын деген,
Анаңа бәрекелді сені тапқан.
Бөгет боп тоқтата алмай бірде-бірі,
Перілер қамағанмен тұс-тұс жақтан.

Көрмеген не ғажайып істі көрді,
Көріп көз, естімеген күшті көрді.
Перілер тұтқын қылып алмақ болып,
Тастады неше жерден темір торды.

Шырмады неше жерден торға түсіп,
Тартады дию, пері жабылысып.
Шіріген темір шынжырды бөлді-бұзды,
Денесін күйзелтпеді бірі қиып.

Тәжілмәлік ақырады анда-санда,
Шаһардың бояды ішін қызыл қанға.
Тоғыз күн ұрысқалы болған екен,
Дамыл жоқ содан бері тірі жанда.
Патша боп жеті атасы жаралғалы,
Көрмеген Мәлік Ахмар мұндай таңба.
Қырып сап қылатұғын Тәжілмәлік,
Әскерге дүние жүзін толтырсаң да.

Үздіксіз ұрыс тоғыз күнге кетті,
Қалжырап жұрттың бәрі әлден кетті.
Ақырып аш арыстан секілденіп
Көшіріп Тәжілмәлік жер мен көкті.
Бет қайтпай, дамыл алмай сілкілесіп,
Патшаның пайтахтына келіп жетті.
Ахмардың пайтахтын алды басып,
Қашырып қайрат қылып қалың көпті.
Барады Таран қашып қолға түспей,
Ахмарды Хожантпенен тұтқын етті.

Ахмардың көзі бұған жетіп еді,
Айтқанын Хожант қабыл етіп еді.
Ер Таран насихатын қабыл алмай,
Қам қылып ерте бастан кетіп еді.

Жұрт көрді қашып шыққан Таран ерді,
Қиратып жолдағы адам, зәңгілерді.
«Барады, — деп, — Қап тауына Таран қашып»
Хақиа шаһзадаға хабар берді.

Таранның қашқанынан хабар кепті,
Перілер жеңілуге қойды бетті.
Ахмарды Хожантпенен тұтқынға алып,
Қолына Хақианың табыс етті.
Патшаның пайтахтын алып болып,
Таранды Тәжілмәлік қуып кетті.
Кандуха қолда күрзі қырғын салып,
Исламның қолын бастап ол да жетті.

Айыруға перілердің келмейді әлі,
Исламның басқын қылып батырлары.
Алынып падишаның пайтахты,
Болғанын өзі тұтқын білді бәрі.
Амандық тілеп перілер мұсылманнан,
Ұрыстан қол көтерді баршалары.

Исламды қырып-жойып Таран кеткен,
Шаһзада қуды қашты деген бетпен.
Мінгені Қызырдың боз арғымағы,
Артынан Қап тауында қуып жеткен.

Қашқанмен құтылмасын білді анық,
Көтерді таудан бір тас тұра қалып.
Амалын құртып жүрген бір шаһзада,
Басқаны жансынбайды теңге алып.

Атынан түсе қалды Тәжілмәлік,
Болғанын тас атпақшы көзі шалып.
Жіберген садақшының оғындай-ақ
Саулап тас келді таудан домаланып.

Келеді үлкен бір тас домаланып,
Шаһзада тосып тұрды алдын алып.
Тоқтатты заулап келе жатқан тасты,
Табанын қарсы тосып тұра қалып.
Көтеріп қайтып жерден тас алғанша,
Тәжілмәлік Таранға да жетті барып.

Ұстасып қалды екеуі жағаласып,
Бір-бірін көрген бұрын шамаласып.
Жұлысып екі аждаһа алысқанда,
Тас-топырақ аспанға ұшты араласып.

Мас болып жынданып піл есіргендей,
Арыстан байлауынан шешілгендей.
Ақырып бірін-бірі сілкігенде,
Күңірентіп Қаптың тауын көшіргендей.

Барады төбелестің болмай шеті,
Бір-бірін аяйтұғын жоқ ниеті.
Екі ердің жағаласқан зардабынан
Қазылып қалды ор болып таудың беті.

Қалдырмай бар қайратын қарыштады,
Заманның екеуі де арыстаны.
Қылады дүниені астын-үстін,
Қарап тұр тамашаға жұрттың бәрі.

Жұлысып бес күн қиқу салады ұрысып,
Шаң менен қараңғылық болды жер-көк.
Тұрады ислам жұрты мінәжат қып,
Әулие, әнбиені қоймай тербеп.

Сәруар екі жаһан — Нұр Мұхаммед,
Тілейді: «Перзентіңе жәрдем бер,» — деп.
Мұсылман шулап тәкбір айтқанында,
Қайнады күші сыймай бойын кернеп.

Шомылып екеуі де батқан терге,
Кім шыдар Тәжілмәлік қыран ерге.
Үйіріп көтеріп ап зуылдатып,
Таранды таудай қылып соқты жерге.

Жығылған зардабынан жер солқ етті,
Неше жыл жүріп тағдыр бүгін жетті.
Сүйегі салмағымен күл-күл болып,
Кеудеден шыбын жаны шығып кетті.

Қылышпен басын шауып кесіп алды,
Шаһарға Тәжілмәлік алып барды.
Жатыпты шамалы бір төбедей боп,
Жұрт көріп тамаша ғып қайран қалды.

Патшаның пайтахтына түсті барып,
Тағзым ғып келіп тұрды барша халық.
Ахмарды Хожант пенен шаһизада
Алғызып отырғызды қасына алып.

Сол шақта Қызыр бабаң келді жана,
Жұрт тегіс құрмет қылып тұрды аңа.
Исламның тәртіптерін тұрды ұнатып,
Ахмар да патша еді болған дана.
«Аллаға Пайғамбармен иқрар қыл», — деп,
Насихат айтты Ахмарға шаһизада.

— Құданың бірлігіне келтір иман,
Болады ізгі пенде нәпсін тыйған.
Дүниеге екі бірдей болар басшы,
Әділдік, сақилық қып жанын қиған.

Түрегеп Ахмар, Хожант қол қусырып,
Ұғынып насихатын шын деп біліп.
Мұсылман болды екеуі ықыласымен,
Алланың бірлігіне мойынсұнып.

Мұсылман перілердің болды бәрі,
Исламға кіргеннен соң патшалары.
Бәрі де иман айтып кірді дінге,
Қалмастан әйел-еркек, жас пен кәрі.

Шаһзада халайыққа жарлық берген,
Хүкіміне зәңгі, пері, бәрі көнген.
— Шығарып сыртқа апарып көміңдер, — деп,
Тазартып шаһар ішін өліктерден.

Тоғыз күн қырғын соғыс болды толық,
Өлікке шаһар іші кеткен толып.
Намаздап көмді өлгенін мұсылмандар,
Жинап ап жеті күндей тасып болып.

Өлгенін перілер де тасып болды,
Шаһардан алып шығып сыртқа көмді.
Қыранның Тәжілмәлік жарлығымен
Тазартып шаһар ішін қылады оңды.

Екі жақ жинап болды қырылғанын,
Өлгеннің ешкім айтып білмес санын.

Сыпырып көшелерді түзетіп боп,
Қылады патшаларға келіп мағлұм.

Медресе, неше жерден мәсжід сапты,
Оқытып ұғындырды шариғатты.
Той берді қырық күндей Ахмар патша,
Құрметтеп зәңгілер мен адамзатты.
Өзінің Шәмсінұрдай жалғыз қызын
Тәжілмәлік шаһзадаға некелетті.

Шаһзада халайыққа қылды жарлық,
«Жинал, — деп, — зәңгілерге қалмай барлық».
Жолынан шариғаттың таймаңыздар,
Сөзіме бол деп тегіс ұғынарлық.

— Бәріңе тапсырамын мен сендердің,
Әмірінен мойын бұрма Хожант ердің.
Орнына атасының патша қойдым,
Үстінен күллі тегіс зәңгілердің.

Хожантқа айтып отыр насихатын:
— Орнына келтір ислам шариғатын.
Нашарды, жетім-жесір тәрбие қыл,
Сақи бол, әділдікпен шықсын атың.

Тізгінін шариғаттың ұста қолға,
Бейқұлық жаман ниет түспе жолға.
Айырылып ынсабыңнан тәкаппар боп,
Шайтанның тіліне азып әуре болма.

Қылмасын тіленшілік ешбір адам,
Бағдатқа бәрін жинап жібер тамам.
Қаражат тұрмысына жетерлік қып,
Бәрі де алсын келіп қазынадан.

Өзіңнің қол астыңда бар шаһардың
Харажын тегіс жинап жібер маған,
Кедейін харажымен қол астыңның,
Осыны міндеттеймін, Хожант, саған.

Іс етсең, ойлап істе күтіп артын,
Тәкаппар, ашулы жүз, болма салқын.
Рақым ғып, әділдікпен қылсаң хүкім,
Екі етпес айтқаныңды ешбір халқың.

Мәрмәрдан төж, алтыннан тақыт берді,
Еткізді тегіс биғат зәңгілерді.
Насихат осылай деп айтып-айтып,
Қоштасып жөнелтеді Хожант ерді.

Қош айтып қайтпақ болды Қызыр бабаң,
Рұқсат ап Ахмар менен шаһзададан.
Кандуха, Мәлік Ахмар, Тәжілмәлік
Шығарып ертіп салды бірнеше адам.

Бабаңды шығарып сап қайтып келді,
Батырлар енді ойлайды қалған елді.
Күйеуін қызыменен Ахмар патша
Бір айдай қонақ қылып жібермейді.

Бұлардың көп қуанды келгеніне,
Өзінің шат боп исламға енгеніне.
Қазынаның аузын ашып қисабы жоқ,
Сый берді мұсылманның ерлеріне.
Бір сауыт адам басы бір қылышпен,
Есеп жоқ алтын-күміс бергенінде.

Зияпат айтып болмас қылған ісін,
Артылтып бір күнгіден бір күнгісін.
Ахмарға ақылдасты Тәжілмәлік,
Бағдатқа тіледі рұқсат қайту үшін.

— Сөзіме құлағың сал, әй-а, шаһым,
Көремін не жүзбенен көрген аһын.
Айырылып жалғызынан он сегіз жыл,
Не халде отыр екен қиблагаһым.

Бір менен перзенті жоқ басқа көрген,
Әскермен қырық сегіз мың шықтым елден.

Атамнан рұқсат алып шығып едім,
Исламның қанын жоқтап зәңгілерден.

Он сегіз соның ақыры жылға барды,
Неше жыл Таран қашып күйге салды.
Сізге кеп Хақ жазған соң болдық бала,
Бәрі де осында кеп орындалды.

Жүрмекке Шәмсінұр да көңлі кетті,
Алдына атасының бұл һәм кепті.
Әдеппен лебіз ашып үшбу рағна,
Мақсұдын көңілдегі изһар етті.

Айтады бұлайша деп сөзге салып:
— Жаратты жат жұрттыққа бізді анық.
Зиярат қып ата-ананың жүзін көріп,
Дағуасын алсам деймін мен һәм барып.
Мұбада ұнатып сіз десең мақұл,
Етейік жол жабдығын дайындалып.

Бұлардың айтқан сөзін қабыл алды,
Бағдатқа жүрушілер дайындалды.
Шаһибал арғы атасы Шаһирухтан
Аштырды салған қазына сарайларды.
Шаһибал Шаһирухтың заманында
Қаратқан хүкіміне талайларды.
Қисапсыз дүнияның қазынасы
Ахмарға соның бәрі мирас қалды.

Басында шарасыздан ұрыс ашты,
Исламға қойды әуелден ықыласты.
Алдырып төрт баласын Ахмар патша,
Бұларды жөнелтуге ақылдасты.

— Әй, ата, мәслихатты бізге салсаң,
Аямай дүниені бер, тіл алсаң.
Мойныңда Шәмсінұрдың қалар хақы,
Дүниядан ақыр бір күн сапарлансаң.

Нәсіп боп ізгіліктің таптың жолын,
Дүнияға екі бірдей жетті қолың.
Қол артып Пайғамбардың әулетіне,
Ешкім жоқ сендей болып алған орын.

Беріпті еншісіне Шәмсінұрдың
Үстіне қазына артып қырық пілдің.
Алтыннан берді шатыр, қырық қыз нөкер
Жайнатып бақшасындай қызыл гүлдің.

Аямай алтын, гауһар берді кесек,
Бір үлкен қазынада жоқ-дүр есеп.
Қойдырып алтын кереует неше жерден,
Жайдырып жібек кілем, харир төсек.

Қазынаның ашып қойды сарайларын,
Көңілдеріңнің алыңдар деп ұнатқанын.
Жөнелтіп үш күндік жерге ертіп салды,
Исламның құрмет қылып батырларын.

Бақылдық айтып жұрт өткеніне,
Бұлардың төзе алмайды кеткеніне.
Құшақтап шаһзадамен Шәмсінұрды,
Сүйеді Ахмар патша беттеріне.

Қош айтып, жылап-сықтап бұлар қайтты,
Бет алып елге қарап әскер тартты.
Алдырып Хақианы шаһизада,
«Сен енді Бағдатқа жүр» деп айтты.

Шыққаннан бермен қарап хатқа салып,
Қалдырмай бірде-бірін жазды анық.
«Айтылған ант пен сертім бітті тегіс,
Бәрі де мақсұдымның орындалып.
Жұмысым шала істі болмасын деп,
Кешіктім соның үшін соңға қалып.
Зиярат дәргаһыңа қадам қойдым», —

Бәддұға ренжумен* айтты налып.
Өтініш шаһзаданың жазған хатын
Хақиа атасына жөнелді алып.

Хақиа екі ортада үш күн жүрді,
Өткізді дүние кезіп бар ғұмырды.
Самұрықтай татыранға құлаш ұрып,
Бағдатқа суыт жүріп келіп кірді.

Патшаға сәлем беріп келді кіріп,
Әдеппен тіке тұрды қол қусырып.
— Сүйінші, аман келе жатыр балаң,
Арада келгенім бұл үш күн жүріп.

Көңліңнен кетсін, патшам, қайғы-сәнаң,
Аман-сау келе жатыр, — дейді, — балаң.
Шаттықпен ойнап-күліп келе жатыр,
Атақты батырлардың бәрі де аман.

Бастығы шаһизада батырлармен,
Бәрі де қалмай тегіс айтты сәлем.
Көшіріп Қап тауынан шықтым озып,
Үш айда табылады осы арадан.

Балаңыз аралапты талай жерді,
Есітіп, көрмеген көз мұндай ерді.
Алты жүз алпыс алты шаһар екен,
Алыпты менен бұрын зәңгілерді.
Есітіп Қап тауынан таптым іздеп
Қамал ғып жатқан жерді перілерді.
Шаһзаттың ғафу өтініп жазған хатын
Қойнынан атасына алып берді.

Падшаһым, бар қуанышым тағы толық,
Кіргелі тұр оң жағыңнан отау қонып.
Перінің патшасының алды қызын,
Балаңыз келе жатыр екеу болып.

* Қолжазбада осылай жазылған.

Патша не болғанын білмейді өзі,
Келген соң баласының хатпен сөзі.
Жылаумен неше жылдай зағип болған
Ашылды көрмей қалған екі көзі.

Бағдаттың шаһарына шақыртты жар:
— Халайық, қалмай тегіс жиылыңдар!
Ел-жұртқа жалғызымның жазған хатын
Бәрің де көздеріңнен оқытыңдар.

Жиналып шаһар халқы келді бәрі,
Қалмастан әйел-еркек, жас пен көрі.
Сағынышты шаһзаданың хатын естіп,
Жыласты шулап тегіс баршалары.

Бұлардың кеткеніне талай заман,
Болмаған ешбір хабар жақсы-жаман.
Күллі жер жүзінің мұсылманында
Адам жоқ шаһзадаға қайғырмаған.

Білдіріп бар исламның патшасына
Қуанышты иғламнама жазды тамам.
Зәңгі мен перілерді дінге салып,
Есен-сау, қайтып келе жатыр аман.

Исламға жетті тегіс бұл хабар,
Айналып қуанышқа қайғылары.
Айтпаққа падишаға құтты болсын
Жол тартты күллі исламның патшалары.

Қуанышпен әскер жинап сапар етті,
Неше күн суыт жүріп арада өтті.
Исламның бар патшасы қалмай тегіс
Бағдаттың шаһарына келіп жетті.

Халифа бұларды естіп қарсы барды,
Бәрін де қуанышпен қарсы алды.
Айтысып амандық сөз, құтты болсын,
Қасына халифаның жұрт жиналды.

Шаһарға алып кірді меймандарын,
Құрметтеп қылды қонақ жұрттың бәрін.
Той берді қырық күн ұдай жүмлә жұртқа,
Жиғызбай жайған жерден дастарқанын.

Бір жерге басын қосып падишалар,
Мәжіліс қып сауық-сайран отырды олар.
Шаһарға жар шақырылып болды мағлұм
Шаһзада келіп жетті деген хабар.

Надашы осылай деп салды жарын,
Келгені шаһзаданың болды мағлұм.
Алдынан қарсы шықты ата-анасы,
Исламның ертіп тегіс патшаларын.

Қыбырлап жер мен көктің аралары,
Күңірентіп шаттықпенен замананы.
Шаһардан үш күндік жер шыққанында
Көрінді бір-біріне қаралары.

Таянып бір-біріне жақын келді,
Шаһзада аттан түсіп жүгірді енді.
Құшақтап екі жақтан кемпір мен шал,
Аймалап «жан балам» деп сүйе берді.

Жаяулап батырлардың келді бәрі,
Тағзым ғып халифаға баршалары.
Көрісіп шаһзадаға амандасты
Жиналған күллі исламның патшалары.

Мұқтажсыз пақыр, міскін болғандай бай,
Қайғылы қам көңілі тапқандай жай.
Жұрт шулап шаһзадаға жылағанда,
Ғаламат қияметтен қозғалғандай.

Қалмастан Бағдат халқы келген мұнда,
Шаһзада амандасты жұртқа жүмлә.
Қадамына ата-ананың басын қойып,
Зиярат қып келіп тұрды Шәмсінұр да.

Неше жыл құрғамаған көздің жасы,
Үшбу күн болды түгел маддұғасы.
Бетінен Шәмсінұрдың сүйіп жатыр,
Құшақтап «жан балам» деп ата-анасы.

Шаһид боп өлгендерге қайғы тартып,
Бәріне тоқтау айтты көңіл айтып.
Көрісіп, аман-есен айтысып боп,
Шаһарға жұрттың бәрі келді қайтып.

Той қылды неше күндей Мұхтар патша,
Сый беріп халайыққа басқа-басқа.
Халыққа жар шақыртып мағлұм етті,
Жеті жыл бажы-хараж алынбасқа.

Қисапсыз халайыққа қылды инғам,
Бос қалған дүние алмай қалмады жан.
Хале тон, алтын кемер, мәрмәрдан тәж,
Сый беріп патшалардың баршасына һәм.
Шаһид боп өлгендердің үйлеріне
Уазифа жиырма жылдық берді бұған.

Тоқсаннан Мұхтар патша асқан жасы,
Сол күнде күллі исламның халифасы.
Үстінде бұл секілді қуаныштың
Халқына сондағы айтқан маддұғасы:

— Патша боп бірнеше жыл қылдым пәрмен,
Мақсұдым болды тегіс ойыма алған.
Сәруары екі жаһан, төрт жарымен,
Ойласақ, қалған жан жоқ осылардан.

Ренжімей, халқым, рұқсат бер маған,
Бізге де өлім бір күн болар арзан.
Такия ғып бір Аллаға өткізейін,
Ақырын ғұмырымның енді қалған.

Дүниеден ақыр бір күн мен һәм өтсем,
Не пайда ғибадатсыз босқа кетсем.

Орныма Тәжілмәлік патша болсын,
Ұнатып бәрің тегіс, қабыл етсең.

Бұл сөзді ұнатып жұрт мақұл көрді,
Патша ғып мінгізіп таққа қыран ерді.
Патшалық тәж кигізіп шаһзадаға,
Барша халық тегіс биғат етті енді.

Патшалық таққа мініп берді тойын,
Неше күн ат шаптырып қылды ойын.
Бай, патша, пақыр, міскін, бәрі шат боп,
Халыққа қайткенмен де болды тойым.

Дүние алып бай болмаған қалмады жан,
Берілген қазынаға жетпейді сан.
Айтуға ауызбенен мүмкін емес,
Қисапсыз патшаларға қылды инғам.

Шаһзада патшаларға қылды жары,
Артықша пақыр, міскін тапсырғаны.
«Әрқайсың қол астында пақырларды
Бағдатқа жәрдем беріп жеткіз оны».

Патшалар қайтты рұқсат алып елдеріне,
Пайтахт әрқайсысы жерлеріне.
Бәрін де келген жұрттың риза қылды,
Қисап жоқ алтын-күміс бергенінде.

Бір күні зәңгілерден хараж кепті,
Қазына сарай салуға әмір етті.
Қойдырып әр қабырғаға қырық есіктен,
Қойыпты қырық есікке қырық күзетші.

Мұбада пақыр, міскін, келсе ғаріп,
Бір күрек әр есіктен алтын салып.
Қыдырып қырық есікті келген адам,
Қырық күрек кетер еді алтын алып.

Сақи боп ислам шамын жандырғаны,
Бар болса қайда пақыр алдырғаны.
Пұл беріп алтын-күміс қылды ғани,
Бір адам тіленші ғып қалдырмады.

Жинатып қыран патша жұртты тегіс,
Жолынан шариғаттың ашты кеңес:
— Намахрам әйел-еркек араласып,
Жүруі шариғатта дұрыс емес.

Деп айтты: «Айтқанымды екі қылма!»
Ұғынтып шарғи жолын жұртқа жүмлә:
— Күн батып, түн болған соң шаһар кезіп,
Жүруші жан болмасын, мұны тыңда.

Түн жүрген залымдықтың ойлар жолын,
Таба алмай жамандыққа күндіз орын.
Бірінен-бірі көріп ғибрат алып,
Көрсетер ақыр бір күн істің зорын.

Падиша осылай деп қылды жарлық,
Уағда-шарт бекітті жұрт қалмай барлық:
«Кімде-кім антын бұзып түнде жүрсе,
Тартылып сиясатқа болсын дарлық».

Тоқтатар болды халық түн жүрісін,
Тексеріс түнде ұсталса қылмайды ісін.
Иманын айтып дарға асып, кесер басын,
Айтылған ант пен шартын бұзғаны үшін.

Бұл хабар жетті исламға жатқан толып,
Бәрі де уағдаларын берді толық.
Шаһарды алты уәзір күзетеді,
Түн болса екі-екіден серік болып.

Әмірін екі қылып алмайды естен,
Ант бұзар қандай адам жаннан кешкен.
Өзгертіп қияпатын сырттан бағып,
Жүреді патша ешкімге білгізбестен.

Бұл сөзден жұрттың бәрі хабарланды,
Сыйғызды хүкіміне тамам жанды.
Көшеден түнде кетіп бара жатқан
Ұстапты екі уәзір бір адамды.

Бұл адам уәзірлерге жалынды көп:
— Барамын қатты тығыз жұмысым боп.
Рақым ғып бүгін түнше рұқсат бер,
Таң атпай сиясаттан табылам, — деп.

Зарланып жалынады жігіт жылап,
Әйтсе де екі уәзір тұрды шыдап.
— Таң атпай сиясаттан табылайын,
Уағдаға опасыз деп білме бірақ.

Оңалар ма екен, сірә, қылған ісім,
Бойымнан қайғы жайлап кеткен күшім.
Құданың бірлігіне рақым әйла,
Әділдік патшамыздың құрметі үшін.

Пендемін тұтқын болып тұрған жылап,
Сіздерден рақым қыл деп жәрдем сұрап.
Дұғасы мазлұмлардың қабыл деген,
Бос қоймас сіздерді де Тәңірім бірақ.

Сіздерге сый берейін төрт жүз тіллә,
Адам жоқ көріп тұрған бізді мұнда.
Бір адам және орныма кепіл берем,
Қалар деп босқа кетіп қиял қылма.

Уәзірлер, мақұл шығар бұл жұмысым,
Осылай тиянақты болсын ісім.
Бармасам, орнымдағы кепіл адам
Тартылсын сиясатқа менің үшін.

Уәзірлер «жарайды» деп қабыл көрді,
Бұларды жігіт бір үйге ертіп келді.
«Бар болсаң үйде, Ғайса, жылдам шық», — деп,
Асылып терезеден дыбыс берді:

— Сырласым, мұңдасымсың жастан сүйген,
Көзі жасты, келді достың жаны күйген.
Халімді шыққаннан соң көзің көрер,
Алып шық төрт жүз тіллә санап үйден.

Шам жағып Ғайса үйді қылды жарық,
Шамасы келмей киім киюге анық.
Жалаң бас, жалаң аяқ шыға келді,
Қолына төрт жүз тіллә санап алып.

Уәзірге Ғайсаны ертіп Қасым келіп,
Уағдалы төрт жүз тіллә санап беріп:
— Шаһардың күзетшісі бұл екеуі,
Ұстаған бүгін түнде мені көріп.
Кепілге орнына бердім сені,
Барасың осылардың қасына еріп.

Бір түнді сұрап алдым мойныма артып,
Ауырлық не болады мұнан артық.
Бара алмай қалсам таңғы сиясаттан,
Мен үшін басың кесер дарға тартып.

Бұларды сырттан бағып жүрген патша,
Көзімен көріп бәрін білген патша,
Тоқтатып өзін-өзі сабыр қылып,
Жұмыстың күтті ақырын бірден патша.

Патша тұр бұл істерге қайран қалып,
Қасымды Ғайсаменен білді танып.
«Беретін әрі пара, әрі кепіл,
Жұмысы не болды екен білсем анық.

Деуші едім жауыздарды алсам тыйып,
Параға екі уәзір кетті сыйып.
Біреудің көрінбесе бәлесі үшін,
Бұл Ғайса барар ма екен жанын қиып.

Қалай деп сөз қайтарып тұрмады да,
Өлімнен қорқып мойын бұрмады да.

Жалаң бас, жалаң аяқ еріп кетті,
Досының жарамақ боп құрбанына.
Патша тұр «жігіт болсаң, сондай бол» деп,
Жомарттық жанымен қылғанына.

Барады бір көшемен Қасым салып,
Ілесе патша келед артын алып.
Ылажсыз білегінен ұстай алды,
Екеуі бір көшеден кез боп қалып.

Ойланды келдім ғой деп енді өлуге,
Жұмысым айналмады жөнделуге.
Қасымның денесінен қуат кетті,
Түскендей арыстанның шеңгеліне.

Біле алмай не қыларын есі кетті,
Көзінің жасын төгіп зарлық етті.
— Құдай мен әділ патша құрметі үшін,
Босатып қоя берсең қайтед, — депті.

Бір қайғы душар болған маған жастан,
Келеді көзден жасым құрғамастан.
Босатып азат қылып қоя берсең,
Менің сіз болар едің бақытымды ашқан.

Босатып қоя берді патша қолын,
Жөнелді Қасым көздеп барар жолын.
Шарасыз кез болған соң ұстап еді,
Мақсұды — уақиғасын білу оның.

Жеріне ойына алған Қасым жетті,
Артынан іле-шала патша кепті.
Қорғаннан ішке қарай шынжыр тастап,
Екеуі екі жерден түсіп кетті.

Кірді де бір есіктен Қасым жүрді,
Алтынмен нақыштапты әрбір түрлі.
Асулы жаққан қанділ неше жерден,
Бір үйге сол бетімен барып кірді.

Жайылған жібек кілем, харир төсек,
Жиһазында үй ішінің жоқ-дүр есеп.
Үстінде алтын кереует жатыр бір қыз,
Жәннаттың деуге болар хоры десек.

Орнатқан гауһар төжге зүбәржат тас,
Сүмбіл шаш, інжу тісті, қиылған қас.
Гүл жүзді, пісте мұрын, құралай көз,
Еш адам мұндай болып жаратылмас.

Іркілмей сол бетпенен кірді Қасым,
Төсектен қыз көтеріп алды басын.
Үстіне алтын кереует отырғызды,
«Есен-сау келдің бе, — деп, — жан жолдасым?»

Айналып пәруанадай жүр қасында,
Қасымға отырды кеп қыз да асыла.
Сұлуы бет біткеннің еді бұлар,
Бірі — еркек, бірі әйел-ұрғашыда.

Қолдарын бір-бірінің мойнына асып,
Сүйісіп рахаттанды екі ғашық.
Бұлардың тамаша ғып сұлулығын,
Падиша ақылынан тұрды адасып.

Үһілеп қойды Қасым қасірет тартып,
Улатқан іші-тысын жалын шарпып.
Зарланып Гүлмәриям жылай берді,
Махаббат не болады мұнан артық.

Жылады Гүлмәриям зарлық етіп:
— Біреуге келген болсаң көңілің кетіп,
Қалдырма мені мақрұм дидарыңнан,
Тұрайын мен сіздерге қызмет етіп.

— Кілті сен рахатымның түйінін шешкен,
Мен кімді сүйем, сені тастап естен.
Көрерсің бүгіннен соң мақшар күні,
Айтайын оқиғамды бастан кешкен.

Ұстады екі уәзір бүгін кез боп,
Мағшұғым, түскен қайғы-қасіретім көп.
Достымды орныма бердім кепіл,
Таң атпай сиясаттан табылам деп.
Және сый бердім төрт жүз тіллә оларға,
Сені бір келдім көріп қайтайын деп.

Естісең халім осы, рух рауаным,
Бармасам, арқалаймын достым қанын.
Алланың дәргаһында қарабет боп,
Уағдаға опасыз деп саналамын.

Таң атпай сиясатқа барсам керек,
Барармын жалған сөйлеп Хаққа не деп.
Тағы бір уақиғаға ұшырадым,
Айтайын бір әңгіме бұдан бөлек.

Босанып уәзірлерден кеттім жүріп,
Бір көріп қайтайын деп сені біліп.
Көшеден кез боп біреу тағы ұстады,
Қуатым кетті бойдан, ақылым құрып.

Мен ондай көрген жоқпын адамзатты,
Айбаты аждаһадай тиді қатты.
Сөйлеуге тілім келмей жылай бердім,
Бойымнан әл-қуатым кетіп қапты.

Жалынып жылай бердім көзім тұнып,
Болмаса таныды ма мені біліп.
Көзімнің сорғалаған жасын көріп,
Босатып қоя берді рақым қылып.

Мағшұғым, жаным сүйіп болған серік,
Ажырады қайғым бойдан сені көріп.
Босанып арыстанның шеңгелінен,
Мінеки, отырғаным мұнда келіп.

Қыз айтты: — Бір мен үшін бәрін көрдің,
Жұмысы тиді қатты уәзірлердің.

Шешер деп мазлұмлардың көз жасы үшін,
Кейінгі бұл сөзіңнен үміткермін.

Бұл істің екі түрлі бар-дүр сыры,
Бұл еді көңілімдегі сөздің бірі.
Патша өзі әділ, әрі жомарт,
Мақрұм деп айта алмайды ешкім мұны.
Қорғаушы падишаны шілтен болды,
Айнытты жұрт жібермеді өлмей тірі.

Босатқан шілтен болса сізді анық,
Құрметін ғашықтардың есіне алып.
Көз жасы мазлұмдардың қабыл болып,
Өлімнен құтылармыз аман қалып.

Екінші айтатұғын бұл бір сөзім,
Не болса ертеңгі күн көрер көзің.
Болмаса мәкар шілтен бұл кездескен,
Ойлаймын патша ма деп мұның өзін.

Уағда шарт түн жүрмеске алды жұрттан,
Тыю сап жауыздардың бәрін құртқан.
Шаһарды өзі жүріп аралайд деп,
Есіттім уәзірлерден байқап сырттан.

Қыз отыр осылай деп салып кеңес,
— Басқа адам босатып ант бұзам демес.
Патша мен шілтендердің біреуі бұл,
Болуға басқа кісі мүмкін емес.

Егерде патша болса бұл ұшырасқан,
Сендердің жұмысыңды көрді бастан.
Кім білсін бізді көріп тұрмағанын,
Бұл істі білер тегіс қалдырмастан.

Егер бұл патша болса — көрді бізді,
Өлімнен құтқарады онда сізді.
Ғашықтық құрметі үшін рақым қылып,
Қосады некаһлатып екеумізді.

Падиша жауыздармен алысқан көп,
Қалайша болжайды қыз алыстан кеп.
Таң қалды Гүлмәриямның ақылына,
Жан екен білгір туған данышпан деп.

Бармады жамандыққа бұлар жөнсіз,
Данышпан қалай сұлу туған теңсіз.
Шын сүйген Құдайдың бір пендесі екен,
Жіберген дүниеге қылып кемсіз.

Қайғырып жылап отыр екі зарлы,
Жаспенен екеуінің сел боп алды.
Қасымның сиясатқа баратұғын
Уақытты мезгілі де таяп қалды.

Қия алмай айырылуға бірін-бірі,
Көзімен көріп отыр патша мұны.
«Мұнан соң қияметте жолығармыз,
Бізге бұл дүниенің ақтық күні».

Жылаумен есін білмей жатты талып,
Өлімге екеуі де жақын барып.
Рақымы падишаның келді қатты,
Шын ғашық екендігін көріп анық.

Бір уақыт жинады есін өзіне кеп,
— Құлақ сал, — Қасым айтты, — сөзіме, — деп.
Шын маған Құдай қосқан мағшұқ болсаң,
Бір көрін сиясатта көзіме кеп.

Қыз айтты: — Нендей әмір қылғаныңа,
Жарасам — разымын құрбаныңа.
Бір түгіл, көзіңе үш көрінейін,
Жұрт жиын сиясатта тұрғанында.

Жомарттық қылып Ғайса берді басын,
Уағдамен өлімге асығып отыр Қасым.
Сиясат жұрт жиналған майданында
Орындайды қыз келіп қалай уағдасын.

Айырылды жылап-жылап екі ғашық,
Қоштасып бір-бірімен арыздасып.
Риза боп патша кетті қанағат қып,
Тумас деп дүниеде жан мұнан асып.

Падиша өз сарайына келіп кірді,
Киініп киімдерін дайын тұрды.
Адамды түнде ұсталған мағлұм етіп,
Надашы шаһар кезіп жар шақырды.

Адамды мағлұм етіп түнде ұстаған,
Қалмасын сиясаттан ешбір адам.
Кескен бас орнына жалғанбайды,
Денеге қайтып кірмес бір шыққан жан.

Патша кеп сиясатқа тағын құрды,
Жиналып Бағдат халқы келіп тұрды.
Қасымды Ғайса менен көрейін деп,
Падиша көзін салып мойнын бұрды.

Қасымға шынжыр тағып кигізген фәс,
Ғайса жүр көздерінен ағызып жас.
Үстінде көйлек, ыштан, бар киімі,
Жалаңаш, жалаң аяқ, жүр жалаң бас.

Қасымның жақындары келді барлық,
Жас ағып көздерінен қылып зарлық.
Қазының қыз әкесі бастық екен,
«Иманын айтсын» деп — сол болды жарлық.

Иманын айтайын деп қазы келді,
«Аузу бисмилла» деп бастай берді.
Уағдасына опа ғып келе ме деп,
Падиша Гүлмәриямды ойлар еді.

Басына тәж,бетіне перде салған,
Астында қара арғымақ, қылыш алған.
Тартынбай сиясатқа жетіп келді,
«Бұл неткен адам?» деп жұрт қайран қалған.

Бет қайтпай келді екпіндей жүріспенен,
Неткен жан қорықпайтұғын бұл ісінен.
Басынан фәсін қағып тастады да,
Шынжырды бір-ақ тартты қылышпенен.

Қасымды алып көптен кете алмады,
Әйтсе де болып қайтты бет алғаны.
Ишарат падишадан болмаған соң,
Орнынан ешкім қыбыр ете алмады.

Жөніне жігіт тартып жүре берді,
Жолында таңырқатып мұншама елді.
Астына мініп келген атын танып,
Иманды қойып қазы жүгірді енді.

Үйіне асып-сасып қазы барды,
Байлаулы аттарына көзін салды.
Қалпынша үш аты да орнында тұр,
Бұл қалай оқиға деп қайран қалды.

Орнына келді қазы кеткен тастап,
Иманын айта берді қайта бастап.
Мініпті бір қара көк арғымаққа,
Манағы келді жігіт тағы ойқастап.

Қолында қылышы бар, бетте перде,
Шынжырды кесіп тастады келген жерде.
Басынан фәсті қағып тастады да,
Үн-түн жоқ, тағы қайтып жүре берді.

Жөнелді қазы тағы атын танып,
Білмейді үстіндегі адамды анық.
Қалыбынша бәрі түгел орнында тұр,
Аттарын көрсе үйіне қайта барып.

Қайтадан қазы келді есі кетіп,
Иманын айтпақ болды қамыт етіп.
Бір күрең мініп жақсы арғымаққа
Манағы жігіт тағы келді жетіп.

Отырды аң-таң боп жиылған көп,
Түсіріп фәсін, кесті шынжырын кеп.
Көзінің жасын төгіп жүріп кетті,
«Қош, Қасым! Қияметте көрерміз», — деп.

Жолықты сап-сау қазы мұндай күйге,
Иманды қоя салып жүгірді үйге.
Атының бәрі де аман орнында тұр,
Қалыпша әуелгі өзі көрген күйде.

Бұл қалай оқиға деп қайран қалды,
Ойлаумен қазы байғұс естен танды.
Біле алмай ойға қалып салыстырып,
Баяғы сиясатқа қайтып барды.

Падиша сонда келіп әмір етті,
Алдына шақырған соң қазы кепті.
— Қамадың халықты мұнша әуре қылып,
Қанеки, қазым, енді сөйле! — депті.

Бір адам сиясатқа үш келді анық,
Бетінде перде, қолға қылыш алып.
Иманыңды айтып тұрған тастай беріп,
Артынан жүгіресің тұра салып.

— Иә, тақсыр, ақылым тауысып ойға баттым,
Жұмысы деуге болмас адамзаттың.
Адамды үстіндегі танымаймын,
Сол келген үшеуі де менікі аттың.

Артынан жүгіремін атты танып,
Мәнісін білейін деп үйге барып.
Байлаулы аттарым тұр орынында,
Білмедім не екенін мұның анық.

Бұл келген үш түрлі арғымақтың
Алтынмен үшеуін де жабдықтаттым.
Адамды үстіндегі танымаймын,
Қатасыз үшеуі де менікі аттың.

Патша айтты: — Рас, қазы, — деді, — сөзің,
Естіп білсін халық мұның өзін.
Бәрің де құлақ салып отыр тыңдап,
Айтайын оқиғаны көрген көзім.

Патша көпке былай жауап берді:
— Босат, — деп, — сиясаттан Қасым ерді.
Алтауын екі-екіден серік қылып,
Күзетке қоюшы едім уәзірлерді.

Табылды өтірік айтып арын сатқан,
Пара алып, антын бұзып жанын сатқан.
Кез болып екі уәзір ұстап алды
Қасымды түнде кетіп бара жатқан.

Уәзірге көп жалынды Қасым жылап,
Бір түнге Құдай үшін рұқсат сұрап.
Таң атпай сиясаттан табылмақ боп,
Көнбеді мұнысына уәзір бірақ.

Босатып жібермеді Қасым ерді,
Бұларға төрт жүз тіллә пара берді.
Ғайсаны орынына беріп кепіл,
Көңілді қылды осылай уәзірлерді:

— Таң атпай сиясатқа керек барсам,
Нәубетті басқа келген күтіп алсам.
Ғайсаның дарға тартып кессін басын
Мен үшін, уағдама бармай қалсам.

Жөніне жүріп кетті Қасым тартып,
Ғайсаның бар міндетін мойнына артып.
Жанымен жомарттық қып Ғайса кетті,
Досынан өзі өлгенін көріп артық.

Көңілім қалды тоқтап уәзірлерден,
Адамым мынау ма деп менің сенген.
Ойладым Қасым ісі не болды екен,
Бір адам, төрт жүз тіллә пара берген.

Тоқтаттым өзіме-өзім сабыр беріп,
Қасымның барайын деп соңына еріп.
Бір түнді не болса да мойныма алдым,
Жұмысты аяқтауға көзбен көріп.

Соңынан мен де қалмай еріп бардым,
Қарсы кеп бір көшеде кез боп қалдым.
Үн-түн жоқ кете беру болды қиын,
Ылажсыз білегінен ұстай алдым.

Маған да көп жалынды қатты налып,
Алланың құрметі деп аузына алып.
Білегін босаттым да қоя бердім,
Мархабат еткен кісі сықылданып.

Жөніне босаған соң жүріп кетті,
Жеріне ойына алған Қасым жетті.
Бір жерден келді дағы шынжыр тастап,
Қорғаннан ішкеріге түсіп кетті.

Аралап неше қабат үйден өтіп,
Бір үйдің ашты есігін Қасым жетіп.
Қасымды алтын кереуетке отырғызды,
Алдынан бір сұлу қыз тағзым етіп.

У жайлап ғашық дерті жанына өткен,
Қайғы алып, қан қалмапты ақша беттен.
Көргенде бірін-бірі талып түсті,
Қауіп еттім болды ма деп өліп кеткен.

Шын ғашық екен бұлар жаны сүйген,
Тоқталып сабыр қылар кеткен күйден.
Бет қайтып өлімнен бас тартпайтын,
Пәруана екен Қасым шамға күйген.

Үнілеп Қасым тұрып алды демін,
Қыз жылады: — Ашылмад, — деп, — бағым менің.
Сезіндім айтпасаң да ажарыңнан,
Басқаша бір қайғың бар білдім сенің.

Жалынып бейшара қыз отыр жылап:
«Көңіліңе басқа біреу жүрсе ұнап,
Тұрайын мен сендерге қызмет етіп,
Мақрұм дидарыңнан қойма бірақ.

Мағшұғым, Құдай қосқан бала жастан,
Менің жоқ сүйетінім сенен басқам»,–
Түндегі көрген-білген уақиғасын,
Сөйлейді Гүлмәриямға қалдырмастан.

Есітіп болды түсі қуарғандай,
Дәуірі өтіп күні суалғандай.
Азырақ ойға қалып отырып қыз,
Сөйлейді күлімсіреп қуанғандай.

«Уәзірлер танған екен ақыл-естен,
Пара алып неткен адам жаннан кешкен.
Басқа адам антын бұзып жібермейді,
Кейінгі патша екен, — дейд, — бұл кездескен.

Патшаға жұмыстарың болған мәлім,
Қоймайды аяқтамай мұның бәрін.
Берген соң әрі пара, әрі кепіл,
Білуге еркің екен сенің халің.

Бізді де көріп, бәлки, тұрған болар,
Бұл істің білді тегіс баршаларын.
Өлімнен қайғыменен құтқарар еді,
Осындай пақырлардың көрсе зарын».

Данышпан қалай оймен шамалаған,
Көргендей айтып өтті бәрін тамам.
Патша айтты: — Еш уақытта көрген жоқпын
Ақылды дана туған мұндай адам.

«Мағшұғым, — Қасым айтты, — болсаң білмек,
Ақтық күн екеумізге бүгін түн, — деп.
Сонан соң қияметтен жолығармыз,
Көзіме сиясатта бір көрін», — деп.

Қасымға қыз былай деп берді кеңес:
— Ғашықтан қалғандарды мағшұқ демес.
Сен өлсең үш күннен соң мен де өлермін,
Тірлік сенсіз маған керек емес.

Туған соң өлім мирас адамзатқа,
Ғашықтық қаратпайды ар-ұятқа.
Бір түгіл, көзіңе үш көрінейін,
Отырған жұрт жиналып сиясатта.

Көзінің екеуі де төгіп жасын,
Уағда үшін өлімге асығып отыр Қасым.
«Кепілге орныма кетіп еді, — деп,
Мен үшін Ғайса өлімге байлап басын.
Уағдаға опасыз деп Хақ қасында,
Қара бет жалғаншы атым аталмасын».

Мұны айтып үйден шықты Қасым жылап,
Гүлмәриям естен танып қалды құлап.
Екінші, қыздың күттім уағдасын,
Қасымды Ғайсаменен өттік сынап.

Мінеки, жұмысым сол менің көрген,
Қыз еді үш қайтара мұнда келген.
Әйел де болса сөзін шықты орындап,
Қасымға уағдасымен түнде берген.

«Жігітін тауып теңін жолдас бол, — деп,
Нақыл сөз: «Әйелін тап та ойнас бол», — деп.
Айтылған сол жігіті Қасым, Ғайса,
Әйелі Гүлмәриям туған тең боп.

Опалы айтқан сөзден шығатындар,
Уағда үшін өлімге асығып тұратындар,
Бар екен бәрі өзімнің шаһарымда
Жомарттық жанымменен қылатындар.

Патша айтты: — Уәзірлерді тартсын дарға!
Ғибрат болсын, — деді, — көрген жанға.

Екеуі өлмей аман қалар еді,
Пара алмай, кепілменен босатқанда.

Уәзірдің басын кесті дарға тартып,
Қылмысын пара жеген мойнына артып.
Қасымды Ғайсаменен жанына ертіп,
Падиша кетпек болды үйге қайтып.

Патшаның жұрт жиналды маңайына,
Тентектің тыю салды талайына.
Қазыға: — Жиһазымен өкел, — деді,
Қызыңды падишалық сарайыма.

Қасымды Ғайсаменен алып жүрді,
Өзінің сарайына алып кірді.
Халеден тон кигізіп екеуіне,
Беліне алтын кемер буындырды.

Қызын ап жиһазымен қазы кепті,
«Жұрт тегіс жиналсын!» деп жарлық етті.
Той қылып қырық күндей қыран патша,
Қасымға Гүлмәриямды некаһ етті.

Бас уәзір падишаға Ғайса болды,
Екінші уәзір Қасым содан соңғы.
Қосылды екі ғашық бір-біріне,
Әділдік бұрын таппай жүрген жолды.

Бұларды сыйлар еді тәуір көріп,
Болсын деп бір-біріне бұл һәм серік.
Ғайсаға патша өзінің қосты қызын,
Қисапсыз еншісіне дүние беріп.

Ғашықтар бір-біріне қолы жетті,
Бұрынғы қайғы-қасірет естен кетті.
Бағдаттың барша тегіс әйелінің
Үстінен Гүлмәриямды хәкім етті.

Әр түрлі әр дәуірде болған заман,
Дүниеге жаралғалы бәни адам.
Бір мың да тоғыз жүз қырқыншы жыл,
Басында февралдің алдым қалам,
Жазылып Тәжілмәлік әңгімесі,
Февралдің ақырында болды тамам.

Тамам.

هذا كتاب محمد حنفية

Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия

Мұхаммед Құдай досты, Пайғамбарым,
Құрбандық сол тақсырдан менің жаным.
Жарандар, хикаятын сөйлейін мен
Әли ұғлы Мұхаммед-Ханафияның.

Құданың Әли Хайдар Арысланы,
Алланың шын жаратқан данышпаны.
Айында мұхаррамның қылдым кеңес,
Көзіммен көріп тұрып бұл нұсқаны.

Жігіттер, тыңласаңыз менен назым,
Ағалар, айыптама ақылым азын.
Мұхаммед тақсыр Расул бір күндерде
Оқыпты-ау мәсжідінде таң намазын.

Махшарда жүрсек біздер оған еріп,
Тақсырдың алтын жүзін көзбен көріп.
Намаз оқып, батасын қылған екен,
Алдына бір ағраби келген кіріп.

Сол ағраби алдына барған кіріп,
Мұхаммед пайғамбарға сәлем беріп.
—Рұм шаһарын мұсылман қылып Әли
Келе жатыр, мен келдім соны көріп.

Ей, тақсыр, бер сүйінші сөзімді ұғып,
Үміт бар шапағаттан көңілім тоқып.
Бұйырды Пайғамбарым асхабтарға:
«Алдынан Әли ердің бәрің шық», —деп.

Алдынан сахабалар шықты бәрі,
Келген соң есен-аман батыр Әли.
Мұхаммед пайғамбарға сәлем беріп,
Табылды ер Әлидің ынтызары.

Сөйледі көрген ісін бастан-аяқ,
Жылайды Пайғамбарым Әлиді аяп.
— Үйінде қайсар-патша бір қыз көрдім,
Оған нұр берген Алла аямай-ақ.

Шаһарына қайсар Рұмның барып келдім,
Бәрін де тура жолға салып келдім.
Жеті күн күрес тұтып, өрең жығып,
Сол қызды тірі байлап алып келдім.

Мұхаммед Хақтың досты алтын теңге
Олжасын бөліп берді қадим елге.
Сол қызды өз алдына шақырып алып,
Айтыпты: — Кір, балам, — деп, — ислам дінге.

— Ханафия — менің атым, атам қайсар,
Ап келді-ау асып күші Әли Хайдар.
Алайын тіліңізді қайт қылмастан,
Тапсаңыз менің көңілім, ей, Пайғамбар.

— Ей, қызым, мұсылман бол, тілімді алып,
Барғанда ақыретке — ұжмақ анық.
Кісіге көңілің сүйген сені қосып,
Берейін алтын сарай саған салып.

— Мен көрдім, хақ Пайғамбар, алтын жүзің,
Алдыңа ғаріп болып келген кезім.
Болайын пәк мұсылман тіліңді алып,
Үш ауыз қабыл көрсең айтқан сөзім.

Пайғамбар «сөзіңді айт» деп берген жарлық,
Түсіпті-ау қыз байғұсқа сонда зарлық.
— Кісіге көңілім сүйген қосар болсаң,
Қылмаса ол Фатима іші тарлық.

Әлиден басқа жанға атастырма,
Күндестік Фатимаға таластырма.
Ұл туса Мұхаммед деп атын қойсаң,
Ей, тақсыр, мені мұнан адастырма.

Пайғамбар тоқтай қалды қайран қалып,
Отырды басын тақсыр төмен салып.
Жәбірейіл жетіп келіп хабар берді:
— Иә, тақсыр, тұт қыз сөзін қабыл алып.

Жәбірейіл Мұхаммедке хабар берді,
Қуантты хабар беріп асыл ерді.
Есітіп Ханафия қыз Хақ жарлығын,
Шығарды һеш көңілінен жаман керді.

Болыпты қыз мұсылман айтып иман,
Той қылып хақ Мұхаммед жұртын жиған.
Некелеп ер Әлиге қызды қосып,
Ұл туып, Мұхаммед деп атын қойған.

Ат қойды бала туып Мұхаммед деп,
«Фатима қызым, бұған қыл құрмет» деп.
Төрт жыл, төрт ай болғанда бала өмірі,
Беріпті бір ұстазға «дін үйрет» деп.

Үйретті алиф-әбжад, иман-шарттан,
Кітап Құран тамамдап, өнері артқан.
Жеткенде он екіге ер Мұхаммед,
Һәр түрлі өнері асты адамзаттан.

Көр имам бұл Ханафия-Мұхаммедті,
Бір Құдай берді өзіне көп нәубетті.
«Сахарасын Мәдиненің бір көрсем» деп,
Тілейді атасынан рұқсатты.

Рұқсат беріп ол Әли: — Бар, — деп айтты,
Мәдиненің жан-жағы тар, — деп айтты.
Майсара деген бар екен белгілі құл,
Арғымаққа ер-жабдық сал, — деп айтты.

Ат ерттеп құл Майсара даярлаған,
Қызметтен һәр уақытта аянбаған.
Көп дұшпан душар болса Хақ сақтар деп,
Сахараға жөнелмекке аяңдаған.

Ат мінді, киім киді жарақтанып,
Сахараға шықсам бір деп талаптанып.
Жас жігіт Хасен менен ол Хұсайын
Бұл сөзді есітіпті құлақтанып.

— Мұхаммед ол Ханафия аңға шықса,
Атам Әли Арыслан берді рұқсат.
Шығалық біз де, — депті Хасен батыр, —
Мұхаммед батыр бүгін түзге шықса.

Хасен менен Хұсайын екі батыр
Көпірлерге түсірер заманақыр.
Рұқсат алып атасы Арысланнан,
Екеуі тағы түзге келе жатыр.

Мұхаммед-Ханафияға болды серік,
Атуға киік-құлан бұлар жерік.
Жөнелді сахарасына Мәдиненің,
Шекер-қант, бұл үш ұғлан бал мен өрік.

Қыдырған тау мен тасты дамыл алмай,
Үшеуі киік-құлан, аң таба алмай.
Айтады Хасен батыр екеуіне:
— Далада жатамыз ба үйге бармай?

Біз шықтық киім киіп, атқа мініп,
Еш нәрсе ала алмадық аңға келіп.
Ала алмай тірі тышқан, масқаралық,
Барамыз, ей, ағалар, елге не деп?

Біздерге құр қайтпақтық ар емес пе,
Бұ дүние баяны жоқ тар емес пе?
Үміткер бір Құдайдан бола қалған,
Жігіттер, әуел бастан бар емес пе?!

Үш батыр, жас жігіттер жөнге жүрді,
Басына бір үш жолдың душар келді.
Қасында тақтай тас бар бір құдықты,
Үшеуі тақтай таста жазу көрді.

«Оң жолға түскен адам келер қайтып,
Сол жақтағы жолменен жүрмес артық.
Орта жолға түскенді білуші Алла»,–
Сол тасқа жазылыпты былайша айтып.

Үшеуі қайран қалды мұны көріп,
Құданың құдіретіне көңіл беріп.
— Ағалар, бер рұқсатты Құдай үшін,
Бұ жолға барса-келмес кетсем жүріп.

Мұхаммед Мұстафаның құрметі үшін,
Рұқсат берсең сұраған сөзім үшін.
Барайын барса-келмес не ғажап жол,
Ағалар, Хақ жарылқап, келсе күшім.

— Осыдан қандай болар заманымыз,
Жақсы ғой һәр заманда аманымыз.
Бабамның атын атап сұраған соң,
Құрыды енді біздің амалымыз.

Болмаса жібермеске ыңғайланып,
Тоқтатып жүргізбеске ой ойланып.
Тілендің бабамды айтып, жолың болсын,
Аллаға қыл тәуекел бел байланып.

Мұхаммед ер Ханафия амандасты,
Көзінен қара нәркес төгіп жасты.
Хасен менен Хұсайын бірге жылап,
Үшеуі көп жыласып мауқын басты.

Арғымақ тер ағызды сауырынан,
Қара тас қалды жерде ауырынан.
Жөнелді іші күйіп асыл ерлер,
Айырылмақ қиын екен бауырынан.

Жөнелді ол Мұхаммед жолға түсіп,
Тілейді бір Құдайдан үлкен нәсіп.
Ол күн өтіп, түн бітіп, таң атқан соң,
Бір жерге түс уақтында келді кешіп.

Ойлайды үлкен түсте дем алмаққа,
Ілінер шортан балық жез қармаққа.
Ағашы ақық, лағыл, сүнбіл, райхан,
Келіпті бау-бақшалы бір шарбаққа.

Тұр екен бек ләззатты жеміс пісіп,
Суынан тоймас пенде қанша ішіп.
Бір шатыр орта жерде терегі алтын,
Шаһзада сол шатырға келді түсіп.

Ішінде сол шатырдың бір алтын тақ,
Үстінде бір шал отыр сақалы аппақ.
Кірпігі көзін жауып, мұрты-мұрнын,
Түсінен көрген шошыр, иә, Раббым Хақ.

Шаһзада қалды қайран соны көріп,
Шатырға кіріп барды сәлем беріп.
Көтеріп кірпіктерін көзін ашып,
Келгендігін сөз сұрады қайдан жүріп.

— Рұқсатсыз кіріп келген кім? — деп айтты,
Үмбет пе ең Мұхаммедке сен? — деп айтты.
Мұхаммед ер Ханафия мұны естіп,
— Үмбетпін Мұхаммедке мен, — деп айтты.

Ол көпір, дінсіз малғұн көпір екен,
Тағы да жұрттан асқан батыр екен.
Күзетіп Латғазы атты пұт-бұрхана,
Далада шатыр құрып жатыр екен.

Латғазы ауырлығы бір жүз батпан,
Алтын менен күмістен зинат жапқан.
Бұрынғы Шаддад патша заманында
Жиылып төрт жүз ұста әрең тапқан.

Өзінің бек айбатты қылышы бар,
Есепсіз алтын, гауһар, күмісі бар.
— Сәжде қыл бұрханыма, — дейді кәпір,
Болмаса кең дүниені қылармын тар.

Шаһзада мұны естіп пұтқа барды,
«Иә, Алла Акбар» деп шоқпар салды.
Пұт кетті быт-шыт болып қырық бір пәре,
Кәпірлерге «иә, малғұн» деп айқай салды.

Қылышын суырып алып шапты басқа,
Ол кәпір жасырынды қара тасқа.
Көзінен ғайып болып шаһзаданың,
Жөнелді көзі толып қанды жасқа.

Шаһзада тысқа шықса, кеткен кәпір
Жүгіріп құла түзге бара жатыр.
Атына міне сала айғай салып,
Кәпірді қуып келді-ау Имам батыр.

Артына кәпір малғұн қарай салып,
Келетін шаһзаданы білді танып.
«Хақына Құдайыңның қоя бер, — деп,
Өлтірмей жібер», — депті бек зарланып.

Құдайды жад қылған соң қоя берген,
Шатырға Имам батыр қайтып келген.
Ол кәпір қашып барып өз елінен
Отыз мың жау-жарақты алып жүрген.

Отыз мың ләшкер жиып алып жүрді,
Келеді майыстырып қара жерді.
«Бұ қалай кеп болды?» деп Имам батыр,
Мінді де ат үстінен қарап тұрды.

Келеді ауыр ләшкер қара мұнар,
Түтігіп отыз жерден қызыл шынар.
Шаһзада сабыр қылып тұрды қарап,
Бұл заман қайсымызға ақыр болар.

Отыз мың ләшкер келді шеру тартып,
Бәрінен шаһзаданың қуаты артық.
Ішінде бір кәпір тұр бек айбатты,
Ләшкерден жиырма кез бойы артық.

Кәпірлер қамал қылды-ау миллион сан,
Қараңғы бұ дүниені қаптады шаң.
— Кәпір көп, мен жалғызбын, бұ қалай? — деп,
Шаһзада өзіне-өзі қалады таң.

Кәпірде бар палуан Таһмас атты,
Келбеті адам емес, дию сипатты.
Ашуы көкірегінде оттай жанып,
Майданға аяқ басып шеру тартты.

Найзасын қолына алды жүз жеті кез,
Қырық кез алмас қылышы бек өткір тез.
Күрзісі — екі жүз пұт, садағы — алпыс,
Сипатын Таһмас кәпір есітіңіз.

Атына қамшы басып майдан кірді,
Шаһзада мұны көріп қарсы жүрді.
«Жылдам жүріп патшама бас қойғыл» деп,
Ақырып хайуан сипат жетіп келді.

— Жігітің сөзің тұтып бел байласын,
Қолына жиып күшін бек әйласын.
Мен сені бөздей жыртып жіберейін,
Кәпірлер бұ қалай деп ой ойлансын.

— Ей, кәпір, былшылдадың не деп жаңа,
Күшті берген маған артық Хақ Тағала.
Есітіп кәпір мұны ұмтылады,
Қылам деп қылыш шауып қырық пәра.

Қылышпен сермеді найзасына,
Қараңыз Имам батыр айласына.
Найзасын тартып алып аспанға атып,
Кәпірдің енді ұмтылды пайдасына.

Көтеріп ат үстінен алды тұтып,
Лақтырды аспан-көкке қаһар етіп.
Қолымен қағып алып Таһмас ерді,
Жіберді екі жаққа бөздей жыртып.

Таң қалды кәпір елі мұны көріп,
Ішіне бәрінің де қорқу кіріп.
Жалғызы кіре алмайды майдан жерге,
Қалған соң Таһмас батыр былайша өліп.

Шаһзада айғай салып ақырады,
Дауысын кәпірлерге батырады.
— Тастайын жүндей түтіп желге ұшырып,
Біреуің кел шапшаң, — деп шақырады.

Кәпірлер бара алыспай қарап тұрды,
Патшасы «бірің бар» деп айтып көрді.
Әбден тілін кәпірлер алмаған соң,
Майданға бармайсың деп көбін ұрды.

Ұрғанымен майданға келсін нағып,
Шаһзада асыл болат түскен ағып.
Бар екен Имлақ атты бір палуан,
Патшасы бұйырады соған бағып.

Майданға әрең басып Имлақ кірді,
Ағызды қиналғаннан ащы терді.
— Кімсің сен, баян қыл, — деп сұрағанда,
Сол Имлақ шаһзадаға жауап берді.

— Шаһарым Ғамад атты, шаһым — Қатыран,
Атым — Имлақ, атам-дүр Аршуин хан.
Жүр едің мені білмей өзің қайда,
Ғаламға атым шыққан палуанмын.

— Батырдың талай сендей шыққан аты,
Аршуин — Хамза ағамның азаматы.
Сен дағы бол мұсылман, түбің жақын,
Кеудеңде Хақтың бар-ды аманаты.

Есітіп кәпір [сонда] қатты күлді,
Жұмсақ сөйлеп тұрғанға осал білді.
Қылышын қынабынан суырып алып,
Ол Имлақ шаһзадаға ұмтылды енді.

Ақырып, хайуан доңыз шапты қылыш,
Аз ғана шаһзадамен қылып ұрыс.
Қылышпен шапқанына неге болсын,
Болат қой ойып түсер асыл құрыш.

Найзасын тартып алып аспанға атты,
Астында көп кәпірлер өліп қапты.
Көтеріп ат-матымен ұрып жерге,
Іс қылды Имлақ итке сондай бапты.

Аттан жүрді батыр жерге түсіп,
Қуанып бұл шаттықтан көңілі өсіп.
Кәпірдің кеудесіне мініп алды,
Бәлемнің алайын деп басын кесіп.

— Мұсылман тілімді алып бол, — деп айтты,
Құдайға сен боласың құл, — деп айтты.
Мұхаммедке үмбеттік іс қылмасаң,
Кесермін тап басыңды сол, — деп айтты.

Жанынан қылыш көріп кәпір қорықты,
«Мұсылман боламын» деп тілге кепті.
«Болам, — деп, — пәк мұсылман» жалынған соң,
Шаһзада басын кеспей тұра кепті.

Қорыққаннан мұсылмандық Имлақ тапты,
Шаһзада ісін көріп иман айтты.
— Сен болсаң пәк мұсылман, тілімді алып,
Патшаңа барып кел деп елші сапты.

Мұсылман болсын, деп айт, кәпір бәрі,
Шаһардан қалмай бірі тапты кәрі.
Болмаса пәк мұсылман осы жерде,
Құтылмас қылышымнан кәпір жаны.

Қуанып Имлақ барды патшасына,
Айласын есіттірді баршасына.
«Жарайды, жалған алдап сөйтейік» деп,
Бәрі де таң қалыпты айласына.

— Палуанның Әли деген баласы екен,
Мәдине ата-жұрты қылған мекен.
Ұрысып мұныменен шыдамассыз,
Осылай айла қылсақ болмай ма екен.

Алданып бізбен бірге барса шаһар,
Қисабын таппаймыз ба беріп заһар.
Ұрыссақ таң атырып, күн шығармас,
Біздерден қоймас тұқым, қылса қаһар.

Деп Имлақ бастан-аяқ сөзін айтты,
Көндірді айласына жамиғатты.
Бұ сөзді есіткен соң барша көпір,
Қараңыз, тамашасын енді қайтті.

Көпірлер патшасы бас бәрі келді,
Қол қусырып Имамға сәлем берді.
Мұсылман болып үлкен-кіші, бәрі,
Шат қылды жалған алдап есіл ерді.

— Біз болдық пәк мұсылман тіліңізбен,
Жығылдық аяғыңа елімізбен.
Қатын-бала, үйдегі жамиғатты,
Көрсеңіз үй, ордамыз жерімізбен.

Деген соң, Имам батыр жарар дейді,
Бұ жалған пәни бізден қалар дейді.
Шаһарға алып жүрді көп көпірлер,
Айламыз біздің осы жарар дейді.

Кіреді Имам батыр шаһар елге,
Көпірлер түсіреді қиын жерге.
Түкпірде алтын үйдің болат сарай,
Кіргізді шаһзаданы қамау жерге.

Жайылып жастық болды, иіліп төсек,
Қамаған Арысланды-ай кәпір есек.
«Су бер» деп шөлдегеннен сұрағанда,
У салып су беріпті жалғыз кесек.

Шаһзада кесемен су қолына алды,
Ішер-ішпес болды да ой ойланды.
Кәпірлердің ісіне қайран қалып,
Отырып өз-өзінен ғажап қалды.

Имлаққа бұйырыпты «іш, — деп, — өзің»,
Имлақ сонда есітіп не дер сөзін.
— Иә, тақсыр, неге ішпедің сұрап алып,
Сарғайған шөлдегеннен көзің-жүзің.

— Иә, Имлақ, ішпегенім сөзімді есті,
Палуан атам Әли болған күшті.
Ас ішсең, үй иесіменен іш деп,
Атамның айтқан сөзі еске түсті.

Әуелі өзің ішіп, бергіл маған,
Қолына бұл кесені Имлақ алған.
Жіберді суды төгіп кеседегі,
Жығылған болып Имлақ сонда жалған.

Шаһзада бұл кәпірдің сырын білді,
Ішіне қайғы пікір дәйім кірді.
Білген соң дәм татпасын шаһзаданың,
Имлаққа Қатыран патша не дейді енді.

— Имлақ, сен дос болдың ғой әуел барып,
Еркіңе жүрер болса тіліңді алып.
Басына мұнараның шығып тұрып,
Қара, — деп айт, әр жаққа көзің малтып.

Бұл Имлақ шаһзадаға келді тағы,
Шаһзада құс сықылды қапастағы.
— Иә, тақсыр, көңіліңізді көтеріңіз,
Шаһардың тамаша-дүр әрбір жағы.

Басына мұнараның шығып тұрсаң,
Атырабын бұл шаһардың тамам көрсең.
Қайғылы көңіліңізді ашып біраз,
Тамаша бір азғана сейіл құрсаң.

Шаһзада жарайды деп ұнатыпты,
Түн өтіп сол уақытта таң атыпты.
Басына мұнараның шығып тұрып,
Жан-жаққа Имлақ малғұн қаратыпты.

Кәпірдің бұл қулығын білмес ұғып,
Имлақ тұр айла жасап, төмен бұғып.
Шаһзада қарап тұрса айдалаға,
Бір жерден жатыр будақ түтін шығып.

Сұрады: — Қап-қараңғы түтін не? — деп,
Будақтап шыққан түтін не деген көп.
— Бір диюдің хан Сүлеймен заманында,
Сөйледі Имлақ: сушының мекені, — деп.

Қараса бір жағына Имам батыр,
Бір қала көріпті алтын шатыр.
Жан-жағы, айналасы — бәрі әйбат,
Оты лаулап ортасында жанып жатыр.

От жанар [кейде] биік, кейде төмен,
Шарбаққа біткен ағаш терек, емен.
Имлақтан қасындағы және сұрап,
— Білдірші, дәу жанған бұл не? — деген.

Бұл қалай алтын шатыр көзге түскен?
— Бір батыр Жамһұр атты онда деген.
Жамһұрдың қарындасы бар, — деп айтты,
Соған ғашық бірқатар жан, — деп айтты.

Ол Жамһұр жеті ағайын, бәрі палуан,
Шарбағы ағаш өсіп сыймас сепкен.
Келе алмас Жамһұр ерге пар деп айтты,
Ол дию дағы ғашық болып жүреді екен.

Жамһұрдан жан қорқады сырын білсе,
Әрқашан жеті ағасы түзде жүрсе.
Қыз ғаріп от жағады отын өртеп,
Дию малғұн келмесін деп отты көрсе.

Сөйлейді Имлақ батыр сөзін ашып,
Ерлікті жеті ағасы қылған машық.
Есітіп Имам батыр үшбу қызды,
Сыртынан көз көрмей-ақ болды ғашық.

— Алып бар бастап жолды, Имлақ, — дейді,
Біздерге бармай не бар тұрмақ, — дейді.
Имлақ тұрып айтады: — Иә, шаһзада,
Жол бастап жібереміз бірақ, — дейді.

— Жіберсең салып мені тура жолға,
Барайын, Хақ тәуекел, мен дағы онда.
Тез баста тура жолға, Имлақ мырза,
Тоқтатып көңілімді сен қапа қылма.

Ерттеді шаһзаданың мінер атын,
Даярлап қылды бейжай қызмет хақын.
Атына мініп алып қамшы басып,
Көрінген сол қалаға келді жақын.

Бау-шарбақ айналасы аққан бұлақ,
Шарбақтың ортасында жанған шырақ.
Орданың есігінен кіріп барды-ау,
Адам жоқ, білсін жайын кімнен сұрап.

Бір бұлақ суы тұнық ағып жатыр,
Қасында бір бәйтерек, сыпа тас тұр.
Жіберіп атын отқа шөп жесін деп,
Отырды ол сыпаға Имам батыр.

Ол Жамһұр өзі батыр, мерген екен,
Бәрі де аңға шығып жүрген екен.
Қыз байғұс есігінен қарап тұрса,
Құдайым оған хабар берген екен.

Түсінде үш күн бұрын көрген екен,
Отырған шаһзаданы көрген екен.
«Бұл нағып келген мұнда адамзат?» — деп,
Қасына шаһзаданың келген екен.

— Ассалаумағалейкүм, әй, жанар көз,
Атаңды мұнда кетіп қылдың далсыз.
Мұхаммед Мұстафаның өгей ұғлы,
Хал-хабар нешік, қорықпай келдіңіз сіз.

— Қорықпадым берген соң Құдай жәрдем,
Мұхаммед бабам, атам Шаһимардан.
Шекерден сөзің тәтті, бек ләззатты,
Сырымды білдің қайдан, әй, күләндам?

— Мен танып келбетіңді келіп едім,
Құрметтеп, танып сәлем беріп едім.
Түсімде ұйықтап жатқан үш күн болды-ау
Мұхаммед пайғамбарды көріп едім.

Сөйледі: болғыл маған шын үмбет, — деп,
Бір жігіт келер есімі — Мұхаммед, — деп.
Мен сені қостым соған, қызым, — дейді-ау,
Сол жігіт келе қалса, қыл құрмет, — деп.

Өз атым — Зейнұлараб, Жамһұр ағам,
Атақты Рүстем-Дастан өткен бабам.
Ол Рүстем Зал баласы батыр өткен,
Қосылмас перілерменен нәсілі адам.

Ешкімге бермес мені ағаларым,
Төгетін ерегіссе дұшпан қанын.
Түсімде хақ Мұхаммед білдірген соң,
Сіз болдың жатсам-тұрсам ынтызарым.

— Түсіңде көрген жігіт мен бе, — дейді,
Бұ сөздің жалғаны жоқ, шын ба, — дейді.
Қалайша білдірді екен хақ Пайғамбар,
Сөзіңе нана алмадым мұнда, — дейді.

Ибраһим ол пайғамбар өткен халил,
Сақтаған жанған оттан Кәрім, Жалил.
Құраннан қирааттап оқып аят,
Келтірді сөзіне аят дәлел.

— Сөзіңе енді нандым дәлел естіп,
Сұрадым бір Құдайдан қуат күштеп.
Кеткенде ағаларың аңға шығып,
Тұрасың бұл шарбақта не іс істеп?

— Аң қуып ағаларым кетті түзге,
Оңаша берді Құдай нәубет бізге.
Кетелік келмес бұрын жабдықтанып,
Әй, батыр, болса мақұл дініңізге.

— Әуелде — Рахман, сіз көрдің бе түс,
Үйіңде отыр барып бұ күні кеш.
Далада мен жатамын сабыр әйлап,
Бұл қылық — ата-бабам қылмаған іс.

Сөйлесіп бұлар мұнда құрды сейіл,
Мінезі шаһзаданың сондай зейіл.
Алыстан жеті кісі келе жатыр,
Қыз байғұс қайтты көріп үйге кейін.

Үйіне қыз жөнелді қадам басып,
Мұхаммед-Ханафияға амандасып.
Бәрі де ағалары үйге келді,
Шаһзада қысылмайды қорқып-сасып.

Баршасы өтіп үйге жүре берді,
Көрмеді-ау сыпадағы тұрған ерді.
Біреуі кейін түсіп қалып еді,
Отырған шаһзаданы көзі көрді.

Айбаты Арысландай хош көрінді,
Хабарсыз, еш қауіпсіз бос көрінді.
Жүрегі жақындады жарыларға,
Көзіне қорыққаннан қос көрінді.

Үйіне жетіп келді жылдам басып,
Сарғайып өне бойы өңі қашып.
— Қасында аққан бұлақ бір жан көрдім,
Айбаты бұ ғаламнан кеткен асып.

— Өзіңді жын соқты ма мұнша қорқып,
Көзіңе көрінгеннен қашып-үркіп.
Жұмсады Жамһұр батыр бір інісін:
— Алып кел, бәлемнің сесін құртып.

Айырылған ақылынан адам дағы,
Бұ, шіркін, мұнша қорыққан жаман дағы.
Кім дейсің мұнда келген жапа-жалғыз,
Азулы едік қой біз замандағы.

Деп жөнелді біреуі мақтанғансып,
Қолына қылыш, найза ұстанғансып.
Келбетін шаһзаданың көріп жүріп,
Тұрыпты бармай кейін сақтанғансып.

— Неғылған адам едің есер, — дейді,
Қылышым жалғыз шапсам кесер, — дейді.
Азатқа Арысландар душар болса,
Бәрі де һәлакатқа түсер, — дейді.

Айтамын саған сөзді ішім еріп,
Жамһұрға көрінсең деп жылдам жүріп.
Тез жүріп бағынбасаң қол қусырып,
Көзіңді жойылтармын жазаң беріп.

— Жатырмын бұл бұлақта дария Ніл, — деп,
Сен тұрасың нені үйретіп маған біл, — деп.
Құлағым естімейтін саңырау еді,
Көрсетті ол құлағын, — бермен кел, — деп.

Екен деп анық саңырау басынады,
Беліне алмас қылыш асынады.
Ұмтылып маңайына келгеннен соң,
Қуатын енді батыр асырады.

Найзасын әуел баста тартып алды,
Бек байлап, өзін жерге бүктеп салды.
Ағашқа таңып қойып алақтатып,
Осындай мақтаншағың дертке қалды.

Кешікті кеткен батыр келмей-келмей,
Жамһұр отыр бұл істен хабар білмей.
Жіберді тағы дағы бір інісін:
— Кешігіп қала көрме бәрің бірдей.

Ол дағы жетіп келіп айғай салған,
Шаһзада саңыраумын деп шақырып алған.
Бәрін де осылай ұстап байлап қойды,
Келмеген енді мұнда Жамһұр қалған.

— Не болды бәріне де бірі келмей,
Біреуі келіп мұнда хабар бермей.
Қара деп қорқақ ерге жұмсап еді,
Көрсе қорқақ: тұтылған бәрі бірдей.

Қорқақ көріп Жамһұрға қайтып барды,
«Бәрі де байлаулы» деп айтып барды.
«Япырым-ау, бұл не қылған жан еді», — деп,
Ол Жамһұр үйде отырып қаһарланды.

Атына міне сала шауып келді,
Байлаулы көрді ағашта өңшең ерді.
— Байлаған мұның бәрін сен кім едің,
Қылайын мекен саған қазған көрді.

Деп ұмтылды найзасын қолына алып,
Белде — қылыш, иініне қалқан салып.
Ат үстінен көтеріп батыр пілді,
Шаһзада жықты жерге басып қалып.

Міністі кеудесіне «мені көр» деп,
— Кел, батыр, өліп кетпей дінге кір, — деп.
Махшарда сегіз ұжмақ болса үмітің,
Айт, бәлем, Мұхаммед хақ, Құдай бір, — деп.

— Хақтығы дініңіздің кетті басып,
Болмаса шықпас едің күшің асып.
«Лә иләһа илла Алла» иман айтып,
Кіріпті тура жолға көңілі асып.

Байлаулы ердің бәрін шешіп алды,
Мұсылман һәммалары болып қалды.
Бірігіп ойнап-күліп қуанысып,
Шаһзадаменен бәрі үйге барды.

Ас жесіп шаттық етіп, кеңес құрып,
Сөз сөйлеп насихаттан хабар беріп.
— Иә, тақсыр, иман үйрет бұған да, — деп,
Келтірді қарындасын Жамһұр тұрып.

— Сөйлейін, әй, ағалар, ішкі сырым,
Мұсылман болып едім мұнан бұрын.
Төртінші күн болыпты ойлап тұрсам,
Көргенім хақ Мұхаммед раушан нұрын.

Келерін бұл жігіттің білдіргені,
Қуантып түсімде сол күлдіргені.
«Фаинкаху ма таба» деп ол Хақ Расул,
Осылай дәлел аят ендіргені.

Құраннан аят айтып қыз отырды,
Шын деп мұның сөзін бәрі білді.
Имамға Зейнұлараб қызды қосып,
Оңаша екеуіне сарай берді.

Отырды оңашада енді бұлар,
Секілді Сейфүлмәлік ғашық олар.
Дүниеден арманда боп кетті ме екен,
Осындағы дәурен көрген аһи солар.

Кітаптан көп риуаят сөз білінді,
Қызықты қыздың сөзі тез білінді.
Ұйықтамай көптен бері талып жүрген
Аз ғана шаһзаданың көзі ілінді.

Сол қыздың тізесінде жатқан басы,
Адамның байқап тұрсаң оңай қасы.
Аңдып жүрген дию малғұн душар келіп,
Қызды көріп төгілді көзден жасы.

Жөнелді қызды дию алып ұшып,
Сүйенген бас қалыпты жерге түсіп.
«Мені дию алып кетті» деп ат ұстаған,
Есітіп тұра келді-ау батыр шошып.

Айырылып ғашығынан қапы қалды,
Сол жерде күйіп-жанып қапаланды.
Жөнелді түн ішінде атқа мініп,
Қыз үшін ғаріп жанды отқа салды.

Бұл істен қалды Жамһұр хабар білмей,
Шаһзада келе жатыр дамыл көрмей.
Үйінен жүгіріп Имлақ қарсы шықты,
Келді деп шошып қалды-ау нағып өлмей.

Алдынан жүгіріп Имлақ қарсы шықты,
«Тұр шапшаң, атқа мін» деп бұйырыпты.
— Осындай жол жоғалтып сөркарданмен,
Көрсетші диюдің жайын маған, — депті.

— Иә, тақсыр, түн ішінде жүрмеңіз сіз,
Таң атқан соң көрсетіп жіберерміз.
Шаһзада ашуланып ақырады:
— Бастап жүр, былшылдамай, бол шапшаң, тез.

Қорыққаннан Имлақ бастап жүрді дейді,
Қараңғы түнде жолға кірді дейді.
Таң атып күн шығатын мезгілінде,
Қазандық қара жерге келді дейді.

Құдық бар терең шыңырау ауызында,
Аузының айналасы алпыс құлаш.
Қақпақ тас сол құдықта бес мың батпан,
Көтеріп лақтырады шаһзада жас.

Бұл іске Имлақ малғұн қалды қайран,
Шаһзада байқамайды, көңілі ойран.
Беліне темір арқан мықтап байлап,
Түсуге енді ішіне көңіл қойған.

— Иә, Имлақ, тұрамысың арқанды ұстап,
Нетесіз, күшім жетпес, мені қыстап.
Баяғы тасты ап келіп қайта қойды,
Құдыққа жөнелгелі өзін тастап.

Бекітті арқан ұшын тасқа байлап,
— Құдықта білдіремін үш айғайлап.
Ең соңғы айғайымда тарт арқанды,
Ақылмен сол айғайды өзің ойлап.

Құдыққа осылай деп түсіп кетті,
Түбіне бір күн, бір түн әрең жетті.
Түскен соң жоғарыдан миы айналып,
Аз ғана көз қарайып, есі кетті.

Бір уақытта есін жиып, көзін ашты,
Екен деп ойланыпты шын албасты.
Бойы бар алпыс құлаш, кеудесі зор,
Құрулы көрді төрде сыпа тасты.

Басына жастанғаны сандық темір,
Сықылды диюдің өңі қара көмір.
Теректей аяқтары, мұрны — үңгірдей,
Қасында не болады-ау өткен өмір.

Сандықтың сол ішінде Зейнүлараб,
Ішкені дию малғұнның — арақ-шарап.
Дию ұйықтап жатқанда қыз жылайды-ау,
«Құтылар күн бар ма, — деп, — иә, Аллалап».

Сондағы жылағанда қыз не дейді:
— Құдай-а, қылдың мұндай бізді, — дейді.
Тар қылып дүниені бір сағатта,
Сарғайттың қызыл гүлдей жүзді, — дейді.

Әлидің сүйер ұлы — ғашық жарым,
Көремін бе ол ғауһар көзді, — дейді.
Нағылсын іздеп бізді қиын жерден,
Күдерін бір келмей-ақ үзді, — дейді.
Сол бауырым білмей қалды-ау ағам Жамһұр,
Бір сағат қоймас еді бізді, — дейді.
Мұхаммед-Ханафиядай жан-жанайым,
Дариға-ау, көремін бе сізді, — дейді.
Айырылып ғашығымнан қолға түсіп,
Бәләсі бір Алланың тез-ді, — дейді.
Келсін деп сәлем айтсам ғашық жарға,
Бұл хабар кім жеткерер сөзді, — дейді.

Шыбын жан неге жүрген Құдай алмай,
Пендесін жаратпаған қайғы салмай.
Жылаған қыздың сөзін естіген соң,
Шаһзада жүрді төрге шыдай алмай.

Қылышын қынабынан қолына алды,
Бек қатты күшін жиып, қаһарланды.
Шаһзада ақырғанда айбатымен
Көтеріп басын сонда дию оянды.

Ақырып тұра келді, қолда тасы,
Сықылды үлкен таудай диюдің басы.
«Үйіме сұраусыздан келген мұндай,
Түйдің ғой бір шыбындай жаның қасы».

Қолына бір тас алды бес жүз батпан,
Лақтырып шаһзадаға тасын атқан.
Шаһзада тасын қағып қолыменен,
Басына дию малғұнның қылыш шапқан.

Кесілді диюдің басы қылыш тиіп,
Жаратқан шаһзаданы Құдай сүйіп.
Айғайын шаһзаданың естіп-біліп,
Имлақ тұра алмады іші күйіп.

Шаһзада «арқан тарт» деп айғай салды,
Дию малғұн қаза жетіп өліп қалды.
Сандықты байлап жіпке жібергенде,
Суырып Имлақ көпір тартып алды.

Сандықтың аузын ашып қызды көрді,
Көңліне Имлақ ердің шайтан кірді.
Қолыма қалағаным түсті ғой деп,
Қуанып алып қашып жүре берді.

Құдыққа арқан түспей қалды тыста,
Атар таң, шығар күн жоқ бұл байғұсқа.
Айырылып ғашық жардан соры қайнап,
Құдықта жылап-налып қалды босқа.

Әлі тұр арқан қашан келеді деп,
Ойлаған Имлақ малғұн өледі деп.
Келмеді арқан қайта, күн кеш болды,
Отырды Құдай жәрдем береді деп.

Кешке шейін отырды арқан келмей,
Тамаша-қайран қалды хабар келмей.
Бәрінен өлі айырылмай, тірі айырылған,
Күйікке қалды батыр екі бірдей.

Құдықта қалды батыр қылып зары,
Хабарсыз үйде жайға жатыр Әли.
Бұл істен хабар таппай қалды жылап,
Ханафия, ол Фатима аналары.

Хасен менен Хұсайын екі ағасы,
Төгілді дін мұсылман көзден жасы.
Мұхаммед-Ханафиядан хабар таппай,
Жылайды-ау сонда зарлап ата-анасы.

Құдықта жатып Имам бір түс көрді,
Көзіне жылаған соң ұйқы кірді.
«Иә, балам, қайғырмағын, шығарсың», — деп,
Сол келіп хақ Пайғамбар хабар берді.

Қуанды көргеннен соң мұндай түсті,
Жасынан зарлықпенен ғұмыр кешті.
Оянып тұра келсе ұйқысынан,
Құдыққа арқан келіп өзі түсті.

Қуанып Имлақ кете барған екен,
Арқанды аты келіп салған екен.
Құдайым құдіреті себепші болып,
Арқанды аты келіп салған екен.

Шаһзада арқан ұстап талпынады,
Ұмтылып қатты шаршап алқынады.
Ұмтылып Имамзада келе жатса,
Ат байғұс сол арқанды тартынады.

Құдықтан Құдай оңдап шықты батыр,
Қызды алып және кетті Имлақ кәпір.
Не болса да сонымен болайын деп,
Шаһзада ашуланып келе жатыр.

Көзіне келе жатса көрінді шаң,
Сол шаңнан көрінеді бір жеті жан.
Қараса батыр Жамһұр ішінде бар,
Жолығып амандасып таңға қалған.

— Келесіз қайдан жүріп, әй, шаһзада,
Бір шыбын жолыңызда жаным пида.
Құтылып диюден аман қайтқаныңыз,
Сақтаған сізді мұндай патша Құда.

— Ізденіп диюге таман барып едім,
Өлтіріп қызды одан алып едім.
Сандықпен тысқарыға шығарған соң,
Кешігіп арқан түспей қалып едім.

Қасымда кәпір Имлақ жолдас еді,
Маған қас, шын мұсылман қылмас еді.
Берген соң Құдай жәрдем әрең шықтым,
Бұ көңлім мақсұт таппай тынбас еді.

Есітіп таңға қалды дию өлгенін,
Имлақтың шаһарына жол жүргенін.
Сегіз ер келе жатып ат ойнатып,
Сөйлейін енді түзде шаң көргенін.

Екі адам шаң ішінен көрген анық,
Мұхаммед-Ханафия тұр көзін салып.
«Екі ағам, жан жігерім келеді» деп,
Алыстан Имам батыр білді танып.

Хасен менен Хұсайын батыр екен,
Имамды іздеп сол келе жатыр екен.
Жаяу тұрып шаһзада сәлем берді,
Өне бойы ойлаған ақыл екен.

Амандасып, көрісті енді бұлар,
Зарлығына есіткен пенде жылар.
Әли келіп ләшкерлермен жатыр екен,
Қосылып қуанып жүрді-ау солар.

Ғамас, Қатыран шаһарын Әли қамап,
Жатыр екен соғысқа қылып талап.
Намазшамда ләшкерге жетті бұлар,
Тамашасын солардың білмес қарап.

Келіп сәлем беріпті Әли ерге,
Мұңын шағып бас қойып қара жерге.
Бастан өткен сөйледі хикаятын,
Жамһұр дағы жылайды жүрген бірге.

Есітіп батыр Әли қайран қалды,
Сөзіне баласының ғажаптанды.
«Қайғырма, ғаріп балам, оның үшін»,
Деп сөйлеп жалғыз өзі кете барды.

Тапсырды Мәлікаждарға сан мың қолды,
Жөнелді жалғыз өзі кезіп жолды.
Күні-түні басылмас қайғы-уайым,
Қайғысы шаһзаданың Имлақ болды.

Шаһарға батыр Әли барып кірген,
Ешкім көрмес өзін, ол бәрін көрген.
Аралап шаһар ішін тамаша етіп,
Имлақтың сарайына түзу жүрген.

Келеді батыр Әли Хаққа жылап,
Қыз отыр қапастағы нағып шыдап.
Көрген соң Зейнұлараб қызды Әли,
Тоқтады білейін деп мұны сынап.

Бір уақта кәпір Имлақ қызға келді,
Ақырын қол ұзатып сөзге келді.
Қыз жылап Құдайына жалбарынды-ау:
— Бұл кәпір не бетімен бізге келді.

Құдай-а, құдіретің кең, бұл не бәлең,
Басыңа Аллаң салса не-дүр шараң?
Мұхаммед қалды жайда ғаріп болып,
Кісі жоқ іздеп келер, күнім қараң.

Қыз айтып мінәжатты көп жылады,
«Жолама, малғұн, маған», — деп бұлады.
Шыдамай батыр Әли бір ақырып,
Кәпірді сақалынан бек жұлады.

Кәпірді буындырды тамағынан,
Қар жауған ашуланса қабағынан.
— Япырым-ай, сен кімсің? — деп сасып қалды,
Басылды кәпір көңлі банағыдан.

— Мен едім батыр Әли елге мәлім,
Мақтандың не бетіңмен, кәпір залым.
Бола көр тез мұсылман тілімді алып,
Дүниеңнен керек болса шыбын жаның.

Есітіп Әли атын қорқып кәпір,
Ұстады жағасынан Әли батыр.
Қызды ұстап бір қолымен өңменінен,
Жүгіріп дарбазаға келе жатыр.

Кәпірді буындырып, қысып келді,
Қан ағып мұрнынан, ит құсып келді.
Құданың шын жаратқан Арысланы,
Ләшкерге бір сағатта ұшып келді.

Әлидің шыдап тұрар кім бетінде,
Жаман жоқ Мұхаммедтің үмбетінде.
Сол Әли батыр жүгіріп келе жатса,
Тұр екен Мәлікаждар қол шетінде.

Кәпірдің өңін көрді ұзын бойлы,
Көзі — көк, жүзі — қара, ол бәдруйлы.
Шатырға алып келіп батыр Әли,
Имлақты буындырып байлап қойды.
«Бол, — десе, — шын мұсылман», тіл алмайды,
Ол кәпір өзін-өзі біле алмайды.
Қылышпен Мәлік батыр бір-ақ шапты,
Денесін, басын, түгін көре алмайды.

Келіні Зейнүлараб алып келген,
Пердесін ақ жүзіне салып келген.
Мұхаммед-Ханафиямен оны қосып,
Қуанды дін мұсылман мұны білген.

Ғамастың шаһарына аттанды қол,
Аз емес, ауыр ләшкер қисабы мол.
Шаһарды қамап алып соғыс қылып,
Бәрін де тура жолға көндірді сол.

Мал алды, дін мұсылман олжа қылып,
Той қылды, ол шаһарда ойнап-күліп.
Ләшкердің дін мұсылман бәрі де аман,
Жөнелді Мәдинеге қайта қонып.
Бұл қисса шаһзадаға жад болыпты,
Қыз зуфунун Зейнүлараб хат болыпты.
Қайғыда мұнафиқтар күйге түсіп,
Мұсылман естіп-білген шат болыпты.

Тамам.

محمد حنفية حضرة على اوغلينك
تابوت بادشامن صوغسقانى

Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны

Сөз басы

Әй, Досы, неге отырсың қалам тартпай,
Бұ дүние өтер бастан шапқан аттай.
Сүрікті мезгілді күн жеткеннен соң,
Аллаға тапсырарсың аманаттай.
Барында дәуреніңнің ойнап-күліп,
Хикаят сөз қалдыршы кәрі-жасқа-ай.

Баласы, атым Досы, Тілегеннің,
Бірі едім жастан талап іздегеннің.
Басыңнан бақыт құсы тайып кетсе,
Болмайды ойға алып көздегенің.
Жайынан Әли Арыслан сөз қылайын,
Халыққа ұнай қалса сөйлегенім.

Мәдинеде Әли Арыслан тұрған екен,
Күнбатыс, күншығысқа барған екен,
Дін үшін кәпірлермен соғыс салып,
Қисапсыз көп кәпірді қырған екен.
— Иә, Алла, мен құлыңа жәрдем бер, — деп,
Дін үшін шыбын жанды қиған екен.
Ойлаған көп дұшпандық Мұхаммедке
Дейтұғын қайсар Рұм хан бар екен.

Қайсарға хазірет Әли бармақ болды,
Жолына дін исламның салмақ болды.
Көнбесе Хақ жолына мойын бұрып,
Бір Алла берсе жәрдем қырмақ болды.

Еліне қайсар Рұм жүрді дейді,
«Иә, Алла» деп Дүлдүліне мінді дейді.
Арада неше бір күн белдер асып,
Еліне қайсар Рұм келді дейді.
«Кірсін, — деп, — дін исламға мойын қойып»,
Жіберді патшасына бірді дейді.

Әлидің айтқан сөзін ұнатпайды,
Құрысын деп ислам дінін жолатпайды.
«Сиқыршы Мұхаммедің алдаушы», — деп,
«Өлем, — деп, — дінім үшін» тызақтайды.

Солардан өткен, Тәңірі-ай, дүние жалған,
Соғысқан ислам үшін Әли Арыслан.
Соғысып дамыл алмай Әли Арыслан,
Кәпірдің сол арада бәрін қырған.

Қырса да кәпірлердің бірін қоймай,
Етпеді сонда дағы біреуі иман.
Тозақ деп әуелі Алла жазғаннан соң,
Жолында кәпірлердің жанын қиған.

Ағызды кәпірлерден қызыл қанды,
Олжалап кәпірлердің малын да алды.
Бар екен қайсар Рұмның жалғыз қызы,
Қолына тұтқын қылып оны да алды.
Соғысып кәпірменен аман-есен,
Алты айда Мәдинеге келіп қалды.
Көрісіп, Пайғамбармен амандасып,
Алдына келген малдың бәрін салды.
Нашары Мәдиненің жиылып келіп,
Кәпірден келген малды бөліп алды.

Жалғанда қайсар Рұм болған екен,
Есімі жалғыз қыздың Ханифа екен.
Сипаты хор қызының сипатындай,
Жоқ екен әйелдерде бұдан өткен.
Белгісі сұлулықтың бұл емес пе,
Жайылып жан-жаһанға даңқы кеткен.

Мұхаммед хақ Пайғамбар: — Балам, — дейді,
Ханифа, үйретейін иман, — дейді.
Пайғамбар қанша үгіт айтса дағы,
Тіліне Расул Алла қыз көнбейді.
— Жарайды, мен көнейін, Нұр Мұхаммед,
Бар еді үш тілегім, берсең, — дейді.
Мен едім қолыңызда тұрған жетім,
Көз жасын жетім-жесір көрсең, — дейді.

Бұл сөзге қыздың айтқан таңға қалды,
Мұхаммед хақ Пайғамбар ойға қалды.
«Берсін, — деп, — қыздың айтқан үш тілегін»,
Бір Алла Жәбірейілден хабар салды.
Мұхаммед хақ Пайғамбар Алла досты:
— Ханифа, арызыңды айт, — деп құлақ салды.

Қыз айтты: — Расул Алла, арызым болсын,
Берсеңіз үш тілегім, көңілім тынсын.
Ерлігін Әли Арыслан көріп едім,
Өзіне жұфұтланып некаһ қисын.
Екінші, бір тілегім мен айтайын,
Сүйікті бұл ғаламға бір ұл берсін.
Үшінші, бір тілегім және мынау,
Қызыңыз Бибі Фатима тату жүрсін.
Біз жүрсек тату болып бір туғандай,
Халықтың Мәдинеде көзі көрсін.

Арыз айтып Ханифа қыз тілек қылды,
Үйреніп ислам дінін жадына алды.
«Құдай бір, иман шын» деп иман айтып,
Мұсылман сол сипатта болып қалды.

Солардан өткен, міне, дүние жалған,
Некаһлап Ханифаны Әли алған.
Құдайым берсе қазына аз емес қой,
Ханифа Әли ерден жүкті болған.

Ханифа алып тілек көңлі тынды,
Балқыған нұры айдай бір ұл туды.

Ол ұғыл туғаннан соң айтып азан,
Мұхаммед-Ханафия атын қойды.

Ханифа қылады тағат Алласына,
Құдайым берді перзент көз жасына.
Құдайым артық сипат бәрін беріп,
Жетіпті сау-саламат бес жасына.
Қолына кітап алып Ханафия,
Оқырға барады екен молдасына.

Келіпті Мұхаммед-Ханафия жеті жасқа,
Болыпты имам молда кәрі-жасқа.
Тауфиқпен Кәрім Алла ғұмыр беріп,
Жетіпті сөйтіп жүріп жеті жасқа.

Айналып келесі жыл онға жетті,
Әр іске қолын созып көңіл етті.
Екпіні жас баланың жанған оттай,
Атаның ана менен көңлі бітті.
Сапарға Әли Арыслан жүрмек болды,
Бергенін бір Алланың көрмек болды.
Атасы жүремін деп айтқаннан соң,
Мұхаммед-Ханафия ермек болды.

— Жаратқан баршамызды Алла, — дейді,
Қарағым, Ханафия, барма, — дейді.
Қатпаған қабырғасы жас баласың,
Ойнағыл аға-іниңмен қал да, — дейді.

Қоштасып: — Қал, — деп, — балам, бетін сүйді,
Бұл сөзге баласының іші күйді.
— Барма деп атам маған көп айтады,
Қасына ерітпейді текке, — дейді.

Дүлдүлге сөйтіп айтып мініп алды,
Баласы атасының тілін алды.
«Енді мен аң аулап келейін», — деп,
Мұхаммед-Ханафия ойға алды.
Ат-жабдық сол арада даярлатып,

Қаруын керек-жарақ жиып алды.
«Иә, Алла, жәрдем бер» деп атқа мініп,
Тауына Мәдиненің барып қалды.

Тауына Мәдиненің барып қалған,
Алыпты жақ пен саржа, гүрзі, қалқан.
Алдынан ешбір нәрсе шықпағансын,
Басына таудың шығып айқай салған.

Дауысы жаңғыртыпты тау мен тасты,
Айқайымен бір киік тұра қашты.
Киікті тірідей ұстап аламын деп,
Атына астындағы қамшы басты.

Сол киік сонымен қаша берді,
Көрінбей тау мен тастан аса берді.
Мұхаммед-Ханафия ыза болып
Қол жақпен ұстаймын деп ата берді.
Соңынан ыза болып қуа-қуа,
Қалдырды елден кетіп талай жерді.
Терлетіп атын қанша қуса дағы,
Жеткізбей бір бақшаға келіп кірді.
Ғажайып таң қалғандай бір гүлістан,
Мұхаммед-Ханафия көзі көрді.

Көргенсін ол бақшаға таң қалады,
Ол киік кетіп көзден жоғалады.
Миуа бар түрлі-түрлі пісіп тұрған,
Қызыл гүл бақшадағы қозғалады.

Бұлбұл бар ол бақшада сайрап тұрған,
Қаз қонып, үйрек ұшып, парлап тұрған.
Киікті тірілей ұстап аламын деп,
Мұхаммед-Ханафия ойлап қуған.
Ол киік көрінсе де ұстатпайды,
Мұхаммед-Ханафия қайран болған.
Ол киік шамаласақ, шайтан екен,
Мұхаммед-Ханафия[ны] алдап ұрған.

Бақшаға ол киікті қуып келді,
Жас бала шаршағансын ұйқы келді,
Тынығып осы жерде алайын деп,
Бақшаға атын түсіп қоя берді.

Бар екен Табут деген кәпір патша,
Саяхат қылады екен осы жерді.
Табуттың екі жүз бас батыры,
Үстіне жатқан бала о да келді.
Бақшада ұйықтап жатыр бір жас ұғлан,
Кәпірдің өңкей палуан көзі көрді.

Кәпірлер тұрды қарап көзін салып,
Жас бала ұйықтап жатыр нұрдай балқып.
— Апырым-ай, пері зат па, адамзат па бұ бала? — деп,
Кеңесіп сөз сөйлейді жабырласып.
Түрі артық ұйықтап жатқан жас баланың,
Айбаты көрініпті көк таласып.

Баланы бұл кәпірлер оятады,
— Кімсің? — деп, жөнін сұрап сөз қатады.
Рұқсатсыз бұл бақшада сен жатырсың,
Өтін, — деп, — төремізге, — сөз айтады.
Жығылып аяғына басыңды ұр, — деп,
Батырлар осылайша көп айтады.

Ханафия оянып көзін ашып,
Қайраты жас баланың судай тасып.
Балаға екі жүзі аз емес қой,
«Сөйле» деп тұрды кәпір қамаласып.

Жас бала сұрағанның бәрін айтты,
Жауапқа көрмейді қорқып-сасып.
Кәпірге бала тұрып жауап берді:
«Кәпір деп өтінбеймін, дінің — пасық».

Кәпірлер бұл сөзіне ашуланды,
Баланы өлтіреміз деп қатуланды.
Батырлар қанша ерлік айтса дағы,

Ханафия аяр емес шыбын жанды.
Пасықтың сондай айтқан ерлігіне
Ханафия ашуланып оттай жанды.

— Жас бала, жөніңді айтшы, перімісің,
Болмаса адамзаттың бірімісің?
Сұрайық, жерің қайда, атаң кім-дүр,
Жауабын біздің сөздің берермісің?
Патшаның бақшасында сен жатырсың,
Бар еді бұл арада не жұмысың?

— Айтайын, сіз сұрасаң, жөнім, — дейді,
Белгілі Мәдинеде елім, — дейді.
Сұрасаң, бабам аты Нұр Мұхаммед
Сындырған кәпірлердің белін, — дейді.
Алланың Арысланы хазірет Әли
Өз атам сұрасаңыз менің, — дейді.
Кәпірге салған ойран атам Әли,
Қалдырмаймын, қырармын бәрің, — дейді.

Кәпірлер, нағыласың маған, — дейді,
Фатима, Ханифамен анам, — дейді.
Жаралған нұр сипаты ай мен күндей,
Хұсайын, Хасен ғазы ағам, — дейді.
Уай, кәпір, бәрің бірдей қамаладың,
Аянба, келсе шамаң маған, — дейді.

Атына Ханафия мініп алды,
Кәпірлер өлтіруге ойына алды.
Айтқансын Ханафия аты-жөнін,
Кәпірлер дұшпаным деп біліп алды.
Кәпірдің екі жүзі қамағансын,
Ханафия қару-жарақ қолына алды.
Кәпірлер ата дұшпан болғаннан соң,
Қиыпты он жасында шыбын жанды.

— Мен өзім жас баламын он жасымда,
Қылмассыз маған нәрсе қамасаң да.
Төреңе басымды ұрып жалынбаймын,

Кәпірлер, қанша мені алдасаң да.
Мен жалғыз сендерменен соғысамын,
Әскерін Табут патша жинасаң да.

Жаратқан барша ғалам Аллам, — дейді,
Жәрдем бер, Нұр Мұхаммед бабам, — дейді.
Алланың Арысланы атам Әли,
Тілектес бола көргіл маған, — дейді.
Алланың жанымменен сүйген құлы
Хұсайын, Хасен ғазы ағам, — дейді.
Өсірген тәрбиелеп жастан мені,
Ханифа мен Фатима апам, — дейді.
Бас берген ислам үшін жанын қиып,
Сахаба отыз үш мың тамам, — дейді.
Кәпірмен не де болса соғысайын,
Бұларға келсе жалғыз шамам, — дейді.

Аллаға осылайша тілек қылды,
Майданда кәпірлермен соғыс қылды.
Ақырып «иә, Алла» деп дамыл алмай,
Жас бала таңқалғандай қайрат қылды.
Құдайым жас балаға тілек беріп,
Кәпірдің екі жүзін бәрін қырды.

Қырғансын бірін қоймай демін алды,
Қинады соғыс салып шыбын жанды.
Кәпірлер жаһаннамға жанын беріп,
Иесіз ер-тоқым мен аты қалды.
«Кәпірдің дүние-малын алмаймын», — деп,
Кесті де бір батырдың басын алды.
Соғысып кәпірлердің бәрін қырып,
Үш күнде Мәдинеге жетіп барды.

Мұхаммед-Ханафия аңға барған,
Көрсеткен түрлі ғажайып Тәңірім оған.
Белгілі Мәдинеде майдан жерге,
Әкеліп кәпір басын соған қойған.
Кәпірмен Ханафия соғыс салған,
Кәпірдің басын көрген таңға қалған.

Майданға кәпір басын қоя салып,
Қайда деп ата-анасы үйіне барған.
Ер жігіт қайраты асқан туса дағы,
Бәрінен өткен екен дүние жалған.

Жігітке жаудан қашқан жараспайды,
Басы деп пәлен батыр сыр ашпайды.
Жас бала сырын айтпай тұрғаннан соң,
Сахаба бастың жайын сұраспайды.

Еш сырын Ханафия айтар емес,
Таңқалып сахабалар құрды кеңес.
Қараса көз жіберіп кескен басқа,
Дүниеде ондай басты көрген емес.

Айтылған сапарынан Әли келді,
Майданда кескен басты көзі көрді.
Көрмепті мұндай басты ғұмырында,
Аралап жүрсе дағы талай жерді.

— Апырым-ай, мына басты кім кесті? — деп,
Арыслан сахабадан сұрай берді.
— Кәпірге талай қырғын салсам дағы,
Көрмедім мұндай басты деп жауап берді.

— Айтамыз көрген жайды саған, — дейді,
Аң аулап Ханафия барған, — дейді.
Тауына Мәдиненің кетіп еді,
Келмеді үш күнгеше тамам, — дейді.
Біз дағы үшбу басқа таң қаламыз,
Келтірген Ханафия балаң, — дейді.
Балаңыз бізге сырын еш айтпайды,
Балаңыз айтар сырын саған, — дейді.

Арыслан үйге келіп аттан түсті,
«Құлыным» деп баласының бетін өпті.
— Майданға таң қалғандай бас қойыпсың,
Жайынан осы бастың сөйле, — депті.

Артымнан аңға шығып сен кетіпсің,
Шырағым, барып қайттың қайда? — депті.

Ханафия тұрып сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Көрген жайым сөйлейін,
Мейірбанды жан ата,
Құлағыңды сал, — дейді.

Сіз кеттің, атам Әли, жолға шығып,
Ойладым келейін деп аңға шығып.
Қолыма саржа, гүрзі, қалқан алып,
Жол тарттым тәуекел деп атқа мініп.
Көзіме ешбір нәрсе көрінбеді,
Айқайлап дауыстадым тауға шығып.
Ақырған қаһарланып даусымнан,
Бір киік қаша берді ойдан шығып.

Ойладым сол киікті қуайын деп,
Бұйырса тірілей ұстап алайын деп.
Тірілей сол киікті ұстап алсам,
Тамаша құрбыларыма қылайын деп.

Атымды жетемін деп ұра бердім,
Соңынан сол киіктің қуа бердім.
Сол киік қаша-қаша алып барды,
Сайраған бұлбұл құстар бақша көрдім.

Бақшаға бұлбұл қонған көзім салдым,
Апырым-ай, не ғажап деп қарай қалдым.
Бар екен миуа жеміс пісіп тұрған,
Көргенсін түрлі құстар таңға қалдым.

Киікті ұстаймын деп шауып-шауып,
Ат соғып демімді алмай шаршап қалдым.
Айырылып қуып келген киігімнен,
Азырақ ұйықтайын деп жата қалдым.

Ұйқыға жатқаннан соң көзім кетті,
Сақта деп жадыма алдым Құдіретті.
Тынығып ұйқы тартып жатқанымда,
Құлағыма дабырлаған дауыс жетті.
Ұйқыдан сол уақытта тұрып едім,
Кәпірдің екі жүзі келіп жетті.

Кәпірлер сол арада сөз сұрады,
«Атаң кім, жерің қайда?» деп сұрады.
«Сен неге келесің, — деп, — бұл бақшаға,
Өтін, — деп, — төремізге» ақырады.
«Басыңды сенің енді кесеміз», — деп,
Бәрі де ерлік айтып шақырады.

Сөзіне кәпірлердің ашуландым,
«Пасық, — деп, — дін білмеген» қатуландым.
«Сұрасаң, бабам аты — Нұр Мұхаммед,
Атам, — деп, — Әли Арыслан» айтып салдым.

«Өлтірелік дұшпан ұғлын» дегеннен соң,
Сиынып бір Аллаға соғыс салдым.
Бір Алла сол соғыста жәрдем беріп,
Кәпірдің екі жүзін қырып салдым.
Кәпірдің дүние-малын алмаймын деп,
Батырдың таңдап басын кесіп алдым.

Аң аулап балаңыздың барған жері,
Соғысты кәпірлермен салған жері.
Кәпірдің екі жүзін қырып салып,
Батырдың басын кесіп алған жері.
Соғысып құр басым бақшасында,
Майданға бас әкеліп қойған жері.

Есітіп Әли Арыслан: — Балам, — дейді,
Айтайын бір насихат саған, — дейді.
Мен салдым кәпірлерге талай ойран,
Біздерге кәпір бәрі дұшпан, — дейді.

Ойласаң өмір сүріп жүремін деп,
Далаға үйден шығып барма, — дейді.
Қуғаның киік емес, шайтан малғұн,
Түсірер сені, балам, орға, — дейді.
Батырдың қырылғанын Табут білсе,
Көп әскер қойған шығар сонда, — дейді.
Табуттың әскері бар жеті жүз мың,
Түсірер сені, балам, қолға, — дейді.
Бұл сөзім менің айтқан бәрі де рас,
Жан балам, бұл сөзімді тыңда, — дейді.
Бұл бабаң әлдеқашан қырар еді,
Қыруға бұйырмайды Алла, — дейді.

Ал, енді естіңіздер Табут жайын,
Азырақ кәпірлерден сөз қылайын.
Баласы Шаһимардан аңға шығып,
Кәпірге душар қылған бір Құдайым.

Батырын Ханафия қырған екен,
Жәрдемші бір Алласы болған екен.
Қырды деп батырыңды қорынады,
Хабары патшасына барған екен.

Сол күнде Табут патша ашуланды,
Мың кісі бақшасына қойған екен.
Өлтір деп бөтен қара кісі барса,
Жарлықты әскеріне қылған екен.

Айтайын, тағы келді Әли сөзі,
Жүретін бір сапарға келді кезі.
Ер Әли үшеу болып жүрмек болды,
Қасында Хұсайын, Хасен ғазы — екі көзі.
Кеткенде атасы мен ағаларын
Мұхаммед-Ханафия көрді көзі.

Ер Әли үшеу болып кетіп қалды,
Дін үшін қинайын деп шыбын жанды.
Мұхаммед-Ханафия он жасында
Айырылып атасынан үйде қалды.

Тағы да таудан киік қуамын деп,
Атына даярланып мініп алды.
Қолына саржа, гүрзі, қалқан алып,
Барам деп көрген тауға ойына алды.

Аң үшін Ханафия үйден кетті,
Тауына өзі көрген келіп жетті.
Жастықпен ата сөзін ұмытып еді,
Құдайым берер екен не бейнетті.
Сол тауға тағы біреу келер-ау деп,
Көп кәпір қараушы еді ерте-кешті.
Пиғылы кәпірлердің сондай жаман,
Бір адам келе қалса өлтірмекші.
Аң аулап Ханафия жүргенінде,
Кәпірдің аңдып жүрген көзі түсті.

Көп кәпір сол арада көріп қалды,
Жиылып бір баланы ортаға алды.
Түсті деп қолымызға қуанысып,
Сол жерде өлесің деп айтып салды.
— Жалынып төремізге басыңды ұр, — деп,
Көп кәпір жас балаға хүкім салды.

Сөйлейді Ханафия сонда тұрып,
Ішінде көп кәпірдің жалғыз тұрып.
— Тыңдаңыз менің сөзім, пасық кәпір,
Жоламай бет алдыңа құлақ бұрып.

Кәпірлер, соғысуға келгенім жоқ,
Бір Алла не берсе де көңілім тоқ.
Дінсіздің қандай патша, сұлтанына,
Адам деп айтқанына көнгенім жоқ.
Білмейтін бір Құдайды пасық кәпір,
Кессең де қара басым көнерім жоқ.

Беремін сұрасаң жауап сөзіңізге,
Кірмеген атам менің дініңізге.
Пұтыңды сенің Құдай қыла алмаймын,
Және де жалынбаймын төреңізге.

Ойламай бір Құдайды жанымды ойлап,
Жалынып бас ұрмаймын өзіңізге.

Кәпірлер бала жайын сөз қылады,
Баланы ұстайын деп ой қылады.
— Апырым-ай, өзі бала, өзі жалғыз,
Біздерге өлтіргенде нағылады.
Мың кәпір осы сөзді айта салып,
Ат қойып бәрі бірдей жабылады.

Мұхаммед-Ханафия ашуланды,
Мың кәпір бір баланы қамап алды.
«Мен өлсем бұл кәпірден шаһидпын», — деп,
Мұхаммед-Ханафия ойына алды.

«Иә, Алла, маған жәрдем бере көр», — деп,
Қолына саржа садақ оғын алды.
Кәпірлер қамап тұрып қырылғансын,
Қасына ешбіреуі бара алмады.

Кәпірлер қамағаннан оғын атты,
Жетпісін қатар тұрған жалғыз атты.
Бір Құдай қолтығынан демегенсін,
Кәпірге бір баланың қолы батты.

Кәпірлер алып кетті жердің жүзін,
Білмейді бір-бірінің айтқан сөзін.
Соғысып демін алмай кешке дейін,
Ханафия қырып салды алты жүзін.
Кәпірмен жан аямай ұрыс қылып,
Толтырды қызыл қанға жердің жүзін.

Қырылып көп кәпірдің жаны кетті,
Түбіне жаһаннамның барып жетті.
Бермесе енді жәрдем Кәрім Алла,
Махдумның Ханафия оғы бітті.

Оқ бітіп қалғаннан соң гүрзі салды,
Кәпірдің айласына көзін салды.

Баланы не де болса ұсталық деп,
Махдумға темір зінжір бұғау салды.

Көрмесе көздің жасын бір Құдайым,
Етіне он жеті жерден жара салды.
Бөрідей қойға тиген домалантып,
Үш жүзден тағы бала қырып салды.

Сол уақыттар болғанда,
Қайраты таудай басады.
Демін алмай ұрысқан,
Қаны бір судай босады.
Баланың күшін көргенсін,
Қамалап тұрған көп кәпір
Тұс-тұсына қашады.
Күн-түн қатып соғысқан,
Құрып халі сусады.
Үсті толған көп жара,
Ауыр тартып денесі,
Бәрі бірдей шаншады.
Қасында қорған жолдас жоқ,
Халі біткен баланы
Қамалап кәпір ұстады.
Жолдасы болса қасында,
Қырар еді бұларды.
«Жас қасқырды тұттық» деп,
Патшаға берді хабарды.
Қозғаларға халі жоқ,
Тілейді тілек Құдайдан.
«Сындырмашы, Алла, — деп,
Шыныменен назарды».

Дінсіздің Құдай білмес бәрі пасық,
Қуанды Табут патша судай тасып,
Ұстаған жас баланы көп кәпірлер,
Қуанып, шулап жатыр жабырласып.

Айтады Табут тұрып: — Келсін, — дейді,
Зінжірмен қол-аяғын бусын, — дейді.

Дарға асып сол баланы өлтіремін,
Көп халық өлтіргенім білсін, — дейді.
Қылғаны ол баланың асып кетті,
Қорлықты естен қалмас көрсін, — дейді.

Баланы патшасына алып келді,
Жас бала бір Аллаға налып келді.
Болмаса жалғыздықтан ұсталғаны,
Әскерін Табут патша қырып келді.
Құдайым берсе қаза шара бар ма,
Жастығын жас та болса алып келді.
Кәпірдің ұстағансын көңлі өсіп,
Әр түрлі ойын-күйге салып келді.

Соғысып Ханафияның халі кеткен,
— Дарға ас! — деп Табут патша әмір еткен.
«Өлтірсек осылайша бола ма» деп,
Мәслихат сөз сұрапты әлеуметтен.

Әлеумет: — Өлтіруге болмас, — дейді,
Өлген жан қайта бізге тұрмас, — дейді.
Өлгенін хазірет Әли біле қалса,
Өлтірмей бізден адам қоймас, — дейді.
Мықтымыз үйде отырып ас ішкенде,
Келгенде Әлиге адам шықпас, — дейді.

Қырады Әли келсе адам қоймай,
Қарамас жалынсақ та салып ойбай.
Бар, — дейді, — зұлпықары екі жүзді,
Соғысты қоймас, — дейді, — қанға тоймай.

Не болар елің, халі құрығансын,
Бір адам қалмай бәрі қырылғансын.
Ойлайсыз қайткенде адам қалады деп,
Қылышын қынабынан суырғансын.

Әй, патша, біздің айтқан сөзімізге ер,
Баланың не де болса тілегін бер.

Сөзіңе айтқан сіздің көне қалса,
Малыңмен Әмина атты қызыңды бер.

Сөзіңе ерлік айтқан бала көнбес,
Берсеңіз қызың мен мал, сонда көнер.
Баланы өлтірем деп ойламаңыз,
Басыңыз Әли келсе жерге кірер.

Әлидің жаннан асқан қайраты бар,
Және де неше түрлі айласы бар.
Дініңе қызыңды алып бала кірсе,
Әлиге өлетұғын айла табар.
Әлиді Құдай беріп өлтірсеңіз,
Көп араб Мәдинеде құлың болар.

Бұл сөзді жүмлә кәпір мақұл көрді,
Түсініп Табут патша ақыл көрді.
Бір айла не де болса қылалық деп,
Баланы көп кәпірлер шақырды енді.
Баланың жарақаты сондай жаман,
Кәпірлер тірілтем деп дәру берді.
Алланың артық берген қайратынан,
Баласы Шаһимардан жәбір көрді.

Шақырып Табут патша: — Бала, — дейді,
Сөзімді менің айтқан тыңла, — дейді.
Бермеді басыңа пайда көп қайратың,
Дініме кір, менің қызым ал да, — дейді.
Қылғаның жас та болса өтіп кетті,
Шырағым, енді тентек болма, — дейді.

Осылайша Табут патша жауап берді,
«Ішкіл» деп құйып алып шарап берді.
— Әй, бала, бұл шарапты іше қалсаң,
Еске алмай ұмытарсың өткендерді.

— Әй, Табут, қанша айтсаң да тіл алмаймын,
Дініңе қорқып сенен кіре алмаймын.

Табылар тірі жүрсем маған қатын,
Қызыңды ал десең де, мен алмаймын.

Ішпеген ата-бабам арақ-шарап,
Сөзіңе еріп сенің іше алмаймын.
Білмеген Құдай бар деп пасық кәпір,
Сөзіңді қанша айтсаң да тіпті алмаймын.

Бұл сөзді, Табут патша, аузыңа алма,
Харамды арақ-шарап қолыңа алма.
Қызыңның жолда жатса, керегі жоқ,
«Кәпірдің діні пасық» деген Алла.
Бір Құдай берген жанды өзі алады,
Жарама үстімдегі дәрі қылма.

— Апырым-ай, менің қызым алмаймысың,
Сөзіме менің айтқан нанбаймысың?
Қызымның нұр сипаты жаннан асқан,
Бітпеген бұл дүниеде ондай пішін.
Шырағым, қызымды алып дініме кір,
Шынымен айтқан сөзім тастаймысың.

Патшаңыз ашуланып ақырады,
«Келсін» деп Әмина қыз шақырады.
Сүйегінен бала сөзі өтіп кетіп,
Шыдамай ашу қысып қалтырады.
Есітіп бала сөзін көп кәпірлер
Біле алмай не айтарын отырады.

Бір кәпір хабар айтып қызға барды,
Патшаның айтқан сөзін айтып барды.
Қайратын жас баланың есіткен қыз,
«Дініме кірсе екен» деп тілеп барды.
Киініп асыл киім бірін қоймай,
Үстіне иісті суын шашып барды.
Кәпірлер қыз сипатын көргеннен соң,
Бәрі де есі кетіп қатып қалды.

Жиыпты Табут патша елі-халқын,
Қалдырмай сарайына кәрі-жасын.
Көрсетті қызығар деп жалғыз қызын,
Сөзіне Ханафия болмағансын.
Әлеумет, құлақ салып тыңдасаңыз,
Айтайын біразырақ қыз тұлғасын.

Бойы бар шынардың ағашындай,
Көрген жан естен кетер адасып-ай.
Секілді түйме басы, қиғаш қасы,
Шашы тұр талдап өрген жарасып-ай.
Ақ беті жаңа жауған қар секілді,
Көзінің мөлдіреп тұр қарашығы-ай.
Қиғаш қас, оймақ ауыз, қызыл ерін,
Күмістей ақ білегі тартқан сымдай.

Тұлғасы хор қызының сипатындай,
Белі тұр нәзік діңге нағып сынбай.
Сипаты қыздың артық болса дағы,
Бала отыр алмаймын деп дінін қоймай.
Жалынып Табут патша айтса дағы,
Бала отыр бір сөзіне құлақ қоймай.
Қор қылып қыз бен сөзін алмағансын,
Патшаңыз аза болып салды ойбай.

Патша айтты: — Жиып халқым келтір, — дейді,
Баланы дарға апарып өлтір, — дейді.
Өзіме жәбір беріп, қырды халқым,
Өлтіріп бұл жиһаннан кетір, — дейді.
Қырар деп хазірет Әли біле қалса,
Жиылған көп әскері өлтірмейді.
Жиылған елі-халқым өлтірмесең,
Алып бар, зынданыма кірсін, — дейді.
Зынданға салып мұны мықтап бекіт,
Қорлықты енді бала көрсін, — дейді.

Баланы зынданына алып барды,
Жас бала бір Аллаға налып барды.
Кіргізіп зынданына жас баланы,

Он батыр қара таспен жауып салды.
Есікке қарауылшы және қойып,
Шуласып көп көпірлер кетіп қалды.

Махдумды жауып салды кілең пасық,
Балаға патша қызы болды ғашық.
Зынданға жас баланы салғаннан соң,
Өртенді қыз байғұстың жаны ашып.
Ойлайды қыз «зынданға барайын» деп,
«Қылам, — деп, — өзіме күйеу, болса нәсіп».

Әмина ғашық болып тызаңдайды,
Шыдамай күн батқанша төзе алмайды.
Кірмесе өз діниме жас бала, — деп,
Мұсылман болайын деп ой ойлайды.
Қайткенде жолдас қылып аламын деп,
Қыз байғұс шыдай алмай көп ойлайды.

Жанына ғашық оты жаман батты,
Кеш болып, ақшам болып, күн де батты.
Дұшпанын көп көпірлер ұстап алып,
Тынығып кеш болған соң ұйықтап жатты.
Ұйықтап жұрттың бәрі қалғаннан соң,
Зынданға Әмина қыз қадам басты.

Зынданға Әмина қыз келіп жетті,
Өлтіріп қарауылшының басын кесті.
Нағылсам Құдай маған қосады деп,
Ішіне қыз байғұстың қайғы түсті.

Әмина тыста отырып жылап отыр,
«Иә, Алла, қоса көр», — деп тілеп отыр.
Ішінде сол зынданның Ханафия
Сүресін Һұд атаның* оқып отыр.
Оқыған жас баланы көргеннен соң,
Сабыры қыз байғұстың қалмай отыр.

* Құран Кәрімнің 11-«Һұд» сүресі айтылып отыр.

Бекіткен есігінде көрді тасты,
Он батыр қойып еді сол бір тасты.
Әмина шыдай алмай ғашық отына,
Лақтырып қара тасты есік ашты.
Ішіне зынданының кіріп келіп,
Баламен Әмина қыз амандасты.
— Ал, енді нағылсаң да, ықтиярсың,
Сен үшін қидым, — дейді, — ғаріп басты.

Қыз айтты: — Бақыт берсін маңдайыңа,
Бірге жүр, мен барайын сарайыңа.
Дініме, жан ғашығым, сен кірмесең,
Құлшылық мен қылайын Құдайыңа.

Мұхаммед-Ханафия қабыл көрді,
— Жүр енді, баралық, — деп соңына ерді.
Дініме кірсең сені аламын, — деп,
Мұхаммед-Ханафия жауап берді.

Қыз айтты: — Көзім жасын көрсең, — дейді,
Тілегін мен байғұстың берсең, — дейді.
Кел, енді құшақтасып сүйіселік,
Көңліңді шыныменен берсең, — дейді.
Қасыңа жолдас қылып алғаннан соң,
Арман жоқ енді мен де өлсем, — дейді.

— Аманат бір Аллаға шыбын жаным,
Соғысып көпірлермен қиналғаным.
Әмина, дінің тастап, иман айтшы,
Көңлімнен кетсін менің бар күмәнім.
Қасыңа неке қимай мен жатпаймын,
Бұйрығы емес зина қылу бір Алланың.

Бұл сөзін Әмина қыз қабыл көрді,
«Құдай бір, Құран шын» деп дінге кірді.
Қалдырып пасық дінді Әмина қыз,
Көңілді айтып иман нұрландырды.

— Әй, Әмина, Мәдинеге біз баралық,
Некені бабамызға қидыралық.
Біз болып халал жұфұт сол арада,
Көңілді екеуміз де тындыралық.

Екеуі Мәдинеге қашпақ болды,
Үш қызды қызмет үшін алмақ болды.
Ат сайман, қару-жарақ бәрін алып,
Сол түнде «иә, Алла» деп аспақ болды.
Білмейміз ақырында не болады,
Көңілі екі жастың тәтті-ақ болды.

Екеуі сонымен қашып кетті,
Жолына Мәдиненің асып кетті.
Таң атса ханның қызы, бала да жоқ,
Патшаға «қашты» деген хабар жетті.
Дұшпанымен қызы қашып кеткеннен соң,
Патшаңыз аза салып талып кетті.

Патшаның ашуланып ақылы қашты,
Басына отыра қалып топырақ шашты.
«Өлтіріп дұшпанымды, қызды әкел», — деп,
Мың кісі жиып алды кәрі-жасты.
Қорлығына бір баланың шыдай алмай,
Ағызды екі көзден қанды жасты.

Мың кісі сол арада қуды дейді,
Қуғанын Ханафия білді дейді.
Келеді артымыздан қуып кәпір,
Бір соғыс тағы бізге болды дейді.

— Кәпірмен жалғыз өзім соғысайын,
Сен барып бір тасаға тұрғыл, — дейді.
Кәпір көп, Алла жалғыз, мен де жалғыз,
Тілектес, Әмина қыз, болғыл, — дейді.

Бере көр тілекті, бір Құдайым,
Кәпірге, Әмина қыз, мен барайын.

Жабылар мың кәпірдің бәрі бірдей,
Иә, Алла, бұл пасыққа нағылайын.
Құдайым жәрдем берсе мен қырармын,
Әмина, жан ғашығым, қылма уайым.

Сол жерде көп кәпірлер келді жетіп,
Шаңдатып жердің жүзін дүрілдетіп.
— Кеудеңде мың да болса жаның қалмас,
Барасың қызды алып қайда кетіп?
Қолыңнан сені өлтіріп қызды аламыз,
Жіберген бізді патша жарлық етіп.

Сөйлейді Ханафия сонда тұрып,
Кәпірге айбаттанып айқай ұрып.
— Жолында Әминаның жаным құрбан,
Қайтыңыз, уай, кәпірлер, өлмей тұрып.
Кәпірге атам Әли салған ойран,
Қайтыңыз жаһаннамға кірмей тұрып.
Жар болса Нұр Мұхаммед бабам, — дейді,
Кетермін бәріңізді қоймай қырып.

Сол жерде таңғажайып болды ұрыс,
Қырады кәпірлерге салып қылыш.
Соғысып жан аямай Ханафия,
Кәпірдің жеті жүзін қылды тыныш.
Үш жүзі сол арада кейін қашты,
Басына дем алуға болмай тыныс.

Үш жүзі өлмей қалған қашып кетті,
Аруағы бір баланың басып кетті.
«Жас бала қырып салды біздерді», — деп,
Патшаға осылайша хабар жетті.

Патшасы ыза болып ашуланды,
Шаһардан төрт мың палуан жиып алды.
Артыңнан әскер алып барамын деп,
Төрт мыңды айдап келіп жолға салды.
«Кімде-кім сол баланың басын кессе,
Сол менің күйеуім», — деп айтып салды.

Бастығы төрт мың әскер сайыпқыран,
Солардан өткен екен дүние жалған.
Ойлары батырлардың — күйеу болмақ,
Төрт мың қол сонымен бәрі қуған.
Болмақшы батырлардың бірі күйеу, бірі төре,
Бәрі де соның үшін жанын қиған.
Бәрі де қуанысып қуадылар,
Біздерге нағылады деп бір жас ұғлан.

Осылайша төрт мың әскер қуып кетті,
Балаға саламыз деп қасіретті.
Жас бала шаршап жүрген қайда барсын,
Балаға майдан жерде келіп жетті.
Бірі күйеу, бірі төре болармыз деп патшасына,
Қуанды көрсетеміз деп қызметті.

Кәпірлер жиылысып не деседі,
Болмас деп бірме-бірге кеңеседі.
Бұл бала қайраты жоқ нашар болса,
Бұл жерге қайта-қайта келмес еді.

Кәпірлер қамап алып тұрысады,
Балаға бір Алласы болысады.
Баланы өлтірем деп кілең кәпір,
Жабылып қылыш, найза салысады.

Кәпірлер бір баламен соғысады,
Өлтірем деп түрлі айла қылысады.
Жас бала айдаһардай қырғаннан соң,
Кәпірлер не ғажап деп тұрысады.
Әскермен жиырма мың Табут келіп,
«Жеңбедің бір баланы» деп ұрысады.
Кәпірлер таңғажайып ұрыс қылды,
Он жасар бір балаға зор іс қылды.
Әскерін жалғыз бала қырғаннан соң,
Қайғырып Табут патша налыс қылды.

Кәпірді қырып бала қуалады,
Әмина көріп оны қуанады.

Әскерін қойдай қырып жүргеннен соң,
Қайғырып Табут патша жыланады.

Ақырды Ханафия «қырайын» деп,
Жылайды Табут «қайтіп шыдайын, — деп.
«Он жасар жалғыз бала қырып кетті,
Палуанның өңшең батыр талайын», — деп.
Қуанып Әмина қыз қарап тұрды,
«Бере көр, бізге тілек, Құдайым», — деп.

Әмина шыдамайды «қарайын» деп,
Ойланды «атқа мініп барайын» деп.
«Ішінде көп кәпірдің жалғыз жүр ғой,
Қосылып мен де соғыс салайын», — деп.

Тоқтатты қасындағы қатындары:
— Барма, — деп, — бос орынға уайым жеп.
Қырып жүр көп кәпірді қасқырдайын,
Балаға жәрдем берді Құдайым, — деп.

Табуттың болды уайым айтқан сөзі,
Баладан айрылмайды екі көзі.
Балаға қастық қылған көп кәпірден,
Қараса, көрінбейді жердің жүзі.
«Біз болдық, бағусыз қой жапандағы,
Бұл бала қырған бізді, болды бөрі».

Табут патша ал сонда
Әскеріне өтінді:
— Батырларым, не болды,
Жеңе алмадың жетімді.
Арабтың жалғыз баласы,
Аш бөрідей жеді етіңді.
Тартып алды қызымды,
Сындырды, халқым, белiңді.
Қойдай қырып батырды,
Көрсетті бізге көрімді.
Естіген халық не дейді,
Қоймай қырып халқымды,

Қара қылды бетімді.
Қайратын көріп баланың,
Шыдай алмай долданып,
Өгіздей патша өкірді.
— Жабылыңдар, әскерім,
Бүйте берсе бұл бала,
Қылар бізге кесірді.

Мұхаммед-Ханафия ашуланып оттай жанды,
Аямай соғыс салып шыбын жанды.
Кәпірге аш бөрідей тиіп қатты,
Ағызды дұшпанынан қызыл қанды.
Соғысып күн-түн қатып дамыл алмай,
Сау жер жоқ денесінде, жараланды.

Үстінде арғымақтың жүре алмайды,
Қайратты кәпірлерге қыла алмайды.
Халі жоқ қимылдауға, жарасы көп,
Қылышын бұрынғыдай ұра алмайды.

Кәпірлер жас балаға қылыш шапты,
Қызыл қан жас баладан судай ақты.
Жабылып бір балаға сонша кәпір,
Кеш болып мекеніне қайтып жатты.

Ханафия о да қайтты қостарына,
Секілді Әмина қыз достарына.
Соғысқан халі кетіп жас баланы,
Көтеріп аттан алды бастарына.
Халі жоқ жас баланың қозғаларға,
Әкеліп қойды дейді қастарына.
Көргенсін Әмина қыз жылай берді,
Көл болып қойны толып жастарына.
Көл болып көздің жасы жылайдылар,
Сиынып жан жаратқан Хақтарына.

Қосына Ханафия қайтып жатты,
Аллаға тілек бер деп налып жатты.
Баланың үсті-басы толған жара,

Қыз байғұс қанын жуып дәру жақты.
«Атама Әли Арыслан білдіргіл», — деп,
Аллаға жылап қылды мінәжатты.
Баладан хал кеткенін білгеннен соң,
Әмина жылай-жылай қайғы тартты.

Сөйлейді Ханафия сонда тұрып:
— Бабама Нұр Мұхаммед хабар бер, — деп.
Бабам мен атам Әли достың еді,
Білдіріп, бұл кәпірдің бәрін қыр, — деп.
Балаңыз көп кәпірмен соғыс қылып,
Үстінен қызыл қаны ағып жүр, — деп.
Қаптаған жердің жүзі бәрі кәпір,
Бір бала ортасында налып жүр, — деп.
Бір Құдай, фазылың кең, өзің патша,
Қылсаң да жақсы-жаман өзің біл, — деп.

Иә, Алла, қазам жетіп өле алмадым,
Жараға үстімдегі төзе алмадым.
Бабам мен Нұр Мұхаммед, атам Әли,
Алдына барып сәлем бере алмадым.
Сүйікті Ханифа мен Фатима анам,
Еркелеп алдарында күле алмадым.
Сүйікті Хасен, Хұсайын ағаларым,
Дидарын ойнап-күліп көре алмадым.
Табуттан тартып алған Әминамен
Қосылып, Мәдинеге бара алмадым.

Әлқисса, жоғарыда айтып едік қой: хазірет Әли, Хасен, Хұсайын үшеуі сапарға кетті деп, бұлар сапардан Мәдинеге қайтып, жолда жете алмай қонған екен дейді. Ханафия Табуттың әскерімен соғысып, көп жарақатты болып, Алладан қалап жатқанда, түнде хазірет Әлидің түсіне кіріп Нұр Мұхаммед: — Иә, Әли, тұрғыл, Ханафия балаң мен Табуттың әскері соғысып жүр. Тез бар, өлтірер, — деп өте шығыпты дейді.

Ал, енді сөз тыңдаңыз Әли жақтан,
Жол тартып Мәдинеге Әли қайтқан.
Қасында Хасен, Хұсайын екі бала,

Жете алмай Мәдинеге қонып жатқан.
Түсінде Нұр Мұхаммедті Әли көрді,
Бәрі де жақсы-жаман Жаппар Хақтан.

Әлиге Нұр Мұхаммед: — Тұрғыл, — дейді,
Еліне Табут патша барғыл, — дейді.
Соғысып жүр көпірменен жалғыз бала,
Балаңды Ханафия алғыл, — дейді.
Балаңа өлмей тұрып бармасаңыз,
Айрылып балаңыздан қалдың, — дейді.

Арыслан жатқан жерден ұшып тұрды,
Түсінен көрген түнде шошып тұрды.
— Табутқа жылдамырақ барайын, — деп,
Дүлдүлге мініп алып басын бұрды.
Қасында Хасен, Хұсайын екі бала,
Үшеуі «иә, Алла» деп жолға кірді.

Әлқисса, үшеу болып ер Әли жолға кіріп, іздеп келе тұрсын. Сол уақытта Табуттың елінде Рүстем деген бір батыр бар екен. Табут қорқып тұрғанда, кешкі уақытта жетіп келіп: — Патша, сіз қызыңды беріп, күйеу қылсаңыз, ол баланы өлтіремін, — депті. Табут: — Жарар, қызымды беремін. Тек баланы өлтір, — депті. Сонда Рүстем қуанып: — Бүгін кеш болды. Таңда баланы өлтіріп берейін, — депті. — Қайғырмаңыз, — деп көңіл айтыпты дейді.

Ер Әли жол бойында тұра тұрсын,
Тілектес баласына бола тұрсын.
Бар екен Рүстем деген үлкен батыр.
Жайынан Досы соның кеңес құрсын.

Табутқа Рүстем келіп айтып салды:
— Баланы өлтірем, — деп, — қызың берсең.
Табут айтты: — Берем қызым, баланы өлтір,
Бұл сөзім Рүстем батыр қабыл көрсең.
— Кеш болды, таң атқансын өлтіремін,
Қайғырма сен, азарсың жылай берсең.

Сол күні көп кәпірлер қайтып жатты,
Ханафия о да қосқа барып жатты.
«Белімді бұл кәпірден сындырма», — деп,
Тіледі жадына алып жалғыз Хақты.
«Шынымен Әли атам келмей ме?!» — деп,
Әмина о да қатты жылап жатты.
Оқыды қыз бен бала намаздарын,
Кідірмей сонымен таң да атты.
Кәпірлер шуылдайды кеңес құрып,
Баланың жас та болса қолы батты.

Әскерге Табут айтты: — Басың көтер,
Таң атып, уақыт жетті соғыс етер.
Қайдасың, Рүстем батыр, данышпаным,
Жылдам бар майдан жерге ұрыс етер.
Баланы жылдамырақ өлтіріңдер,
Осыдан Әли келсе, қырып кетер.
Он жасар жалғыз бала жаман қырды,
Бір адам табылмады әлі жетер.
Апырым-ай, осы бала әскер қырып,
Халыққа қатардағы харам етер.
Бір бала қызымды алып, жеңіп кетсе,
Арабтың Мәдинеде көңілі өсер.

Ақырып таң атқансын Рүстем келді,
Әмина баламенен көзі көрді.
Келгенін Рүстемнің көргеннен соң,
Балаға Әмина қыз сөйлейді енді.

Жылайды Әмина қыз «Құдайым» деп,
Ойлайды «Рүстемге өзім барайын» деп.
Көңілі қыз байғұстың жаман солды,
Баланың жарасына уайым жеп.

Қыз айтты: — Халің нашар, жараң көл-дүр,
Рұқсат бер, Рүстем басын алайын, — деп.
Атамның әскері көп құмырсқадай,
Сен үшін, Ханафия, ұрысайын, — деп.

Жар болса Нұр Мұхаммед бабам, — дейді,
Кәпірге ақырзаман салайын, — деп.

Ақырып Ханафия: — Алла! — дейді,
Бермеймін рұқсат, барма, — дейді.
Әмина, Рүстем басын мен кесейін,
Тілектес бола көргіл, қал да, — дейді.
Сен болдың ұшып жүрген ұжмақ құсы,
Сен өлсең қайғырармын сонда, — дейді.

Майданда айғайлап тұр Рүстем кәпір,
«Басыңа саламын, — деп, — заманақыр».
Жас бала көп кәпірден қорқар емес,
Аяңдап майдан жерге келе жатыр.

Екеуі келген жерден алысады,
Соғысып ат үстінде қалысады.
Аямай бірін-бірі екі батыр
Қылыш ұрып, найзаларын салысады.

Екеуі таң қалғандай ұрыс салды,
Аямай шыбын жанды қылыш салды.
Майданға «қыз алам» деп келген батыр
Шыдамай жас баладан өліп қалды.
Жолына дін исламның жанын қиып,
Ханафия Рүстемді бөліп салды.
Қыз үшін адырайып келген батыр
Жан беріп, жаһаннамға кетіп қалды.

Патшаңыз бір баладан жаман састы,
Зар жылап, Рүстем үшін қайғы басты.
«Қамалап бұл баланы ұсталық», — деп,
Жиылып көп кәпірлер ақылдасты.

Ойбайлап Табут патша қайғырады,
«Салдыр, — деп, — бір мұнара» бұйырады.
— Басынан мұнараның қарап тұрам,
Апырым-ай, мына бала нағылады?!

Әскерім, атқа мініп жүрің, — дейді,
Жолымда мен сорлының өлің, — дейді.
Апырым-ай, мына бала басымды алар,
Бір айла енді бұған қылың, — дейді.
Қамалап жан-жағынан ортаға алып,
Найзаны өлер жерге салың, — дейді.
Қайратын бұл баланың көргеннен соң,
Қалмайды құрттай менің халым, — дейді.

Сөйлейді Табут патша талай кепті:
— Қоймас деп менің басым алмай, — депті.
Басымды бүйте берсе бала кесер,
Қашайын мұнда тұрмай, ойбай, — депті.
Жабылып бір баланы жеңе алмадың,
Қайратың, батырларым, қайда? — депті.
Бұл жерден Әли келмей, мен кетейін,
Қырады Әли бізді қоймай, — депті.
Көпірге қорқу түсті бірі келмей,
Табут тұр қайғыменен көзі көрмей.
Баланы тұрған жерде қамалақтап,
Ат қойды сансыз көпір бәрі бірдей.

Жарандар, тыңдап отыр айтқан сөзін,
Көпірлер алып кетті жердің жүзін.
Жас бала көпірлермен соғысқанда,
Қап-қара шаңдақ басты күннің көзін.

Табуттың әскерлерін қыра берді,
Көп әскер шаһарынан шыға берді.
Жас бала тоқтамастан соғыс қылып,
Жіберді жаһаннамға талай ерді.

Жабылған бір балаға көп көпірді
Қыз байғұс Әминаның көзі көрді.
«Көп көпір бір баланы өлтірер», — деп,
Әмина бір Аллаға жылай берді.
Халінен баласының хабар біліп,
«Келер» деп қарап тұрды Әли ерді.
«Иә, Алла, шыныменен келмей ме?!» — деп,

Зар жылап жолына Мәдиненің қарай берді.
Еңіреп Әмина қыз тұрғаннан соң,
Тілегін қыз байғұстың Құдай берді.

Көп кәпір бір балаға жабылып жүр,
Қылыштар, мылтық, найза соғылып жүр.
Ішінде көп кәпірдің жалғыз бала,
Құдайым жәрдем берсін, нағылып жүр.
Қайраты жас баланың сондай бұзық,
Кәпірді жүрген жерде жол қылып жүр.
Болғансын аты әйел, не шара бар,
Баланың болдырғанын қыз біліп жүр.

Әскерін Табут патша қырдырады,
Жүрегін ат басындай солдырады.
Соғысып көп кәпірмен демін алмай,
Мұхаммед-Ханафия болдырады.

Көп кәпір бір баланы аясын ба,
Етіне елу жара салдырады.
Жолына дін исламның жанын қиып,
Шиедей тұла бойын қан қылады.
«Иә, Алла, қор қылма, — деп, — кәпірлерге»
Зар жылап Ханафия қамығады.

Кәпірдің бірталайы өліп кетті,
Түбіне жаһаннамның жаны кетті.
Махдумның Ханафия сол уақытта
Ұрыса алмай кәпірлермен халі бітті.
Жылайды Ханафия жадына алып,
Атасы мен Әли Арыслан, Мұхаммедті.

Әлқисса, Ханафия сол күні дамыл алмай соғысып, бек жам ралы болып, ұрысуға халі келмей, бұрынғыдай айқайлап, қаһарлануға дауысы шықпай, халі өлім халіне жетіп, тек атынан түспей, бұрынғыдай кәпірдің бір жағынан кіріп, бір жағынан шыға алмай, көп кәпірдің ортасында қалып, Аллаға мінәжат қылып, екінші, атасы илән ағаларын келмеді деп, үшінші, Мәдинеге Әминаны алып барып, аналарының дидарын

көрмей қапалықта қазаға тап болдым ба, — деп налып жүрді дейді. Кәпірдің баршасы да жиылып, бір баланың төңірегінде қамап жүрді дейді. Сонда да бірме-бірге болмай алдына келгенді қырып жүріпті, Әмина қыз алыстан көріп, жаны ашып, Әли атам келмеді деп бір Аллаға налып, жылап тұрғанда, Мәдине жолынан хазірет Әли, Хасен, Хұсайын келе жатыр екен дейді. Сондағы баланың һәм қыздың мінәжат қылып тілеп жүргендегі сөздері тек «Алла Тағала, бұл кәпірден құтқар, атамды көрсет», — деп жылапты дейді.

Жылаған назымы

Жылайды дауысы шықпай: — Өлмедім, — деп,
Өкпелеп, хақ Пайғамбар, білмедің, — деп.
Хасен менен Хұсайын екі ағам,
Жан атам Әли Арыслан келмедің, — деп.
Бір барып Мәдинеге Әминамен,
Қосылып құрбылармен күлмедім, — деп.

Фатима, Ханифамен аналарым,
Ақ жүзін бұ дүниеде көрмедім, — деп.
Бермесең өзің жәрдем, бір Құдайым,
Ойым жоқ бұл кәпірден өлмедім, — деп.

Еңіреп Әмина қыз жылап тұрды,
Көз жасын көлдей қылып бұлап тұрды.
«Есіне бір Құдайды жад қылам», — деп,
Қорлыққа неше түрлі шыдап тұрды.
«Көрсет, — деп, — шын хақиқат кереметті»,
Әмина Мұхаммедті сынап тұрды.

Шара жоқ, қылар айла, жылай берді,
Тілегін Әминаның Құдай берді.
Үш атты Мәдинеден келе жатыр,
Қыз байғұс жылап тұрып оны көрді.

«Апырым-ай, келе жатқан кім екен?» — деп,
«Аты-жөнін сұрайын», — деп көңіл берді.
Атына қамшы басып қатты жүріп,
Қасына әлгі адамдар жетіп келді.

Әлқисса, сол күнде Ханафияның халі кетіп, көпірлердің орс тасында жүр еді. Көп көпір баршасы да бір орында, бір баланың соңында жүр еді дейді. Әмина қыз көпірлердің балаға жабылып жүргенін көріп, есі кетіп қарап тұрғанда үш атты кісіге, яғни атасы хазірет Әлиге жолығып, «кімсің?» деп атыжөнін сұрап, жауап бергені:

— Алдыңа, жақсы адамдар, келдім, — дейді,
Ісіне бір Алланың көндім, — дейді.
Келесіз ат сабылтып, қатты жүріп,
Айтыңыз біз ғаріпке жөнін, — дейді.

Түріңіз бөтен жердің адамысыз,
Мекенің қай арада, елің? — дейді.
Жақсылар, сізден бұрын жөн сұрадым,
Кешіңіз, қата болса сөзім, — дейді.

Әлқисса, хазірет Әли, балалары илән «бұл нағып жүрген әйел адам?!» деп жөн сұрасып, Әминамен сөйлескені:

— Сұрасаң, Мәдинеде елім, — дейді,
Айтайын, сұрасаңыз жөнім, — дейді.
Алланың шынымснен сүйген құлы,
Сұрасаң, Нұр Мұхаммед бабам, — дейді.
Жолдасым қасымдағы екі жігіт —
Хұсайын, Хасен ғазы балам, — дейді.
Сұрасаң, өзім атым — хазірет Әли,
Айтайын аты-жөнім саған, — дейді.
Келемін бір Алланың бұйрығымен,
Соғысқан көпірменен балам, — дейді.
Соғысқан көпірменен балам еді,
Хабарын айтшы білсең, маған, — дейді.
Шырағым, қапаланып жөн сұрадың,
Айтайын аты-жөнім тамам, — дейді.

Сол жерде Әминаның көңілі бітті,
Тілегін берген қыздың Құдірет-ті.
Алланың Арысланын көргеннен соң,
Көңілінен Әминаның қайғы кетті.

«Жолыңды күтіп сіздің жүр едім», — деп,
Жығылып Дұлдұлдің ізін өпті.

Қыз айтты: — Жәрдем берсін жалғыз Аллаң,
Салыңыз көп кәпірге ақырзаман.
Балаңыз Ханафия — ғашық жарым,
Тілегім бөтен емес, мен де балаң.
Зарланып жолыңызға қарап едім,
Көрді ғой көзім жасын Қадір Аллам.

— Әй, балам, тілек тілеп жүремісің,
Ханафия тірі ме екен білемісің?
Шырағым, жылдамырақ айта көрші,
Есітіп балам жайын, көңілім тынсын.

— Кәпірге қырып ойран салды, — дейді,
Қылышын қызыл қанға малды, — дейді.
Білмеймін өлі екенін, тірі екенін,
Көп кәпір ортасына алды, — дейді.
Қолымнан менің келер еш нәрсе жоқ,
Мен балаң соры қайнап қалды, — дейді.
Алланың Арысланы Әли едің,
Кәпірден жолдасымды алшы, — дейді.

Әлқисса, хазірет Әли Әминадан баласының хабарын есітіп, қамап жүрген көп кәпірді көріп қаһарланып, айқай салып, Хаң сен, Хұсайын үшеуі кәпірді қырып, баласы Ханафияны тауып алып, баласының үстіндегі жарасын көріп қараған екен дейді. Сонда көкірегінде елу жерде жарасы бар екен дейді. Сондағы кәпірге қаһарланып қырып, мұсылман қылған жері:

Сол жерде хазірет Әли қамшы басты,
Кәпірге толып жатқан араласты.
Айқайды қаһарланып салып еді,
Қырылып көп кәпірді қара басты.
Дауысын атасының естіген соң,
Баласы Ханафия судай тасты.
Хұсайын, Хасен ғазы, хазірет Әли
Сол жерде Ханафиямен араласты.

— Уай, ата, мұнша неге келмедің?! — деп,
Ханафия атасына төкті жасты.

Кідірсең бір азғана өлер едім,
Майданда шыбын жанды берер едім.
Соғысып жүргенімде қазам жетсе,
Жүзіңді қияметте көрер едім.

Кәпірдің қырып салдым көрі-жасын,
Жанымды аямадым жабылғасын.
Әй, ата, қозғалуға еш жайым жоқ,
Сау жер жоқ, толған жара үсті-басым.
Хал кетіп, өліспе деп жүргенімде,
Көрді ғой бір Құдайым көзім жасын.
Қорлықты мұндай қайғы көрер ме едім,
Қасымда бірге болса Хасен,
Хұсайын менен жан жолдасым.

Әлидің неше түрлі айласы бар,
Кәпірге шаншатұғын найзасы бар.
Баласын шешіндіріп қарай қалса,
Кеудеде елу жерден жарасы бар.

Майданға балалармен Әли кірді,
Кәпірді қаптап жатқан қойдай қырды.
Жарасын баласының көргеннен соң,
Қаһары келіп қатты, қоймай қырды.
Кәпірді аш бөрідей дал-дал қылып,
Бояды қызыл қанға қара жерді.

Әлқисса, хазірет Әли балаларымен соғыс қылды дейді. Хазірет Әлидің қолы Табуттың әскеріне Ханафияның қолынан қаттырақ тиген секілді көрінеді. Әскерін қойдай қырып өлтіріп, қашырғанын қашырып, һәм қорыққанын мұсылман қылып, Табут патшаны ұстап алып сөйлескен жері:

Аямай хазірет Әли қылыш салды,
Табутты майдан жерде ұстап алды.

Қорлықтың неше түрлі бәрін беріп,
Көзіне көрсетіпті шыбын жанды.

— Әй, Табут, енді байғұс өлдің, — дейді,
Түбіне жаһаннамның ендің, — дейді.
Нағылды менің балам мұндай қылып,
Сен неге мұндай әскер жидың, — дейді.
Көнбесең айтқаныма өлтіремін,
Дініне Мұхаммедтің кіргіл, — дейді.

— Әй, Әли, балаң қаңғып келген, — дейді,
Қорлықты түрлі-түрлі берген, — дейді.
Қорлығы балаңыздың жаман батты,
Дініңді қабыл көріп кірмен, — дейді.

Әй, Әли, қызым үшін мен жүремін,
Балаңның қорлығынан күнде өлемін.
Қорлыққа шыдай алмай жүргенімше,
Әй, Әли, қазам жетсе енді өлемін.

— Әй, Табут, дініме кір, мұсылман бол,
Хан болып шаһарыңның патшасы бол.
Көңіліңді иман айтып нұрландырсаң,
Аллаға сен боларсың сүйікті құл.

— Мен едім Табут патша әскерім мол,
Дініңді қабыл көріп алмаймын сол.
Дініңе кір десең де, мен кірмеймін,
Ал, Әли, ерегіссең білгенің қыл.

Сөзіне Әли Арыслан ерегісті,
Табуттың сол арада басын кесті.
Көп көпір сол арада дінге кірді,
Қарсылық қылғандардың бәрін кесті.

Көп көпір Құдай ұрып өліп қалды,
Шошыды көргендері қызыл қанды.
Қалғаны соғыса алмай бәрі қорқып,
Мұсылман сол сипатта болып қалды.

Ер Әли қаһарланса не қояды,
Шаһарды етіп мұсылман, хан қояды.
Бұрынғы пасық діннің бәрін тастап,
Той қылып, шаһар халқы мал сояды.

Мұсылман болып шаһар халқы қылды тойды,
Бұрынғы жамандықтың бәрін жойды.
Жұфұтлап Ханафия мен Әминаны,
Арыслан екеуіне некаһ қиды.

Соғысып Ханафия жарын алды,
Өлтіріп, Табут патша қызын алды.
Қасына қызмет үшін және дағы,
Жариа бір-екі қыз қосып алды.

Кәпірдің соғыс қылған бәрін жеңіп,
Ер Әли қайтайын деп ойына алды.
Ер Әли балаларымен опыр-топыр
Шаһарына Мәдиненің барып қалды.

Ер Әли Мәдинеге келіп жетті,
Халықтың Ханафияға көңілі бітті.
Қосылып екі ғашық бір-біріне,
Екеуі мұратына сөйтіп жетті.
Келісі бар ма, жоқ па осы сөздің,
Қиссасын жазып Досы тамам етті.

Мұхаммед-Қанапия

Әуелі аузыма алдым бисмилланы,
Алланың бар өлшеулі берген дәні.
Жамиғат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Сөйлейін Пайғамбардан бисмилланы.

Азырақ сөз сөйлейін Пайғамбардан,
Тақсырға сауап тілер құлақ салған.
Сахаба отыз үш мың, төрт шәріден
Болмай ма сөзім құрбан аяп қалған.

Алланың хақ Пайғамбар сүйген жары,
Қасында отыз үш мың асхабтары.
Жан қалмай мәжіліске жиылыпты,
Бас қосқан құжырасында елдің бәрі.

Пайғамбар жинап алды жамиғатты,
Жеткен олардың да аманаты.
Ағайынын өзінің жиып алып,
Халқына айтты сонда өсиетін.

Мешітке хақ Пайғамбар жетіп барды,
Төңкеріп әр тарапқа көзін салды.
Қолына бір жағалап қарап қойып,
Мұхаммед-Қанапияны көңіліне алды.

Он жеті ер Қалида ұл бар еді,
Сөзінде Пайғамбардың бұл бар еді.
Пара-пар жүз кісілік қайраты мол,
Қалида Қамбар атты құл бар еді.

— Рұмға батыр Қамбар барсын, — деді,
Бұйдалап жеті нарды алсын, — деді.
Әкелсін сонан барып өрік, мейіз,
Үстіне сыйғанынша салсын, — деді.
Сахаба отыз үш мың, төрт шәріден
Бір жолдас өзі таңдап алсын, — деді.

Бисмилла сөз таратып әуел баста,
Жақсының жаны бірге, заты басқа.
Мұхаммед-Қанапия «барам» дейді,
Сол кезде келген екен жеті жасқа.

Ұмтылды осы бала «барамын» деп,
«Жасымнан жер шарасын көремін», — деп.
— Бұғанаң, бойың өсіп қатқан жоқ, — деп,
Қимайды Қали тақсыр, — қарағым, — деп.

Өзінің көңілі таза шәрбат судан,
Дүниені жаратпайды артық қуған.
Қасен мен Құсайыннан бір кем емес,
Қатыннан Қанапия атты жалғыз туған.

Қимайды жіберуге Қали Хайдар,
Дұшпанға бір болар деп үлкен айбар.
Жарқырап сәулесінен күн түсіп жүр,
Туғаннан мысал еді алтын айдар.

— Тілегім бұған бар ма, қарағым-ай,
Өзіме тартып туған талабың-ай.
Далада ұйқың келсе қор боларсың,
Қимаймын жіберуге, қарағым-ай.

Қалидің тілін алмай бала кетті,
Панасыз пәни жалған солай етті.
Бір сапар жолдас болып қаламын деп,
Артынан ер Қамбардың қуып жетті.

Екеуі «төуекел» деп түсті жолға,
Сондай қып кімде-кімнің артын оңда.

Рұмның шаһарына қия жетті
Ақшам мен екіндінің арасында.

Екеуі бес-алты күн жатып алды,
Миуасын жеті нарға артып алды.
Түн қатып Мәдинеге жетеміз деп,
Екеуі бір күн кешке қайта салды.

Кеш батты, көз байланып сағым батты,
Баланың былқ-сылқ етіп тынышы кетті.
Ұйқыдан жап-жас бала тұра алмайды,
Байқамай Қамбар озып кетіп қапты.
Атын кесе қаңтарып Қанапия,
Сол жерде аттан түсіп жатып қапты.

Сол жерде аттан түсіп жатып қапты,
Талаппен шөл бейнетін іздеп тапты.
Білмейді қай тараптан келген жөнін,
Бет алып құла дүзге тұра шапты.

Әңгіме, енді қызық сөз келеді,
Дүниеде естігенді көз көреді.
Ішерге су, оттарға бір тал шөп жоқ,
Бір төбе биік құмға кез келеді.

Ер Қамбар жер ортаға жетіп барды,
Сол жерде ойлап-ойлап тұра қалды.
Қасында ерткен бала жоқ болған соң,
Адасып кетті ме деп ой ойлады.

Қамбардың қалды сонда көңілі жасып,
Ашиды басындағы миы қашып.
Еш белгі бұл баладан таба алмады,
Қалыпты жүрген жерін шаңдақ басып.

Ақылды сонда Қамбар көп ойлады,
Қайғысын бұл баланың жеп ойлады.
Бұл жерде жылағанмен кім аяр деп,
Берейін барып хабар деп ойлады.

Түн қатып түнде Қамбар жетіп келді,
Келді де Хақ Расулға хабар берді.
«Баладан айрылдым» деп айтып еді,
Мұхаммед Құдай досты зар еңіреді.

Бұл сөздің жалғаны жоқ, бәрі де рас,
Сөзінде Пайғамбардың болмайды қас.
Зарына жас баланың шыдай алмай,
Батысып ай мен күні қазаланды.

— Алды-артын дүниенің барласын, — деп,
Ешбір жан іздемеген қалмасын, — деп.
Жер келсе жарлау, шұңқыр тегіс изде,
Оқыста көпір ұстап алмасын, — деп.

Жөнелді бет-бетімен жанның бәрі,
Көп болды Мәдиненің қылған зары.
Болмайды жиһан кезіп іздейін деп,
Түн қатып атқа мінді хазірет Қали.

Біләл мен жар шақырды Құсман молда,
«Ашқыл, — деп, — ер сапарын, Қадір Алла».
Жан қалмай Мәдиненің атқа мінді,
Бәрі де бара жатыр оң мен солға.

Тағы да атқа мінді хазірет Қали,
Пенденің асыл сөзге көңілі тынар.
«Мен бұрын бәрінен де табамын», — деп,
Жаяулап о да ұшты баба Ғұмар.

Тағы да атқа мінді Әбубәкір,
Кем емес ер Қалидан о да батыр.
Қасында үш жүз кісі жолдасы бар,
Бет алып әр тарапқа бара жатыр.

Ер бабаң Қап тауына жетіп барды,
Бойына қару-жарақ, сайман алды.
Аса ұшып Қап тауынан жалғыз күнде,
Дүниені тегіс аралап бәрін шалды.

Біледі өзі жаяу жердің жайын,
Сасқанда қару-жарақ бәрі дайын.
Жер қалмай тебінгідей іздесе де,
Сонда да кез қылмапты бір Құдайым.

Оларға Құдай артық беріпті бақ,
Адамға қайғы шіркін үлкен салмақ.
Адамы Мәдиненің он күн іздеп,
Баладан хабар таппай қайтты зарлап.

Баладан хабар таппай қайтқан жері,
Қайғырып қайтқандардың түсті белі.
Ендігі жас баладан сөз сөйлейін,
Сонымен тұра тұрсын Мәдине елі.

Баланың қалды сонда аты жұрмей,
Хабарын бейшараның ешкім білмей.
Өзі жас бейшараның әлі кетті,
Аузына нәр салмапты жеті күндей.

Баланың өзі жаяу әлі кетті,
Астында аты арып халі кетті.
Қаңғырып жапан дүзде қалам ба деп,
Құдайға сонда бала зарлық етті.

Баланың зары:

Сонда бала жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Зарланады жас бала,
Зар етіп жатыр Құдайға.

— Хақ Мұхаммед бабам-ай,
Нұр Бәтима апам-ай,
Жапан дүзде зарланып,
Бір жас бала қалам ба-ай?!

Есіне бабам алмады-ау,
Дұлдұлге қамшы салмады-ау.

Жау-жарағын асынып,
Дүние жүзін шалмады-ау.
Жеті жасар жас балаң,
Жапанда қалып зарлады.

Көп бейнет бердің балаға,
Бұйрықсыз жанды ала ма.
Жеті жасар шағымда
Қаңғырып қалдым далада.

Жалғаннан зарлап өтем бе,
Қуанар күнге жетем бе?!
Қалидан туған зат едім,
Ит-құсқа жем боп кетем бе.

Жапанда қалды бір балаң,
Құдіретіңе таң қалам.
Бір ұядан жалғыз ем,
Зарланып қалды сорлы анам.

Атамның жүзін көрмедім,
Бабама сәлем бермедім.
Қасен менен Құсайын,
Соңынан бірге ермедім.

Дүниенің білдім жалғанын,
Көтердім Алла салғанын.
Атамның жүзін көре алмай,
Ішімде кетті арманым.

Атамыз біздің Мұхаммед,
Тілек тілеп көп үмбет,
Досыңнан хабар алмадың,
Білдірмеді Құдірет.

Жас бала осылайша зарлық етті,
Бойынан қару-қайрат әбден кетті.
Бұл жерде жылағанмен кім аяр деп,
Тоқтатып өзін-өзі сабыр етті.

Жас бала әрі-бері ойлап тұрды,
Боларын бір сұмдықтың іші білді.
«Құдай-а, жазуыңа мың шүкір», — деп,
Етегін белге байлап тұра жүрді.

Кісі жоқ ақылдасар жолдасына,
Дүниенің көз жетпейді болмасына.
Құдайға мінәжат қып жылағанда
Қара тас балқып кетті көз жасына.

Баланың аты қалып, кетті жаяу,
Жолдас жоқ, жан есіркеп баланы аяу.
Көл болып екі көзден аққан жасы,
Шөл құмның биігіне келді жаяу.

Балаға енді түсті заманақыр,
Қор болып өзі жаяу есіл пақыр.
Сол құмның биігіне қарап тұрса,
Көрінді мұнарланған бір ақ шатыр.

Бала да әрі-бері аңғарады,
Жақсының өзі өлсе де жан қалады.
«Елсізге неғып шыққан бұл шатыр?» — деп,
Құдайдың құдіретіне таң қалады.

Ойлайды: — Бұл шатырға барайын, — деп,
Ішінде не бар, не жоқ қарайын, — деп.
Сөйлесіп, адам болса асын ішіп,
Тағдырлы қазам жетсе, өлейін, — деп.
Барайын тәуекел деп не де болса,
Құдіреттің салғанын көрейін, — деп.

Жас бала өзі бір гүл еді тұрған жайнап,
Қор боп тұр Жағыпардан соры қайнап.
Тұлпардың тұяғы ғой асыл туған,
Жөнелді бір Құдайға белін байлап.

Шатырға сонда бала жетіп келді,
Басына Құдай қанша бейнет берді.

Толықсып он төртінде туған айдай
Үстінде алтын тақтың бір қыз көрді.

Жас бала жайнап тұрған о да бір гүл,
Бейшара дамыл алмай қалжырап тұр.
Шатырдың түкпірінде қарап тұрса,
Бүкшеңдеп босағада бір кемпір тұр.

Кемпірге сонда бала жетіп келді,
Келді де тағзым етіп сәлем берді.
— Аш едім неше күндей, шөлдеп тұрмын,
Әй, апа, бір ішерге су бер, — деді.

— Қалайша сөз сөйлейсің, бала, тақ-тақ,
Есіктен не себептен келдің жақтап.
Шөлдеген бала келсе, су берем деп,
Қойдым ба су даярлап саған сақтап.

Бір суды көргеннен соң басын қойды,
Адам деп ойламады кемпір сұмды.
Долданып жетіп кемпір келіп еді,
Көтеріп борбайынан бір-ақ қойды.

Кемпір тұр жас баланың түрін сынап,
Өзі жас болса дағы, діні қынап.
— Шырағым, жаным ашып сөз айтамын,
Шатырдан жөнел, — дейді, — жылдамырақ.

Қорқады өзі жалғыз жап-жас бала,
Жөнелді дәт қылмастан шыға сала.
«Мұны мен не де болса байқайын», — деп,
Далада бір құрайды қылды пана.

Толықсып он төртінде туған айдай,
Жатқан қыз бір заманда тұра келді.
— Жатқанда мен бағана ұйқылы-ояу,
Кемпірден — оның кім? — деп сұрады енді.

Кемпір айтты: — Бір бала келіп қалған,
Өзімнен азды-көпті жауап алған.
Сұрауға жаным шошып бата алмадым,
От екен екі көзі жанып тұрған.

Бір бала келіп қалды Құдай қосып,
Аялдап көп тұрмады сөзді тосып.
Бетінде Арысланның белгісі бар,
Сұрауға бата алмадым жаным шошып.

— Ендеше, сол баланы шақыр, — деді,
Баланың біз шығармыз келген жері.
Осында бөтен заттан келмеуші еді,
Дүниенің ері шығар, кемеңгері.

Баланы кемпір залым шақырады,
Қол бұлғап «жылдам кел» деп бақырады.
Алтынның сынығы ғой осы бала,
Пана қып бір құрайды жатыр еді.

Жас бала шақырған соң жетіп келді,
Келді де тағзым етіп сәлем берді.
— Жас бала, нәсілің жас, түсің бөтен,
Ей, қалқа, танымаймын, кімсің? — деді.

— Айтпаймын мен шынымды тіпті сағаң,
Баян қыл сен жөніңді бұрын маған.
Егер де жөніңді айтпасаңдар,
Басыңа түсіремін ақырзаман.

Қыз айтты: — Адамбысың, перімісің,
Қайтпайтын бұл жалғанның ерімісің?!
Нәсіліңді мен соларға ұқсатамын,
Қалидың көп ұлының бірімісің?

— Болмайды жанның бәрі сендей зерек,
Көңілге келген сөзді ойлау керек.
Сен байқап нәсілімді танып тұрсаң,
Қалидың ұлы емеспін, затым бөлек.

— Жөндеріңді айтып кетсең беріп,
Адамға ақыл, қайрат үлкен серік.
Секілді қасқыр қабақ түсің суық,
Тұр екен ер Қалиға түсің келіп.

Түсімде Пайғамбарды көріп едім,
Алланың барлығына сеніп едім.
Солардың үмбетіне қоса көр, — деп,
Құдайдан күндіз-түні тілеп едім.

Бір бала келмек еді алыс жолдан,
Ол өзі арып-шаршап талай жерден.
Ол келсе хақ мұсылман боласың деп,
Түсімде хақ Пайғамбар аян берген.

Баладан содан бері хабарым жоқ,
Ұрғашы, өзім іздеп табарым жоқ.
Қолында ит көпірдің қалам ба деп,
Зарланып мен жатырмын, амалым жоқ.

Бала айтты: — Кез келтірсе жалғыз Хақтан,
Қызбын деп қолым жеткен, қылма мақтан.
Түсіңде Пайғамбарды рас көрсең,
Адамсың бұл жапанда не қып жатқан?

Қыз айтты: — Әкем аты — Ғұзнапар,
Бойы бар дию тектес, өзі кәпір.
Қалидың басын кесіп келемін деп,
Сексен мың жиылысып кәпір жатыр.

Сөз ұят көрмегенге дейтін бәлен,
Көп шерік жиналыпты бізден түмен.
Қолыма бір кемпірді даяшы қып,
Серт қылып орта жолға әкеп қойған.

Кәпірдің бір батыры Ғажым деген,
Ызасы кәпірлерге өтіп еді.
Егер де Қали басын кесіп келсе,
Ғажымға мені әкем бермек еді.

Бала айтты: — Мендей шаршап қысылған бол,
Сұраймын сізден, менің арызым сол.
Түсіңде Пайғамбарды рас көрсең,
Бейшара, иман айтып мұсылман бол.

— Жас бала, біз айталық дәтімізді,
Соларға ұқсатамын затыңызды.
Әуелде мұсылманның бір белгісі,
Шырағым, баян қылшы атыңызды.

— Жол тартқан ақ қағазға қара сия,
Тұрағым — Мәдине елі, мен — Қанапия.
Пайғамбар нағашы атам, әкем — Қали,
Сұрасаң, менің атым — Қанапия.

Қыз айтты: — Шариғатты іс болыпсыз,
Көңілде арманым көп, сөкпесеңіз.
Аш жүрмін неше күндей деп айтасыз,
Осында бел шешініп тағам жеңіз.

— Ішпеймін берсең дағы асыңыздан,
Кетпеймін және тастап қасыңыздан.
Әуелден кәпір асы бізге арам,
Ежелден ғадат қылған жасымыздан.

— Шырағым, сөз айтасың дәйім маған,
Баласың әр жауаптан тайынбаған.
Белгісі мұсылманның неден болар,
Иманның үйрете гөр жайын маған.

Сол жерде қыз бейшара дінге кірді,
Бұл қыздың абзалдығын о да білді.
Алтынның сынығы ғой осы бала,
Нәпсіге сонда бала тыйым салды.

Бұл қызға дін үйретті бала ғаріп,
Дүниені жаяулықпен жүрген шалып.
Әр ғылым, әр нұсқадан дін үйретті,
Көңіліне иман нұры қалды толып.

Шатырда жарты ай жатты әлгі бала,
Баланың жас та болса, көңлі дана.
Қыз барып сыртқа шығып келді де айтты:
— Япырым-ай, келе жатыр бір топ қара.

Таныдым, келе жатқан Ғажым батыр,
Қалидың басын іздеп кеткен кәпір.
Өзінің діні қатты батыр еді,
Шырағым, болма қапыл күтініп тұр.

Қолына қару алды сонда бала,
Басына бейнет берді Хақ Тағала.
Есіктен қарсы қарап келген екен,
Баланы ит кәпірдің көзі шалды.

Долданып сонда кәпір жетіп келді,
Шіреніп ат үстінде жауап берді.
— Шатырды мен жоқ жерде жайлап алған,
Осында жатқан байың кім-дүр? — деді.

Қорқады өзі жалғыз жап-жас бала,
Жөнелді дәт қылмастан шыға сала.
Баланы шаншайын деп ойлап еді,
Ақ найза, алтын шашақ қолына ала.

Балаға келді дағы найза салды,
Керіліп асыл шіркін тұра қалды.
«Пайғамбар нағашы атам, қолдай гөр», — деп,
Ол дағы «иә, Құдайлап» қылыш салды.

Найзасын тигізбестен қағып алды,
Тартқанда кәпір қолы сапта қалды.
Бірі атты, бірі жаяу болмайық деп,
Екеуі аттан түсіп күрес салды.

Баланы менсінбейді кәпір қорлап,
Салады ол да қылыш жанды қорғап.
Тартқанда кәпір қолы сапта қалды,
Баламен алысады жалғыз қолдап.

Кәпірдің аты жүрмей жата қалды,
Алысып екі батыр күрес салды.
Күресіп жеті күндей осы бала,
Кәпірден қайраты асып жығып салды.

Тағдырын сол кәпірдің бала шешті,
Қимылы сол баланың желдей есті.
«Құдай-ау, атам жолын бере көр», — деп,
Сол жерде алып соғып басын кесті.

Мінеді алып соғып кеудесіне,
Көрінді дәл мінгендей тау басына.
Кәпірдің басын кесіп алғаннан соң,
Шүкір қып нияз қылды Алласына.

Жаратқан Құдай артық мұның халін,
Аллаға адам сыры бәрі мәлім.
«Осындай Ғажым ерді өлтірді», — деп,
Кетіпті түнде қашып кемпір залым.

Залым ит көп шерікке жетіп келді,
Келді де сексен мыңға хабар берді.
Кемпірден бұл хабарды естіген соң,
Кәпірдің сексен мыңы атқа мінді.

Түнде кеп қалың шерік қамалаған,
Ішінде бір жас бала жалғыз қалған.
«Пайғамбар нағашы атам, қолдай көр», — деп,
Ол дағы «иә, Құдайлап» қимылдаған.

Атасы мұсылманға болған ерке,
Құдайым қуат берсін иман дінге.
Қылышын екі жүзді сермегенде,
Қосады кәпірлердің мыңын бірге.

Қызарды көк бөрідей екі көзі,
Бұлардың тамашалы әрбір сөзі.
Мың қойға жалғыз шапқан көк бөрідей,
Ішінде сексен мыңның жалғыз өзі.

Қырылды, бір баладан аса алмады,
Құтылып жалғызы да қаша алмады.
Ойлады қалғандары қашайық деп,
Ат аяқ өлгендерден баса алмады.

Балада бір дамыл жоқ күн менен түн,
Сөзінде Пайғамбардың болмайды мін.
Сексен мың қалың шерік жабылса да,
Қалыпты бір заманда он екі-ақ мың.

Дүниеде кім құтылар мұндай ерден,
Құдайым, тысқары қыл қара жерден.
Хал кетті бір заманда есіл ерден,
Төніне жара түсті жетпіс жерден.

Балаға жетпіс жерден жара түсті,
Ұлғайып барған сайын болды күшті.
Төнінен аққан қаны аспанға атып,
Есіл ер бір заманда аттан ұшты.

Баланың жалғыз өзі қалды талып,
Адамға жалғызшылық қандай ғаріп.
Қасында сүйенерлік жолдасы жоқ,
Құлады бір заманда аттан барып.

Баланың тынышы кетіп жата алмады,
Ешкімге бір ауыз сөз қата алмады.
Әшейін амал қылған қайласы деп,
Кәпірлер дәндеп қалған бата алмады.

Дүниені кезіп едім жаз бенен күз,
Адамды қайда апарса дәм менен тұз.
Баланың басын сүйеп зар қағады
Баяғы қоста қалған бойжеткен қыз.

Қыз келді фариад салып жатқан жерге,
Қайысып қабырғасы есіл ерге.
Баланың басын сүйеп зар жылайды,
Тіл де жоқ, тым болмаса, сөйлесерге.

Жаманды жақсы десең қорланады,
Аққан жас қыз көзінен парланады.
«Құрбан қып мұның үшін өзімді ал», — деп,
Құшақтап бейшара қыз зарланады.

— Қарағым, мұндай болды жатқан жерің,
Адам деп ескермеді кейінгі елің.
Құдайым, мұратыңа жеткіз, — деді,
Қалидан пайда болған сағым керім.

Құдайым енді сенен қалдырмасын,
Қолында ит көпірдің зар қылмасын.
Қасында сүйенерлік жолдасы жоқ,
Далада қор боп қалды ғазиз басың.

Болжаусыз дүние шіркін өтер ме еді,
Аллаға қатты зарым жетер ме еді?!
Әуелде қор болмас деп ойлаушы едім,
Құдайым құдіретіңе жетер ме еді?!

Құдай-ау, бұл қылғаны Құдіреттің,
Үйіңе мың да болса бүгін жеттің.
Алланың хабарлаған Хақ достығы,
Бір хабар білдірмейді Құдіретің.

Зар жылап қыз бейшара фариад салды,
Дауысы Құдіретке жетіп барды.
Зарланған қыз дауысын естіген соң,
Құдірет рақым ойлап көңілге алды.

Жаманды жақсы десең арланады,
Аққан жас қыз көзінен парланады.
«Сабыр қып бейшара қыз тоқтасын», — деп,
Елшіге Жәбірейілді жібереді.

Сол жерде нұр періште келді жетіп,
Қалыпты қыз бейшара зарлық етіп.
«Хабарды Мәдинеге саламын», — деп,
Бейшара тоқтау салды сабыр етіп.

— Тұрыңыз мен келгенше мұны бағып,
Естімесе не қылады олар келіп.
Хабарды Мәдинеге саламын, — деп,
Жөнелді нұр періште қанат қағып.

Қас-қабақ арасында жетіп барды,
Келді де Хақ Расулға хабар берді.
Көл болып екі көзден аққан жасы,
Мешіттің құжырасында отыр еді.

Келді де Пайғамбарға берді сәлем:
— Жапанда зарлық етті бір жас балаң.
Ер Қали жаны болса, тез жетсін деп,
Досыңыз хабар айтты Хақ Тағалаң.

Жалғаннан Қанапия өткелі тұр,
Басына қаза-өлім жеткелі тұр.
Бермесе өзі жәрдем Патша Құдай,
Кеудеден ыстық жаны кеткелі тұр.

Дейтұғын куһи Қаптың даласында,
Сексен мың көп шеріктің арасында,
Бармаса жарты сағат жазым болар,
Қалекең жете көрсін баласына.

Есітіп Пайғамбарым талып қалды,
Көңілі бұл бала үшін қатты жарым.
«Құдай-ау, өңім бе, — деп, — түсім бе», — деп,
Жинады сол арада жанның бәрін.

Жылады естіген соң жанның бәрі,
Хақ жолдас отыз үш мың асхабтары.
«Баламды көріп өлсем арман жоқ», — деп,
Түн қатып атқа мінді хазірет Қали.

Ер Қали түнде жатып түс көреді,
Түсінде таңғажайып іс көреді.
Бір түсті қалғып кетіп көрген екен,
Жүруге құдіретіңіз күш көреді.

Сол күні жатқан екен «иә, Құдайлап»,
Сайманның қару-жарақ бәрін сайлап.
Аттанып келсе хабар беремін деп,
Жолына хақ Дүлдүлін қойған байлап.

Қағынып төрт аяғын Дүлдүл тұрды,
Қылышы қынабына сарт-сұрт ұрды.
Көп жігер Арысланнан кетті қайнап,
Жүруге «төуекел» деп бетін бұрды.

Көп жігер Арысланнан кетті қайнап,
Бөрідей қойға шапқан көзі жайнап.
«Жазасын көпірлердің берейін», — деп,
Дүлдүлге ерді салды «иә, Құдайлап».

Алды-арты жиылғанша бөгеледі,
Қолынан оның басқа не келеді.
Артымнан бір-бір басып келіңдер деп,
Түн қатып хазірет Қали жөнеледі.

Халықтың бәрі келді ұмар-жұмар,
Хабарын естіген соң нағып шыдар.
Қалидан мен де қалмай жетемін деп,
Жаяулап о да ұшты баба Ғұмар.

Не түрлі жан жаратқан Хақ Тағалаң,
Өзінің әмірінде барша ғалам.
Айлықты алшаң басқан Дүлдүл аттан,
Кетіпті сонда озып бес жүз қадам.

Арыслан Қап тауына жетіп барды,
Сол жерде ойлай-ойлай тұра қалды.
«Естісе ғаріп балам алдансын», — деп,
Қышқырып сонда Қали айғай салды.

Қышқырып сонда Қали айғай салды,
Дауысы мың күншілік жерге барды.
«Құдай-ау, әкем келіп қалған ба?!» — деп,
Көтеріп сонда басын жұлып алды.

Қалиды Құдай бастап алып келді,
Дауысын әкесінің таниды енді.
Қан басып жалғызсырап жатқан бала,
Орнынан «иә, Құдайлап» түрегелді.

Ер Қали баласына жетіп келді,
Дүлдүлдің жүрісімен келіп жетті.
«Әйтеуір, аман болса көремін», — деп,
Кәпірге баба Ғұмар кіріп кетті.

Қырады батыр бабаң кіріп кетіп,
Қалыпты кәпірлердің халі кетіп.
Артынан қанша жүйрік қуса дағы,
Ер бабаң ұстатпайды былқ-сылқ етіп.

Кәпірді бара сала қыра берді,
Қылышпен кез келгенін ұра берді.
Әйтеуір, қалжыратқан осы ғой, — деп,
Кезіне келгендерін қыра берді.

Ер бабаң тиіседі бара сала,
Болады жүрген жері пара-пара.
Ойлайды қалғандары қашамыз деп,
Көрсетіп көресіңді қылған ісін қара.

Тұрады Қали тақсыр сабыр етіп,
Баласын көргеннен соң көңілі бекіп.
«Арманда көре алмай қалам ба», — деп,
Балаға баба Ғұмар келді жетіп.

Баланы көргеннен соң жылады зар,
Дүниені жаяу кезген о да бір сал.
Жаны қалмай Мәдиненің келіп қапты,
Бастығы Құдай досы хақ Пайғамбар.

Батырлар тұра қалды әлгі жерге,
Әрқашан бейнет дайын талапты ерге.
«Бұл кәпірді өлтіріп кетейік», — деп,
Жөнелді бірі қалмай кәпірлерге.

Кәпірге өңшең батыр жетіп келді,
Келгенін мұсылманның о да білді.
«Біз енді бұған қарсы тұрмайық», — деп,
Кәпірдің аз қалғаны дінге кірді.

Келіпті батыр бабаң бәрін жайлап,
Басына берген бақыт Құдай арнап.
Қарсыласпай кәпірлер дінге кірді,
Ішінен өз патшасын келді сайлап.

Тоқтады Пайғамбардың ақылына,
Бұл сөздің қараңыздар ақырына.
Адамын Мәдиненің жиып алып,
Қыз қалған енді келді шатырына.

Шатырға өңшең батыр жетіп келді,
Келгенін мұсылманның ол да білді.
Жолы деп бұрынғының парыз айтып,
Иіле тағзым бірлән сәлем қылды.

Әуелгі тырнақалды жұпты қылды,
Балаға қияметті жұпты қылды.
Сол қызды енді қосты неке қиып,
Алды-артын әлгі араға жиып алды.

Бірі — үлкен, бірі — кіші ағалары,
Аллаға шын сүйікті паналары.
Кеп қайтты орта жолға олар дағы,
Қанипа, Бибәтима аналары.

Айтады насихат қып: — Жылама, — деп,
Жыласаң бізді мұндай қыла ма, — деп.
«Бейнеттің түбі — рахат» деген сөз бар,
Үмбетім қысқа тілек тілеме, — деп.

Аллаға қабыл болды қылған дәтім,
Қылады не қылса да Құдіретім.
Берген соң өзі жәрдем Патша Құдай,
Сол жерде тоқтау етті Мұхаммедім.



ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

КИІК

Дастанды 1870 жылы аса көрнекті шығыстанушы, түркі тіла дері мен фольклорының зерттеушісі әрі жинаушысы В.В. Радлов жариялаған[1].

В.В.Радлов өзі жариялаған нұсқаны кімнен, қай жерде, қашан, қалай жазып алғанын көрсетпеген. Сонымен қатар, осы кітабында жарияланған «Бозжігіт» дастанына берген түсініктемеде ол шығарма 1842 жылы жазылып алынғанын айтқан. Осыдан «Бозжігіт» дастанымен бірге жарық көрген өзге шығармалар да сол мезгілдерде жазылып алынған деген болжам жасауға болады.

Бұл дастанның көлемі шағын, оқиғасы шытырман. Жалпы, киік — көптеген халықтардың фольклорында жиі кездесетін және өзінің атқаратын қызметіне (функциясына) орай әр түрлі сипатта көрінетін бейне. Мысалы, романдық дастандарда киік ғашық болған кейіпкерге сағым болып көрініп, жігіттің алыс сапарға шығуына себеп болады. Кейбір батырлық жырларда бас кейіпкерді сүтімен қоректендіріп, кәмелетке жетуіне себін тигізеді.

Ал сөз болып отырған дастанда киік, керісінше, қақпанға түсіп, бауыздалғалы жатқан байғұс, өлім төніп тұрғанда, өзінен гөрі артында қалып бара жатқан лақтары үшін қайғырып жанталасқан адал ана ретінде, Мұхаммед пайғамбардан қайырымдылық, мейірбандық, көмек қажет етіп тұрған бейнеде көрінеді.

---

[1] Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. – Санкт-Петербург, 1870. – 665-670-б.

Киіктің тап осы халде, осы бейнеде көрініп отырғаны логикаға саяды, себебі адамдарға көмек беру, оларға жақсылық тілеу, мейірім таныту — Расул Алланың негізгі қасиеттерінің бірі.

Құран Кәрімде жазылғандай, Пайғамбарымыз барша пенделердің қамқоршысы, қиямет күні Алла Тағаланың алдында баршамызға араша.

Ал фольклорлық шығармаларда ең бірінші кезекте Пайғамбарымыздың жарлы, мүсәпірлерге деген қамқорлығы, әділеттілігі, биік адамгершілік қасиеттері көркем бейнеленеді.

Әрине, бұл шығармаға арқау болған сюжет шын мәнінде Пайғамбарымыздың басынан өтті деп айтуға болмас. Әйтсе де, халық өзінің сүйікті көсемдерінің рухын асқақтата дәріптеу үшін осы тектес сюжеттерді қиялдан туғызып отыруы — жиі кездесетін құбылыс.

Томға ұсынылып отырған мәтін В.В.Радловтың 1870 жылы бастырған нұсқасынан дайындалды.

ҚАҚПАНҒА ТҮСКЕН КИІКТІҢ ХИКАЯСЫ

Шығарма ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы [Ш.523, 3-дәп.]. Қолжазба сарғыш қағазға қызғылт сиямен араб әрпінде жазылған. Дастанның жырлаушысы — шығыс әдебиеті, Құран хикаялары мен діни аңыз-әңгімелердің жетік білгіұ рі, Сыр бойының ақыны Жарылқап. Жинаушысы — Аяпұлы Үбісұлтан.

«Қақпанға түскен киіктің хикаясының» мазмұны «Киік» дастанымен бірдей, бірақ та сөз саптауы, баяндау мәнері мүлде бөлек, яғни ол дастанның варианты емес. Дәлірек айтқанда, бұл дастан сол сюжетті арқау етіп, дербес жырланған, В.В. Радлов жариялаған мәтіннен тәуелсіз дүние.

Жырлаушы ақын белгілі сюжетке өз тарапынан біраз жаңа эпизодтар қосқан. Мысалы, «Киікте» қақпанға түсіп зар жылаған киіктің дауысын естіген Мұхаммед пайғамбар көмекке өзі келсе, сөз болып отырған шығармада киік көмек сұрап Пайғамбарға барады. Сонда төрт шариар өздерін кепілұ дікке ұсынады. Бірақ та аңшы оларға сенбейтінін айтып, кепілі дікке тек қана Мұхаммед пайғамбарды алады.

Томға ұсынылып отырған мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында [Ш.523] сақтаулы тұрған қолжазбадан дайындалды.

Мәтінді баспаға әзірлегенде қолжазбада қате жазылған кейбір сөздер мағынасы бойынша түзетілді, мысалы: ***таптамайды***, дұрысы: құптамайды; ***набатыққа***, дұрысы: нәубеттік; ***пайғанбар***, дұрысы: пайғамбар, т.б.

ДАРИҒА ҚЫЗ

«Дариға» — ел арасына кең тараған дастандардың бірі. Алғаш 1897 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Дастан сюжетіне өзек болған — Ислам құтқарушысы Маһди* жайындағы діни аңыздар мен хикаялар. Шынында Маһди ілімінің басты концепциясы туралы Құран Кәрімде де айтылған. Мұсылман аңызы бойынша, ақырзаман уақытында, алдымен қорқынышты оқиғалар болады. Бұл нышандар адамдар арасындағы алаяқтық, зорлық-зомбылық, зинақорлық, жалған әулиелердің көбеюі секілді харам істерден көрініс табады. Ақырында Меккедегі Қағба жоғалып, Құран Кәрім ұмытыла бастайды. Осы сәтте Алла Тағаланың нұсқауымен тура жүруші Маһди келіп, өзінің құтқарушылық міндетін атқарады. Соның арқасында жер бетінде біраз уақыт бойы имандылық пен әділет орнайды.

Құтқарушы (мессия) тек Мұхаммед әулетінен болуы тиіс. Пайғамбардың ұлдары сәби шағында шетінеп кеткендіктен, оның бірден-бір ізбасары — кенже қызы бибі Фатима мен хазірет Әлиден тарайтын ұрпақтары еді.

Солардың бірі, шамамен 873 жылы туған делінетін он екінші имам — Мұхаммед Самарра маңында құпия түрде жоғалған, яғни аңыз бойынша, жер астына кіріп кеткен. Мұсылмандық сенімде сол өткен ғасырларда ғайып болған, «жасырын» имам ақырзаман күнінде құтқарушы — Маһди ретінде жер бетіне оралмақ.

Шынтуайтқа келгенде, бұл дастанда «құтқарушы» туралы діни концепция бастан-аяқ фольклорлық сюжет, мотив, образдар арқылы сипатталып, баяндалады. Яғни, мұнда бірқатар фольклорлық мотивтер пайдаланылған. Мысалы, хазірет Әлидің Дариға қызбен күресуі — көптеген халықтардың фольклорында кездесетін көне мотив. Басқа эпикалық кейіпкер-

* Маһди /а/ – Алла Тағаланың нұсқауымен тура жолмен жүруші және тура жол көрсетуші.

лер сияқты Әли Дариғаның маңдайына «о бастан» жазылған бірден-бір күйеу ретінде суреттеледі. Мұны Әли білмегенмен, Дариға қыз алдын ала сезеді. Әли балуан алып қыздың даңқын естіп, онымен күресу үшін әдейі іздеп шығады. Өйткені, қиындықтан бас тартпау, керісінше, жолындағы кедергілердің бәрін жеңіп, жауына қарсы шығу — хас батырға тән қасиеттердің бірі. Яғни, дастанда ерлікпен үйлену мотивінің архаикалық үлгісі мақсатты түрде пайдаланылады: хазірет Әли еш уақытта, ешкімнен жеңілмейтін батыр; ол алдымен, алып қыз Дариға туралы хабарды естиді, содан соң Мұхаммед пайғамбардан рұқсат алып, қыздың еліне келеді де, қызбен жекпе-жекке шығады; ақырында қызды жеңіп, оған үйленеді; Әли еліне кеткеннен кейін мерзімді уақыт өткен соң, Дариға ұл табады.

Батырдың қалыңдығымен күресуі «Шаһнамада», сондай-ақ түркі халықтарының аңыз-ертегілері мен жырларында кездеседі. Осы мотивтің канондық түрі «Қорқыт ата» кітабындағы «Қам Бурабекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» атты тарауында да бар.

Дастан оқиғасындағы негізгі мотивтердің бірі болып табылатын «әке мен бала күресі» де өте көне эпикалық мотивтердің бірі. А.Н.Веселовский көрсеткендей, ол көптеген халықтардың, мәселен, ежелгі гректердің, парсылардың, кельттердің, француздардың, немістердің, орыстардың, т.б. көне әдебиет үлгілерінде кездеседі[2].

Бұл сюжет мынадай міндетті көріністерді қамтиды: ұл әкесіз туылады, немесе ол әкесінен сәби күнінде ажырап қалады; кейін бала өз әкесі жөнінде аяқасты біреуден естиді, болмаса әке өсиетін анасы ұлына жеткізеді; ұлы әкесін іздеп сапарға шығады; олар жолыққанда бірін-бірі танымай жекпежек соғысады; айқас алдында олар алдымен, өзге батырлардың бәрін жығып барып, соңынан әке мен бала өзара күреседі; жекпе-жектің нәтижесі әр түрлі: қайғылы қорытынды, яки ұлының қазасы; бейбіт нәтиже — әке мен бала табысып, келісімге келу.

«Дариға қыз» дастанында біз жоғарыда келтірілген барлық эпизодтардың кездесетінін аңғарамыз. Әйтсе де, оқиғаның

[2] Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л., 1949. – 546-563-б.

шешілуі мүлде басқаша сипатталған. Өз әкесіне қол көтергенін енді ғана түсінген Маһди «ұяттан өртеніп», тауға қашады. Жаратқаннан өзін жер жұтуын жалбарынып сұрайды. Шынында да, солай болады. Мұндай шешім еш жерде кездеспейді. А.Н.Веселовский осы сюжетті түгелдей келтірген, алайда жоғарыдағыдай «шешімге» түсінік бермейді[3].

Сөз жоқ, мұндай шешім — жасырын имам (маһди) мен оның ақырзаман уақытында қайта оралуы туралы түсініктермен тығыз байланысты: кейіпкер өлмеуге тиісті, себебі ол қайтып оралу керек.

Ал дастанда Маһдидің «ғайып болуы» халқымыздың салт-дәстүріне сай имандылық, әдеп тұрғысынан түсіндіріледі. Құран Кәрім мен хадистерде де әке-шешеге деген шексіз құрмет барынша дәріптеледі.

Маһдидің «жоғалу» оқиғасы, араб халифатының алғашқы кезеңіндегі билік таласына да қатысты болса керек. Оспан халиф өлгеннен кейін тақ үшін күрескен Әли әулеті мен үмийалықтар* арасында бітіспес майдан басталды. Аз уақыт билік басында болған Әлиден соң имамдық жолындағы тайталас оның өз туыстары мен ұрпақтары арасында да болғаны аңғарылады. Мұны тарихи деректерді былай қойғанда, «Дариға қыз» дастанының мазмұнынан да байқауға болады. Шығарманың өлеңмен жырланған негізгі оқиғасы біткен соң, жыршы дастан сюжетінің қара сөзбен баяндалған бір көрінісін ұсынады. Онда баяндалған оқиға жоғарыда айтылған пікірімізді дәлелдей түседі.

Халқымыздың ауыз әдебиетінде осы сюжетке құрылған бірнеше ертегілер бар. Оларға өткен ғасырда орыс ғалымдары Вс.Миллер мен Г.Н.Потанин назар аударып, бірнеше ертем гілік мәтіндерге талдау жасаған. Сондай-ақ ғалымдар сол салыстырулардың нәтижесін ғылыми теориялық еңбектерінде пайдаланған.

Академик С.А.Қасқабасов аталған ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талдай келе, Вс.Миллердің қазақ фольклорындағы «әке мен бала немесе батыр мен алып әйелдің қақтығысы жайындағы сюжеттер ирандықтардың фольклорынан ауысқан», ал Г.Н.Потанинның «қазақтар бұл сюжетті монғол-

[3] Веселовский А.Н. Аталған еңбек. – 559-560-б.

* Үмийалықтар /а/ – (өмейядтар): Мұхаммед пайғамбардың әулеті тарайтын Хашим руының бір тайпасы. Ислам тарихында көп аталады.

дардан алған» дейтін пікірлері қате, мұндай сарындар барлық халықтардың ауыз әдебиетінде кезіге беретінін көптеген ғалымдардың дәлелдегенін атап көрсеткен[4].

Қолжазба қорларында осы дастанның араб, латын, кирилл әріптерімен жазылған бірнеше нұсқалары сақталған. Мәселен:

1. Дариға қыз қиссасы. ӘӨИ,Ш:693, 5-дәп., 1963 жылы Төленов Ж. Қолжазба қорына өткізген.

2. Ер Ғали мен балуан Дариға қыздың күрескен мәселесі. ӘӨИ, Ш:693, 19-дәп., араб әрпінде, көлемі 1-8 бет. 1967 жылы С. Түсіпұлы тапсырған.

3. Әли батыр. ӘӨИ,Ш:868, 13-дәп.

4. Дариға қыз. ОҒК,Ш:370, 1-дәп., араб әрпінде. Жинаушысы Дүйсенбаев О. Қорға 1941 жылы түскен.

5. Дариға қыз. ӘӨИ,Ш:1110. Тор көзді дәптерге көк сиямен, араб әрпінде жазған. Айтушысы Е. Сембеков. Дастан аяқталмаған.

6. Қыз Дариға. ӘӨИ,Ш:380. Жинаушысы Н.Ниязов, кирилл әрпінде, көк сиямен көшірілген. Қорға Оңтүстік Қазақстаннан түскен.

7. Қыз Дариға мен Әзірет Әлидің күресі. ӘӨИ,Ш:868. Араб әрпінде. Жинаушысы — Сауытбеков С.

8. Әзірет Әли мен Дариғаның күресі. ӘӨИ,Ш:97. Машинкаға басылған. Жинаушысы — К. Керімбекұлы.

9. Әзірет Әли мен Дариға қыздың күресі. ӘӨИ,Ш:18. Кирилл әрпінде. Жырлаушысы Әбдірәсіл Ахметов. Жинаушысы Қ.Саттаров.

Жоғарыдағы нұсқалардың мәтіндерін салыстыра-салғастыра зерттеудің нәтижесінде, олар негізінде Қазан қаласында жарық көрген кітаптың көшірмелері және сол кітап мазмұнын арқау етіп жырланған нұсқалар екені анықталды.

Дастан мәтінін ел аузынан жинап, баспаға дайындап алғаш 1897 жылы жариялаған Мәулекей Жұмашұлы. Содан кейін мәтін 1901, 1902 және 1913 жылдары қайта басылып шықты.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1897 жылғы басылымнан дайындалды.

---

[4] Қасқабасов С. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988. – 92-147-б.

ҚИССА ШАҺИЗИНДА

Алғаш рет 1898 жылы Қазан қаласында араб әрпімен басылды. Дастанды жариялаған — Жүсіпбек Шайхысламұлы. Бұл шығарманың мазмұны «Дариға қыз» дастанына өте жақын.

Алайда, шығарманың да, кейіпкерінің де аты өзгерген.

Шаһизинда — парсы тілінен аударғанда «тірі патша» деген ұғымды білдіреді.

Кейбір тарихи деректерде Шаһизинда — Қусам ибн Аббас деген адамның лақаб есімі екені айтылады. Ол VII ғасырда араб басқыншыларымен бірге Орта Азияға келген Пайғамбар ұрпақтарының бірі сияқты. Аңыздың баяндауынша, ол намаз кезінде қарсыластарының шабуылына ұшырап, жасырынуға мәжбүр болады. Бір әңгімелерде Қусам ибн Аббас жер асты құдығы арқылы баққа барып жасырынады және күні бүгінге шейін сол жерде өмір сүреді-міс. Бұл жер орта ғасырлардың өзінде-ақ самарқандық мұсылмандар табынатын әулиелі мең кенге айналған. Әйгілі Ақсақ Темір Шаһизиндаға арнап әсем де күмбезді мазар салдырған.

Жоғарыда баяндалған аңыз қиямет-қайымда қайта оралуға тиіс ғайып болған «жасырын имам» туралы хикаяларға тікелей қатысты. Демек, жер астына кіріп кетсе де, халық «имам тірі, ол өлген жоқ, әлі қайтып келеді» деп сеніп, оны тірі патша, яғни Шаһизинда деп атаған.

«Шаһизинда» мен «Дариға қыз» дастандарының сюжеттік желісі бір болғанымен, екі нұсқаның арасында елеулі ерекшеліктер барлығы да анықталды.

Біріншіден, «Дариға қызда» (Мәулекей нұсқасы) Қатыран — қала атауы болса, «Шаһизинда» (Жүсіпбек нұсқасы) дастанында ол — патшаның есімі. Мұнда қаланың аты — Самарқан.

Екіншіден, шығарманың кіріспесі бірінші нұсқада тым қысқа жазылған. Сондай-ақ Әли батырға жолығатын кісі — кемпір болса, екінші нұсқада ол — қарауыл.

Алғашқы вариантта Дариға алтын діңгекке өзі келсе, екіншісінде қызметкерлері кілемге отырғызып әкеледі. Мәулекейде — қыздың әкесі бар болса, Жүсіпбекте - қайтыс болған. Бірінші нұсқада Әли хазірет пен Дариға он төрт күн күрессе, Жүсіпбекте он бес күн алысады.

Үшіншіден, Шаһизинда «әкесінің Әли екенін» балалардың аузынан естісе, Жүсіпбекте — кемпірден естиді. Мәулекейде Шаһизинда Мекке-Мәдинеге керуенге ілесіп барса, Жүсіпбек нұсқасында «Қызыр бабаның жол сілтеуімен» тез жетеді.

Дегенмен дастанның негізгі сюжеттік фабуласы толық сақталған. Оқиғалардың мекендік, мерзімдік орналасуы да үндесіп тұр. Алайда кісі есімдері (мысалы: Маһди-Шаһизинда) мен жер-су аттарында, сондай-ақ жекелеген мотивтік өзгерістер, стильдік, көркемдік айырмашылықтар бар екенін айтқан абзал. Мұнымен қатар, Жүсіпбек пен Мәулекейдің жыршылық деңгейі, сөз қолданыстары да әр түрлі екенін ескермеуге болмайды.

Мәулекей нұсқасының көлемі — 580 жол болса, Жүсіпбек варианты — 860 жолды құраған.

Жоғарыдағы айтылған ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ескере отырып, жүз жыл бойына жарияланбай келген Жүсіпбек варианты да томға енгізіліп отыр.

Сондай-ақ Жүсіпбек жырлаған дастанның ел арасынан табылған көшірмесін 1995 жылы Ш.Әлдибекұлы деген азамат жеке кітап етіп шығарғанын (Алматы: Шабыт, 1995. — 44б.) атап айтқан жөн. Басылымда дастанның түпнұсқасы жайында еш мәлімет жоқ. Дегенмен шығарушы кітапшаның 5-бетінде: «Бұл кімнің қолжазбасы екенінен бейхабармын. Әйтсе де, «өлең ғып бір нұсқадан жаздым сөзін» деген адам Шайхытұлы Юсінбек деп қисса соңында аты-жөнін қалдырған екен» — деп жазыпты. Біздіңше, құрастырушының Шайқытұлы Юсінбек деп отырғаны — Жүсіпбек Шайхысламұлы.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1899 жылғы басылымнан әзірленді.

«ҚУБАС» ЖӘНЕ «ҚИССА ЖҰМЖҰМА» ДАСТАНДАРЫ

«Қубас» дастанын В.В.Радлов ел аузынан жинап, 1870 жылы жариялаған[5]. Ал «Қисса жұмжұма» атты дастан 1881 жылы Қазан қаласында Университет баспаханасында басылған. Бұл шығарманы ел аузынан жинап, қағазға түсіріп, баспаға

[5] Радлов В.В. Аталған еңбек. — 680-692-б.

дайындаған — Мәулекей Жұмашұлы. Кейінірек, яғни 1897, 1901, 1910 және 1917 жылдары сол 1881 жылғы басылым қайтадан дәлме-дәл, еш өзгеріссіз басылды. Тақырыбы мен сюжеті ұқсас екі шығарманың атауы екі бөлек болғанымен, беріп тұрған мағынасы бір: жұмжұма араб, парсы тілдерінде — бассүйек, құбас сөзі де мәтінде бассүйек мағынасында қолданылған.

Томға ұсынылып отырған осы екі мәтін мазмұны жағынан бір-біріне өте жақын, себебі екеуінің де сюжеті бір нұсқадан өрбіген. Ол — шамамен 1370 жылдары жырланып, ел арасына кеңінен тараған «Жұмжұма сұлтан» атты дастан. Шығарманың бірінші жырлаушысы — Хұсам Кәтиб.

Хұсам Кәтиб дастанының қолжазбалары С-Петербор және Қазан қалаларында сақтаулы. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары татар ғалымы Хатип Ғосман шығарманың алты көшірмесін өзара салыстырып, ең толық деген нұсқасын дайындап жарыққа шығарған. 1991 жылы сол мәтін біраз қысқартулармен «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты хрестоматияда жарияланды.

Х.Кәтиб шамамен 1370 жылдары жырлаған шығарманың негізгі мазмұны — пәни жалғанмен қоштасып бақиға өткен пенделердің о дүниедегі хал-жағдайы, оларға қойылатын сұрақтар, күнәһарлардың көретін азаптары, т.б. Бұл тақырып алғаш көне Египетте б. д. д. XVI-VIII ғ. қағазға [папирус] түскен, ғылымда «Книга мертвых»[6] аталатын жазбада қарастырылған. Онда о дүниеге өткен адамдардың хал-жағдайы тірі кезіндегі күнәлары мен ізгі істеріне тікелей байланысты екені айтылған. Кейін бұл тақырып сан алуан діни және көркем әдебиеттерде сөз болады. Әсіресе италиян жазушысы Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясында» [Божественная комедия] күнәһарлардың азап тартатын орны тамұқ тәптіштеп суреттелген.

Дастанның бас кейіпкері жұмжұма тіршілікте Шам шаһарының дәулеті асып-тасыған һәм мырзалығымен даңқы шыққан патшасы болған. Оның жомарттығы Х. Кәтиб дастанында айрықша суреттеледі. Бірақ та ол намаз оқымаған және бір рет есігіне қайыр тілеп келген адамды қуып жіберген. Сол үшін тозақ азабын тартады.

---

[6] Коростовцев М. А. Литература древнего Египта //История всемирной литературы. Т. 1. — М., 1983. — С. 73.

Бұл шығарма ислам дінінің негізгі қағидаларын дәріптеп, насихаттайды; олар Құран Кәрімде келтірілген Алла Тағаланың сөздерімен айтқанда, төмендегідей: «Әй, мүміндер! Аллаға, Пайғамбарына және оған түсірген Құранға, сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ахирет күніне қарсы шықса, онда тым ұзақ адасты»[7].

Сонымен, Х. Кәтиб дастанының негізгі идеясы — әрбір адам Алла Тағалаға мойынсұнып, иман келтіріп намаз оқып, т.б.с.с. ислам дінінің негізгі қағидаларын қабылдап, шарттарын орындап, тура жолмен жүру керек. Олай болмаған жағдайда тіршілікте көп жамандық жасап күнәға батқандар о дүниеде тозақ азабын тартады. Осы идеяны тыңдаушы һәм оқырмандарына жеткізу үшін дастаншы Құран қағидаларымен қатар, көптеген хадистерде баяндалатын, мұсылман қауымының арасында ертеден-ақ тараған жұмақ пен тамұқ және Иса пайғамбар туралы аңыз әңгімелерді пайдаланған.

Осы дастан туралы В.В.Радлов кезінде былай деп жазған: «Ғибрат өлеңдердің ішінде көп айтылатыны — осы аттас кітаптың атымен аталатын «Жұмжұма». Үлкен жиындарда айтылған осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылықта тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның өлгеннен кейінгі азабын сипаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана «О, құдіретті Тәңірім», «Қайырымы көп Құдайым» деген тәрізді лебіздер ғана бұзып отырды. Маған қазақтар арасында иса ламды орнықтыруға бір «Жұмжұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді»[8].

В.В.Радлов, М.Жұмашұлы және Х.Кәтиб нұсқаларын салыстырып зерттегенде бірінші және екінші мәтін мазмұны жағынан Х.Кәтиб дастанының ізімен жырланғаны айқындалды. Яғни, XIX ғасырда жарық көрген кітаптар арқылы XIV ғасыр туындысының сюжеті мен мазмұны, бастапқы идеясы мен бас кейіпкердің негізгі мінездемелік сипаттамалары бізге жетіп отыр.

---

[7] Құран Кәрім: «Ниса» сүресі. 136-аят.
[8] Радлов В.В. Аталған еңбек. — 11-12-б.

Бірақ та В.В.Радлов пен Мәулекей нұсқаларында Х.Кәтиб дастанының сюжеттік желісі сақталғанмен, олардың баянє дау әдісі әр түрлі, сөз саптау мәнері мүлде бөлек, мәтіндік сәйкестіктері жоқ екені байқалады.

Ал В.В.Радлов пен Мәулекей нұсқаларын өзара салыстырып зерттегенде екеуі бір мәтіннің варианттары екені анықталды; бұларда көптеген мәтіндік сәйкестіктер, дәлме-дәл берілген сөз тіркестері бірін-бірі еш өзгеріссіз қайталап отырған. Дегенмен кейде жолдары ауысып, немесе жекелеген сөздері өзгеріске түскен шумақтар да кездеседі, т.б. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

В.В.Радлов бастырған нұсқада:

Жарандар, иманыңнан күдер үзбе,
Айтайын осы мәселе енді сізге.
Пайғамбар тақсыр Ғайса бір күндерде,
Сейіл құра шығыпты мидай дүзге.

Бөксесі жоқ, кеудесі жоқ құбас жатыр,
Жарымы су, жарымы құм болып жатыр.
Адамның басы екенін білгеннен соң,
Асасымен көтерді Ғайса батыр.

Күнінде туған да бар, өлген де бар,
Өзіңнен жақсы да бар, жаман да бар.
Құран менен кітаптан естіп алдым,
Өзімді үйреткен молдамда да бар.

Мәулекей Жұмашұлы 1881 жылы жариялаған нұсқада:

Жігіттер, иманыңнан күдер үзбе,
Айтайын аз мәселе енді сізге.
Тақсыр Ғайса пайғамбар бір күндерде
Сапар қылып шығыпты жапан түзге.

Бөксесі, кеудесі жоқ құбас жатыр,
Жарымы су, жарымы құм болып жатыр.
Адам басы екенін таныған соң,
Асасымен аударды Ғайса батыр.

Күнінде өлген де бар,туған да бар,
Өзіңнен жақсы да бар, жаман да бар.
Бұл сөзім кітап пенен Құранда бар,
Үйреткен ұстат қылып молдамда бар.

Жүргізілген салыстырулардан байқайтынымыз, 1881 жылғы (Мәулекей нұсқасы) басылымда эпизодтар, мотивтер таратылып, ұзақ баяндалса, 1870 жылғы (В.В. Радлов нұсқасы) басылымда олар қысқа, көбінесе бір ғана шумақпен суреттеледі. Мұндай «ықшамдау» әдісі В.В. Радлов нұсқасының соңына дейін жалғасады. Сондықтан Мәулекей нұсқасының көлемі — 520 жол болса, В.В. Радлов нұсқасының көлемі — 280 жол.

Сонымен бірге В.В.Радлов мәтінінде кейбір жолдар, шумақтар, мысалы, Ғайса пайғамбардың кейіпкерге қойған сұрақтары түсіп қалғанға ұқсайды. Бірақ сұрақтардың қойылғанын, диалогтың болғанын аңғару қиын емес. Оны қайтарылған жауаптардан байқауға болады.

Сонымен, алты жүз отыз бес жыл бұрын Хұсам Кәтиб жырлаған сюжет ғасырлар бойы халық жадында сақталып келіп, XVIII-XIX ғ. сауатты және дін тарихын жақсы білетін жыршы тарапынан жаңғыртылып жырланып, ел арасына ауызша түрде кең тараған.

Сондай ауызша айтушылардың бірінен В.В.Радлов қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға арналған экспедициясының бірінде жазып алып, 1870 жылы кітабында бастырған. В.В.Радлов шығарманы жазып алып баспаға дайындау барысында біраз жолдардың түсіп қалғанын, сондықтан кейбір шумақтардың арасында логикалық байланыстың жоқтығын аңғармай қалған.

Кейінірек М.Жұмашұлы ел арасына тараған бірнеше фольклорлық үлгілерді жинап алып, жүйелеп, бір-бірімен толықтырып, баспаға ұсынған.

Сондықтан екі басылымның арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ескере отырып, екеуін де томға енгізуді жөн көрдік.

Томға ұсынылып отырған «Құбас» мәтіні 1870 жылғы В.В.Радлов кітабынан, ал «Қисса жұмжұма» мәтіні М.Жұмашұлы 1881 жылы бастырған нұсқадан әзірленді. Осы

екі мәтінді түпнұсқаларынан оқып баспаға әзірлегенде түсіп қалған және оқылмаған сөздердің орнына көп нүкте қойылып отырды, ал қате басылған сөздер мағынасы бойынша түзетілді, мысалы:

— «Құбас» дастанында: Жәбірелі, дұрысы: Жәбірейіл; ***дәуба*** дұрысы: тәубе; ***жарлығына*** дұрысы: жарлығыма; ***мәнәсі*** дұрысы: мәнісі; ***жәннәм*** дұрысы: жаһаннам; ***қамырлары***, дұрысы: әмірлері; ***әуелде***, дұрысы: ойладым, т.б.

— «Қисса жұмжұмада»: ***көнбе***, дұрысы: күйме; ***бәрі де арыса тандай дастаны зор***, дұрысы: бәрі де арыстандай денесі зор; ***барлық болды***, дұрысы: жарлық болды; ***сол аққаннан***, дұрысы: сол айтқаннан; ***өзіме***, дұрысы: көзіме, т.б.

ҮШБУ ҚИССА ЗЕҢГІР ЖҮҺУД

Дастан ӘӨИ- дің Қолжазба орталығында сақтаулы [Ш:885, 2-дәп.]. Қолжазба жолсыз сары түсті қағазға араб әрпінде ар] падан күйдіріп жасалған қара сиямен қауырсынмен жазылған. Қолжазбаны Шығыс Қазақстанның тұрғыны, ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы С. Сауытбеков тапсырған.

885-буманың екінші дәптерінде Шернияздың өлеңдері, «Мұхаммед пайғамбардың Миғражға ұшқаны», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд» және «Қасым жомарт» дастандары бар. Осы дүниелердің бәрін 1889-1905 жылдар аралығында қағазға түсірген Ташмұхаммед Баймұхаммедұлы Көшенов.

Т. Көшенов қолжазбаны он алты жасында жазғанын дастанның соңында өлеңмен жазады. Сонымен қатар «жаздым» деген сөзді бірнеше мәрте қайталайды. Бұл жерде жаздым дегенін көшірдім деп түсіну қажет. Себебі осы дәптерде Т.Көшеновтің жаздым деген «Қасым жомарт» дастаны Қазан қаласында Ж.Шайхысламұлының дайындауымен 1896 жылы жарық көрген «Қисса Қасым жомарт» атты дастанның көшірмесі екені салыстыру нәтижесінде анықталды.

Т. Көшенов сауатты, көзі ашық, әдебиетке бейімі болғаны осы әдемі қолжазбадан көрініп тұр. Ол өзі көрсеткендей, көлемі сексен бетке жуық «Қасым жомартты» үш күнде көшірген. Бірақ та сөз болып отырған «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд» дастанын қай кітаптан көшіргені белгісіз, өйткені түпнұсқасы әзірше табылмай отыр.

Бұл шығарма исламның орнығуы мен нығаюы үшін жүргізілген тарихтан белгілі қиян-кескі соғыстарды сипаттайтын дастандардың тобына жатады.

Дастанның өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, мұсылмандар қарсыласы, жау жақтың өкілі Зеңгір жүһүд мұсылманды қырамын, құртамын деп Мәдинеге өзі келеді; көптеген діни дастандарға тән мотив мұнда да кездеседі, ол — дұшпан батырлары исламның басты қаһармандарының бірі Арыслан, Шаһмардан атанған, Пайғамбардың күйеу баласы, әділетті төрт халифаның бірі Әли батырдың даңқын естіп, сонымен күш сынасу үшін мұсылмандарға қарсы шығады. Сонымен қатар, мұнда романдық дастандарға тән мотивтердің бірі — сырттай ғашық болу мотиві көрініс тапқан. Зеңгір жүһүдтің қызы Зейнептің түсіне Әлидің баласы Хасен кіреді де, екі жас бір-бірі не ғашық болады. Қыз мұсылман баласына ғашық болып, өзі де сол дінді қабылдайды, бірақ та Хасен батырмен қосылғанға дейін біраз қиындық көріп, махаббат жолында азап тартады. Бұл діни дастан болған соң, мұнда екі жасты қосып, оларға жәрдем ететін Алла Тағала мен Жәбірейіл періште.

Дастанның соңында көшіруші былай деген:

Келіпті он алтыға менім жасым,
Әр жерге мағлұм болған менім басым.
Жазуым асығыста болды жаман,
Оқыған айып етпе, замандасым.

Шынында да мәтінде қате жазылған, түзетілген және көшіруші тарапынан қосылған сөздер мен сөз тіркестері кездеседі, ал кейбір сөздер түсіп қалған. Мәтінді баспаға дайындағанда осындай жайттерге назар аударылды.

Томға дастан ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында сақтаулы мәтіннен даярланды.

ХИКАЯТ ТӘЖІЛМӘЛІК

Дастан мәтіні ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы тұр: Ш: 837/1, жинаушысы — Омар Шонаев. Дастан араб әрпінде, қадым жазу үлгісімен 1940 жылы Қарағанды облысы, Қарсақбай ауданында жазылған.

Діни аңыздарға құрылған бұл дастанның негізгі тақырыбы — хазірет Әли әулетінен тараған Мұхтар деген халифаның жалғыз ұлы Тәжілмәліктің ислам жолындағы көп құдайшылармен жүргізген соғыстары. Атап айтатын нәрсе, мұнда қаһарманның жауы тек қана пұтқа табынушылар емес, солармен қатар — дию, перілер, әр қилы сиқыршылар.

Тәжілмәліктің жорыққа шығуының себебі — пұтқа табынушылардың көп құдайшылығымен бірге олардың адам етін жеуді әдет қылғандары, [мәтінде: «етін жеп әдет қылған, сойып адам»], яғни бас кейіпкердің алыс жолға шығу себебі [мотивия ровкасы] таза діни емес: Тәжілмәліктің көздеген мақсаты — исе лам дінін орнықтырып нығайтумен бірге адам етін жеуді әдет қылған жауыздарды тура жолға салу.

Жалпы алғанда, Тәжілмәлік тұлғасы дәстүрлі эпикалық батырлар іспеттес сомдалған. Айырмашылығы — эпос қаһармандары туған жерін, Отанын жаудан қорғаса, Тәжілмәлік дін үшін жаумен шайқасады.

Әдетте діни дастандарда оқиға батырдың жауын жеңіп, оларды ислам дініне кіргізіп еліне оралуымен аяқталады. Ал мұнда басқаша: бас кейіпкердің алыс жорықтан қайтып келгеннен кейінгі тағдыры баяндалып, оның басқа да қасиеттері сипатталады, дәріптеледі. Осы жерден бастап дастан фабуласына тағы екі сюжет кірігеді, олар: мемлекетті басқару мәселесі мен ғашықтық тақырыбы. Бұл екі тақырып өзара ұштасып, хикаялық (новеллистикалық) сюжет аясында дамып, жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан шешіледі.

Дастанды жырлаған ақын шығыс фольклоры мен әдебиетін жақсы білгені сөзсіз. Ақын әрі батыр, ержүрек, парасатты, адамгершілігі биік, салауатты, қол астындағы жұртына қамқор ел билеушінің тұлғасын жасау үшін шығыста көне замандардан белгілі сюжет пен мотивтерді орынды және шеберлікпен пайдаланған. Айтып кететін жайт: мәтінде бас кейіпкер Тәжілмәліктің қарсыластарының тегі сөз болғанда: «Әулетті әділердің Қараханнан», делінеді. Ад, әд, ғад — көне аңыздар бойынша Йемен жерінің оңтүстігін мекендеген ежелгі қауымдардың бірі, ал Қарахандар — IX ғасырдың екінші жартысы — XIII ғасырдың басында [840-1212] Батыс, Шығыс Түркістанды билеген династия. Екеуінің арасында еш

қарым-қатынас, байланыс болуы мүмкін емес. Дегенмен бұл фольклорлық шығармаларда жиі кездесетін жағдай [анахронизм].

Біздің пайымдауымызша, бұл шығарма XIX ғасырда кітап болып жарық көрген. Кейін сол басылымнан ақындық қабілеті бар біреу көшірген. Көшіру барысында мәтінді өзінше жөндеп, біраз редакциялаған. Өкінішке орай, XIX ғасырда баспа бетін көрген мәтін өзірше табылған жоқ.

Томға ұсынылып отырған мәтін ОҒК-ның Қолжазба қорында (Ш:837/1) сақтаулы қолжазбадан дайындалды. Мәтіннің тілдік ерекшеліктері толық сақталды.

МҰХАММЕД-ХАНАФИЯҒА АРНАЛҒАН ДАСТАНДАР

Бұл шығармалардың сюжетіне ислам дінінің басты тұлғаларының бірі — төртінші әділетті халифа, хазірет Әлидің ұлы — Мұхаммед-Ханафия ерліктері арқау болған.

Мұхаммед-Ханафия — тарихи тұлға. Ол шамамен VII ғасырдың орта шенінде дүниеге келіп, 700 жылдары қайтыс болған, мұсылман дінін орнату мен нығайту жолында көп тер төккен Пайғамбар ұрпақтарының бірі.

Дастанда оның батырлығы, ержүректігі кейіпкердің басты қасиеті ретінде баяндалып, батырдың тұлғасы дәстүрлі эпикалық канондарға сай сомдалған. Сондықтан шығармаларда көптеген ертегілік және эпикалық сюжеттер мен мотивтер тұрақты түрде қолданылады. Мысалы, Мұхаммед-Ханафия көптеген ертегі, эпикалық жырлардың кейіпкерлері сияқты ерекше жағдайда туылады. Болашақ қаһарманның дүниеге келу тарихын баяндайтын эпизодтар фольклортану ғылымында «ғажайып туу мотиві» деп аталады. Ертегі, эпос, дастандарда «ғажайып туу мотиві» кейіпкерді әсірелеу үшін пайдаланылатын көркем тәсілдердің бірі екені белгілі.

Осы мотивті жан-жақты зерттеп, дәлелді пікірлер айтқан ғалымдардың тұжырымы бойынша, «ғажайып туу мотивінің» дүниеге келуіне әсер еткен — матриархат, яғни «ана еркі» дәуірінде баланың тууына еркектің еш қатысы жоқ деген түсінік. Себебі байырғы адамдар «бала ғайыптан (күйеусіз, ерісіз) жаралады» деп ұғынған, мысалы: судан, дымнан, жеңістен, күн сәулесінен, жұпар иістен, шаштан, түкіріктен, боқ

яудан, жұмыртқадан, тұқымнан, жүректен, күлден, желден, көзден, т.б[9].

Кейінірек баланың дүниеге келуінің сырларына көз жеткен. Енді ертегі, эпос, дастанның кейіпкері ғайыптан жаратылған емес, ол — адамның баласы, оның әкесі белгілі, өз әкесінің заңды мұрагері. Бірақ ол болашақта бүкіл елді қорғайтын батыр, жалғыз өзі мыңдаған жауды қыратын алып, халықтың қиялы тудырған идеалы болғандықтан, оның туылуы да басқаша болу керек. Сондықтан болашақ кейіпкер дүниеге келер алдында міндетті түрде төтенше оқиға болады: баланың әкесі дүние салады; ата-анасы қуғында жүреді; күтпеген жерден жау шабады; анасы өліп, бала өлі шешеден туылады, т.т.

Демек, феодалдық дәуірде «ғажайып туу» мотивтерінің бірінші, яғни ең көне «ғайыптан туу» формасы күрделі өзгеріске ұшырайды да, жоғарыда көрсетілген түрлері мен мазмұнына сәйкес, «ерекше жағдайда туу» мотиві болып өзгереді. «Ерекше жағдайда туу» мотивінің екінші көрінісі — батырдың анасы жүкті кезінде, керемет аңның бауырына, өтіне, т.б. бір ерекше тағамға жерік болуы, кейіпкерге шешесі етіне жерік болған аңның қасиеті даруы. Сондықтан болашақ батыр арысқа тандай айбатты, жолбарыстай қайратты, айдаһардай сұрапыл болады[10].

Аталмыш мотивтің үшінші түрі: бала дүниеге ата-бабалар аруағының, кейінірек әулие, әнбиелердің көмегімен келеді, олар бала туғаннан кейін де оған жәрдем беріп, желеп-жебеп жүреді. Ал Мұхаммед-Ханафия діни дастанның кейіпкері болғандықтан, оның туылуына себепкер жағдайлар, сөз жоқ, діни мифологияның ықпалында болуы қажет. Айтқандай-ақ, мұнда Рұм қайсарының қызы Мұхаммед пайғамбарға өзінің өтінішін айтқанда, Пайғамбар ойланып қалады, сонда Алла Тағала Жәбірейіл арқылы хабар береді. Яғни, Мұхаммед-Ханафияның дүниеге келуіне себеп болғандар: Алла Тағала, Жәбірейіл періште, Мұхаммед пайғамбар.

Әрине, осындай «ерекше жағдайда» туылған баланың өсуі де ерекше: ол он жасында өз қатарынан күшті, алып, сонымен

---

[9] Веселовский А.Н. Аталған еңбек. – 533-546-б.

[10] Қасқабасов С.А. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981. – 235-265-б.

бірге Құранды жетік білетін болып өседі. Ол жалғыз өзі жаудың отыз мың әскерін қырады, ақырында қаһармандық жолмен, яғни қыздың алты ағасын жеңіп, үйленеді.

Сонымен, Мұхаммед-Ханафияға арналған дастандардың мазмұнын құрайтын сюжет пен мотивтер, эпизодтар төмендегідей: 1) кейіпкердің ғажайып жаратылысы; 2) батырға тән балалық шағы; 3) алғашқы ерлігі — сансыз көп жау әскерін жою; 4) қалыңдық үшін күрес және онымен қосылу; 5) қалыңдықты дәудің алып кетуі; 6) дәумен күрес, бас кейіпкердің жеңісі; 7) қалыңдықтың екінші рет жоғалуы; 8) дұшпандардың талқандалуы; 9) бақытты қосылуы.

Осы жіктеуден дастан фабуласының жалпы көрінісі, оны құрайтын мотивтер мен оқиғалардың орналасу тәртібі мен қаңқасы дәстүрлі эпикалық сюжетті құрайтындығы анықталып отыр. Әйтсе де, Мұхаммед-Ханафия эпостық жырдағы секілді туған жерін, халқын қорғамайды, оның негізгі мақсаты — ислам дінін тарату мен нығайту. Сонымен бірге шығармада басқа да көптеген ертегілік-эпикалық сюжеттер мен мотивтер кездеседі. Мысалы, «Үш жолдың қиылысы» мотивін алайық. Үш жолдың біріне қойылған тақтай ағашта «барса-келмес» деп жазылған. Мұның да өзіндік мәні бар. Мұхаммед-Ханафия қасындағы Хасен мен Хұсайын ағаларынан рұқсат сұрағанда «Мұхаммед Мұстафаның құрметі үшін» дейді. Ертегілерде де ең қиын сапарға, «барда-келмес» жолға кіші бала аттанады. Алайда оның ауыр да қатерлі сапарға шығуына әр түрлі жағдаяттар себеп болады, мысалы: бас кейіпкердің үлкен ағасы бұрын ғайып болады, не болмаса үлкен ағалары берілген тапсырманы орындай майды, т.с.с. Бұл дастанда да Мұхаммед-Ханафия — ең кіші бала, бірақ ол «барса-келмес» жолға сұранғанда «Мұхаммед Мұстафаның құрметі үшін» деп сұранады, яғни кейіпкер әрекетінің мотивировкасы басқа.

Жоғарыдағы аталған эпикалық мазмұндағы ірі мотивтер мен сюжеттерге қоса, дастандарда басқа да мотивтердің белгісі мол. Мысалы, Мұхаммед-Ханафия терең зынданға түсіп кеткенде, оны өзінің аты шығарып алады. Аты батырға арқан тастайды, Мұхаммед-Ханафия арқаннан ұстап жер бетіне көтеріледі. Бұл арада осыған ұқсас эпизодтың «Алпамыс» жырында ұшырайтынын айтсақ та жеткілікА

ті. Мұның себебі, діни дастандар да, эпостық жырлар да қазақтардың бірыңғай эпикалық дәстүрінде дүниеге келіп отырғандығында.

Жоғарыда айтылғандар Мұхаммед-Ханафия бейнесі эпикалық канондарға сәйкес сомдалғанын көрсетеді. Соның нәтижесінде өмірде болған нақты тарихи тұлға дастан кейіпкеріне айналып кетеді.

Кеңес дәуіріне дейін осы сюжетке құрылған екі дастан Қазан қаласында басылып шықты:

Ћаза кітаб Мұхаммед-Ханафия. Алғаш 1882 жылы Қазан қаласында басылған.

Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны. Дастан 1913 жылы Қазан қаласында жарық көрген.

Аталған екі басылымнан басқа қолжазба қорларында Мұхаммед-Ханафияға арналған ел арасынан табылған бірнеше нұсқа сақтаулы:

1. Мұхамбет-Қанапия. ОҒК,Ш: 842, 1-дәп.

Қолжазба қадым (араб) жазуымен көшірілген. Көлемі — 36 б. Тапсырған — Дайырбеков. 1940 жылғы Семей экспедициясы кезінде табылған. Қолжазба әбден тозып, кейбір парақтары үгітіліп, шеттері жыртылған.

2. Мұхамбет-Ханафия. ОҒК, Ш:842, 3-дәп. Араб әрпімен жазылған қолжазбаны 1879 жылы қағазға түсірген Ахмет Саржанұлы. Дастанның кіріспесі жоқ, толық емес.

3. Қисса Ханафия. ӘӨИ, Ш:748, 1,7-дәп. 1947 жылы араб әрпінде қағазға түсірілген. Қолжазбаны институтқа 1974 жылы семейлік фольклор жинаушысы Жағыпар Ермұхамедов тапсырған. Шығарманың бас жағы толық емес.

4. Қисса Әнафия дастаны. ӘӨИ,Ш:882, 9-дәп. Араб әрпінде жазылған, 31 бет. Бұл дастан 1913 ж. Қазанда шыққан Досы Тілегеновтың дастанымен мазмұндас. Тек көшіруші дастанның әр жерлеріне жеке шумақтар қосқан. «1974 ж. Аударып, көшіріп жазған молла Мүтәлі деп білесіздер» деген арабша жазу бар. Қорға 1981 жылы түскен.

5. Мұхаммед-Ханафия. ОҒК,Ш:1109. Араб әрпінде қара сиямен жазылған, 31 бет. Қолжазбаны кім тапсырғаны белгісіз, екінші бетінде «1923» деген жазу бар. Соңғы бетінде «Таммат тамам. 1914 ж. 1 июль. Хұнафия Жорқа ұғлы, «Төбе» деген

жерде» деген жазу бар. Қолжазбаның бірінші беті жоқ. Еуропа цифрымен беттелген, әр жерінде сия дақтары қалған.

6. Қисса Мұхаммед-Ханафия. ОҒК,Ш:842, 2-дәп. 24 бет. Қолжазбаны араб әрпімен 1934 ж. қағазға түсірген Байжұма Әділбеков. Дастан аяқталмаған.

7. Мұхаммед-Ханафия. ӘӨИ,Ш:199, 2-дәп. Айтушысы — Бекбосын. Кирилл әрпімен жазып алған К. Молдафина. 1958 ж. Шығыс Қазақстан экспедициясы әкелген. Жинаушысы — Б. Уахатов. Дастан аяқталмаған.

8. Мұқанбет Құнафияның өлеңі. ӘӨИ, Ш:1120, 1-дәп. Кирилл әрпімен жазылған, 70 бет. Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Майғапшағай ауданының тұрғыны Кәки Нұрпейісұлы (1939-2002) әкесі Бұлғақұлы Нұрпейістің айтуынан 1952 жылы жазып алған. Тапсырған — Бақыт Нұрпейіс.

9. Мұхаммед-Қанапия. ӘӨИ, Ш:876, 9-дәп. Кирилл әрпімен жазылған, 148 шумақ, 592 жол. Нұсқа 1978 ж. Семей облысы, Шар ауданы, «Белтерек» кеңшарының тұрғыны С. Тұрғанбаевтың қолжазбасынан көшірілген. Жинаушысы — С. Қорабай.

Жоғарыда келтірілген нұсқаларды салыстыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

— келтірілген тізімдегі 1-нөмірлі қолжазба (ОҒК, Ш:842, 1-дәп.) 1882 ж. Қазан қаласында басылып шыққан «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия» атты кітаптың сөзбе-сөз көшірмесі;

— 2-(ОҒК, ҚҚ: Ш.842, 3-дәп.) мен 3-(ӘӨИ, Ш:748, 1, 7-дәп.) нөмірлі нұсқалар сюжет желісі, мазмұны жағынан Қазан қаласында 1913 жылы басылып шыққан дастанмен бірдей, бірақ қайтадан жырланған (сөзі, стилі — басқа);

— 3-нөмірлі қолжазба 2-нөмірлі қолжазбадан көшірілген;

— 5, 6, 7, 8 және 9-нөмірлі қолжазбалар Семей өңірінен жазылып алынған. Олардың өзара ортақ бір түпнұсқадан тарағаны анықталып отыр. Ол түпнұсқа — я төңкеріске дейін басылып шыққан кітап, я болмаса Семей өңірінде өмір сүрген, аты бізге белгісіз ақынның туындысы. Дастанның бұл нұсқасы баспа бетін көрмесе де, ел арасына тарап, бірден-бірге көшіріліп, бүгінге жетіп отыр.

Соңғы бес нұсқа бірін-бірі сөзбе-сөз қайталайды. Айырмашылығы — сөздердің, сөз тіркестерінің, шумақтардың орнының ауысуы, кейбір сөздердің өзгеруі, т. б. Солардың ішінде 5, 6, 7 және 8-нөмірлі нұсқа жоғарыда айтылып кет-

кендей, толық емес: біреуінің басы жоқ болса, екіншісі — аяқталмаған. Яғни, бұлардың ең толығы — 9-нөмірлі, 1978 жылы С.Тұрғанбаевтың қолжазбасынан көшірілген, С.Қорабай тапсырған нұсқа болып шықты. Сол себепті мәтіндік талдау барысында осы нұсқа негізге алынды.

Сонымен, Мұхаммед-Ханафияға арналған шығармалардың үш варианты анықталды. Олар: 1-вариант — 1882 жылы кітап болып жарияланған «Һаза китаб Мұхаммед-Ханафия»; 2-вариант — 1913 жылы кітап болып жарияланған «Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут патшамен соғысқаны»; 3- вариант — «Мұхаммед-Қанапия» дастаны.

Осы үш варианттың баяндайтын тақырыбы ортақ, негізгі кейіпкерлері бір болғанымен, елеулі айырмашылықтары бар: біріншіден, осы үш нұсқаның әрқайсысы жеке репертуарда, яғни бір-біріне тәуелсіз жағдайда туып, жырланған; екіншіден, 1978 жылғы вариантта бас кейіпкердің ғажайып жағдайда туылатын мотиві жоқ; үшіншіден, үш варианттың стилі, сөз саптау мәнері үш түрлі, бір-біріне ұқсамайды.

Мұның сыртында басқа да айырмашылықтары бар. Мысалы, 1-вариантта ғана кездесетін сюжеттер мен мотивтер төмендегідей: жол айрығындағы қара тас, қара тастағы жазу, Мұхаммед-Ханафияның «барса-келмес» жолына түсуі, қызға ғашық дию, құдықта қалған Мұхаммед-Ханафия, Мұхаммед-Ханафияның құдықтан атының көмегімен шығуы. 1-вариантта Мұхаммед-Ханафия бақшада кәпір шалмен кездессе, 2-вариантта ол бақшада Табут патшаның әскеріне тап болады, ал 3-вариантта жапан түздегі шатырда отырған кемпір мен қызға кез болды. Яғни, үш дастанда Мұхаммед-Ханафияның кездескен адамдары әр түрлі. Сондай-ақ 2-вариантта Мұхаммед-Ханафия киіктің соңынан қуып, ол Мұхаммед-Ханафияны кәпірлердің бақшасына әкеледі. Мұндағы «киік» басқа варианттарда жоқ. 2-вариантта Мұхаммед-Ханафия кәпірдің басын кесіп, Мәдинеге әкелгенде, мұндай үлкен басты көрмеген халық таң қалады. 1-вариантта Мұхаммед-Ханафия кәпірлермен күрескенде не жараланбайды, не тұтқынға түспейді, ал 2-вариантта Табут патша оны зынданға тастайды. 1-вариантта кәпірлер оған у беріп өлтірмекші болса, 2-вариантта дарға аспақ болады. 3-вариантта Мұхаммед-Ханафия алдыңғы екі варианттардағыдай әр түрлі оқиғаларды басынан өткізбейді. Ол Рұм қаласынан келе

жатқанда, жолда ұйықтап қалып, адасады да, шатырға су сұрай кіреді. Кемпір оған су бермей қуып жібереді. Сондай-ақ бұл вариантта Мұхаммед-Ханафия «көпірлердің асын ішпеймін» деп, қыз бен кемпірді дінге кіргізеді. 1-вариантта Мұхаммед-Ханафия Жамһұр мен оның бауырларын және қарындасын мұсылман қылады. 2-вариантта Әмина қызды дінге енгізеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, томға Мұхаммед-Ханафияға арналған үш дастан ұсынылып отыр:

1. Һаза кітаб Мұхаммед-Ханафия. Алғаш 1882 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жарық көрген. Кейін бірнеше мәрте қайтадан басылған. Біздің қолымызға түскені — осы кітаптың 1914 жылғы басылымы. Шығарушысы (нәшірі) — белгілі татар баспагері Шәмсәдин Хұсайынов. Кітап Қазан қаласындағы «Домбровский» баспасының орталық типографиясында басылған. Дастанды кім, қашан, қай жерде жазып алғаны, баспаға кім дайындағаны жөнінде мағлұмат жоқ. Тек кітаптың соңғы бетінде «Парсы кітабындағы хикаят үшбу жерде таусылыпты. Басқа бір бес қағаз қалды. Құдай қаласа, оны қызық қылып, екінші бір қисса қылып жазып, шарифіне күндірілсе керек» деген жазу бар. **«Шариф»** — арабша қасиетті, мәртебелі деген мәнді білдіреді; **күндірілсе**—жіберілсе мағынасында қолданылған сияқты.

Осыдан жүз жиырма жыл бұрын жарияланған мәтінді баспаға даярлағанда кейбір сөздердің дұрыс жазылмағаны, қайсыбір сөздердің мәтіннен түсіп қалғаны, сондай-ақ ұйқассыз шумақтардың бары анықталды, мысалы, түпнұсқада: ***қайте*** деп жазылған, дұрысы: қайт; ***қиғаннан*** деп жазылған, дұрысы: қиналғаннан; ***Кеудеңде жақтың йарда аманаты*** — деп жазылған, дұрысы: «Кеудеңде Хақтың бар-ды аманаты»; ***сақтансып***, дұрысы: сақтанғансып; ***жігірім***, дұрысы: жігерім, т.б.

Томға ұсынылып отырған мәтін Қазан қаласында 1882 жылы жарық көрген «Һаза китаб Мұхаммед-Ханафия» атты кітап бойынша дайындалды.

2. Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны. Алғаш 1913 жылы Қазандағы Кәрімовтер баспасында жарияланған.

Дастанның жырлаушысы — Қазақстанның батыс өңірлерінен (бұрынғы Гурьев маңынан) шыққан ел ақыны Досы

Тілегенұлы. Кітаптың сыртқы бетінде оның дастанды парсы тіліндегі кітаптан алып, жырлағаны айтылған. Қадым әріптерімен басылған бұл дастанның өзге басылымын, яки нұсқасын жолықтырмадық.

Томға ұсынылып отырған дастан ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы. Мәтін түпнұсқа негізінде баспаға әзірленді.

3. Мұхаммед-Қанапия. ӘӨИ,Ш:876. С.Тұрғанбаевтың қолжазбасынан көшірілген. Жинаушысы — С.Қорабай, кирилл әрпінде жазылған.

Мәтінді ескі қолжазбадан көшіргендіктен кейбір мәні танылмаған, дұрыс оқылмаған сөздер кездеседі. Ондай сөздер ОҒК (Ш:1109, 842) және ӘӨИ-де (Ш:199) сақтаулы тұрған қолжазбалармен салыстырылып түзетілді. Мысалы, түпнұсқада: өлімі делінген, дұрысы: ***өлшеулі***; жай жас, дұрысы: ***жап-жас***; қаһрасула, дұрысы: ***Хақ Расулға***; жинап, дұрысы: ***жиһан***; өлмедім, дұрысы: ***ермедім***; міне шатқын, дұрысы: ***мінәжат қып***; алладан, дұрысы: ***аялдап***; қолған, дұрысы: ***қойған***; төмен, дұрысы: ***төмен***; диым, дұрысы: ***дәйім***; беитен, дұрысы: ***бейнет***; адамға, дұрысы: ***Аллаға***, т.б.

«Мұхаммед-Қанапия» мәтіні ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш.876) сақтаулы тұрған қолжазбадан дайындалды.

Б. Әзібаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)— бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (ә.с.)** — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Ақбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді), т.б.

---

* Құран Кәрім. 112-“Ихлас” сүресі.

** Ә.С. — Әлейһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилләһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тасбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Айуб—Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ә.с.) Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

Әбубәкір— Мұхаммед (ә.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халиф. Ол Құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (ә.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серік, жолдастарының бірі. Мұхаммед (ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әді— Йемен жерінің оңтүстігін мекендеген көне қауымдардың бірі. Алланы танудан бас тартып, тастан жасалған пұтқа табынған халыққа Алла Тағала Һұд пайғамбарды жібереді. Пайғамбардың насихатын тыңдамаған әді (ад) қауымына жіберілген Құдай дауылы оларды жер бетінен құртып жібереді.

Әзәзіл — діни аңыздарда «Адамға сәжде қылыңдар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің есімі. (бұрын оның есімі Әзәзіл немесе Әл-Харис болған делінеді); азғырушы, жолдан тайдырушы.

Әзірейіл— діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында

Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халиф. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жауынгерлары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шиіттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Біләл — ислам дінін алғашқы қабылдағандардың бірі, ислам тарихындағы бірінші азан шақырушы.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ибраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға

баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Иса (Айса, Ғайса) — (Иусус) Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәрия хазіретке арналған сүре бар. Алайда, ислам қағидасы бойынша, Иса (ә.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шариғат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен беріле ген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Кияни, ***кияниддер*** /п/ — көне Иранды билеген әулеттің аты.

Қанбар — кейбір дастандарда оны Әлидің атын баптаушы деп әңгімелейді. Ол да Мұхаммед (ә.с.) Расул Алланың сахабаларының бірі екені даусыз.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Лат — бүкіл ежелгі Арабияда (Набатея, Пальмира, Хира, Йемен), әсіресе Уадж жазығындағы Таиф маңына ақ тастан

пұт мүсін орнатылып, Хиджазда ерекше дәріптелген, исламға дейінгі әйел Құдайдың есімі. Пұт тасқа және оның қасындағы киелі ғибадатханаға тәуап етушілер ағылып келіп жатады. Лат «бас ие» және «әмірші» Таифты мекендейтін сақиф тайпасының басты құдайы саналған, сондай-ақ меккелік Құрайыш әулеті де оған кейде Алланың қыздары, кейде Хұбаланың зайыптары делінетін үш әйел құдайдың бірі есебінде сиынған.

Маһди —Алла Тағаланың нұсқауымен тура жүруші һәм тура жол көрсетуші, құтқарушы (мессия), ақырзаманды хабарлаушы. Яғни, Маһди — адам аты емес, ол — титул. Ал дастанда Маһди немесе Мәди деп өзгеріп, адам атына айналып кеткен.

Сүннилердің сенімінде Маһди — дінді тазартушы, Мұхаммед пайғамбардың ең соңғы ізбасары, жолын қуушы. Шиғиттер болса Маһдиді «ғайып болған, жасырын имам» деп қабылдайды.

Олар Маһдидің Әли әулетінен шыққан соңғы имам, Пайғамбар ісін жалғастырушы екендігіне және оның белгілі бір дәуірде қайта оралып жер бетінде әділдік орнатарына сенеді.

Шиғиттердің сенімі бойынша, Маһди «Құдайдың өзі сыйлаған» Әли әулетінің имамдық хұқын өзіне қайтаруға тиіс. Мессиандық идея шиғиттер арасында кең тараған. Маһдидің келетініне деген сенім — олардың шариғаттағы басты ілімдерінің бірі.

Маһди идеясын өзінің діни немесе саяси мақсаттары үшін пайдаланған жеке тұлғалар әр дәуірде ұшырасады. Мәселен, Фатима әулетінің негізін қалаушылардың бірі исмайылшыл Убайдуллаһ, судандық маһдишілер қозғалысының көсемі Мұхаммед ибн Ахмад өздерін Маһдиміз деп жариялаған.

Мәңкір, Нұңкір — діни ұғым бойынша, дүние салған адамға нан сұрақ-жауап алатын періштелер.

Мекайыл — Аллаға жақын төрт періштенің бірі, Адам (ә.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Мұхаммед (ә.с.)-ның көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болды. Бадр түбегіндегі меккеліктерге қарсы соғыста басқа періштелермен бірге мұсылмандарға көмекке келген. Мұсылмандардың магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл періштенің есімі кеңінен қолданылған.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (ә.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай

бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Мұхаммед-Ханафия — кейбір жазба мәліметтер мен ауыз әңгімелерде Әли ибн Әбу Тәлибтің бірнеше әйелінен он сегіз ұлы болғаны айтылады. Солардың ішінде ислам тарихында айқын із қалдырғандары — Хасен, Хұсайын және Мұхаммед-Ханафия болған. Алғашқы екеуінің Әлидің бәйбішесі Фатима дан туғаны анық болса, Мұхаммед-Ханафияның дүниеге келуі туралы түрлі аңыздар бар. Солардың біразы оның Рум патшасының қызы Ханафиядан туғанын баяндайды. Мәселен, қазақ арасында кең тараған «Мұхаммед-Ханафия» дастанында оның Алланың, Мұхаммед пайғамбардың және Жәбірейіл періштенің көмегімен, әрі Рум патшасы қызының тілегі бойынша ерекше жағдайда дүниеге келгені сипатталған. Ханшайымның өтініші бойынша, баланың есімі «Мұхаммед-Ханафия» деп аталған. Ол да Әлидің басқа балалары секілді көптеген «ғазауат» соғыстарына қатысып, исламның өркендеуіне өз үлесін қосқан Пайғамбар ұрпақтарының бірі.

---

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

Нариман, Сам, Зал — «Шаһнама» эпопеясының кейіпкерлері.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халиф, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазіл рет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халиф тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шариғат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халиф лауазымына «Әмір әл-мумине нин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Оспан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші «әділетті халиф». Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын беріла ген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Рұқияға, ол қайтыс болған соң, Расулдың екінші қызы — Үммү-л-Гүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зу-н-Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Рүстем — ежелгі Иран аңыздарының әйгілі батыры, «Шаһнама» эпопеясының бас қаһарманы. Ол шығыс халықтарында қаһармандық үлгісі ретінде дәріптеледі.

Сейфүлмәлік — арабтың «Мың бір түн» атты бірнеше том құрайтын ертегілер жинағындағы «Сейфүлмәлік — Бәдіғұлжамал хикаясы» атты тарауының негізінде жырланған шығыс халықтарына ертеден таныс дастан, поэмалардың бас кейіпкері. Оларда Сейфүлмәлік таза, өшпес, адал махаббаттың, шын берілгендіктің символы ретінде суреттеледі.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Төрт жар — шаһариарлар [шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халиф — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Фатима, Би-Бәтима (635 ж. ө.) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып, қалыптасса керек. Фатима — шиіттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Хадиша — хазірет Хадиша ана Мекке маңындағы христиан әулетінде дүниеге келген. Әкесі Хууайлид секілді жастайынан саудагерлікпен шұғылданып, араб қалаларының көбінде болады. 595 жылы Мұхаммед пайғамбарға тұрмысқа шығады. Бұл кезде ол қырық жаста екен. Хадиша мен Пайғамбардың некесін қиғандардың бірі — оның немере ағасы Уарақа ибн Нәупіл. Хазірет Хадишаның бұрынғы күйеуінен екі ұл, бір қызы бар еді. Соған қарамастан, Мұхаммед пен Хадишаның арасындағы жарасты махаббатты жұрт аңыз қып айтады. Хадиша Мұхаммедті қоршаған адамдардың ортасында бірінші болып пайғамбарлық міндетіне сеніп, жаңа дін — ислам жолындағы күрестің өте-мөте қиын алғашқы кезеңінен бастап-ақ, Мұхаммедті қолдауға күш-жігерін де, қаражатын да аяған жоқ. Мұхаммед те Хадишаны қатты сыйлап, зор құрмет тұтты. Хадишамен бірге өткізген жиырма бес жыл ғұмырында басқа бірде-бір әйелге үйленбеуі осы сыйластықтың белгісі болса керек.

Хазірет Мұхаммедпен некелескеннен кейін Хадиша ана тағы да екі ұл, төрт қыз табады. Екі жасында қайтыс болған үлкен ұлының есімі Қасым еді. Ежелгі араб дәстүрі бойынша Мұхаммед Әбул-Қасым (Қасымның әкесі) деген құрметті атқа ие болды. Екінші ұлы Абдаллах та сәби кезінде дүниеден қайтты. Ал Зейнеп, Рұқия, Үммү-л-Гүлсім және Фатима деген төрт қызының тек соңғысы ғана оның ұрпағын жалғастырушы болды.

Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбу Тәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Ирактa халиф болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасен ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халиф Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хұсайын — Хұсайын ибн Әли — Мұхаммедтің қызы ФатимаӘ дан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халиф Мағауия қайтыс болғаннан соң Ираста ұмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халиф Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын біла ген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандыы рады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер таб бынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін бары ша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Шаддад — оңтүстік Араб елдерінің жартылай аңыздық, жартылай тарихи билеушісі. Құран хикаяларының бірінде айтылғандай, ол жер бетінде жұмақ орнату мақсатын көздеп, Ирамбақ деп аталатын керемет бау-бақшалар мен сарайлар салғызды. Құдіреті күшті Алла оны қиратты, себебі, жер бетіна де жұмақ болмайды, жұмақ Алланың иелігінде ғана. Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде Ирамбағы ғажайып бақтың символы ретінде айтылады.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын, оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын бол-

жайды. Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі әл-Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді. Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен әл-Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баа ласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың әмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шеғ шесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығып, алыстан құдықты, көгалды жерді көреді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ысрапыл — қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай арқылы жеткізеді. Ысрапыл Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлайды.

СӨЗДІК*

Ағзам /а/ — ұлы мәртебелі

Ағла /а/ — биік, жоғары

Ағраби /а/ — көшпелі араб, бәдеуи

Ағуа /а/ — азғыру

Ағуқ /т/ — улы, уланған

Ада /а/ — азаю; жоқ болу

Азан /а/ — намаз уақытының болғандығын хабарлау

Акбар /а/ — ұлы, мәртебелі

Ақ, Хақ /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақыр /а/ — соңғы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақырет, ахирет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы

Алиф-әбжад /а/ — [алиф — араб әліппесінің бірінші әрпі, әбжад — араб әріптерінің сандық көрсеткіші] — әліппе

Алла акбар, Аллаһу акбар /а/ — Алла ұлы!

Анда /т/ — сонда; сол кезде

Андан соң — содан кейін

Аңа /т/ — оған

Аңар /т/ — соған

---

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Олар кейде ауыспалы мағынада да қолданылған. Сондықтан біз ұсынып отырған дастандарда кездесетін осындай сөздердің мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Арду /а/ — жер

Асан /п/ — жеңіл

Ассалаумағалейкүм /а/ — сізге амандық тілеймін

Асхаб, ас-сахаба, асхабина /а/—серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға ат салысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Асы, ғасы /а/ — күнәһар

Аузу бисмилла /а/ — Алланың атымен сақтанамын

Ахад /а/ — жалғыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Аһи /а/ — ағам

Аят /а/ — белгі, ғажайып, өлең; Құран сүрелерінің ең шағын бөлігі

Әзелде /а/ — ертеде; мәңгілік

Әйла /т/ — жаса, істе

Әләйһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын; пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын бұл сөздердің қысқартылған түрі — ә.с.

Әлхамдулла, әлхамдулилла /а/ — даңқтың бәрі Аллаға! Құранның бірінші «Фатиха» сүресінің бірінші аятының алғашқы екі сөзі; бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Әлік алды — сәлемін қабыл алды

Әнбия /а/ — пайғамбарлар [нәби сөзінің көпше түрі]

Әуел /а/ — алғашқы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Бақи—мәңгі; о дүние

Баһадур /т/ — батыр

Бәд /п/ — жаман

Бәддұға /п/ — қарғыс

Бәдруйлы /п/ — [бәд — жаман, руй — жүз,түр] — ажарсыз, көріксіз

Бәлә /а/— сынақ

Бәни /а/ — ұл, ұрпақ

Бәнт /п/ — арқан

Бей /п/ — болымсыздық мағынасын білдіреді, мысалы: *бейәдеп* — әдепсіз, *бейкүнә* — күнәсіз

Бейзабан /п/ — тілсіз; момын, жуас

Бейхад /п/ — шексіз

Бек /т/ — өте, аса, тым

Биабан /п/ — құлазыған шөл дала, жапан түз

Бибі /т/ — ханым

Биғат /а/ — бағыну

Бина /а/ — құрылыс, ғимарат

Бисмилла, бисмиллаһи /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бихамдулла /а/ — Аллаға шүкір! Алланың көмегімен

Бұрхана /т/ — будда дінін ұстанушылар сиынатын орын

Бірлән, илән /т/ — мен, бірге

Гәп, кеп /п/ — сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

Гөриан /п/ — қайғы, зар

Гүрзі, күрзі /п/ — шоқпар

Город /о/ — қала

Ғадат /а/ — әдет

Ғажиз /а/ — әлсіз, күйсіз

Ғазауат, ғазат /а/ — дін соғысы, қасиетті соғыс

Ғазиз /а/ — қымбатты, аяулы, ардақты

Ғазы /а/ — сарбаз, күрескер, ар-ождан жолында күресуші; қасиетті соғыс-ғазауатқа қатысушы мұсылман; діни соғыста ерекше ерлік көрсеткен адамға берілетін құрметті атақ

Ғайры /а/ — басқа

Ғайып, ғайыбана, /а/ — көрмей; сырттан; жасырын

Ғалат /а/ — себеп; дәлел, жұмсақтық

Ғалып /а/ — көп; үлкен; жеңімпаз

Ғани /а/ — бай, мұңсыз

Ғапыл /а/ — білмеу, байқамау, сезбеу

Ғар /а/ — ұңғір

Ғарасат /а/ — ғарасат майданы, сот алаңы. О дүниеде адамдарды жазалайтын күні жиналатын орын

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғарық /а/ — бату; суға кету; суда жүзу

Ғаршы Күрсі /а/ — аспандағы Құдайдың тағы

Ғизат /а/ — қадір, сый, құрмет

Ғұсыл ету /а/ — жуу; жуыну; суға түсу

Дағуа /а/ — бата

Дәджал /а/ — тажал

Дәпін, дәфін /п/ — жерлеу

Дәргаһ /а.,п./ — Құдай құзыры; салтанатты сарай; хан сарайы

Дәрхал /п/ — сол мезетте, бірден

Ділдә, тіллә /т/ — алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында қолданылады

Ерсе /т/ — сонда; егер

Ерүр /т/ — болар

Жад ету, жад қылу /п/ — жадына алу, еске түсіру

Жалил /а/ — үлкен, ұлы, қадір

Жамиғ /а/ — жинақ, шежіре; барлық, бәрі, түгел

Жаппар, Жағыпар /а / — құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жаһаннам /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салғаннан кейін күнәға батқандар баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жұмжұма /а, п/ — бассүйек

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Жұфұтлану — үйлену

Жүдә /п/ — өте, тым, тіпті; бөлек; өзге

Жұмлә /а/ — бәрі, барлығы, түгел

Жүһүд—жөйіт, яхуди, еврей; Мұса пайғамбардың үмбеті

Забихул Алла /а/ — Алла жолында құрбан болған

Загиф, зайып /а/ — жұбай, жұп; соқыр

Загыпыран — сары түсті гүл

Зада, заде /п/ — бала, сәби; нәсілі, ата-тегі; асыл текті

Зақұм — тозақ ағашы

Заһар /а/ — у

Зәңгі—зор, үлкен; қара түсті адам; дастандық шығармаларда қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер көп жағдайда зәңгі аталады

Зәрре-қадар /а/ — [зәрре /а/ — кішкене, тамшы; қадар /а/ — өлшем, мөлшер] — кішкентай ғана, аз ғана

Зейіл — ашу, ыза, кек

Зин /а/ — киім, бұйым

Зинат /а/ — әшекей

Зиярат /а/ — көрісу, сәлем беру, қол беру; құлшылық

Зуфунун /а/ — өнерлі

Зұлжалал /а/ — жоғары мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зұлмат /а/ — қараңғылық, қара түнек; зобалаң

Зұлпықар /а/ — сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін Әли Арысланның қылышы

Зұрриат /а/ — ұрпақ, үрім-бұтақ

Зінжір /п/ — шынжыр

Ибадат /а/ — құлшылық ету

Иғламнама /а.,п/ — хабарлама

Изһар ету /а/ — таныту, көрсету

Иқрар /а/ — мойындау, ықтияр болу

Илаһ /а/ — Құдай; Иләһи—Құдайым

Имам /а/ — діни жетекші, мұсылман қауымының басшысы; мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы; мәтінде бұл діни лауазым Мұхаммед-Ханафияның есіміне айналып кеткен

Инғам /а/ — садақа, сыйлық; тарту; жақсылық

Иншалла /а/ — Алла қаласа

Ислам /а/ — Құдайға берілу, Құдайға құлшылық ету; VII ғасырдан бастап араб елінен дүние жүзіне кең тараған, ықпалды, соңғы дін

Ихсан /а/ — қайырымды, жақсы

Кәлам, кәлима /а/ — сөз; әңгіме

Кәлима шаһадат /а/ — куәлік сөз; Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке сенім, иман білдіретін шарт

Кәпір, кәуір /а/ — пұтқа табынған; шындықты мойындамаған; ислам дінін ұстанушылар Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған

Кәрім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кәф—араб әрпі

Кемер /а/ — өрнек-нақышпен, асыл таспен бедерленген, әсем жалпақ белбеу

Керік — салт мінетін, жұмысқа пайдаланатын көлік; мәтіндерде дұшпан мінетін ат

Көдек /п/ — бала

Куһи /п/ — тау

Құлəндам /тат/ — әдемі, сымбатты

Қадим /а/ — көне, ескі, ежелгі; әл-Қадим — мәңгі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қади хажат /а/ — пенделердің мұқтажын орындаушы деген мағынада

Қадір /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қайсар — орта ғасырдағы Византия (Рум) елбасының титулы, атағы.

Қайым болу—тұру; бір нәрсені істеу, шұғылдану

Қайыр /а/ — жақсылық, шапағат

Қайыр-кәдай /п.,а/ — міскінге беретін садақа

Қанділ /а/ — шырағдан

Қарар /а/ — сабыр, тағат

Қасам /а/ — ант

Қатра /а/ — тамшы

Қиблагаһ /п/ — демеуші, тірек, сүйеніш

Қираат /а/ — оқу; Құранды мәнерлеп, әуенімен оқу

Қиямет күні—ақырет күні

Қияпат—түр, пішін, ұсқын, кескін-келбет

Құбыла /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті Қағбаны белгілейді.

Құдыс /а/ — қасиетті, әулие; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Құдірет — керемет күш, ғажайып қасиет; Құдай, Алла, Жаратушы, Тәңірі

Құжыра /а/ — бөлме

Құран /а/ — ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары толық көрініс тапқан мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы

Лағин /а/ — шайтанның аты

Латғазы: лат /а/ — ислам дінін қабылдағанға дейін арабтардың табынған құдайының есімі, **ғұзза** /а/ — күшті, бағалы. Яғни, бұл жерде өте күшті, құрметті болып саналған Лат атты құдайға арналып жасалған тасты айтып отыр.

Лаух /а/ — тақта

Лаух Қалам /а/ — тағдыр тақтасындағы жазу

Лә иләһа илла Алла /а/—Алладан басқа Құдай жоқ. Исламның бірінші парызы — Алланың барлығына, жалғыз екендігіне сенім білдіру

Ләшкер /т/ — әскер, қол

Ма /а/ — не, қандай

Мазаж /а/ — көңіл-күй

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Маддұға /п/ — талап

Мажал /а/ — күш-қуат, әл-дәрмен

Мазлұм /а/ — зұлымдыққа ұшырау

Мама /п/ — жасы үлкен әйелге қарата айтылады; асыраушы

Маннан /а/ — жомарт, рақымды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Мард /п/ — батыр, ержүрек

Мархум /а/ — Алланың мейірімі түскен

Махдум /а/ — қожайын

Махкам /а/ — берік, мықты, бекем

Махфуз /а/ — сақталған, жадында ұсталған; тағдыр, пешене; Құран Кәрім бойынша, адамдардың тағдыры жазылып тұрған орын; Лаухул Махфуз [лаух /а/ — тақта] — Құранның 85-«Буруж» сүресінің 22-аятында көрсетілгендей, Жерде болған және болашақта болатындардың бәрі жазылған, барлық қасиетті кітаптардың түп негізін сақтаған жазба, тақта

Махшар /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет

Машайық /а/ — [шайхы деген сөздің көпше түрі] — ақсақалдар; қариялар; ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы, көсемі; діни көсем

Мәжуси /а/ — отқа табынушы

Мәкар /а/ — аяр, алдаушы

Мәләмат /а/ — кінә тағу, кінә

Мәлік /а/ — патша, әмірші

Мән /а/ — кім

Мәсжід /а/ — мешіт

Мин бағд /а/ — осыдан кейін, сосын

Мұддаға /а/ — тілек, ой; мақсат, арман; мүдде

Мұқарраб /а/ — жақын. Аллаға жақын төрт перштені мұқарраб деп атайды. Олар: Жәбірейіл, Әзірейіл, Мекайыл, Ысрапыл

Мұнаууар /а/ — нұрлы

Мұнафиқ /а/ — екі жүзді; алғашында ислам дінін қабылдап, Мұхаммедті Алланың елшісі деп мойындаған, кейін оның ықпалының күшейгенінен қауіптеніп, қастандық жасаған Мекке тұрғындарының бір бөлігі

Мұнтазар, мунтазир /а/ — күту, тосу, зарыға күту; ынтызар болу

Мұрсал нәби /а/ — [мұрсал—жіберілген; нәби — пайғамбар] — діни ұғым бойынша, Алла Тағаланың пенделерді тура жолға қою үшін жіберген пайғамбары

Мұртаза /а/ — мәмілегер; төртінші халифа хазірет Әлидің эпитеті

Мұстапа /а/ — таза, нұрлы; Мұхаммед пайғамбардың эпитеті

Мұтақа /а/ — хош

Мұхаррам /а/—араб күнтізбесіндегі бірінші айдың аты, исламда мұхаррам — садақа беру айы

Мұхтар /а/ — елеулі, қалаулы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Мұшапақ /а/ — мейірімді

Мұбада /п/ — егер, алда-жалда

Мұбәрак /а/ — берекелі, қасиетті, құтты

Мұбдәла /а/ — діндар

Мұмін /а/ — иманды, мұсылман

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Мінәсіп /а/ — лайықты, үйлесімді

Набуд /п/ — жоқ болып кеткен, жойылған; жою

Нағыра /а/ — музыкалық аспап

Надашы /а/ — жар шақырушы

Назым /а/ — өлең; поэзия; шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі

Налаш /т/ — қайғы-қасірет, мұң-шер

Намаз /п/ — (арабша ас-салат) — ислам дінінің екінші шарты. Әр мұсылман тәулігіне бес рет намаз оқуға міндетті: таңертең (памдат намазы), сәске түсте (бесін намазы), күн батуға жақындаған кезеңде (екінді намазы), күн батқанда (ақшам намазы), ұйқыға жатар алдында (құтпан намазы). Намазды ер бала 9 жастан, қыз бала 12 жастан оқуы тиіс. Намазды кез келген жерде оқуға болғанымен, оны оқыр алдында міндетті түрде дәрет алу қажет. Мұсылман Алланың алдында бас иіп, тағзым етеді. Намаз кезінде Алланы дәріптеу аяттары және Алла мен оның елшісі Мұхаммедке сенім білдіру сөзі, Құраннан сүрелер айтылады.

Намазқан—бес уақыт намаз оқитын адам

Намахрам /п/ — бөтен, басқа; тыйым салынған

Нәмәрттік /п/ — опасыздық

Нәпіс /а/ — дем, тыныс; дем алу

Нәс /а/ — адамдар, халық

Нәтаһа /а/ — соңы, аяқталуы

Нәфіл /а/ — қосымша, міндетті емес, бірақ сауабы мол намаз, ораза, т.б. құлшылықтар

Некаһ /а/ — неке

Некаһлау /а/ — неке қию

Нияз /п/ — керектік, қажеттік; өтініш, тілек; сый, тарту

Нун—араб әрпі

Нұрхайрулла /а/ — Алланың шапағат нұры; бұл жерде Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр

Ораза /п/ (арабша — саум) — мұсылманның үшінші парызы. Ораза ұстағанда мұсылмандар таң атқаннан күн батқанға дейін тамақ жеуден, сусын ішуден, жұбайымен жақындасудан бойын аулақ салады. Кез келген дені сау, балиғатқа жеткен мұсылман рамазан айында ораза ұстайды. Ораза адамды сабырлыққа, шыдамдылыққа үйретеді.

Ошал /т/ — осы

Пайтахт /п/ — астана, бас қала

Пәруана /п/ — түнде ұшатын жынды көбелек. Ауыспалы мағынасы: біреудің жолына құрбан болу, садаға болу, жанын ұзу.

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, Құдай

Пұтхана— жасанды мүсінге табынатын, құлшылық ететін жер; ғибадатхана

Пітір /а/ — ораза уақытында берілетін қайыр

Рабб /а/ — тақсыр; ие, еге, қожа, патша; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі. Мағынасы: жоқтан бар етіп, толықтырып асыраушы, тәрбиеші, бүкіл әлемнің қожасы, патшасы.

Рағна /а/ — сүйкімді, шырайлы, әдемі, сұлу

Рази Алла анһу /а/ — Алла оған разы болсын!

Расул /а/ — елші; негізінен Мұхаммед (ә.с.) пайғамбарға байланысты айтылады

Раушан /п/ — анық, ашық

Рахим, Рахима /а/ — ерекше мейірімді; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Рахман /а/ — аса қамқор; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/ — жақсылық, мейірім

Риуаят, рауаят /а/ — әңгіме, аңыз

Рузе /п/ — ораза

Сабах /а/ — таң

Сақи /а/ — жомарт

Салауат /а/— дұға; мінәжат, жалбарыну

Самад /а/ — мәңгі

Самаһ /а/ — аспан, көк

Санад /п/ — күш; дәлел

Сахаба /а/ — жолдас, серік, жақтаушы; Мұхаммед пайғамбар ісін жақтап, ары қарай жалғастырушы

Сәлам /а/ — кемшіліксіз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сәна /а/ — қайғы

Сәркардан /п/ — сергелдең

Сәруар /п/ — басшы, жетекші, қожайын

Сиясат /а/ — салтанат; алаң, ашық жер; өнер; мәтіндерде үкімет орны деген мағынада да қолданылған

Сүрік /т/ — мезгіл, уақыт

Сыдық /а/ — шыншыл

Сыпа /а/ — ағаштан жасалған сәкі, нар

Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ең жоғары мәртебелі; Алланың 99 есімінің бірі

Такия /а/ — сүйену

Тақыт — ою-өрнектеліп, безендірілген, арқасы және жақтауы бар мүлік [қазіргі диван тектес]; тақ; монархтың отыратын орындығы, билікке ие болу белгісі

Тамам /а/ — соңы, аяғы

Тасниф /а/ — шығарма, туынды

Тауап /а/ — Қағбаны айналып өту. Қажылыққа барған адам міндетті түрде Қағбаны жеті рет айналып шығады.

Таурат — Алланың Мұса пайғамбарға жіберген кітабы

Тауфиқ, таупиқ /а/ — ынсап, қанағат; жәрдем, көмек; табыс; бақыт

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені ғана жуып қоймай, рухани ойды тазалау. Әдеппен, толық құрметпен аңсарыңды тазалыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра

немесе білместікпен істелінген күнәларың үшін Алладан кешірім сұрау, жарылқау тілеу.

Тәкбір /а/ — ұлғайту, асқақтату; «Аллаһу акбар» сөзін айту, Алланы дәріптеу

Текеумет — асыл тұқымды

Түгры /т/ — тура

Уа /а/ — және

Уа ма дінің? /а/ — сенің дінің не? қай дінненсің?

Уазифа /а/ — өтем, қаржыландыру

Үмбет /а/ — ел, қауым, жамағат; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар

Үшбу /т/ — осы, бұл

Фазыл /а/ — артық, артықшылық

Фаинкаху ма таба /а/ — өздерің ұнатқанға үйленіңдер

Фариад, париад /п/ — зарлану, зарын айту

Фәс /п/ — араб ерлерінің киетін бас киімі

Фута /п/ — орамал

Хабиб /а/ — сүйікті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хазірет /а/ — жоғары мәртебелі; пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ

Халал /а/ — шариғат бойынша рұқсат берілген; адал, таза; заңды; некеленген; некелеп алған жұбай

Хале, қалы /п/ — қымбат, бағалы

Халел Алла /а/ — Алланың сүйіктісі, Алланың досы

Халик ету /а/ — жарату

Халил /а/ — дос, жолдас

Халифа Алла /а/ — Алланың сардары

Халифа /а/ — ислам орнағаннан XIII ғасырға дейін араб елм дерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билең ушісі

Халық /а/ — жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хамду /а/ — мадақ, мадақтау, дәріптеу; шүкіршілік

Хамду-сәна /а/ — Алланы мадақтау

Ханнан /а/ — қайырымды, жанашыр, мүсіркегіш; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хараж /а/ — шығын; төлем; садақа; салық; алғашында мұсылман мемлекеттерінде тұрып жатқан басқа дін өкілдері ғана төлеуге тиіс жер салығы

Харап, хараб /а/ — бұзылу, қирау, жойылу

Харир /а/ — жібек мата

Харуж қылу /а/ — аттану, ұмтылу

Хатыр /а/ — ой, көңіл-қош

Хауариж /а/ — Әли мен Мағауия арасындағы соғыста Әлиден бөлініп шыққан мұсылмандар тобы. Әли хауариждердің оғынан қаза болады

Хауаһлау /п/ — қалау, тілеу

Хидаят /а/ — тура жол іздеу; сый

Хикаят /а/ — аңыз, әңгіме

Һәлак — өлім; құрып біту, өлу; өлтіру, құрту

Һәлакат /а/ — бұзылған, қираған

Һәм — және

Һәман /п/ — дәл өзі, соның өзі; әрқашан, ылғи

Һәмма /п/ — бәрі, барлық

Шарғи /а/ — заңды, шариғатқа сай

Шариғат /а/ — заң; исламның негізгі заңдар жинағы

Шариф, шәріп /а/ — текті, қасиетті; Мұхаммед (ә.с.) пайғамбардың немересі Хасеннен тараған ұрпақтарына берілген құрметті атақ.

Шаһарат /а/ — даңқ, атақ

Шаһариар — [шаһар /п/ — төрт, жар /т/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифтер болып, тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі.

Шаһзада—патшалар мен шаһтардың, имамдар мен халифтердің мұрагер ұлдарын осылай атаған

Шаһид /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

Шаһимардан /п/ — батырлардың патшасы

Шәр, шаһар — қала

Шерік /т/ — серік; әскер

Шүкіран /а/ — шүкірлік

Шүләнкөр /т.,п./ — үлес беруші

Шілтен — ғайып ерен қырық шілтен. Мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — Құдай, «дад» — берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деп ген атпен халиф Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Нае среддин Туси, Әл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Қазан — Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағалауында орналасқан қала.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Мәдине — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан

(хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәсжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл—Африкадағы ірі өзен.

Рұм—шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

Самарқан — IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Шам—Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шәріп» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шәріп» делінген (Шәріп /а/ — құрметті, қадірлі, жоғары мәртебелі).

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ЬӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жарылқап ақын—қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданынан. Туған жылы белгісіз. Кейбір деректер бойынша, Сыр бойының көрнекті ақындарының бірі—Жарылқап 1925 жылдары 60-65 жастар шамасында дүние салған. Бізге жеткен шығармаларының көпшілігі XX ғасырдың басына жатал ды. 1915-1916 жылдары орынборлық Молдабай ақынмен қағаз жүзінде айтысқаны белгілі.

Жұмашұлы Мәулекей—XIX ғасырдың екінші жартысынр да өмір сүрген қиссашыл ақындардың бірі. Башқұртстанның Уфа облысының Есенғұл аулында 1835 жылы дүниеге келген. Жайық бойындағы Ішкі Бөкей ордасында қазақ ауылдарында бала оқытып, ағартушылық жұмыстар жүргізген. Ел арасынан қисса-дастандарды жинап, Қазан қаласында «Жұмжұма», «Дариға қыз», «Салсал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» секілді фольклорлық шығармалардың жеке нұсқаларын бастырып шығарған.

Көшенов Ташмұхаммед Баймұхаммедұлы—Шығыс Қазақстан өңірінде XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген, арабша сауатты, өлең құрай алатын қабілеті бар, өлең-жырды, әдебиет үлгілерін жинаған. ӘӨИ-дің ҚҚ 885-бума, 2-дәптердегі Шернияз өлеңдерін, «Мұхаммед пайғамбардың Миғражға ұшқаны», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд» және «Қасым жомарт» дастандарын 1885-1905 жылдар аралығында көшірген. Сол кезде он алты жаста болғаны белгілі.

Қорабай Серікқазы Сыбанбайұлы—әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары. 1957 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, Белтерек әкімшілік аумағында туған. Ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ ақындары

(Ақтайлақ би, Сарыбай, Түбек және т.б.) шығармаларын жинап, Қолжазба қорына тапсырған.

Радлов Василий Васильевич (1837-1918) — ірі шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты — неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан (1859-1871) бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді.

1870 жылдары В.В.Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деген көптомдық еңбегінің үшінші том мында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

Тұрғанбаев Сағатбек (1928-1978) — ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, ақын. Семей облысы, Шар ауданының «Белтерек» кеңшарында туып өскен. 1978 жылы С.Тұрғанбаевтың қолжазба дәптерінен «Мұхаммед-Ханафия» дастанының бір нұсқасы жазылып алынып, институттың Қолжазба орталығына (1984) тапсырылған.

Тілегенұлы Досы (1884-1924) — ақын; халық дастандарын және Маңғыстау, Жайық өңірі ақындарының шығармаларын жаттап таратушы. Туған жері — қазіргі Атырау түбегіндегі Быз лан деген жер.

Жастайынан орысша, қазақша сауатты Досы өзі де өлең шығарып, ел арасына тараған шығыс қисса, хикаяларын жинап, өңдеп, Қазан қаласында бастырып шығарады.

Алайда бірбеткей, шыншыл мінезі патша үкіметінің жергілікті өкілдеріне жақпаған Досы 1911 жылы жаламен ұсталып, Сібірге жер аударылады. 1916 жылы айдаудан босанып елге келген Досы тағы да қуғынға түседі. Кеңес өкіметі жылдарында Гурьев уездік «Ерік» (қазір «Атырау»), «Жұмыскер тілі» газеттерінде ақынның біраз өлеңдері жарияланған.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937) — ақын, ауыз әдебиетін жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай аулында, қожа әулетінде дүниеге келген. Нағашылары — Ұлы жүз, Албан руынан. Жасында мұсылманша оқып, білім алған. Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасы-

нан жыр-дастандарды, айтыстарды, т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап, бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Шонаев Омар — Қарағанды облысы, Қарсақпай ауданынан «Хикаят Тәжілмәлік» дастанын жинап, ОҒК-ның Қолжазбалар қорына тапсырған. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана
ҚҚ — Қолжазба қоры
Л — Ленинград
М — Москва
Ш — шифр
дәп — дәптер
/а/ — араб
/о/ — орыс
/п/ — парсы
/тат/ — татар
/т/ — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қақпанға түскен киіктің хикаясы. ОҒК,Ш. 523, 3-дәптер.
2. Үшбу қисса Зеңгір жүһүд. ӘӨИ,Ш. 885, 2-дәптер.
3. Хикаят Тәжілмәлік. ОҒК,Ш. 837/1
4. Мұхаммед-Қанапия. ӘӨИ,Ш. 876.
5. Дариға қыз. Қазан, 1897.
6. Қисса Шаһизинда. Қазан, 1898.
7. Қисса жұмжұма. Қазан, 1881.
8. Һаза кітаб Мұхаммед-Ханафия. Қазан, 1882.
9. Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишаӘ мен соғысқаны. Қазан, 1913.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Азибаева Б.У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
2. *Әзібаева Б.* Әлқисса: Діни дастандар // Қазақ әдебиеті. — 2004. — № 30.
3. *Байтұрсынов А.* Шығармалары. — Алматы, 1989.
4. *Бартольд В.В.* Ислам. Т.2. — М., 1918.
5. *Веселовский А.Н.* Историческая поэтика. Под ред. Жирмунского В.М. — Л., 1940.
6. *Г.Э. фон Грюнебаум*. Классический ислам. — М., 1988.
7. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Екінші кітап. Құрастырған *А.Қыраубаева*. — Алматы, 1991.
8. Ел қазынасы — ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Жинақты баспаға әзірлеп,

құрастырғандар: *Б. Уахатов, С. Қасқабасов, К. Матыжанов.* — Алматы: Ғылым, 1994.

9. Ислам. Словарь атеиста. Под общей ред. *М. Б. Пиотровского и С. М. Прозорова* — М., 1988.

10. Ислам. Энциклопедия. — Алматы: ҚЭ, 1995.

11. Ислам. Краткий справочник. — М., 1983.

12. Ислам. Қысқаша анықтамалық. Қазақшалаған *Қ.Тұтыбаев, О. Жолдыбаев, Е. Естаев.* — Алматы, 1988.

13. *Коростовцев М. А.* Литература древнего Египта //История всемирной литературы. Т.1. — М., 1983.

14. *Қасқабасов С. А.* Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.

15. *Қасқабасов С. А.* XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы. — Алматы, 1988.

16. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани Хикмет. Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: *М. Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғи.* — Алматы, 1993.

17. Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай.* — Мәдине, 1991.

18. *Массэ А.* Ислам. Очерк истории. Перевод с французского. — М., 1963.

19. *Мец А.* Мусульманский Ренессанс. — М., 1973.

20. *Мұхаммед Хейкал.* Хайатул Мұхаммад. — Каир, 1947. (қазақ тіліндегі аудармасы).

21. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. — Санкт-Петербург, 1870.

22. Арабско-русский словарь. Составитель Х.К.Баранов. — М., 1968.

23. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.

24. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р.Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдеринова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

25. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

26. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.

27. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю.А.Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке и изданию томов многотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Уже изданные девять томов серии были посвящены новеллистическим дастанам.

Данный том включает в себя дастаны религиозного содержания, это: «Киік», «Қақпанға түскен киіктің хикаясы», «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда», «Құбас», «Қисса жұмжұма», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд», «Хикаят Тәжілмәлік», «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия», «Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны», «Мұхаммед-Қанапия».

Всего будет подготовлено и издано семь томов дастанов религиозного содержания.

Произведения указанной тематики, бывшие очень популярны и востребованы в досоветский период истории Казахстана, дошли до наших дней в рукописной форме и в печатных изданиях XIX - начала XX века; причем увидевших свет произведеө ний было больше, чем неизданных, то есть хранящихся в рукописях. Рукописи эти написаны, а книги напечатаны арабским шрифтом.

Как известно, книгопечатание получило широкое распространение начиная со второй половины XVIII века. И первой книв гой, напечатанной арабским шрифтом на территории бывшей Российской империи для тюркоязычных народов, исповедующих ислам, был Коран. Он был напечатан в Петербурге в 1779 г., тираж его составил 3900 единиц.

Позднее типографии были открыты также в Москве, Казани, Уфе, Семипалатинске, Ташкенте и других городах Российской

империи, в которых наряду с другими печатались также и материалы на казахском языке, но все же подавляющее большинство досоветских изданий на казахском языке было отпечатано в типографиях Казани.

Как и следовало ожидать, значительную часть публикаций этого периода составляли материалы религиозного содержания. Надо сказать, что подобное явление характерно для истории книгопечатания и других народов.

Религиозную литературу составляли: Священный Коран, хадисы, тафсиры, основы шариата и т.д., но более всего было издано дастанов религиозного содержания. Они издавались по несколько раз, зачастую ежегодно, а тиражи их исчислялись десятками тысяч.

Лейтмотив этих произведений достаточно традиционен: через изображение праведной жизни и благочестивых поступков рядовых последователей и видных деятелей ислама утверждать такие общечеловеческие ценности, как милосердие, справедливость, добродетель, призыв вести благочестивый образ жизни, не совершать грехов и т.д.

Для достижения этих целей в дастанах широко используются архаические сказочно-эпические мотивы и сюжеты, общие для народов Востока и Запада, мусульманско-кораническая мифология, художественный вымысел светского и фольклорного содержания. Плодотворно используются стереотипы создания эпических образов, но при этом наблюдаются изменения и отступления от традиционных норм и канонов. То есть значительна роль новаций, привносимых создателями дастанов и определяемых индивидуальным и творческим характером деятельности акынов-эпиков — творцов, хранителей и исполнителей дастанного эпоса. Также в этих произведениях достаточно широко используются элементы сказочно-фантастического, но все это интерпретируется в дастанном духе. Особо надо отметить, что в казахских религиозных дастанах наблюдается довольно устойчивая тенденция к очеловечиванию образов деятелей ислама, наделение их такими чертами, как доброта, великодушие, сочувствие и т.д. Думается, что подобные представления о добродетельных религиозных деятелях, равно как и народно-утопические легенды о хорошем, справедливом царе проистекают из народной веры в хороших правителей (неважно светского или

религиозного толка), могущих быть защитниками обездоленных. Часто подобные легенды могут иметь фактическую основу, но в конечном счете, они зиждятся на глубокой и непоколебимой вере человека в конечную справедливость и лучшее будущее. Еще одна отличительная особенность казахских дастанов на религиозную тематику — отсутствие фанатизма, набожности, религиозного мистицизма. Другими словами, привлекателен был прежде всего сюжет, если можно так сказать.

Главный метод создания дастанов — использование общефольклорной поэтики, как-то: эпизация описываемых событий, героическая идеализация, сочетание конкретно-бытовой достоверности со сказочно-фантастическим и вымышленным; налицо также специфически дастанные параметры: индивидуализация и конкретизация, психологическая насыщенность, детализация и орнаментализация как при создании образов, так и при описании.

В тематическом плане эти произведения очень разнообразны, их можно сгруппировать следующим образом: дастаны, рассказывающие об отдельных заповедях и запретах Ислама, а также о наказаниях за их нарушение; дастаны о мусульманских богатырях; дастаны, повествующие о войнах с неверными за утверждение и распространение ислама; дастаны о мусульманском мессии, пророке Мухаммеде, о четырех праведных халифах и т.д.

Произведения, вошедшие в этот том, по своему содержанию представляют разные типы религиозных дастанов. Например, дастан «Киік» посвящен пророку Мухаммеду. Этот небольшой, но очень поэтичный, построенный в форме диалога, дастан был опубликован В.В.Радловым в 1870 году в третьем томе его знаменитых «Образцов народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи». В нем рассказывается как некто гяур поставил капкан, в который попадает сайгачиха. Когда гяур уже собрался было убить ее, прибыл пророк Мухаммед и под гарантию своей свободы упросил его отпустить сайгачиху, у которой два несмышленых ягненка горько рыдают в отсутствии матери. Повидав детенышей, сайгачиха возвращается с обоими детенышами, ибо они готовы разделить участь матери, а не вернуться самка сайгака не могла, ибо в этом случае вместо нее будет схвачен пророк Мухаммед. Капканщик

возрадовался, увидев сайгачиху с детенышами, но пророк Мухаммед не может допустить такую жестокость. В итоге в обмен на жизнь сайгачихи и ее детенышей пророк Мухаммед позволяет гяуру принять мусульманство и обещает вечное блаженство на том свете. Это небольшое произведение, в котором Мухаммед выступает как заступник за слабых и беззащитных, обладает огромным воспитательным потенциалом.

Очень интересен и, в определенной степени, поучителен дастан «Қубас», также впервые опубликованный В.В. Радловым в 1870 году в третьем томе «Образцов ...». Небольшой по объему дастан проникнут мыслью о бренности и неустойчивости земной славы, в нем чередой проходят яркие и грозные картины ада, в который попадают грешники. Центральная идея произведения — призыв не грешить, заботиться о ближних и сирых, жить в согласии с предписаниями религиозной морали.

Типичным образцом же произведений о мусульманских богатырях является дастан «Мұхаммед-Қанапия» [имеются три варианта его]. Основу его составляет широко распространенный эпический сюжет, он укладывается в известную схему: герой рожден при необычных обстоятельствах; богатырское детство; главный подвиг героя — победа над огромным войском противника; борьба за невесту — соединение с ней; похищение невесты дивом; битва с дивом — победа героя; вторичное похищение невесты (на этот раз соперником героя); уничтожение соперника отцом героя; счастливое соединение.

Как видим, перед нами типичная биография эпического героя, главное содержание которой составляют богатырские подвиги: здесь герой совершает три богатырских поступка. Главный персонаж произведения носит имя Мухаммеда-Канафии. Мухаммед-Канафия — историческая личность, он сын четвертого халифа Али, внук пророка Мухаммеда. С его именем связано немало легенд и преданий. Известно, исторический Мухаммед-Канафия был очень храбрый, мужественный человек, сделавший немало для распространения ислама в Иране и Руме.

Но произведение это совсем не о деяниях исторического Мухаммеда-Канафии, ибо основу дастана составляют не какие-то конкретные, известные из истории поступки и подвиги его. Напротив, для возвеличения, восхваления исторического лица использован древний сюжет, возникший намного раньше появ-

ления на свет не только Мухаммеда-Канафии, но и самой исламской религии. Это — нередко встречающееся в фольклоре явление. В итоге исторический Мухаммед-Канафия превращается в обычного дастанного героя, чьи подвиги носят не исторический, а сказочно-приключенческий характер.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Дастаны «Қақпанға түскен киіктің хикаясы», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд», «Хикаят Тәжілмәлік», «Мұхаммед-Қанапия» извлечены из рукописей, хранящихся в фондах Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова и Центральной научной библиотеки МОН РК.

Дастаны «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда», «Қисса жұмжұма», «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия», «Мұхаммед-Ханафия Хазірет Әли ұғлының Табут падишамен соғысқаны» поқ дготовлены с казанских изданий 1881-1913 г.г., а «Киік» и «Құбас» с текстов, опубликованных Радловым В.В. в третьем томе «Образцов народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» (1870).

Объем тома — 22,5 п.л.

SUMMARY

The Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan continues its work on preparation and publication of next volumes in turn of the series «Babalar sozi» in many volumes performed within the framework of the State program «Medeni mura» («Cultural heritage»).

Already published nine volumes of the series were dedicated to short-story dastans.

This volume includes dastans of the religious contents, namely: «Kiik», «Kakpanga tusken kiiktin khikayasy», «Dariga kyz», «Kissa Shakhizinda», «Kubas», «Kissa zhumzhuma», «Ushbu kissa Zengir jukhud», «Khikayat Tozhilmelik», «Khaza kitap Mohammed-Khanafiya», «Mohammed-Khanafiya Khaziret Eli uglynyn Tabut padishamen sogyskany», «Mohammed-Kanapiya».

All in all seven volumes of dastans of the religious subject-matter will be prepared and published.

Literary works of indicated themes, formerly very popular in the pre-soviet period in history of Kazakhstan, have been well preserved till our days in the form of manuscripts and printed editions of the XIXth — the early XXth century. It is worth mentioning that the number of printed editions exceeded the number of those works preserved in the form of manuscripts. Manuscripts were written and books were printed in the Arabic print.

The leading idea of those literary works is traditional enough. It is the following: asseveration of such values, common to all mankind, as mercy, justice, virtue, an appeal to live piously without sins etc. through the depiction of the pious life and religious deeds of ordinary followers and prominent figures of Islam.

Archaic fairytale and epic motifs and plots, common for the peoples of the Orient and the West, the Moslem-Koran mythology,

the artistic fiction of the secular and folk-lore contents are widely used in dastans for achieving those goals. Stereotypes of creation of epic images are applied fruitfully, but at the same time there are alterations and digressions from traditional norms and canons. I.e. a role of innovations is significant. They were contributed by authors of dastans and determined by the individual and creative character of the activity by epic akyns, creators, keepers and performers of dastan epos. Fairytale and fantastic elements are also sufficiently widely used in these literary works, and everything is interpreted in the dastan spirit. It is worth mentioning that there is a stable tendency in Kazakh religious dastans towards humanizing images of religious figures of Islam and endowing them with such features as kindness, generosity, sympathy etc. One should think that such notions about virtuous religious figures as well as folk utopian legends about a kind, just tsar proceed from the people's belief in good rulers (irrespective whether they are of the secular or religious character) who could be defenders of unfortunate people. Often such legends may have the virtual basis but in the final analysis they are based on a deep and unshakable belief of a man in the final justice and better future. Absence of fanaticism, devotion, piety, religious mysticism is one more peculiarity of Kazakh dastans on religious themes. In other words, so to say the plot itself is attractive first of all.

The main method of writing dastans includes the use of common folk-lore poetics, i.e. the epic description and interpretation of events, heroic idealization, a combination of a definite truth of everyday life with fairytale, fantastic and invented, imaginary aspects. There are also specific dastan characteristics, such as individualization and concrete definition, psychological saturation, detalization and ornamentation under the creation of images and their description.

As for the thematic plan, these literary works vary greatly. It is possible to subdivide them as follows: dastans telling about separate commandments and prohibitions of Islam as well as about punishments for their violation; dastans about Moslem epic heroes; dastans narrating about wars against unbelieving, irreligious people for strengthening and dissemination of Islam; dastans about Moslem prophet Mohammed; four pious caliphs etc.

Works included into this volume belong to different types of religious dastans by their subject-matter. For example, dastan

«Kiik» is dedicated to prophet Mohammed. That not large but very poetic dastan composed in the form of a dialogue was published by V.V. Radlov in the third volume of his famous «Samples of the folk literature of Turkic tribes living in South Siberia and the Djungar steppe» in 1870. It narrates how one giaour trapped a she-saiga. When the giaour decided to kill the animal, prophet Mohammed appeared. He begged to release the she-saiga under guarantee of his freedom because the animal had two slow-witted young ones bursting into tears in the absence of their mother. After a meeting with the young the she-saiga returned together with them because they were ready to share their mother's fate. The animal returned because of the promise given and in order to avoid prophet Mohammed's capture. The giaour was glad to see the animal with the young. However, prophet Mohammed could not tolerate such a cruelty. Finally in exchange for life of the animal with the young prophet Mohammed permitted the giaour to adopt Mohammedanism, Islam and promised eternal bliss in the other world. This small literary work, narrating about Mohammed as a defender of weak and defenceless people, possesses a vast educational potential.

Dastan «Kubas», for the first time published by V.V. Radlov in the third volume of «Samples...» in 1870, is very interesting and didactic to a certain extent. Not voluminous dastan is imbued with a thought of a perishable unstable nature of the world-wide fame. It includes bright and terrible descriptions of the nether world destined for sinners. An appeal not to sin, but to take care about neighbours and orphaned people, live in harmony with directions and instructions of the religious morality, is a central idea of the work.

Dastan «Mohammed-Kanapiya» [there are three versions of it] is a typical example of works about Moslem epic heroes. It is based on a very popular epic plot having the well-known scheme: a hero was born under unusual circumstances; heroic childhood; a victory over a huge army of the enemy is the main heroic deed of the hero; a struggle for his bride and joining with her; abduction of the bride by a marvel; a battle with the marvel and the hero's victory; the second abduction of the bride (this time by the hero's rival); killing the rival by the hero's father; happy life together.

As we see, it is a typical biography of the epic hero. Heroic deeds are its main subject-matter. The hero accomplishes three feats. Mohammed Kanafiya is the main personage. Mohammed Kanafiya

is a historic personality, he is a son of the fourth caliph Ali, a grandson of prophet Mohammed. A lot of legends is connected with his name. It is known that historic Mohammed Kanafiya was very brave, courageous. He did a lot for the dissemination of Islam in Iran and Rume.

However, the work is not wholly dedicated to deeds of historic Mohammed Kanafiya because the dastan is not based on some definite historically known deeds and feats accomplished by Mohammed Kanafiya. On the contrary, an ancient plot was used for glorifying, praising the historic personality. It occurred long before Mohammed Kanafiya's date of birth and Islam. This phenomenon is frequently met in folk-lore. Finally historic Mohammed Kanafiya turns into the ordinary dastan hero whose feats are of a fairytale and adventure character, they are not historical.

The code «Babalar sozi» in many volumes is a scientific edition. Published texts are given in the original form adequate to the primary source, i.e. any interference into the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their variants; a brief historical & folklore and textual critical analysis of texts; information on historic and religious figures whose names are met in texts; a vocabulary of ancient Turkic, Arabic and Persian words, terms and notions as well as geographical names; data about narrators of folk tales, collectors and publishers; a list of the literature used; a resume in the Russian and English languages.

Dastans «Kakpanga tusken kiiktin khikayasy», «Ushbu kissa Zengir jukhud», «Khikayat Tozhilmelik», «Mohammed-Kanapiya» were taken from manuscripts stored in the funds of

the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov and the central scientific library of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Dastans «Dariga kyz», «Kissa Shakhizinda», «Kissa zhumzhuma», «Khaza kitap Mohammed-Khanafiya», «Mohammed-Khanafiya Khaziret Eli uglynyn Tabut padishamen sogyskany» were prepared, using the Kazan publication of 1881-1913; and «Kiik» and «Kubas» from texts published by V.V. Radlov in the third volume of «Samples of the folk-lore literature of Turkic tribes living in South Siberia and the Djungar steppe» (1870).

The volume consists of 22,5 printed pages.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5
Қазақтың діни дастандары (алғы сөз) 7

Мәтіндер
Киік 27
Қақпанға түскен киіктің хикаясы 31
Дариға қыз 39
Қисса Шаһизинда 59
Құбас 87
Қисса жұмжұма 96
Үшбу қисса Зеңгір жүһүд 113
Хикаят Тәжілмәлік 141
Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия 211
Мұхаммед-Ханафия хазірет Әли ұғлының Табут
падишамен соғысқаны 238
Мұхаммед-Қанапия 276

Ғылыми қосымшалар
Томға енген мәтіндерге түсініктеме 297
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 320
Сөздік 331
Жер-су атаулары 343
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушылар туралы мәлімет 345
Шартты қысқартулар 347
Пайдаланылған әдебиеттер 348
Резюме 350
Summary 355

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

10 том

РЕЛИГИОЗНО-НРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Ж. Салтақова*
Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 1800

Теруге 17.11.04 жіберілді. Басуға 13.12.04 қол қойылды. Пішіні 60x90$^{1}/_{16}$.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 22,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №447.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-619-15-8

